

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген*

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

**Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал**

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

**№2 (191),
НАУРЫЗ-СӘУІР
2021 ЖЫЛ**

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д., проф.,
ҚР ҰҒА академигі (Алматы).

Орынбасарлары:

Әлімбай Н. – ҚР МОМ директоры, т.ғ.к.,
этнолог (Алматы).

Салықбай Ә.Ж. – Журнал редакторы
(Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ө. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан)

Керібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Uyama Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Г.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

.....

Басуға 26.03.2021 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}. Шартты б.т. – 5. СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380. Индексі – 75748.
Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

**Журнал ҚР БҒМ Білім және ғылым
саласындағы бақылау комитеті (БҒСБН)
ұсынған тізімде бар. Журнал в списке
рекомендованных КОКСОН МОН РК.**

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

ЖҮРСІНБАЕВ Б., ЖҰБАНЫШОВ Б.

Сақтардың алдыңғы Азияға жасаған жорықтары2

ӘБІЛ Е., КҮЗЕМБАЙҰЛЫ А. Алтын Орданың қазақ тарихындағы орны6

ТОҚБЕРГЕНОВА З. Алтын Орда – Еуразиядағы ең қуатты мемлекет 11

ӘБЕНОВА Б., ӘБЕНОВ Д., МӘЖИТ А. 1868 жылғы "Уақытша ереже"

бойынша әкімшілік-отарлық жүйенің нығаюы15

ЕСІРКЕПОВА Ж. Қазақстан және ҚХР қарым-қатынасындағы

энергетикалық фактордың маңыздылығы20

ОМАРОВА М. Қазақстан-Қытай байланыстары25

ИМАНБАЕВА С., САНДЫҚБАЕВА Ө., ТЕЛЕУОВА Э.

М.Дулатовтың журналистік қызметі кеңестік білім кезеңі30

ОРАЗБАҚОВ А., ИБРАЕВА Н.

Мырқы Исаев – азамат, журналист, өлкетанушы36

ҚАЛБАЕВА Т., ДӘРМЕНОВА Р., ӨТЕГЕНОВА Б.

Дәстүрлі колөнер – мәдени ерекшелікті қалыптастыру құралы39

БЕЛГІБАЙ Ж. Майдангер А.Асқаровтың әскери-саяси қызметі42

БЕГМАНОВА Б., ДӘУЛЕТКЕЛДІ Н.

Қазіргі қазақ лирикасындағы тарихи тақырып.46

ҚУАНЫШЕВ Ж. Қазақстандық ұлтаралық және дінаралық келісім моделі.49

ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

ЖҰПБАЕВ Қ. Анахарс – Жанарыс55

МИРАЗОВ М., ЕЛЕБАЙҰЛЫ Қ. Қозыке датқа: аңыз бен ақиқат57

КӘРІМ С., ЖҰМАХАНҰЛЫ А. Санияз сұлтан хақында.61

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

НАЙМАНБАЕВ Б., МЫРЗАЛИЕВА Э. Практическая реализация

программы духовного обновления молодого поколения в РК64

СҮТЕЕВА Х., СЫБАНБАЕВА А. События в русско-китайских отношениях70

ШАУКЕНОВ Ж. Предпосылки образования города Аркалык75

BAZEN B. Formation and the duties of the

Semipalatinsk provincial land administration78

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

АЙТКЕНОВ З., ИБРАХИМ Б., Диалогтық оқытудың маңыздылығы82

ҚАЛИЕВА Б. "Memory studies" әдіснамасы арқылы тарихи білім беру84

ӨТЕУЛИЕВ Ж. Диагностикалық бағалау дегеніміз не?89

ҚАСЫМБЕКОВА А. Қазақстандағы ерте ортағасырлық мемлекеттер91

РЫСҚАЛИЕВА Ж. Ұзақ мерзімді жоспар92

ҒТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.81.37

Бақытжан ЖҮРСІНБАЕВ¹, Берік ЖҰБАНЫШОВ²,

¹т.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан, Тараз қ. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru

²т.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

САҚТАРДЫҢ АЛДЫҒЫ АЗИЯҒА ЖАСАҒАН ЖОРЫҚТАРЫ

Бұл мақалада Қазақ даласынан шығып, Қара теңіздің жағалауына дейін барып, одан әрі Алдыңғы Азияға өтіп сол аймақтағы Ассирия, Урарту, Вавилон, Египет және тағы басқа да сол кездегі әлемдегі күш-қуаты жағынан алдыңғы қатарда тұрған мемлекеттерді талқандау арқылы өз билігін орнатқан сақ немесе скиф тайпаларының тарихы баяндалады. 30 жылдан астам Алдыңғы Азиядағы мемлекеттерге үстемдік жүргізген сақтар сол аймақта өздерінің патшалығын құрып, көрші мемлекеттердің мәдениеті мен экономикасына және қоғамдық құрылысына өз ықпалын тигізіп, саяси үрдістерді өзгертіп отырғаны жөніндегі мәселелер талданады. Сонымен қатар сақтардың арқасында Алдыңғы Азияда Ассирия ықпалынан құтылған Мидия, Ман, Вавилон, Лидия сияқты мемлекеттердің тарихи сахнаға шығуы және олардың ассириялық иеліктер үшін күресте жеңіске жетіп, өздерінің бұрынғы одақтасы әрі қамқоршысына айналған сақтарды кері қарай ығыстырғаны жөнінде мәліметтер беріледі.

Кілтті сөздер: скифтер, Ассирия, Ефрат, Мидия, Урарту, Алдыңғы Азия, патша, Вавилон, Египет, қалалар, мемлекет, шайқас.

Бахытжан ДЖУРСУНБАЕВ¹, Берік ЖУБАНЫШОВ²,

¹к.и.н., Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати.
Казахстан, г.Тараз. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru,

²к.и.н., Казахский национальный женский педагогический университет.
Казахстан, г.Алматы. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

ЗАВОЕВАТЕЛЬНЫЕ ПОХОДЫ САКОВ В ПЕРЕДНЮЮ АЗИЮ

Статья посвящена истории племен сак или скифов, которая дошла от Казахских степей до побережья Черного моря, далее прошла в Переднюю Азию и установила свою власть путем завоевания передовых, влиятельных и сильных государств того времени, таких как Ассирия, Урарту, Вавилон, Египет и др. Анализируются создание саками своего царства в Передней Азии, влияние на культуру, экономику и общественному строю соседних государств, а также вклад в изменения в политических процессах. Кроме того, имеются достоверные сведения и данные об освобождении от влияния Ассирии и выходе на историческую сцену Передней Азии следующих государств: Мидия, Ман, Вавилон, Лидия и их роль в свержении власти саксов – своего союзника и почитателя, с помощью которого победили в войне за владения Ассирии.

Ключевые слова: скифы, Ассирия, Ефрат, Мидия, Урарту, Передняя Азия, царь, Вавилон, Египет, города, государства, битва.

Bakytzhan DZHURSUNBAEV¹, Berik ZHUBANYSHOV²,

¹Candidate of Historical Sciences, Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati.
Kazakhstan, Taraz city. E-mail: bakytzhan_72@mail.ru,

²Candidate of Historical Sciences, Kazakh National Women's Pedagogical University.
Kazakhstan, Almaty. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

THE CONQUEST CAMPAIGNS OF THE SAKS IN SOUTHWEST ASIA

The article is devoted to the history of the Sak or Scythian tribes, which reached from the Kazakh steppes to the Black Sea coast, then went to Western Asia and established its power by conquering the advanced, influential and powerful states of that time, such as Assyria, Urartu, Babylon, Egypt. The author analyzes the creation of their kingdom by the Saks in Western Asia, the impact on the culture, economy and social structure of neighboring states, as well as the contribution to changes in political processes. In addition, there is reliable information with the help of the Saks about the liberation from the influence of Assyria and the emergence of the following states on the historical stage of Western Asia: Media, Man, Babylon, Lydia.

Key words: Scythians, Assyria, Euphrates, Media, Urartu, Western Asia, king, Babylon, Egypt, cities, states, battle.

Кіріспе. Еліміздің тарихы мыңдаған жылдарға созылғандықтан оның тамыры өте тереңге кетеді. Сондықтан қазақтардың ежелгі замандағы орны мен тарихын қайта қарастырып, оны жаңаша көзқараспен зерделеуіміз қажет. Осыған байланысты тарихнамалық зерттеулерде әлі де қарастырылмаған немесе түбегейлі зерттеле қоймаған, әрі ғылыми тұрғыдан өз бағасын алмаған мәселелер баршылық.

Соның бірі – Қазақ даласы мен Қара теңіздің жағалауынан Алдыңғы Азияға барып, өздерінің үстемдігін орнатқан сақ тайпаларының тарихы. Аталған мәселе отандық тарихнамада әлі де толыққанды өз бағасын алмаған. Тарих ғылымында бұл мәселенің арнайы зерттелуі ата-бабаларымыздың ежелгі замандарда әлемдік тарихта алған орны мен атқарған рөлін ғылыми негізде анықтауда мүмкіндік бермек. Сонымен

қатар сол кездегі дамыған көне мемлекеттермен байланыстар орнатып, олармен саяси және мәдени қатынастар жасаудағы сақтардың сан қырлы құпиясын ашары анық. Міне, осындай мәселелерге деректер негізінде талдау жүргізу және оған ғылыми тұрғыдан баға беру тақырыптың өзекті екенін аңғартады және ғылыми сұранысқа ие екендігін білдіреді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақаласының деректік базасын көне антикалық авторлардың еңбектері мен ассириялық және вавилондық патшалардың сына жазуында кездесетін жазбалар жасақтайды. Бұл дерек көздерінің арасында көне-лігімен құнды ассириялық патшалардың жазбалары ерекше орын алады. Грек және ассириялық деректерде скифтер жүз жылдан астам уақыт бойы Алдыңғы Азияда өмір сүріп, сол кездегі ең дамыған мемлекеттермен тығыз байланыс жасап қана қоймай, оларға өз ықпалын жүргізгені туралы мәліметтер келтіріледі. Мұны Ассириялық сына жазуында кездесетін үзінді дерек көздері дәлелдеп, онда б.з.д. VIII ғасырдың аяғында скифтердің осы аймақтағы саяси үрдістерге зор ықпал жасағаны нақты жазылған. Яғни, деректерде Ман елінде кемерліктерден бөлек «ашгуз» немесе «ишкуз» деп аталатын скифтер де болғаны жөнінде айтылады. Мәселен, кемерлік Теушпыдың жеңілгені туралы жазылған Асархаддонның анналында «Манейлік елдің адамдарын талқандаған, кутилерді (құттарды) тәртіпке салған, олардың одақтасы болса да құтқара алмаған скиф Ишпакайдың әскерін қарудың күшімен жойған мен» деп жазылған. Ал келесі бір мәтінде: «Алдын ала белгіленген уақытта манейлердің елінде тұратын және манейлердің шекарасына келген скифтердің әскері Хубушкин асуы арқылы Хараниа мен Анисускиа қалаларына келуді ойлайды ма? Олар Ассирияның шекарасының маңын тонап, көптеген олжаларды қолға түсіре ме?» деп Шамаш деген "құдайына" сұрақтар қояды. Зерттеу жұмысын жазу барысында археологиялық деректер қолданылып, оның ішінде Қара теңіздің жағалауы мен Алдыңғы Азия және Кавказдағы көне ескерткіштерге алғаш болып қазба жұмыстарын жүргізген археологтардың еңбектері пайдаланылды. Археологтар Алдыңғы Азиядағы қалалардың орнын қазған кезде б.з.д. VII-VI ғасырларға жататын қабатында скифтердің көптеген қоладан жасалған екі қауырсынды жебелердің ұштары табылған. Әсіресе, мұндай жебелердің ұштары Алдыңғы Азиядағы Ашура мен Вавилонда, Анатолиі (Алишар), Киликия (Таре), Сирия (Аль-Мина), Палестина (Джерар) және Египетке дейінгі аралықта орналасқан қалалардың орындарынан көптеп табылған. Скиф жебелерінің қоладан жасалған ұштары Урартудың қалалары Хайкаберд мен Топрах-каладан да шыққан. Мақаланы жазу барысында бүгінгі таңдағы отандық тарих ғылымында орныға бастаған жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдар басшылыққа алынды. Қазіргі кезде қоғамтанушы ғалымдар жаңа әдістік көзқарастар, ойлау әдістерін жасауға, тарихи үрдісті оның өзі қандай болса сол күйінде өзара байланысты, тұтастықпен ұласқан, диалектикалық даму үстіндегі түрінде көруге талпынуда. Сондай-ақ сақтар сияқты ертедегі түрік тайпаларының белсенді рөл атқаруына қатысты тарих ғылымындағы әдістемелік бағыттар негізделді.

Талдау. Зерттеу тақырыбы бойынша мәселелер негізінен КСРО кезінде жарық көрген еңбектерде қарастырылған. Скифтердің Алдыңғы Азияға келуін зерттеуде ерекше үлес қосқан И.М.Дьяконов өз

монографиясында Алдыңғы Азияға басып кірген скиф тайпаларының этимологиялық атауына назар аударып, оның ассириялық, вавилондық, грек және көне еврей тілдерінде škuḫa, ašguzaī, asguzaī, iškuzai, iškuzā, aškūz, 'sknz деп айтылу ерекшеліктеріне тоқтап, олардың мән-мағынасын талдауға тырысады. Сондай-ақ осы этимологияның құпиясын ашуда Н.Я.Марра, В.И.Абаев сияқты тіл мамандарының еңбектеріне сүйене отырып өз тұжырымдамаларын ұсынады (Дьяконов 2012: 269). Артамонов та өз еңбегінде скифтердің Алдыңғы Азияға келудегі мақсаты мен бағыттарына тоқталып, оған ғылыми негізде анықтама береді. Алдыңғы Азияға басып кірген скифтер әскери-тонаушылық мүддесін ашуға тырысқан автор олардың күш-қуаты мен табысты әрекеттеріне баға береді. Скиф пен сақ деген этнонимдерді салыстыра отырып ол екеуінің бір тайпа екенін дәлелдеп кетеді (Артамонов 2015: 29). А.П.Смирновтың пікірі бойынша скифтердің тарихи аренаға келуі б.з.д. II ж. аяғы мен I мың ж. басында өткен тарихи үрдістермен тығыз байланысты. Скифтер б.з.д. VIII-VII ғғ. Солтүстік Қара теңіздің жағалауына келген соң, Кавказ арқылы Алдыңғы Азияға өтіп, ол жақтан б.з.д. VI ғасырдың бас кезінде қайтып оралады. Зерттеуші скифтердің Солтүстік Қара теңіздің жағалауын ежелден мекен еткен деген тұжырымды үзілді-кесілді жоққа шығарады. Оның айтуынша скифтер Орта Азиядан көшіп келген. Онда олар Алтайдағы сақтар мен массагеттер сияқты скифтік тайпалардың арасында өмір сүрген (Смирнов 1966: 12.). И.Алиевтің зерттеу жұмысында скифтер киммерліктердің мұрагерлері деп аталады. Олар Алдыңғы Азияға киммерліктерден кейін келген соң көрші мемлекеттермен соғысып қана қоймай, өздерінің ірі патшалықтарын құрғанына назар аударады. Олардың шекарасы манней патшалығымен көршілес орналасқан және маннейліктермен одақ құра отырып ассириялықтарға қарсы соғыс ашқанын жазып, Алдыңғы Азияның саяси өмірін күрт өзгертіп жібергеніне ерекше тоқталады (Алиев 1960: 222). В.И.Гуляев болса скифтердің байлығы мол және қалалары көп патшалықтарды жаулап алу үшін Ұлы Даладан Алдыңғы Азияға басып кірмегенде өркениетті елдерде бұл көшпелі халық туралы ұзақ уақытқа дейін белгісіз болар еді деп бір жақты баға береді. Ол б.з.д. VII ғасырда Кавказ арқылы кірген скифтер Урартуды талқандап, Мидия, Ассирия, Вавилония, Финикия мен Палестинаға бас салған скифтерді деректерде қатыгез, аяушылықты білмейтін «жабайылар» ретінде суреттеліп, жан-жағына үрей мен қорқыныштар туғызған дейді (Гуляев 2005: 128). Осындай тектес пікірлер Д.Ч.Садаев (Садаев 1979: 77), С.Ллойд (Ллойд 1984: 280), А.Л. Оппенгейм (Оппенгейм 1980: 48) сияқты зерттеушілердің еңбектерінде де көрініс тапқан. Міне, біз қарастырып отырған тақырыптың ғылыми әдебиеттерде баяндалу тарихына шолу жасау бұл мәселені әлі де тереңдей зерттей түсу қажет екенін аңғартса керек.

Зерттеу нәтижелері. Сақтардың тайпалық бірлестіктері өз заманында әлемде орын алған тарихи оқиғаларға белсене араласып, көптеген елдердің саяси және этникалық өмірлерін өзгертіп отырған. Тіпті скифтер сол уақыттағы алдыңғы қатарда тұрған күш-қуаты күшті мемлекеттерді талқандау арқылы Алдыңғы Азияға өз үстемдігін орнатқан кездері де болған. Атап айтқанда, б.з.д. VIII-VII ғасырларда Қазақ даласынан Қара теңіздің солтүстік жағалауына жеткен сақтар, сол жерді мекен еткен киммерліктерді қуа отырып Кавказ арқылы Алдыңғы Азияға өтеді

(Погребова 1992: 26).

Айналымда бар мәліметтер бойынша скифтер жаңа жерге қоныстанып үлгірмей жатып, Алдыңғы Азиядағы халықтардың арасында басталған соғыстарға араласып кетеді. Онда сақтар манней және мидиялықтармен одақтасып, Ассирияға қарсы шығады. Өйткені б.з.д. VII ғасырға таман Алдыңғы Азиядағы ең ірі саяси құрылым ретінде Ассирия III Тиглатпаласар (б.з.д. 744-727 жж.) патшаның тұсында әбден күшейіп, алдыңғы қатарға шығады (Петухов 2008: 32). Әскери істі реформалауда үлкен табыстарға жеткен және осы ірі әскерге арқа сүйеген III Тиглатпаласар басқыншылық саясатты белсенді түрде жүзеге асырып, б.з.д. 729 жылы оңтүстігіндегі мәңгі қарсыласы Вавилонияны басып алса, артынан батысындағы Сирия, Финикия, Палестина сияқты княздықтарды жаулап, олардан жаңа провинциялар жасайды. Б.з.д. 714 жылы III Тиглатпаласардың мұрагері II Саргон болса Ассирияның ең басты қарсыласына айналған Урарту мемлекеті мен оның одақтастарын талқандайды. Ассирияның иелігін кеңейтуде мұнымен тоқтамаған II Саргон солтүстіктегі Маней патшалығы мен оңтүстіктегі Элам мемлекеті, батыстағы Загра тауы мен шығысында Дешті Кевирдің арасында мидиялық одаққа кіретін әскери тайпаларға қарсы жорықтар ұйымдастырып, олардың бір бөлігін басып алады (Мочалов 2014: 168-170). Ал Асархаддонның (б.з.д. 680-669 жж.) кезінде ассириялық әскерлер Египетке соққы беріп, оны бірнеше жекелеген тәуелсіз княздықтарға бөліп тастайды (Мурзин 1990: 34). Міне осы кезден бастап б.з.д. VIII ғасырдың аяғында Ассирияның шекарасында солтүстіктегі Кавказдың таулы қыраттарынан дала көшпенділерінің әскерлері – сақтар тарихи сахнаға шығады. Сақтарды Ассирияның қарсыластары урартулықтар мен мидиялықтар одақтас ретінде көргісі келсе, өз кезегінде ассириялықтар да оған барынша кедергі келтіріп, скифтерді өз жағына тартуға ұмтылған (Пиотровский 1954: 148). Яғни, таққа Асархаддонға отырған кезден бастап-ақ тау жақтан келген жаңа жау – сақтарға қарсы күресуіне тура келген. Б.з.д. 674 жылы Ассирия өздеріне қарсы көтеріліс жасаған мидиялық тайпалармен күресті. Бұл көтерілісті Кар-кашши аймағының басшысы Каштарити бастайды. Ол өз жағына Мадайдың билеушісі Мамитиаршуды және Сапардың билеушісі Дусанниді тартып (Дьяконов 1950: 266). Мидиялықтарға Манней патшалығы арқылы келген скифтер көмектеседі. Мидиялықтарды бастаған үш көсемнің скифтердің патшасы Ишпакай мен маннейлердің билеушісі Ахсеримен одақтаса отырып, бірнеше бағытта қимылдауы Ассирияға қиыншылықтар туғызды. Көтерілістің тез қарқын алғаны соншалықты үш көсемнің әскері өздері иелік жасаған аймақтан шығып сәуір айында көрші провинция Кишессудегі ең басты бекіністі шабуылдайды. Деректерде олардың одақтастары ретінде киммерліктер мен маннейлер аталады. Манней патшалығы б.з.д. IX ғасырдың аяғында Урмия көлінің оңтүстік және шығысында құрылған болатын. Бұл патшалық та сол кезде Ассириямен соғысып жатты. Маннейліктер скифтермен одақтасып, ассириялықтардың бірнеше бекіністерін талқандайды. Ассирияның жағдайы Асархаддонның маннейліктерді талқандап, «оны құтқара алмаған оның одақтасы Ишпакайдың әскерін» жойып жібердік деп мақтанып жазған жазбасына қарамастан өте қиын еді (Артамонов 1974: 29). Себебі мидиялықтардың көтерілісі кеңейіп, Карибту, Зенджан, Ушиши сияқты

бекіністерді қоршаса, б.з.д. 673 жылы көтерілістің күшейгені соншалықты бүкіл орталық Мидияны қамтиды. Көп кешікпей ассириялықтардың да қарсы шабуылы басталып, Хархар провинциясының оңтүстік бөлігіндегі Кильман бекінісін басып алуға сәтті түседі. Оның үстіне бұл бекіністің орналасуы жағынан қолайлы болғандықтан көтерілісті басып-жаншуда ең басты тірегіне айналдыруды көздейді. Алайда жазалаушылардың шабуылы нәтиже бермейді де көтерілісшілер қайтадан белсенді іс-әрекетке көшіп, Бит-Хамбан провинциясына басып кіреді. Көтерілісшілер тарапынан жасалған осы шабуылдың нәтижесінде Замуа мен Парсуаны қоспағанда бүкіл Мидияға бақылауын орнатады. Яғни, өздерінің көсемі Каштаритидің басшылығымен Мидиядағы ассириялықтардың бекіністерін басып алып, Мидияның барлық жерін азат етеді және 673 жылы Мадай, Бит-Кари және Сапарда провинцияларында Мидия патшалығы құрылады (Садаев 1979: 156).

Көтерілісшілер тіпті Месопотамияның жазықтығына апаратын соңғы асуға да қауіп төндіреді. Ассирия үшін қолайсыз жағдай қалыптасқаны соншалықты бұдан басқа Финикияда да қауіпті оқиғалар орын ала бастады. Оның үстіне Египетпен арадағы соғыс та аяқталмаған еді. Жағдайдың өте күрделене бастауы ассириялықтардың скифтерді өз жағына тартуға итермелейді. Нәтижесінде б.з.д. 673 жылы ассириялықтармен өткен шайқастардың бірінде қаза тапқан Ишпакайдың орнына көсемдікке сайланған Партатуа ассириялықтармен келіссөз жүргізіп, патшаларының қызын әйелдікке алады. Мұны Асархаддонның Шамаш құдайы оракулынан егерде «Ишкуз елінің» патшасы Партатуа ассириялық патшаның қызын әйелдікке алса онда ол сөзінде тұрма» деген деректен білеміз (Пиотровский 1954: 148). Әулеттік некеден кейін Партатуа жаңадан құрылған Сақ патшалығының билеушісі деген мәртебесін мойындатқызады. Партатуа (Геродотта Прототий) көсем емес, Ишкуздар елінің немесе Сақ патшалығының патшасы деп аталады (Артамонов 1974: 29). Оның патшалығына тек сақтар ғана емес сол жерді мекен еткен басқа да көшпелі тайпалар да кіреді. Осылайша одақтастарынан бас тартқан Партатуа Ассирияның ұсынысын қабылдап, соның жағына өтеді де, мидиялықтардың шабуылын тоқтатып тастайды. Б.з.д. 660-659 жылдары Ассирия Манней патшалығына басып кіріп, оның астанасы Изыртны (Саққыз) және қалалары Үзбой (Зивий), Урмейаше (Армаит) қоршауға алады. Бірақ оларды басып алуға мүмкіндігі жетпегесін қаланың сыртындағы адамдарды тұтқынға алып, елдің ең басты байлықтары малдарын айдап кетеді. Ассириялықтар кеткен соң, Маннура жергілікті халықтың көтерілісі басталып, Ахсери патша өлтіріледі және оның мұрагері Ассириадан көмек сұрайды. Манн патшалығындағы көтерілісті Ассирия патшалығы емес скифтер талқандап береді. Сол ғасырдың 50-жылдарында скифтердің патшасы Мадий өзінің әскерімен Ассирияның иелігі арқылы өтіп, Кіші Азиядағы киммерліктер мен трерлерді талқандайды. Осы оқиғадан кейін скифтер 30 жыл бойы Алдыңғы Азия бойынша деректерде мүлдем кездеспейді. Олар саяси сахнаға тек б.з.д. VII ғасырдың соңғы ширегінде қайтадан шығады. Бұл уақытта Ежелгі Шығыстағы басшылық рөлді Ассирия емес Вавилония атқарып жатты. Көне Шығыс мәдениетінің маңызды орталығы және ірі қала Вавилон Ассирия империясының билігінен құтылу үшін б.з.д. 627 жылы көтеріліс жасап, оның патшалық тағына Набопаласар отырады. Жаңа патша Ассирияға қарсы қуатты одақ

құрып, оған ең бірінші кезекте Мидия қосылады (Саттс 2004: 46). Б.з.д. 625 жылы Мидияның патшасы Фраотр Ассириямен өткен соғыста қаза табады. Осыдан кейін Мидияның тағы Киаксарға өтеді. Б.з.д. 623-622 жылдары ассириялықтарды жеңген мидиялықтар Ассирияның астанасы Ниневияны қоршауға алады. Сол кезде Ассирияның сенімді одақтасы болған скифтер көмекке келіп, қаланы құтқарып қалады. Геродоттың мәліметі бойынша мидиялықтардың патшасы Киаксар Ассирияның астанасы Ниневияны басып ала берген кезде Мидияға Мади бастаған скифтердің әскері басып кірген. Сақтардың бұл жорығын Геродот былай деп жазады: «Скифтер... тура жолдан бұрылады да, оңтүстіктегі Кавказ тауларын артқа тастап жоғарыға қарай жүреді. Осы жерде мидиялықтармен скифтердің арасында шайқас өтеді. Мидиялықтар талқандалып, олардың күш-қуаты жойылады. Скифтер болса өздерінің билігін бүкіл Азияға орнатады». Содан кейін скифтер Шығыс Жерорта теңізіне, Сирия мен Палестинаға жорық жасап, Египетке қауіп төндіреді. Бірақ Фараон Псамметих олардан мол сыйлықтар беріп құтылады. Партау мен оның ұлы Мадидің кезінде скифтердің Алдыңғы Азиядағы билігі жоғары шыңға жетеді (Гасанов 2002: 25).

В.А.Белявскийдің пікірінше, Геродот айтып кеткендей б.з.д. 623-22 жылдары сақтардың Азиядағы 30 жылдық билігі басталады. Оның тұжырымы бойынша Ниневияны мидяндардан тартып алған «скифтер құйын сияқты бүкіл Месопотамия, Сирия, Палестинаны басып өтіп Египеттің шекарасына дейін жетеді. Фараон I Псамметих әрең дегенде мол сыйлықтар беріп елін аман алып қалады» (Белявский 1964: 93). Б.з.д. 614-613 жылдары мидяндар Ассирияға қарай жорыққа шығып, жолда Ассирияға көмекке келген скифтермен кездеседі. Дегенмен вавилондық деректер скифтердің Ассирия патшалығын талқандауға қатысқанын атап өтеді. 1923 жылы вавилондық патша Набупаласардың б.з.д. 616 жылдан 609 жылға дейін билік құрған кезіндегі оқиғаларды баяндаған Британ мұражайының сынаға жазылған жапсырмасы жарияланады. Бұл құнды мәтінде жойылудың алдында тұрған Ассирияның соңғы кезеңіндегі оқиғаларды жылдап емес, айларға бөліп көрсетеді. Осы Вавилондық жазба бойынша б.з.д. 614 жылы Киаксардың мидиялық әскерлері Ассирияның астаналары Ашурды қоршауға алып талқандаса, артынша Ниневияны шабуылдайды (Пиотровский 1954: 149). Жолда оларды ассириялықтарға көмекке келе жатқан Мадидің әскері күтіп алады. Басқа амалы қалмаған мидиялықтардың билеушісі Киаксар скифтердің патшасы Мадиді келіссөзге шақырып, екеуі оңаша кездесу өткізеді. Өзара кездесу кезінде мидяндардың патшасы Киаксар скифтердің патшасын Ассирияны бірігіп шабуға көндіреді. Мидяндар мен скифтер Ниневияны басып алуға шыққан кезде ол жаққа одақтасы болып табылатын вавилондықтарда асығады. Б.з.д. 612 жылы одақтастардың біріккен күштері қаланы тікелей шабуылдап басып алады. Ассирияның патшасы масқара тұтқыннан қашып өз-өзін, күндері мен қызметшілерін және сарайдағы қазынасын өртейді. Жеңімпаздар болса қаланы қиратып, мол олжа мен көптеген тұтқындарды қолға түсіреді (Артамонов 1974: 31).

Ниневия талқандалған соң да Ассирия мұрасы үшін соғыс бірнеше жылға созылады. Осы уақытта Вавилонның ең басты қарсыласы бүкіл Ассирияның мұрасын өз қолына алғысы келген,

Египет алдыңғы қатарға шығады. Вавилондықтар египеттіктермен біресе мидиялықтардың, біресе скифтердің көмегімен соғыса отырып, ақыры б.з.д. 605 жылы египеттіктердің Қосөзендегі соңғы тірегі Ефраттың оң жағалауындағы Кархемышты басып алып, египеттіктердің барлық әскерін талқандайды. Осыдан кейін вавилондықтар скифтермен бірге Палестина мен Египетке ұмтылады. Фараон Нехо б.з.д. 604 жылы зор қиыншылықпен олардың шабуылын тойтарады. Скифтердің атауы Иордан өзенінің жағалауындағы Бетсанның жанындағы Скифополь бекінісі ретінде қалады. Онда індет аурудан өлген сақтардың бейіттері қалады. Ассирияның мұрасын бөліскен кезде Вавилонияға Ассирияның көп бөлігі өтсе, ал скифтер Ассирия патшалығының солтүстігің, соның ішінде кезінде жауланған Урартуды қоса өз үлесіне алады (Белявский 1964: 93). Б.з.д. 597 жылы скифтер мен вавилондықтардың арасындағы келісім белгісіз себептерге байланысты бұзылады. Соған байланысты Вавилонияға скифтер мен оның билігіндегі Ван мен Манн патшалықтары тарапынан қауіп төнеді (Дьяконов 1950: 38). Бірақ та мидиялықтардың сақтарға жасаған сатқындығы Вавилонияны қауіптен құтқарады. Б.з.д. 594 жылы мидиялықтардың патшасы Киаксар скифтердің патшасы мен басқа игі жақсыларын тойға шақырып, сол жерде бәрін қырып тастайды (Белявский 1964: 124).

Шамасы мидиялықтардың мұндай қадамға баруы вавилондықтардың оларға ассириялықтардың барлық иелігін беремін деген уәдесі болуы мүмкін. Өйткені скиф патшаларын қырып тастаған бойдақ мидиялықтар олардың билігіндегі аймақтарды басып алуға кіріседі. Басшысыз қалған скифтер болса табанды қарсылық көрсете алмай батыстағы Лидияның шекарасына шегінеді (Артамонов 1974: 32). Шамасы Ассирия талқандалған соң Ван патшалығы сияқты скифтерге бағынса керек. Сондықтан оны да Мидиялықтар өз иелігіне алғысы келеді. Геродоттың жазбасы бойынша Лидияның патшасы Алиат өз еліне қашып келген скифтерді өзінің қорғанына алады. Алиаттың мұндай қадамға баруына скифтердің тағдырына жаны ашығандық емес, олардың басып алған иеліктері қызықтырды. Сондықтан сақтардың иелігі үшін Лидия да араласып мидиялықтармен табысты түрде бес жыл бойы соғыс жүргізеді. Ақыры күннің тұтылуына байланысты б.з.д. 585 жылы 28 мамырда бейбіт келісім шарты жасалады (Артамонов 1974: 57). Осы шарт бойынша сақтардың иеліктері Мидияға өтіп, сақтар қайтадан Қара теңіздің солтүстік жағалауына оралады.

Қорытынды. Сақтар өздерінің көшпелі өмір салтының арқасында Европа мен Азияның арасын байланыстырды. Сонымен қатар, скифтер көне заманда мәдени және саяси біртұтас кеңістікті қалыптастырды. Соның нәтижесінде әлемнің әрбір түкпірінде скифтік мемлекеттер құрды. Мәселен, Меот (Азов) теңізінің жағалауында, оңтүстік Кавказда, Сакасен деп аталатын қазіргі Азербайжанның аймағын атауға болады. Бұған қоса Закавказияда Шакашен, Шикакар, Шаке сияқты сақ-скифтердің атаулары сақталып қалған. Тіпті б.з.д. VII ғасырда Каспиан, Солтүстік Армения және Каппадокияны қамтыған толықтай скиф империясы өмір сүрген. Азияда скифтердің билігі жүргенін Колхидадағы халибтердің жанында скифиндер тайпаларының мекендегені және кезінде б.з.д. VI ғасырда Навуходоносор талқандаған оңтүстік Галилеедегі Скифополис қаласының болған дәлелдей түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Алиев И. История Мидии. – Баку: АН АзССР, 1960. – 353 с.
- Артамонов М.И. Киммерейцы и скифы. От появления на исторической арене до конца IV века до н.э. – Москва: Ломоносов, 2015. – 208 с.
- Артамонов М.И. Киммерийцы и Скифы (от появления на исторической арене до конца IV в. до н.э.). – Ленинград: Изд. Ленинградского университета, 1974. – 156 с.
- Белявский В.А. Война Вавилона за независимость и гегемония скифов в Передней Азии. Исследования по истории стран Востока. – Ленинград, 1964. – 330 с.
- Гасанов З. Царские Скифы. Этноязыковая идентификация «царских скифов» и других огузов. – Нью-Йорк, 2002. – 475 с.
- Гуляев В.И. Скифы: расцвет и падение великого царства. – Москва: Алетея, 2005. – 400 с.
- Дьяконов И.М. История Мидии. От древнейших времен до конца IV века до н.э. – Баку: Нагыл Еви, 2012. – 330 с.
- Мочалов М. Древняя Ассирия. – Москва: Ломоносов, 2014. – 240 с.
- Мурзин В.Ю. Происхождение скифов: Основные этапы формирования скифского этноса / АН УССР. Ин-т археологии; Отв. ред. С.С.Бессонова. – Киев: Наук думка, 1990. – 88 с.
- Оппенгейм А.Л. Древняя Месопотамия. Портрет погибшей цивилизации. – Москва: ГРВЛ, 1980. – 408 с.
- Петухов Ю.Д. Евразийская империя скифов. – Москва: Вече, 2008. – 400 с.
- Пиотровский Б.Б. Скифы и древний Восток (Доклад на Конференции по скифо-сарматской археологии) // Советская археология. – 1954. – Вып. XIX. – С. 141-158.
- Погрелова М.Н., Раевский Д.С. Ранние Скифы и древний восток. – Москва: Наука, 1992. – 261 с.
- Садаев Д.Ч. История древней Ассирии. – Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1979. – 247 с.
- Саргс Х. Вавилон и Ассирия. Быт, религия, культура / Пер. с англ. Л.А.Карповой. – Москва: Центрполиграф, 2004. – 234 с.
- Смирнов А.П. Скифы. – Москва: Наука, 1966. – 200 с.
- Artamonov M.I. Kimmeriitcy i Skify (ot poiavleniia na istoricheskoi arene do kontca IV v. do n.e.). [Cimmerians and Scythians (from the appearance in the historical arena until the end of the 4th century BC)]. – Leningrad: Ed. Leningrad University, 1974. – 156 p. [in Russian].
- Beliauskii V.A. Voina Vavilona za nezavisimost i gegemoniia skifov v Perednei Azii. Issledovaniia po istorii stran Vostoka. [Babylon's war for independence and the hegemony of the Scythians in Asia Minor. Studies in the history of the countries of the East]. – Leningrad, 1964. – 330 p. [in Russian].
- Gasnov Z. TCarskie Skify. Etnoiazykovaia identifikatcia «tcarskikh skifov» i drugikh oguzov. [Royal Scythians. Ethnolinguistic identification of the “royal Scythians” and other Oghuz]. – New York, 2002. – 475 p. [in Russian].
- Guljaev V.I. Skify: rastcvet i padenie velikogo tcarstva. [Scythians: the rise and fall of the great kingdom]. – Moscow: Aletya, 2005. – 400 p. [in Russian].
- Diakonov I.M. Istoriia Midii. Ot drevneishikh vremen do kontca IV veka do n.e. [History of the Medes. From ancient times to the end of the 4th century BC]. – Baku: Nagyl Evi, 2012. – 330 p. [in Russian].
- Mochalov M. Drevniaia Assiriia. [Ancient Assyria]. – Moscow: Lomonosov, 2014. – 240 p. [in Russian].
- Murzin V.Iu. Proiskhozhdenie skifov: Osnovnye etapy formirovaniia skifskogo etnosa [The origin of the Scythians: The main stages of the formation of the Scythian ethnos]. Academy of Sciences of the Ukrainian SSR. Institute of Archeology; Resp. ed. S.S.Bessonova. – Kiev: Nauk Dumka, 1990. – 88 p. [in Russian].
- Oppenheim A.L. Drevniaia Mesopotamiia. Portret pogibshei tsivilizatsii. [Ancient Mesopotamia. A portrait of a lost civilization]. – Moscow: GRVL, 1980. – 408 p. [in Russian].
- Petukhov Iu.D. Evraziiskaia imperiia skifov. [Eurasian Empire of the Scythians]. – Moscow: Vech, 2008. – 400 p. [in Russian].
- Piotrovskii B.B. Skify i drevnii Vostok (Doklad na Konferentsii po skifo-sarmatskoi arkheologii). [Scythians and the Ancient East (Report at the Conference on Scythian-Sarmatian Archeology)]. Soviet Archeology. – 1954. – Issue XIX. – S. 141-158. [in Russian].
- Pogrebova M.N., Raevskii D.S. Rannie Skify i drevnii vostok. [Early Scythians and the Ancient East.]. – Moscow: Nauka, 1992. – 261 p. [in Russian].
- Carrs KH. Vavilon i Asiriia. Byt, reliia, kultura [Babylon and Assyria]. Life, religion, culture / Per. from English L.A. Karpova. – Moscow: Tsentrpoligraf, 2004. – 234 p. [in Russian].
- Smirnov A.P. Skify. [Scythians]. Moscow: Nauka, 1966. 200 p. [in Russian].

REFERENCES

- Aliev I. Istoriia Midii. [History of the Medes]. – Baku: AN AzSSR, 1960. – 353 p. [in Russian].
- Artamonov M.I. Kimmeriitcy i skify. Ot poiavleniia na istoricheskoi arene do kontca IV veka do n.e. [Cimmerians and Scythians. From the appearance on the historical arena until the end of the 4th century BC]. – Moscow: Lomonosov, 2015. – 208 p. [in Russian].

ҒТАХР/ IRSTI /МРНТИ: 03.20.00

Еркін ӘБІЛ¹, Аманжол КҮЗЕМБАЙҰЛЫ²,

¹т.ғ.д., профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры,
Нұрсұлтан қ. Қазақстан. E-mail: yerkinabil@gmail.com

²т.ғ.д., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік
университеті профессоры
Қостанай қ. Қазақстан. E-mail: topai240345@mail.ru

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Мақала Алтын Орда халқы мен қазіргі Қазақстанның этникалық сабақтастығына арналған. Орта ғасырдағы Еуразия континентінде қуатты мемлекетке айналған Ұлық Ұлыс мемлекетінің бүгінгі мұрагерлері кім деген сұрақ әлем тарихшыларын ойландыруда.

Революцияға дейінгі және кеңестік тарихнаманы зерделеу нәтижесінде авторлар бұл мемлекеттің тікелей мұрагері бүгінгі қазақ халқы екендігін, жаңа дәйектер келтіре отыра, дәлелдейді. Авторлар Алтын Орда тарихына қалам тартқан тарихшылар мен деректерден мәліметтер келтіре отыра бүгінгі тарихшылар алдындағы міндеттерін айқындайды.

Орта ғасырда осы күнгі мемлекеттердің этникалық шекарасы қалыптасқандығы белгілі. Ғылыми проблема тек академиялық қана мәнді емес, сонымен қатар бүгінгі саясаткерлерге нұсқау болтындай мәліметтер табу мақсатында да зерттелуі қажет. Сондықтан ғасырлар бойы бұрмаланып келген тарихи шындықты қалпына келтіру мақсатында жаңа зерттеу әдістерін пайдалана отырып заманауи концепция қалыптастырудың саяси да мәні бар.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Сібір, көшпелі мемлекеттер, ру, тайпа, ұлыс, әдіс, концепция, болжам, халық, мал шаруашылығы.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Сібір ұлысы: Алтын Орда этносыяси жүйесіндегі Солтүстік Қазақстан және көршілес аймақтар» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Еркін АБИЛЬ¹, Аманжол КУЗЕМБАЙУЛЫ²,

¹д.и.н., профессор, директор Института истории государства, г.Нур-Султан, Казахстан. E-mail: yerkinabil@gmail.com

²д.и.н., профессор Костанайского регионального университета имени Ахмета Байтурсынова. г. Костанай, Казахстан. E-mail: topai240345@mail.ru

МЕСТО ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ

Статья посвящена этнической преемственности населения Золотой Орды и современного Казахстана. Вопрос о том, кто сегодня наследники Великого улуса, ставшего могущественным государством на Евразийском континенте в Средние века, волнует многих историков.

В результате изучения дореволюционной и советской историографии и новых данных авторы приходят к мнению, что прямым наследником этого государства является современный казахский народ. Авторы в результате изучения трудов ученых ставят перед исторической наукой новые решения в данной проблемы.

Известно, что именно в средние века сформировались этнические границы современных государств. Изучение истории Золотой Орды имеет не только академическое но и политическое значение. Так как многие политические деятели нашей страны и зарубежом не владеют элементарными историческими знаниями. Поэтому искаженное веками историческое сознание нуждается пересмотру. Формирование научного исторического сознания, используя современных методов исследования, является первоочередной задачей историков страны.

Ключевые слова: Золотая Орда, Сибирь, кочевые государства, племя, улус, метод, концепция, гипотеза, население, скотоводство.

Статья подготовлена в рамках научного проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан по теме «Сибирский улус: Северный Казахстан и сопредельные территории системе золотоордынской этнополитической системы».

Erkin ABIL¹, Amanzhol KUZEMBAYULY²,

¹doctor of historical sciences, professor, director of the Institute of state history, Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: yerkinabil@gmail.com

²doctor of historical sciences, professor of Kostanay regional university named after Akhmet Baitursynov. Kostanay, Kazakhstan. E-mail:topai240345@mail.ru

THE PLACE OF THE GOLDEN HORDE IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

The article is devoted to the ethnic continuity of the population of the Golden Horde and modern Kazakhstan. The question of who today are the heirs of the Great Ulus, which became a powerful state on the Eurasian continent in the Middle Ages, excites many historians.

As a result of the study of pre-revolutionary and Soviet historiography and new data, the authors come to the conclusion that the direct heir of this state is the modern Kazakh people. The authors, as a result of the study of the works of scientists, set new challenges for historical science in solving this problem.

It is known that the ethnic boundaries of modern states were formed in the Middle Ages. The study of the history of the Golden Horde is not only of academic but also of political importance, because many political figures of our country and abroad have no basic historical knowledge. That is why distorted historical consciousness needs to be reconsidered. The formation of scientific historical consciousness, using modern methods of research, is the primary task of historians of the country.

Keyword: Golden Horde, Siberia, nomadic States, tribe, tribe, ulus, method, concept, hypothesis, population, cattle breeding,

The article was prepared as part of the research project of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan on the topic "Siberian ulus: Northern Kazakhstan and adjacent territories of the Golden Horde ethno-political system."

Кіріспе. Соңғы жылдары қазақ қоғамында ортағасыр тарихына қызығушылықтың артқандығы баршамызға мәлім. Оның бірнеше себебі бар сияқты. Біріншіден, тәуелсіздік алған халықтың өз тарихын білуге ынтасы артады. Екіншіден, көрші мемлекеттің тарихшылары, қоғам қайраткерлері, тіпті мемлекет басшыларының қазақ жеріне көз алартуы, шекара сызығын қайта қарауға талпыныс білдіруі көзі қарақты, көкірегі ояу қандастарымызды біраз әбігерге салғаны жасырын емес. Үшіншіден, қазіргі қазақ қоғамының тарихи санасы сапалы деңгейге көтерілді. Үкіметіміздің тарихи сананы жетілдіру барысында атқарып жатқан іс-шаралары өз жемісін беруде.

Әсіресе, қазақ елінің орта ғасырдағы тарихы, көркем әдебиетте болмаса, ғылыми шығармаларда көрініс тапқан сюжеттері қалың оқырманға белгісіз болып қалуда. Осы тақырыптағы ғылыми мақалалар ешкім оқи бермейтін конференциялар мен семинарлар жинақтарында, аз ғана данамен жарық көретін монографиялар мен ЖОО «Жинақтарында», «Жарылымында» жарияланады.

Осы күнге дейін орта ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің тарихына өз ішімізде үрке қарайтын-дар кездеседі. Егер мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мырза 2019 жылдың 4 қазанында өткен XVI Халықаралық "Валдай" пікір-талас клубында:—

Мы расположены на перекрестке исламской, конфуцианской и восточнохристианской цивилизаций. Великий шелковый путь, Золотая Орда, евразийство составляют важные звенья культурного кода казахов» [Токаев, 2019], демесе, Абай айтқандай «баяғы жартас – сол жартас» болып қала берер ме еді, кім білсін?

Зерттеу әдістері. Ортағасырлық өркениет проблемаларын сөз еткенде тарихи зерттеулерде жиі пайдаланатын ретроспективті әдісті қолданбасқа болмайды. Мақаланың мәтіні әдіснамалық плюрализм, тарихилық, жүйелілік және объективтілік принциптері негізінде жазылды. Жұмысты дайындау барысында әлемдік тарих ғылымы теориясында көрініс тапқан жаңа тенденцияларды да (оның ішінде постмодерндік парадигма мен тарих дискурс та бар) ескердік.

Тақырып бойынша жазылған заманауи ғалымдардың диссертацияларындағы, ғылыми мақалаларындағы ғылыми концепция, гипотеза және теория түрінде көрініс тапқан тарихи дерек, ғылыми-тарихи фактілерін мақаланың эмпирикалық базасы болды.

Тақырыптың зерттелуі. Соңғы жылдары тақырыпқа деген қызығушылық артты. Бірақ жарияланған жұмыстардың көпшілігі ғылыми-көпшілік сипатта болғанына назар аударамыз. Аталмыш проблемамен санаулы мамандар ғана айналысады. Семейлік ғалым А.Исин Ноғай Ордасымен (Маңғыт Йурты) қазақ тарихының байланысы туралы ұзақ уақыт бойы зерттеу жүргізіп келеді (Исин, 2002). Алтын Орда дәуірінде бүгінгі қазақ даласындағы тарихи процестерге арналған тарихшылар Қ.Өскенбай (Өскенбай, 2013) және А.Көшкімбаевтің (Көшкімбаев, 2013, 2014) шығармалары көңіл аударарлық.

Сібір ұлысының тарихы жөнінде проф. М.Әбдіров (Әбдіров, 1996) пен Қ.Әбуовтің (Абуев, 2016) монографиялары қазақ тарих ғылымына қосылған қомақты үлес екендігі талас тудырмайды. Соңғы жылдары жас ғалым Ж.Сәбитов осы тақырыпта мақалалар сериясын жария етті (Сәбитов, 2011, 2012).

Ресейлік тарихшылар Алтын Орда тұрғындары мен қазақ және сібір түркілерінің тарихи және этникалық байланысын мойындамайды. Орыстар жаулап алғанға дейінгі Сібір тарихын зерттеуші Д.Верхотуров «История Сибири, несмотря на продолженные исследования и достигнутые результаты, пока еще относится к категории наименее всего исследованных и меньше всего известных» (Верхотуров, 2009:22) деп жазады. Ол Сібір мен Орталық Азия халықтары тарихы арасындағы байланыстарды зерттей отыра «русские историки старательно не замечали тесных связей Сибири со Средней Азией и Передним Востоком ... Сибирь под пером русских историков утратила даже свой этнический характер» (Верхотуров, 2009:42) деген қортындыға келеді.

Г.Катанаев орыстар Сібірге келген уақытта Солтүстік Қазақстан жері ешкім мекендемеген, бос жатқан жер еді деген концепцияның негізін салды (Катанаев, 1904:1 Осы күнге дейін орыс тарихшылары осы концепцияны ұстануда. В.Пузанов «что территории современной территории Костанайской и Северо-Казахстанской областей были раньше освоены русскими, а не казахами, которые «прикочевыв к границам России, потеснили волжских калмыков, а в Зауралье башкирское и русское промысловое население с верховий Тобола и Ишима, с Уя. Поэтому пограничный русско-казахский в Зауралье конфликт

из-за приишимских территорий никак не может быть объяснен пресловутой «колониальной политикой царизма» – хотя бы потому, что русские освоили их первыми» деп жазады [Пузанов, 1999:133].

2017 жылы Қорған қаласында жарық көрген оқулықта «в 90-е гг. XVII в. отряды казахов и каракалпаков впервые вышли к территории Сибири», придя «из Средней Азии, из «земли Бухарской» деген қате пікір кездеседі (История, 2017:66).

Міне, бізбен мәңгілік доспыз деп жүрген солтүстіктегі көршіміз өздерінің жас буынын осындай ұлыдержавалық тарихи санамен улап жатыр. Олар өздеріне дейінгі А.Левшин, М.Красовский, Ш.Уәлиханов сияқты орыс тарихшыларының қазақ тарихы жөніндегі пікірлерін көзге ілмейді. Сібір түркілері мен қазақ тарихи әңгімелеріндегі, шежірелеріндегі деректерді пайдаланбағандықтан олардың арасындағы этногенетикалық байланысын түсіне алмайды. Бұл жерде тарихтану теориясындағы деректер толықтығы принципі бұзылған. Сондықтан орыс зерттеушілерінің жоғарыда айтылған шығармаларын объективті деуге болмайды.

Екіншісі ғылымдағы теріс концепцияның негізінде бұхаралық тарихи санада қазақтардың бүгінде мекендеп жатқан жері орыс территориясы деген аңыз қалыптасып отыр (Ауезов, 2016). Осыған байланысты осы жолдардың авторлары 1997 жылдан бастап бірнеше монография және мақалалар жариялады. (Кузембайұлы, 1997, 2015-1, 2015-2, 2016, 2018, Абилов, 2009-1, 2009-2, 2009-3).

Зерттеу нәтижесі. Біз 1993 жылы жарық көрген ЖОО студенттеріне арналған оқулығымызда «В начале XIII в. на обширных степях Евразии происходят события, сыгравшие важную роль в последующей мировой истории. Подвижные отряды Чингисхана и его потомков разорвали замкнутость средневекового мира, сблизили Запад с Востоком, способствовали появлению целого ряда централизованных государств, в том числе Улуг Улуса -Великого Улуса, возникшего на кыпчакских землях... Это – первое в истории централизованное кыпчакское (древне-казахское) государство, оставившее значительный след в истории и культуре казахов» [2],– деп оның бүгінгі қазақ жұртына тікелей қатысы бар екендігін дәлелдеген едік.

Бір екіншісі дүйім жұрт бұл жаңалықты жылы қабылдағанмен, осы концепцияға сын айтқандар да болды. Қазақстандық тарихшы Н.Масанов ұжымдық бір монографияда «қазақ тарихын аңызға айналдырды деп кіналайды» [3,88-бет].

Ресейдің бетке ұстар этнолог ғалымдарының бірі В.Шнирельман қазақ тарихшыларының ұмтылысын «наличие концепта устойчивости и преемственности культурной традиции и функциональной взаимозависимости различных групп внутри данной культуры признаком этноцентрического мифа, безусловно относимого им к псевдонаучному продукту» [Грозин, 2010, 20-21-б.].

Әлбетте, бостандық алған қазақ ғылымы тарихымыздың негізгі проблемалары жөнінде өз концепцияларын қалыптастыруға тырысады. Ескі мен жаңаның, төл тарихымыздың тума зерттеушісі мен бөгде елдің авторлары арасында қарама-қайшылық болуы табиғи құбылыс. Тарих ғылымының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызының зор екендігін бұрынғы басым идеологияның өкілдері жақсы түсінеді. Сондықтан да қазақтың жасөспірім тарих ғылымын тұншықтыруға, бесігінде жер жастандыруға тырысып бағады.

Дегенмен, еліміздегі кейбір орыстілді авторлар Алтын Орда тарихының бүгінгі қазаққа тікелей қатысы бар екендігін ұмытпауы керек. Мысалы, 2013 жылы қазақстандық саясаткер Т.Козырев «концептуализировать Казахстан как наследника Золотой Орды» деген ой айтты [Козырев. 25-б.]. 2015 жылы жас зерттеуші Ж.Сабитов былай деп жазды «современным Казахстанским медиевистам не стоит следовать за морально устаревшей традицией ... и начать воспринимать Золотую Орду как государство, имеющее непосредственное отношение к средневековой истории Казахстана» [Сабитов. 2015. 848-б.].

Қазақ – өз тарихын санасында сақтап келген халық. Өсіп келе жатқан жас жеткіншекке жеті атасын жаттатқан халық. Яғни әрбір саналы азамат өзінің үш жүз жылдық тарихын білген. Өрине өткен уақыттар халықтың санасында толық сақтала бермейді. Орыстың Ж.Т.Тощенко есімді ғалымы тарихи сананы «совокупность идей, взглядов, представлений, чувств, настроений, отражающих восприятие и оценку прошлого во всем его многообразии» [Тощенко. 3-б.] деп түсінеді. Біз де оған толығымен қосыламыз. Ол тарихи жадыны «сфокусированное сознание, отражающее особую значимость информации о прошлом в тесной связи с настоящим и будущим» [Тощенко. 5-б.] деп түсініктеме береді. Әлеуметтік құбылыс ретінде тарихи сана конструкциялауға және деконструкциялауға оңай бейімдеуге болады. Қазақтың тарихи жады туралы айтқанда екі, бір-біріне тәуелсіз мәдени-хронологиялық жағдайларды ескерген жөн. Біріншіден, халқымыздың дәстүрлі тарихи жады еуропаның тарихтану дәстүрі әсерінен аулақ болды. Оны мысалы XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің (Спасский, Левшин, Красовский), XIX ғасырдың аяғындағы – XX ғасырдың басындағы Шәкәрім, Құрбанғали Халид, Нұржан Наушабаев сияқты авторлардың нарративті шығармаларынан, шежіре, Сібір жылнамалары, шығыс авторларының қолжазбаларынан көреміз.

Қазақтың тарихтану дәстүрінің айтулы өкілдері Құрбанғали Халид пен Шәкәрім Құдайбердіұлы ортағасырлық Ұлық Ұлыс мемлекетінің негізгі тұрғындарының бірі «өзбектерді» бүгінгі қазақтар деп есептеді. Мысалы, Қ.Халид «нас Озбек хан сделал мусульманами, наши предки – озбеки, мы из потомства Озбека» [К.Халид. 8, 223-б.]. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы «все, кто был в улусе его (Узбек-хана – авт.) и предки наши стали называться озбеками, а когда Аз-Жанибек отделился от хана Ногай (возможно, при разделении Ногайского ханства – авт.) и народ наш последовал за ним, мы стали называться кыргызами и казахами» [41-б.].

Қарап отырсаңыз халықтың тарихи жадында қалған мәліметтер Алтын Орда тұрғындары мен бүгінгі қазақтар арасында ұрпақ сабақтастығы «тайға таңба басқандай» нақты айқындалып тұр. Қазақ авторлары дәстүрлі деректерді (тарихи әңгімелер, шежіре деректері) пайдалана отырып халық санасында орын тепкен ақпаратты бізге дейін жеткізіп отыр. Оларды бір саяси мақсатта пайдалану үшін, немесе әдейі ағылшын ғалымы Бенедикт Андерсон айтқандай «результатом сознательного конструирования «исторического мифа», т.к. предания возникли в «донаучную» эпоху, не связаны или связаны в небольшой степени с деятельностью этнических элит, способных использовать средства литературного языка, национальной литературы и прессы, музеев, географических карт, возможности

системы образования для манипулирования символами, воздействующими на сознание людей» мақсатында жазылған жоқ [Андерсон, 2016].

Екіншіден, алдымен орыс, кейін кеңес тарихшылары қалыптастырған тарихи сана көшпелі жұрт тарихына теріс көзқарас негіздеді. Қатарынан бірнеше ұрпақ Алтын Орда тарихына көңіл бөлген жоқ. Керісінше осы дәуір жөнінде 40-тан аса жазылған тарихи романдарда, 15-ке жақын көркем фильмдерде бұл мемлекетті құбыжық етіп көрсетті. Бір қызығы Ресейдің патшалық заманындағы зиялылар тобы қазақ жұртының Алтын Орда мемлекетінің тікелей ұрпақтары екендігін мойындады. Қазақтың тарихи жадын зерттеген И.Казанцев есімді автор өзінің «Описании киргиз-кайсака» шығармасында қазақ халқының шығу тегін Шыңғыс хан заманындағы дала тұрғындарымен тікелей байланыстырады. Ол «в настоящее время киргиз-кайсаки (казахи – авт.) обитают на том же пространстве луговых мест (степей), где жили и во времена Чингис-хана» деп жазды [Казанцев. 6-б.].

Брокгауза мен Ефронның «Энциклопедиялық сөздігіндегі» «Киргиз-кайсаки» мақаласында, «о своем происхождении сами К.-кайсаки (казахи – авт.) хранят массу противоречивых преданий, хотя всем им присуща одна общая черта, свидетельствующая, что народ этот составился из обломков Чингисова царства» деген сөздер бар [95-б.]. Мұндай пікір орыс қоғамында кеңінен орын тепті. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты басуға келген Қазан әскери округінің бас қолбасшысы А.Г.Сандецкий орталыққа жазған хабарламасында «киргизы, потомки Золотой орды» деп көрсетеді [Восстание 1916, 621-622-бб.].

Осы орайда қазақтың тарихына қазақтың көзімен қараған Шоқан Уәлихановтың пікіріне тоқталмай кетудің реті жоқ. Шыңғыс тұқымының тікелей ұрпағы Шоқан қазақпен Алтын Орда тұрғындарының этникалық сабақтастығының талас тудырмайтындығын талай мәрте дәлелдеді. Профессор И.Березинге жазған хатында: «По преданиям своим киргизы (казахи) почитают себя потомками татар Золотой Орды» [Валиханов 1984. 163-б.] дейді. «Записках о судебной реформе» атты шығармасында қазақтар жөнінде пікір білдіргенде «потомках... батыевских татар» деп жазады [Валиханов 1985, 81-б.].

Өткен ғасырдың 40-50 жылдарындағы зерттеліп отырған тақырып бойынша тарихнамалық дәстүрдің үзілгендігін жас тарихшы Ж.Сәбитов өз мақаласында толық талдайды [Сабитов: 2011, 842-851-бб.]. Кеңес тарихнамасында қазақ тарихы мен Алтын Орда тарихының арасында адам өте алмайтын бір «терең сай» қазылды. Қазақ даласындағы тарихи процестің не бір түрлі конструкциялары қалыптасты. Сүйтіп кеңестік тарихнамада қазақты өз тарихының үлкен бір дәуірінен айырған концепция орын тепті. XX ғасырдың 60-жылдары Мәскеудің орыс-кеңес тарихшыларының батасын алған Б.Ахмедовтің «Государство кочевых узбеков» шағын монографиясы кейінгі осы тақырыптағы зерттеулерге үлгі болды.

Алтын Орда хандарының ставкасы болған «Ақ Орда» жеке бір мемлекет болып саналды [Қараңыз: Ахмедов]. Татар халқының тарихына арналған жеті томдық еңбектің төртінші томында «Казахское ханство окончательно утратило связи с золотоордынским наследием, за исключением династической традиции» деген қате пікір тарихшылар арасында үстемдік етті [История татар, 128-б.].

Қорытынды. Сөз аяғында айтарымыз, отаншылдық сезім, өз еліне деген сүйіспеншілік өз тарихын құрметтеуден туындайды. Орта ғасырда жарты әлемді өзіне қаратқан, билігі Еуразияға тараған, сол заманда бай да дәулетті мемлекет орнатқан данышпан бабаларымыздан қол үзіп қалдық. Тарихи әңгімелерде сақталған тарихи жадымыз бен ресми тарихнама арасында корреляция болмай қалды. Ұрпақ сабақтастығы үзілді. Осының салдарынан қазақ тарих ғылымы өзінің тамырынан айрылды. Қазақтың орта ғасырлық тарихына қалам тартқан ғалым болсын, жазушы болсын «аңыз жасаушылар» қатарына жатқызылды. Қазақтың бүгінгі жері мен кешегі жері саяси проблемаларға негіз болды, саудаға салынды, көрші мемлекет басышыларының қорқытып-үркітетін құралына айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Ахмедов Б. Государство кочевых узбеков. М.: Наука, 1965.
- Андерсон Б. Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма. М.: Кучково поле, 2016.
- Валиханов, Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984.
- Валиханов, Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985.
- Верхотуров, Д.Н. Идея сибирской самостоятельности вчера и сегодня. М.: АСТ; Красноярск: АБУ; Владимир: ВКТ, 2009.
- Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. М.: Изд-во Академии наук СССР, 1960.
- Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. СПб.: Типография товарищества «Общественная польза», 1867.
- Грозин А.В. Мифологизаторство в современной историографии Казахстана: политологический аспект проблемы // Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова, 2010.
- История Курганской области. Курган. 2017.
- История татар с древнейших времен. В семи томах. Т. IV Татарские государства XV–XVIII вв. Казань, 2014.
- Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. СПб., 1867.
- Катанаяв Г. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. Омск, 1904.
- Козырев Т.А. Независимый Казахстан. Борьба за прошлое. (Актуальные проблемы современной Казахстанской историографии). Астана, 2013.
- Кузембайулы А. История дореволюционного Казахстана. Алматы, 1992.
- Кудайбердиұлы Ш. Родословная тюрков, казахов, киргизов. Династии ханов. Алма-Ата: СП Дастан, 1990.
- Масанов Н.Э. и др. Научное знание и мифотворчество в современной историографии. Казах/на. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
- Позднеев А. Киргиз-кайсаки // Энциклопедический словарь. Т. 15 (29): Керосин – Коайе. СПб.: Типо-Литография А.И.Ефрона, 1895.
- Пузанов В.Д. Военно-административная система России в Южном Зауралье (конец XVI - начало XIX в.). Курган, 1999.
- Сабитов Ж.М. Золотая Орда — «падчерица» казахстанской историографии // Молодой ученый. 2015. №24.
- Выступление К.Токаева на сессии XVI заседания Международного дискуссионного клуба «Валдай» // Информационный портал 24.kz [сайт]. Дата добавления: 03.10.2019. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/345276-tokaev-vystuplenie-valdaj>
- Тощенко Ж.Т. Историческое сознание и историческая память // Новая и новейшая история. 2000. № 4.
- Халид К. Тауарих хамса: (Бес тарих). Алматы: Қаз/н, 1992.

REFERENCES

- Akhmedov B. Gosudarstvo kochevykh uzbekov. [The state of nomadic Uzbeks]. M.: Nauka. 1965 [in Russian].

- Anderson B. Voobrazhayemyye soobshchestva. Razmyshleniya ob istokakh i rasprostraneniі natsionalizma. [Imaginary communities. Reflections on the origins and spread of nationalism]. M.: Kuchkovo pole. 2016 [in Russian].
- Valikhanov. Ch.Ch. Sobraniye sochineniy v pyati tomakh. [A collection of essays in five volumes]. Tom 1. Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetsoy entsiklopedii. 1984 [in Russian].
- Valikhanov. Ch.Ch. Sobraniye sochineniy v pyati tomakh. [A collection of essays in five volumes]. Tom 4. Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetsoy entsiklopedii. 1985 [in Russian].
- Verkhoturov. D.N. Ideya sibirskoy samostoyatel'nosti vchera i segodnya. [The idea of Siberian independence yesterday and today]. M.: ACT; Krasnoyarsk: ABU; Vladimir: VKT. 2009 [in Russian].
- Vosstaniye 1916 g. v Sredney Azii i Kazakhstane. Sbornik dokumentov. [Uprising 1916 in Central Asia and Kazakhstan. Collection of documents]. M.: Izd-vo Akademii nauk SSSR. 1960 [in Russian].
- Kazantsev I. Opisanіye kirgis-kaysak. [Description of Kirgis-Kaisak]. SPb.: Tipografiya tovarishchestva "Obshchestvennaya polza". 1867 [in Russian].
- Grozin A.V. Mifologizatorstvo v sovremennoy istoriografii Kazakhstana: politologicheskіy aspekt problemy [Mythologizing in the modern historiography of Kazakhstan: political aspect of the problem]. // Vestnik MGGU im. M.A. Sholokhova. 2010 [in Russian].
- Istoriya Kurganskoy oblasti. [History of the Kurgan region]. Kurgan. 2017 [in Russian].
- Istoriya tatar s drevneyshikh vremen. V semi tomakh. T. IV Tatarskiye gosudarstva XV–XVIII vv. [The history of the Tatars since ancient times. In seven volumes. T. IV Tatar States of the XV-XVIII centuries]. Kazan. 2014 [in Russian].
- Kazantsev I. Opisanіye kirgis-kaysak. [Description of Kirgis-Kaisak]. SPb.. 1867 [in Russian].
- Katanayev G. Kirgizskiy vopros v Sibirskom kazachyem voyske. [The Kirghiz question in the Siberian Cossack army]. Omsk. 1904 [in Russian].
- Kozyrev T.A. Nezavisimyy Kazakhstan. Borba za proshloye. (Aktualnyye problemy sovremennoy Kazakhstanskoy istoriografii). [Independent Kazakhstan. Struggle for the past. (Actual problems of modern Kazakhstan historiography)]. Astana. 2013 [in Russian].
- Kuzembayuly A. Istoriya dorevolutsionnogo Kazakhstana. [History of prerevolutionary Kazakhstan]. Almaty, 1992 [in Russian].
- Kudayberdiyuly Sh. Rodoslovnaya tyurkov, kazakhov, kirgizov. Dinastii khanov. [Family tree of Turks, Kazakhs, Kirghiz. Dynasties of the khans]. Alma-Ata: SP Dastan. 1990 [in Russian].
- Masanov N.E. idr. Nauchnoye znaniye i mifo tvorchestvo v sovremennoy istoriografii Kazakhstana. [Scientific Knowledge and Mythology of Modern Historiography of Kazakhstan]. Almaty: Dayk-Press. 2007 [in Russian].
- Pozdneyev A. Kirgiz-kaysaki [Kirghiz-Kaisaks]. // Entsiklopedicheskiy slovar. T. 15 (29): Kerosin – Koaye. SPb.: Tipo-Litografiya A.I.Efrona. 1895 [in Russian].
- Puzanov V.D. Voenno-administrativnaya sistema Rossii v Yuzhnom Zauralye (konets XVI - nachalo XIX v.). [Military and administrative system of Russia in the Southern Trans-Urals (end of XVI - beginning of XIX centuries)]. Kurgan. 1999 [in Russian].
- Sabitov Zh.M. Zolotaya Orda – «padcheritsa» kazakhstanskoy istoriografii [Golden Horde - "stepdaughter" of Kazakh historiography]. // Molodoy uchenyy. 2015. №24 [in Russian].
- Vystupleniye K.Tokayeva na sessii XVI zasedaniya Mezhdunarodnogo diskussionnogo kluba «Valday» [K.Tokaev's speech at the session of the XVI session of the International discussion club "Valday"] // Information portal 24.kz [site]. Date of addition: 03.10.2019. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/345276-tokaev-vystuplenie-valdaj> [in Russian].
- Toshchenko Zh.T. Istoricheskoye soznaniye i istoricheskaya pamyat [Historical consciousness and historical memory]. // Novaya inoveyshaya istoriya. 2000. № 4 [in Russian].
- Khalid K. Tauarikh khamsa: (Bes tarikh). [Tauarikh khamsa: (History of Five Nations)]. Almaty: Qazaqstan. 1992 [in Kazakh].

Загира ТОКБЕРГЕНОВА,
т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан, Тараз қ., Е-mail: zagira_t@mail.ru

АЛТЫН ОРДА – ЕУРАЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ: БАТУ МЕН БЕРКЕ ХАНДАР ТҰСЫ

Батыс жорығынан кейін Бату Жошы ұлысының әкімшілік-аумақтық құрылымында бірқатар реформа жүргізді. Оның тұсында Алтын Орда нығайып, басқару ісіне, салық жинау жүйесіне түбегейлі өзгерістер жасалды. Халық санағы жүргізілді. Жәмшік (пошта) қызметі пайда болды. Қалалар, бекіністер тұрғызылды. Бату ханның пәрменді билігінің арқасында орныққан саяси тұрақтылық Алтын Орда шаруашылығының, экономикасының тез өсуіне қарқынды әсерін тигізді. Берке ханның билікке келуімен Алтын Орда мемлекетінің жаңа даму дәуірі басталды. Беркенің ислам дінін қабылдауына орай Алтын Орда жаңан тарихында тәуелсіз саясат жүргізетін державаға айналған еді. Ол тәуелсіз мемлекет ретінде Алтын Орда мемлекетінің ішкі-сыртқы істеріне жаңа өзгерістер енгізді. Мақаланың басты мақсаты да Бату, Берке хандар тұсында Алтын Орданың Еуразиядағы ең қуатты мемлекетке айналғандығын ашуға арналады.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Моңғол империясы, ұлыс, Батыс жорығы, Сарай-Бату, Сарай-Берке, Хулагуидтер мемлекеті, мамлюктік Мысыр, ислам діні.

Загира ТОКБЕРГЕНОВА,
к.и.н., доцент, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати,
Казахстан, г. Тараз, e-mail: zagira_t@mail.ru

ЗОЛОТАЯ ОРДА – САМОЕ МОГУЩЕСТВЕННОЕ ГОСУДАРСТВО В ЕВРАЗИИ: ПРИ ХАНАХ БАТУ И БЕРКЕ

После Западного похода Бату провел ряд реформ в управлении административно-территориальной структуры завоеванных территорий улуса Джучи. При нем была усилена Золотая Орда, были внесены радикальные изменения в управленческом деле и в систему сбора налогов. Была проведена перепись населения. Возникла ямская (почтовая) служба. Были построены города и крепости. Благодаря интенсивному правлению хана Бату была установлена политическая стабильность, которая оказала глубокое влияние на быстрый рост хозяйства и экономики Золотой Орды. С приходом к власти Берке хана началась новая эра развития государства Золотой Орды. В связи с принятием Берке исламской религии Золотая Орда превратилась в державу, проводящую независимую политику в мировой истории. Он внес новые изменения во внутренние и внешние дела Золотой Орды, как независимого государства. Основная цель статьи – раскрыть, что Золотая Орда стала самым могущественным государством Евразии при ханах Бату и Берке.

Ключевые слова: Золотая орда, Монгольская империя, улус, Западный поход, Сарай-Бату, Сарай-Берке, Государство Хулагуидов, мамлюкский Египет, исламская религия.

Zagira TOKBERGENOVA,
c.h.s., as.prof., Taraz Regional University named after Dulati,
Kazakhstan, Taraz, e-mail: zagira_t@mail.ru

THE GOLDEN HORDE – THE MOST POWERFUL COUNTRY IN EURASIA: UNDER KHANS BATU AND BERKE

After the Western campaign, Batu carried out a number of reforms in the management of the administrative-territorial structure of the conquered territories of the Jochi ulus. Under him were made radical changes in administrative and in the tax collection system, consequently, the Golden Horde strengthened. After was carried out a population census. Appeared the Yamskaya (postal) service. New cities and fortresses built. Thanks to the intensive rule of Khan Batu, established political stability, which had a profound effect on the rapid growth of the economy and the economy of the Golden Horde. With the coming to power of Berke Khan, a new era of development of the state of the Golden Horde began. In connection with Berke's adoption of the Islamic religion, the Golden Horde turned into an independent power in the Eurasian steppe. He made new changes in the internal and external affairs of the Golden Horde as an independent state. The main purpose of the article is to reveal that the Golden Horde became the most powerful state in Eurasia under the khans Batu and Berke.

Key words: Golden Horde, Mongol Empire, Ulus, Western campaign, Saray-Batu, Saray-Berke, Hulaguid State, Mamluk Egypt, Islamic religion.

Кіріспе. Моңғолдардың сұрапыл жорықтарының нәтижесінде Еуразияның саяси картасы өзгеріп, ғасырлар бойы осы аумақты мекен еткен халықтардың тарихи даму процесін белгілі бір уақытқа дейін тежеген сол кезеңнің тарихи деректерінде сипатталғандай, үлкен апаттарды алып келгені мәлім. Алайда, әскери

жорықтардың нәтижесінде Еуразия даласында Алтын Орда мемлекеті құрылғаннан кейін, оның жүргізген саясатының нәтижесінде ортағасырлық феодалдық қоғамның әр түрлі тайпалары мен халықтары арасындағы күрес бірсыпыра тоқтатылып, олардың кейін мемлекет ретінде одан әрі қалыптасуына оң әсерін

тигізді. Осы тұрғыдан алғанда, мәселенің ара салмағын салыстырмалы қарастыру арқылы ғана объективтілікке қол жеткізуге болады. Алтын Орда күш-қайраты мол кезеңінде өзінің геосаяси мүмкіндіктеріне сүйене отырып, Шығыс пен Орталық Еуропа және Орта Азия мен Сібір, Таяу, Орта Шығыс елдеріне байланысты саясатын жүргізген шын мәнісінде қуатты державалық мемлекет болатын. Осыған байланысты Алтын Орда мемлекеті өзінің сыртқы саясатын әлемдік саясат аясында батыс, шығыс және оңтүстік бағыттарында (векторлар) жүргізгені анық көрінеді. Бату мен Берке хандар тұсында Алтын Орданың нақты тәуелсіздігі белгіленген болатын. Бұл хандардың пәрменді билігінің арқасында орныққан Алтын Орда ірі мемлекет ретінде толығымен дамып, шаруашылығының, экономикасының тез өсуіне қарқынды әсерін тигізді. Бату мен Берке хандар тұсында Алтын Орданың Еуразиядағы ең қуатты мемлекетке айналғандығының сипаттамасын беру тақырыптың өзектілігін айқындай түсетіні сөзсіз.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын араб деректері, парсы деректері, Еуропа авторларының тарихи шығармалары құрайды. Араб авторларының негізгі бөлігі тарихи кезеңнің замандастары болғандықтан, олардан қалған деректер маңызды болып отыр. Парсы деректерінің ішінде де тарихи оқиғалармен замандас куәгерлердің мәліметтеріне сүйеніп жазылған кейбір парсы авторларының деректері қолданылды.

Талдау. Алтын Орда мемлекеті тарихының мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерді екі топқа – шетелдік, отандық деп топтастырып қарастыруға болады. Шетелдік зерттеушілердің қатарына И. Хаммер-Пургшталь, Г. Ховарс, Б. Шпулер, т.б. жатқызуға болады. Олар алғашқылардың бірі болып Алтын Орда мемлекеті тарихының мәселелеріне қатысты көптеген ортағасырлық қолжазбалық деректерді кеңінен қолдана отырып, ғылыми айналымға енгізді.

Кеңестік Ресей зерттеушілерінен А.Н.Насонов, Б.Д.Греков, А.Ю.Якубовский және т.б. авторлар Алтын Орда тарихына қатысты мәселелер туралы еңбектер жазып қалдырды. Ал, қазіргі кезеңдегі Ресей зерттеушілері В.В.Трепавловтың, Е.П.Миргалеевтің, Р.Ю.Почкаевтың және т.б. еңбектерінде Алтын Орданың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөніндегі тың қорытындыларын ерекше атап өтуге болады.

Отандық тарихшыларымыздың ішінен бұл тақырып төңірегінде моңғолтанушы ғалым З.Қинаятұлы, Б. Батыршаұлы, Қ. Өскенбай және т.б. тарихшы ғалымдар зерттеу жүргізіп, олардың еңбектерінде маңызды ғылыми тұжырымдамалар келтірілген.

Зерттеу нәтижелері. Жошы ханның екінші мұрагер баласы Бату хан батысқа жеті жылдық жорық жасап, соның нәтижесінде Моңғол империясының территориясы батыста Дунайға дейін ұлғайды. Оның құрамындағы Жошы ұлысы Моңғол империясының ең аумағы үлкен бөлігі болып табылады. Жошы Ұлысы немесе Алтын Орда өмір сүрген алғашқы күнінен бастап ол Қарақорымдағы Ұлы қағанға бағынбай, тәуелсіз саясат жүргізгені анық. Ұлы қаған Күйіктің діни ұстанымына қарамастан, Жошы ұлысының ханы Бату өзіне бағынышты халықтар мен елдерге қатысты өзіндік саясат, оның ішінде діни саясат ұстаған еді.

Жаулап алу жорықтарынан оның тек жігерлі қолбасшы ғана емес, сонымен бірге жаңадан құрылған мемлекеттің ірі ұйымдастырушысы болғаны күмән келтірмейді. Жекелеген, жаңадан пайда болған ұлыстар Шыңғыс ханның біртұтас империясымен тығыз байланыста болған және оның негізгі бөліктері болып табылатын кез еді. Батуға Шыңғыс хан қайтыс болғаннан

кейін (1227 ж.) ең жауапты жылдарда әрекет етуге тура келді. Ол ұлы хан Үгедей (1229-1241 жж.) тұсында империяның өміріндегі белсенді адам болды және 1251 жылы Төлеу ұрпақтары алға шыққан және Шыңғыс ханның тағында Төлеудің ұлы Мөңке (1251-1259 жж.) пайда болған кездегі төңкерісте белсенділік танытты.

Күйік өлімінен кейін Моңғол империясының ұлы қаған тағына ата жолын қуса да, жасының үлкендігін сыйласа да, елі үшін жасаған еңбегін бағаласа да, Батудың отыратын жолы болатын. Алайда көпті көрген Бату мұндай тәуекелге бармай, Төле ұрпағын қолдауға бел байлады. Бұл туралы Жүзжанидің айтуынша жаңа қағанды сайлау жөніндегі ұсынысқа байланысты Бату былайша жауап берген: «Мен және менің бауырым Беркеге бұл аймақтағы (яғни Дешті Қыпшақтағы) көптеген мемлекеттер мен иеліктер тиесілі, сондықтан бұл аймақтармен қоса, Қытай (Чин), Түркістан және Иран (Аджам) аймақтарын бір орталықтан басқару мүмкін емес» (Сборник материалов, 2006:49).

Сонымен Бату құрылтай өткізіп, Мөңкені ұлы қаған сайлады. Оның осы ұлы қаған сайлаудағы еңбегін ескеріп Мөңке қағанның жарлығымен «Мемлекеттің (империяның) батыс бөлігінің иесі (Ежен қаған)» деген дәрежеге көтерілді. Осы кезден бастап Жошы ұлысы державасы іс жүзінде империялық орталықтан бейтарап мемлекетке айнала бастады (Қинаятұлы, 2010:566).

Сол кезде Жошы мен Төлеудің екі әулеті – Үгедей мен Шағатайдың екі әулетіне қарсы бірікті. Төңкеріс кезінде тек Үгедейдің ғана емес, сонымен бірге Шағатайдың да ұрпақтары зардап шеккені белгілі, Бату осы кезді пайдаланып, ұлы хан Мөңкенің келісімімен Мауераннахрдың басқарушысы болды, бірақ сол уақытта Жошы ұлысының шекарасы бұрынғыдай Амударияда болмады, Шу өзенінен алыс емес Жетісуда болды. Бату Еділ бойындағы жаңадан құрылған мемлекеттің маңыздылығын жақсы ескерді. Дәл Еділ бойында ол өзінің ордасын ұйымдастырып, Еділдің төменгі ағысында ұлыстың астанасы Сарайды салғаны бекерден бекер емес. В. Рубрук өз сөзінде: «Батудың Сарай қаласы мен сарайы шығыс жағалауда орналасқан» деп көрсетті (Рубрук, 1997:122).

Бату моңғолдардың барлық басты әскери жорықтарына қатысты, өз жасақтарын негізгі әскерге көмекке жіберіп, әрине соғыстан түскен олжадан өз үлесін алуға үміттенді. Сондықтан Жүзжани былай деп жазады: «Моңғолдар билігінің қоластында болған әрбір Иран аймағының Батуға белгілі бір бөлігі тиесілі болды және оның үлесі болған ауданға оның билеушілері орналастырылды» (Тизенгаузен, 1941:15).

Көшпенді феодал, діни көзқарасы бойынша шамандық, қалалық-мұсылман тұрғысынан толығымен бейхабар адам Бату Еуропаның оңтүстік-шығысында моңғол жаулауынан өсіп шыққан жас мемлекеттің қиын жағдайынан сасқан жоқ. Қатарында көптеген мұсылман саудагерлері болған өз кеңесшілеріне сүйене отырып, Бату дереу феодалдық қанаудың ең қатал тәсілдері арқылы табысты барынша көп алуды басты мақсаты етіп, бірден қатал бағытты қабылдады. Ол бағындырып алған орыс князьдіктеріне артында сондай қайғылы естеліктер қалдырған моңғол жасақтары бастаған арнайы шенеуніктер-даруғаларды жіберіп, салық жинауды жөнге келтірді. Отырықшы және көшпелі халықтардан, сондай-ақ Қырым, Бұлғар, Еділ бойы, Хорезм және Солтүстік Кавказ қалаларындағы қолөнершілер мен саудагерлерден де әртүрлі феодалдық алымдар мен салықтарды жинау үшін аппарат құрды. Ақырында, ол моңғол жаулап алуының нәтижесінде күйзеліске ұшыраған бұрынғы сауда өмірін барлық жаулап алған аймақтарда қалпына келтіру үшін көп нәрсе істеді. Мұның

барлығында Бату өзінің асқан шеберлігі мен алысты болжай алатындығын жан-жақты көрсетті. В. Рубрук былай деп бекер айтқан жоқ: «Бұл Бату өзі мойынсұнуға міндетті императорды (яғни ұлы ханды) қоспағанда, барлық татарлардың әміршілеріне қарағанда ең күштісі болды» (Рубрук, 1997:42).

Бату тұсында Алтын Орданың Моңғол империясының орталығымен қарым-қатынасы толығымен орнатылды. Үгедей (1229-1241 жж.) кезеңінен бастап бүкіл Моңғол империясында жалпы империялық пошта қалыпты жұмыс істеді. Пошта туралы «Моңғолдың құпия шежіресі», Джувейни, Рашид-ад-дин және басқаларда да айтылған. Ең бастысы, пошта Қарақорым-Пекин жерінде жолға қойылған. Рашид-ад-Дин: «бұл жолда әрбір 5 фарсах (фарсах шамамен 6 км) сайын (25-30 км) 37 пошта станциясы болған. Әр станцияда елшілер, олардың нөкерлері мен хабаршылары жүретін жолдарды күзету үшін 1000 адамнан болған. Бұл жолмен олардың әрқайсысы алты өгізбен тартылатын екі бағытты есептегенде күн сайын 500 үлкен арба жүретін болды. Бұл арбалар Қарақорымға азық-түлік (нан, күріш және т.б.) жеткізді. Әр станцияда азық-түлік қорлары сақталатын қоймалар болды», – дейді (Рашид-ад-Дин, 1960:49).

Бату 1256 жылы 48 жасында қайтыс болды. Жүзжанидің айтуы бойынша: «Оны моңғол дәстүрі бойынша жерлеген. Ол халықта егер олардың біреуі қайтыс болса, тозаққа барған, осы қарғыс лаулаған адамның қасіретіне сәйкес онда жердің астынан үй немесе үңгір сияқты орын дайындау қабылданған. Бұл орын төсек, кілем, сұйыққа арналған ыдыстар және көптеген заттармен жабдықталған; сол жерде оны қару-жарағымен және оның бүкіл мүлкімен жерлеген. Онымен бірге бұл орынға оның ең жақсы көретін адамы, кейбір әйелдері мен оның қызметшілері бірге жерленген. Содан кейін олар оны жерге көміп, сол жердің [жерленген] ешқандай белгісі қалмағанша, қабірдің үстіне жылқыларды айдайды» (История Казахстана в персидских источниках, 2006:42).

1257 жылы Алтын Орданың ханы Берке (1257-1266) болды. Берке екінші Сарайды салып, ол Сарай Берке немесе Жаңа Сарай деп аталған. Мысыр сұлтаны Бейбарыстың Алтын Ордадағы Берке ханға жіберген елшілігін сипаттаған араб жазушысы әл-Муфаддал ханның бейнесін көрсететін өте құнды бірнеше жолдар жазған. Онда: «Бұл кезде Берке хан 56 жаста еді. Ол сирек сақалды, сары түсті үлкен бетті, шашы екі құлақтың артына таралған, [бір] құлағында бағалы тастан (сегіз бұрышты) алтын сырға, үстінде [Беркенің] – жібек шапан, басында қалпақ және жасыл булгар терісінен қымбат тастармен алтын белбеуі бар, екі аяғында қызыл былғарыдан аяқ киім. Ол сәмсер асынған жоқ, бірақ оның белбеуіне алтынмен қапталған мүйіз сапты кездігі болды» деп сипаттаған (Тизенгаузен, 1884:193).

1257 жылы Берке хан тұсында орыс феодалдық князьдықтарында санақ жүргізілді, ол бүкіл халықты салық салу мен міндеткерліктерге жатқызуды анықтау және есепке алу міндетін алды. Санақтың өзі сияқты, басқақтар мен олардың жасақтары арқылы міндеткерліктерді жинау тәжірибесінің қалыптасуы да жаулап алған халықтың тарапынан бірнеше рет наразылық тудырды. Белгілі болғандай, новгородтықтар 1259 жылы Берке хан ұйымдастырған санақты көтеріліспен қарсы алды. «Үш жылдан кейін, 1262 жылы көтеріліс Ростовта, Суздальда, Ярославльде және басқа қалаларда тұтанды. Бұл азаттық қозғалысы Александр Невскийдің өзінің қатысуымен туындады деп санауға барлық негіз бар» (Насонов, 1940:52).

Берке хан тұсында Алтын Орда ірі мемлекет ре-

тінде толығымен дамыды. Оның билік құрған кезінде Моңғол империясының өмірінде маңызды өзгерістер болды. 1260 жылы ұлы хан Мөңке (1251-1259) қайтыс болғаннан кейін Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін теке-тірескен күрес Құбылайдың жеңісімен аяқталғаны белгілі. Құбылайдың таққа отырған кезеңінен бастап, моңғол империясының құрамындағы ұлыстар орталық биліктен қашықтап, іс жүзінде орталық әкімшілік пен ұлыс әкімшіліктері арасындағы байланыс үзілді. Жошы ұлысының билеушісі Берке мемлекеттің қуаттылығын арттыруда осындай қолайлы жағдайды кеңінен пайдаланды. Дегенмен Бату мен Беркенің тұсында-ақ Алтын Орданың нақты тәуелсіздігі белгіленген болатын, бірақ тек 1260 жылғы оқиғалардан кейін ғана (1260 ж. Моңғол империясы тәуелсіз ұлыстарға бөлінді) Алтын Орданың тәуелсіз мемлекетке айналуы туралы ресми түрде айтуға болады. Беркенің атымен тек Еділ бойындағы қала өмірін салу ғана емес, тек оңтүстік-шығыс Еуропада сауда қызметін кеңейту және тереңдету ғана емес, сонымен бірге Хулагидтермен (Ирандағы моңғол өкіметінің өкілдері) ауыр соғыс та және мамлюктік Мысырмен соғыстың міндеттерімен келісілген дипломатиялық қарым-қатынас та байланысты.

1258 жылы Иранда Төленің ұлы Хулагу негізін қалаған – Хулагидтер немесе Елхандар мемлекеті пайда болды. Екі моңғол ханы арасындағы шиеленістің себебі Әзірбайжан туралы мәселе болды. Хулагу (1256-1265 жж.), әсіресе, осы аймақтан айрылмауға тырысты. Хулагидтер астанасы олардың тұсында ерекше өсіп-көркейген Тебриз қаласы болды. Берке хан Әзірбайжанды Алтын Ордаға қосуға тырысты және ол өзінің бұл талабын оның әскерлерінің Иранды жаулап алуға, Бағдат пен Әзірбайжанды басып алуға қатысқанымен дәлелдеп, табысының үлесі ретінде, сыйақы ретінде талап етті. Бұл мәселе бойынша жүргізілген келіссөздер ештеңе бермеді, ал Дербенд маңындағы Кавказ жотасының бойымен нақты шекарасы орналасқан екі моңғолдық мемлекеттер арасында үзіліспен жүздеген жылдар бойы жалғасып келе жатқан әскери қақтығыстар басталды (Греков, Якубовский, 1950:76). Бұл қақтығыстар барлығын өте үлкен және ауыр зардаптарға әкеп соқтырды және ең алдымен Жошылықтар мен Хулагидтердің сауда қарым-қатынасына әсер етті. Парсы тарихшысы Бассафтың (1257-1327) айтуынша, Хулагу «Тебризде саудамен және сауда-саттық мәмілелерімен айналысқан және үлкен, сансыз байлыққа ие болған Берке-Оғылдың саудагерлерінің бәрін жазалап, ал олардан табылған барлық мүліктерін қазынаға алу туралы бұйрық берді. Олардың көпшілігі өздерінің үлестері мен байлықтарын Тебриздің танымал азаматтарының қолында ұстады. Оларды жойғаннан кейін, сол [аталған] байлықтар ұстаушылардың қолында қалды. Берке-Оғыл өз кезегінде оларды да жазалауға тырысып, хан патшалығының [Хулагу] саудагерлерін өлтірді және олар үшін де солай істеді. Кіріс және шығыс жолдары, саудагерлердің саяхаты, сондай-ақ ұлы шеберлердің жұмысы бірден шектелді» (Греков, Якубовский, 1950:77).

Көпұзамай Хулагу қайтыс болған соң 1265 жылы Абаға (1265-1282) таққа ие болды. Берке ханның Хулагумен және Абағамен ұзақ және тұрақты күресі негізінде XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырда мамлюктік сұлтандардың билігінде болған алыстағы Мысыр мен Алтын Орда арасындағы қарқынды дипломатиялық қарым-қатынастар өркендеді. Бұл қарым-қатынастар Берке ханның өзінің де, әсіресе, мамлюк сұлтан Әл-Мәлік әз-Захыр-Руки-ад-дин Бейбарыстың да (1260-1277) белсенді қатысуымен басталды. Мысыр мен

Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастар 177 жылға созылып, екі мемлекет арасындағы елшіліктер саны 50-ге жуық болды. Бұл байланыстар 1261-1438 жж. аралығында жүзеге асырылып, ол жөнінде XIII-XVI ғасырларда өмір сүрген 62 автордың шығармаларында мәліметтер қалдырылған (Батыршаұлы, 2005:51).

Алтын Орда қоғамын исламдандырудың басталуы Берке ханның атымен байланысты. Берке ханның исламды қабылдауы шамасы саяси пайымдаулардан туындады. Бір жағынан, Алтын Орданың Булгармен, Орта Азияның қолөнер-сауда, және мәдени қалалары – Үргеніш, Бұхарамен және екі Сарай – Сарай Бату мен Сарай Беркеге қолөнершілер, саудагерлер, суретшілер, оқымыстылар мен сол уақыттың феодалдық-мұсылман зиялы қауымының әртүрлі өкілдері келген басқалармен байланысы, екінші – Алтын Ордамен сол кезде соншалықты тиімді болған, мамлюктік Мысырдың табандылықпен исламды қабылдау туралы достық ұсыныстары, Алтын Орда хандарын елді исламдандыру саясатының қамқорлығына алғаны сөзсіз. Алайда, Берке хан қанша исламдандыруды тереңдетуге тырысса да, өзімен бірге билеуші таптың тек жоғарғы қабаттарын, хан сарайына жақын адамдарды ғана қамтыды.

Мұсылман авторларының Берке ханның исламға жүгінуі туралы әңгімелеріндегі бірнеше мәліметтер оны ақылды саясаткер ретінде сипаттайды. Мұсылман дінбасылары өздерінің қолында діни беделді ғана емес, сонымен қатар қалаларда жер иеліктерінен де, жылжымайтын мүлікпен де түсетін табыстарды ұстай отырып, өз қолына көбірек билікті тартып алуға ұмтылды, ол үшін өзінің артықшылығын кейбір жағдайларда зайырлы билікке қатысты ерекше атап өтуге тырысты. Бұл, әсіресе, жаңа қабылдағандарға қатысты болды. Берке Шыңғыс хан негізін қалаған әскери принциптеріне негізделген Алтын Орданың мұсылман емес ақсүйектері Мысыр мамлюк мемлекетімен бірігіп, Алла жолында «Джихад» қасиетті соғысына шығуға моңғол қолбасшыларының қолдауына соншалықты ие болмайтынын сезді. Өрине ол мұсылман дәстүрінде тәрбиеленіп, нәтижесінде мұсылмандықты қабылдап, Джамал ад-Дин Ибрахим мұсылмандық атын да алды. Алайда Беркені діни тақуа ретінде сипаттап, әлемге «шынайы дінді» таратуға ұмтылысы аса дәріптеліп, баяндалуы ортағасырлық мұсылман авторларының әсірелеуінің жемісі болатын. Беркенің Алтын Ордада ислам дінін мемлекеттік дін ретінде жариялап, вассалдық мемлекеттерге ислам дінін тарату жоспарында болмаған (Почекаев, 2010:28).

Берке хан 1266 жылы Кавказда Хулагидтерге қарсы жорық кезінде, Тбилисиден шыққан жолда қайтыс болды, ал оның денесі салынған табыт Сарай Батуға жіберілді, ол сонда жерленді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Батыс жорығы нәтижесінде Батудың әулет ішінде атақ-абыройы артып қана қойған жоқ, сонымен бірге, халықаралық аренада аса ықпалды саясаткер билеуші ретінде танылып, империя билігінен айтарлықтай оқшауланған Алтын Орданың сыртқы саясатын іс жүзінде тәуелсіз түрде жүргізуге жағдайы келді. Бату, Берке хандар тұсында Алтын Орданың қуаты арта түсіп, билігі мейлінше күшейді. Егер, Жошы мен Бату Моңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін толықтай тәуелсізбіз деп санады. Алтын Орданың экономикалық қуаты артты, қалалық өмірдің жандануына ерекше көңіл бөлінді. Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттығы өркендеп, әр түрлі кәсіпшілік пен қолөнері дамыды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Батыршаұлы Б. Мысыр Мамлюк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.: зерттеу. – Алматы: Экономика, 2005. – 351с.

Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 473с.

История Казахстана в персидских источниках. Алматы, 2006. – Т. IV. – 621 с.

Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728б.

Насонов А.Н. Монголы и Русь: История татарской политики на Руси. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 178с.

Почекаев Р.Ю. Цариордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды. – СПб.: Евразия, 2010. – 408с.

Рашид ад-Дин. Сборник летописей /пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т.2. – 248 с.

Рубрук Г. Путешествия в восточные страны. Книга Марко Поло. / Перев. И. М. Минаев. – М.: Мысль, 1997.

Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузен и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным /подг. нов. изд., введ., пер., коммент. М.Х. Абусеитовой, Ж.М. Тулибаевой. – Алматы, 2006. – Т. II. – 620 с.

Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузен и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – Т. II. – 308с.

Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды..., т. I, стр. 193.

REFERENCES

Batyrsha-uly B. Mysyr Mamluk memleketin Deshti-Kypshakpen baylanystary. XIII-XV gg: zertteu [Relations of the Mamluk state of Egypt with Desht-Kipchak. 13-15th centuries]. – Almaty: Ekonomika, 2005. – P.351 [in Kazakh].

Grekov B.D., Yakubovskiy A.Y. Zolotaya Orda i yeye padeniye [The Golden Horde and its fall] – M.-L.: Izd. AN SSSR, 1950. – P.473. [in Russian].

Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh [History of Kazakhstan in Persian sources]. Almaty, 2006. – V. 4. – P. 621. [in Russian].

Kinayatuliy Z. Shyngys khan zhane Kazak memleketi [Genghis Khan and the Kazakh state] – Almaty: Tarikh tagylymy, 2010. – P.728 [in Kazakh].

Nasonov A.N. Mongoly i Rus: Istoriya tatarskoy politiki na Rusi [Mongols and Rus: A History of Tatar Politics in Rus] – M.- L.: Izd. AN SSSR, 1940. P.178 [in Russian].

Pochekayev R.Y. Tsari ordynskiy. Biografii khanov i praviteley Zolotoy Ordy [The Tsars of the Horde. Biographies of the khans and rulers of the Golden Horde] – SPb.: Yevraziya, 2010. P.408 [in Russian].

Rashid ad-Din. Sbornik letopisey /perevod s persidskogo Y.P. Verkhovskogo [Collection of chronicles]. – M.-L., 1960. V.2. P.248 [in Russian].

Rubruk G. Puteshestviya v vostochnyye strany. Kniga Marko Polo [Travels to eastern countries. Book by Marco Polo] – M.: Mysl, 1997 [in Russian].

Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy [Collection of materials related to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian Writings]. Izvlecheniya iz persidskikh sochineniy, sobrannyye V.G. Tizengauzenom i obrabotannyye A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym / podg. nov. izd., vved., per., komment. M.H. Abuseitov, Z.M. Tulibayev. – Almaty, 2006. – V.2. – P.620. [in Russian].

Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy. Izvlecheniya iz persidskikh sochineniy. Sobrannyye V.G. Tizengauzenom i obrabotannyye A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym [Collection of materials related to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian Writings] – M.-L., 1941. – V. 2. – P. 308. [in Russian].

Tizengauzen B. G. Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy [Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. V. I, P.193. [in Russian].

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

Бибігүл ӘБЕНОВА¹, Дәулет ӘБЕНОВ², Акқожа МӘЖИТ³,

¹Т.ғ.к., доцент. E-mail: bibigul_aben@mail.ru,

²Т.ғ.к., доцент. E-mail: aben_60@mail.ru,

³2-курс магистранты, E-mail: mazhitt@mail.ru,

^{1,2,3}Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан.

1868 ЖЫЛҒЫ «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ» БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК-ОТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ НЫҒАЮЫ

Мақала патша үкіметінің 1868 жылы қабылдаған Уақытша ережесі бойынша Орал мен Торғай облыстарын отарлау процесі туралы дерек береді. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформаны қазақ даласына енгізу үшін патшалық қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптарын ескермей, өздерінің отарлық мүдделеріне сай келетін комиссия ұйымдастырған болатын. Мақалада Торғай мен Орал облыстарында құрылған комиссиялар, олардың мүшелері мен атқарған қызметтері баяндалады. Сонымен қатар, патшалық Ресейдің облыстарды әкімшілік басқаруда қолданған айла әрекеттері, орыс шенеуніктері мен казак әскерлерінің артықшылықтары, басқару жүйесіндегі әділетсіздіктер мақала мазмұнында айқын көрініс табады. Архив материалдары негізінде облыстық және уездік әкімшілік басшыларының есімдері мен олардың атқарған қызметтері, реформаға қарсылық көрсеткен көтеріліс басшылары анықталды. Мақалада XIX ғасырдағы Торғай мен Орал өңіріндегі отарлық әкімшіліктің жүргізген озбырлық саясаты мен қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайы сипатталады.

Кілт сөздер: реформа, генерал-губернатор, отарлау, облыс, уезд, комиссия, сұлтан, атаман, полиция, бекініс.

Бибигуль АБЕНОВА¹, Даулет АБЕНОВ², Акқожа МАЖИТ³

¹кандидат исторических наук, доцент.

Ақтөбе, Казахстан. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент.

Ақтөбе, Казахстан. E-mail: aben_60@mail.ru

³Магистрант 2-курса. Ақтөбе, Казахстан. E-mail: mazhitt@mail.ru

^{1,2,3}Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова.

УКРЕПЛЕНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-КОЛОНИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ПО «ВРЕМЕННОМУ ПОЛОЖЕНИЮ» 1868 Г.

В статье рассматривается процесс колонизации Уральской и Тургайской областей в соответствии с Временным Положением, принятым царским правительством в 1868 году. Для проведения административной реформы 1867-1868 годов в казахских степях правительство создал комиссию в соответствии с их колониальными интересами, игнорируя традиционные обычаи казахского народа. В статье описаны комиссии, созданные в Тургайской и Уральской областях, их состав и проделанная работа. В содержании статьи ярко отражены манипуляции царской России в административном управлении регионами, преимущества российских чиновников и казачьего войска, несправедливость в системе управления. На основании архивных материалов были определены имена глав областных и районных администраций и их должности, лидеры восстания против реформы. В статье описывается деспотическая политика колониальной администрации в Тургайском и Уральском регионах в XIX веке и социально-политическая ситуация в казахском обществе.

Ключевые слова: реформа, генерал-губернатор, колонизация, область, уезд, комиссия, султан, атаман, полиция, крепость.

Bibigul ABENOVA¹, Daulet ABENOV², Akkozha MAZHIT³,

¹ candidate of Historical Sciences, docent. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

² candidate of Historical Sciences, docent. E-mail: aben_60@mail.ru

³ 2-year Master's student. E-mail: mazhitt@mail.ru

^{1,2,3} Aktobe Regional University after K. Zhubanov. Aktobe, Kazakhstan.

STRENGTHENING THE ADMINISTRATIVE-COLONIAL SYSTEM ACCORDING TO THE "PROVISIONAL RULES" OF 1868

The article examines the process of colonization of the Ural and Turgai regions in accordance with the Provisional Regulations adopted by the tsarist government in 1868. To carry out the administrative reform of 1867-1868 in the Kazakh steppes, the government created a commission in accordance with their colonial interests, ignoring the traditional customs of the Kazakh people. The article describes the commissions created in the Turgai and Ural regions, their composition and the work done. The content of the article clearly reflects the manipulations of Tsarist Russia in the administrative management of the regions, the advantages of Russian officials and the Cossack army, and injustice in the management system. On the basis of archival materials, the names of the heads of regional and district administrations and their positions, the leaders of the uprising against the reform were determined. The article describes the despotic policy of the colonial administration in the Turgai and Ural regions in the 19th century and the socio-political situation in Kazakh society.

Keywords: reform, governor-general, colonization, region, county, commission, sultan, ataman, police, fortress.

Кіріспе. Отарлық саясат пен жаңа әкімшілік құрылымдарға қарсы туған наразылық пен толқуларды басқаннан кейін, патша үкіметі қазақ жерлерінде өзінің саяси үстемдігін шын мәнінде, заңды түрде түпкілікті нығайту мақсатымен «Уақытша Ережеде» белгіленген мемлекеттік басқару жүйесін құруға кірісті.

Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы болып бұрыннан осы міндетті атқарып жатқан генерал-адъютант Н.А.Крыжановский қалдырылды.

Облыстар басшылығына әскери губернаторлық қызметке, генерал-губернатордың ұсынуымен, Орал облысына – генерал-майор Н.А.Веревкин, Торғай облысына – генерал-майор Л.Ф.Баллюзек тағайындалды. Олар басқару ісінің барлық саласы бойынша генерал-губернаторға бағындырылды және Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрліктің облыстардағы өкілдері болып саналды.

1868 жылдың 27 қарашасында Орынбор генерал-губернаторы Н.Крыжановскийдің нұсқауына сай, Торғай облысында: Елек уезінің басшылығына – надворный советник Плотников, Николаев уезіне – надворный советник Сипайлов, Ырғыз уезіне – артиллерия капитаны Вогак, Торғай уезіне – подполковник Яковлев, ал Орал облысында: Орал уезінің басшылығына – подполковник Черноморсков, Калмыков уезіне – әскери старшина Голованов, Ембі уезіне – подполковник Голов, Гурьев уезіне – полковник Тверитинов, Маңғышлақ приставствосына – подполковник Рукин тағайындалды [1].

Көріп отырғанымыздай, облыстық және уездік әкімшіліктердің басшылығын түгелімен әскери шендегі адамдар құрады. Әкімшілік аппараттың құрамы да тек орыс-казак офицерлері мен чиновниктерден тұрды. Ал қазақ халқын билеу жүйесі мен басқару тізбегінде қазақтарға бір ғана қызмет берілді, ол – уезд бастығының кіші көмекшісі қызметі болатын.

Материалдар мен әдістер. Мақала бойынша жұмыс барысында негізгі методология жүйелі және кешенді талдау болды. Патша үкіметінің 1868 жылдың 21 қазанында қабылдаған «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы» уақытша ережесін ғылыми тұрғыдан ашып көрсету мақсатында тарихи зерттеудің объективтілік принципі басты назарға алынды.

Мақаланың негізгі материалдары тұтастай Орынбор облыстық мемлекеттік архиві мен ҚР Орталық мемлекеттік архивінен алынып, оларға нақты тарихи талдау жасалынды. Сонымен бірге тарихи-жүйелі және статистикалық тарихи әдістер жиынтығы қолданылды.

Талдау. Зерттеліп отырған кезеңдегі әкімшіліктің ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты кейбір мәселелер М.Венюковтың, А.К.Гейнстің, Ф.Лобысевичтің және Н.А.Середаның еңбектерінен табылады. Оларды зерделеу барысында, әкімшілік қайта құрулардың түпкі мақсаты, ол реформаларды қазақтардың қабыл алу сипаты сияқты мәселелерге жауап іздетірілді. Орынбор генерал-губернаторлығының қызметіне қатысты, өлке қазақтарының тарихына және реформалардың енгізілуі жайлы материалдар И.И.Крафтың, А.И.Добросмысловтың еңбектерінде сөз болады.

Қазақстандағы отарлық әкімшілік жүйенің саяси дамуы және қызметі, патшалықтың қазақ жерлерін отарлау саясаты мен жазалау шаралары Б.С.Сүлейменовтің, Г.С.Сапарғалиевтің [14, 375 б.] іргелі еңбектерінде сөз болады. Еңбектердің қазақ елі мен жерін отарлаудың жаңа кезеңін зерттеудегі тарихи-танымдық маңызы зор. Ғылыми-зерттеу

проблемасымен ұштасып, оны жалғастырушы еңбектердің қатарына Б.С.Абенованың «1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі», «Ресей империясының Орынбор өлкесіндегі аймақтық саясаты» тақырыбындағы монографиялары мен Д.Қ.Абеновтың «Қазақ жерін отарлау тарихы (XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басы)» монографиясы жатады.

Зерттеу нәтижелері. Жергілікті уездер мен болыстарды ұйымдастыру үшін Торғай облысында, уездер санына қарай, 4 комиссия, Орал облысында 3 комиссия құрылып, оларға уезд бастықтары төрағалық етті. Ембі уезі мен Маңғышлақ приставствосында «Уақытша Ережені» енгізу «қолайлы жағдайлар туғанға дейін» кейінге қалдырылды [2].

Комиссиялар құрамына «өзінің ықпалымен, мәліметтерімен пайдалы, жұмыстың табысты болуына жағдай тудыратын ордалықтарды да шақыру» мүмкіндігін алды.

Қатаң міндеттер жүктеліп, кең құқықтар берілген ұйымдастыру комиссиялары 1868 жылдың желтоқсан айында әскери шендегі уезд бастықтарының басшылығымен қырға аттанған болатын. Әскери губернаторлар ұйымдастыру комиссияларын арнайы нұсқаулармен жабдықтап, «беделді ордалықтарға сый-сияпат көрсету үшін» әр комиссияға 100 рубль күміс ақшадан, ал Ырғыз уезін ұйымдастыру комиссиясына, ерекше, 200 рубль күміс ақша бөлді. Сонымен бірге, әр комиссияға уездердегі «беделді ордалықтарға сыйлыққа тарту үшін», тіпті, 3 күміс мүйізше, 5 тебетей және 10 аршын перделік матадан бөліп беруді де ұмытпады. Мұның бәрі – патша үкіметінің қазақ даласында өзінің отарлық мүддесін толық жүзеге асыру жолында жүргізіп отырған «қант пен қамшы» саясатының бір көрінісі.

Аға сұлтандардың қызметі, «Уақытша Ереже» тұрғысынан патша үкіметінің отарлық саясатының жүзеге асырылуына сай келмейтін болғандықтан, жоққа шығарылған болатын, алайда, жаңа Ереженің «сәтті түрде енгізілуін қамтамасыз ету үшін халық арасындағы олардың беделі мен ықпалын пайдалану» ескерілді. Крыжановскийдің ұсынысымен, Кіші жүздің Орта бөлігінің аға сұлтаны Мұхамеджан Баймұхамедов генерал-майор шеніне, Шығыс бөлігінің аға сұлтаны Мұхамед Жантөрин полковник шеніне көтеріліп, әрқайсысына 1176 рубль күміс ақшамен пенсия белгіленді. Ал Батыс бөлігінің аға сұлтаны Әлмұхамед Сейдалинге майор шені беріліп, білімді және «үкіметке елеулі пайда әкелетін адам» ретінде Николаев уезінің соты қызметіне тағайындалған [3].

Сонымен қатар, патша үкіметі сұлтандарға арналған ерекше артықшылықтарды да сақтап қалды, дворяндық титул олардың өздеріне ғана емес, бүкіл әулетіне берілді. Аға сұлтандар ұйымдастыру комиссияларының құрамына шақырылып, өздерінің халық арасындағы беделі мен ықпалын отарлық үкіметтің пайдасына кеңінен жаратты.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, бастапқы кезде ұйымдастыру комиссияларының жұмысы табысты жүрді.

Деректерге сүйенсек, 1868 жылдың 27 желтоқсаны мен 1869 жылдың 26 наурызы аралығында 8 болыстан тұратын Николаев уезі, 1868 жылдың 31 желтоқсаны мен келесі жылдың 10 ақпаны аралығында Елек уезінде – 5, Ырғыз уезінде – 2 болыс ұйымдастырылған. Осылайша, шеп бойындағы қазақтарды болыстарға біріктіру әкімшілікке әлдеқайда оңайға түсті [4].

Жаңа басқару жүйесінің ұлыдержавалық отарлық мәні қазақ халқының оны қабылдамауынан, оған қарсы наразылығынан көрінді. Бұл наразылықтар

1869 жылдың жазында Торғай облысының оңтүстік, батыс бөліктерін және Орал облысының территориясын түгел қамтыған көтеріліске ұласқан-ды.

Бірнеше жылдан кейін патша өкіметі көтеріліске қатысқан қазақтарды, көтерілістің кейбір басшыларын ақтауға мәжбүр болды. Бірақ молда Ықылас Досұлы мен оның шәкірті Абдулхалым Әбдірахманұлы «Ресей жерінен мәңгіге қуылғандар» деп есептелді. Ағайынды сұлтандар Көсепқали және Қуатқали Орманұлдары, Ақметша, Әділгерей, Шаңгерей, Сәлім, Жүсіп, Сақыпкерей Көсепқалиұлдары Екатеринослав губерниясының Славянск қаласына жер аударылып, оларға Орал облысына қайтып келуге тыйым салынды. Архангельск губерниясына жер аударылған Жақсыбай Жылгелдіұлы атты қандасымыз кейін Екатеринослав губерниясына ауыстырылып, жат жерде айдау азабына төзбей қаза болды. Ал Сейіл Түркебайұлы Орал түрмесіндегі қорлауға шыдай алмай, сотқа дейін өліп кеткен.

Отарлық үстемдікке қарсы шыққан Кіші жүз қазақтарының 1869 жылғы қарулы көтерілісі аяусыздықпен басылды. Жазалаушылардың қанды қапанының зардабынан өлке халқы қатты күйзеліс тапты. Көптеген мал-мүліктері патша әскерінің қолында кетті. Адам шығыны көп болып, жергілікті халық ауыр қиыншылыққа ұшырады [5].

Ұйымдастыру комиссияларының жанына қарулы топтарды ертудің, қырға жазалау отрядтарын шығарудың, әскери бекіністердің құрамын толықтырып отырудың, беделді деген қазақ сұлтандарын, ру басыларын «марапаттау», «сый-сияпаттар көрсету» арқылы өз жағына шығарудың, «халық арасында беделді, патша үкіметіне берілген» сол қазақтардың ұйымдастыру комиссияларына «шын пейілмен көмектесуінің» нәтижесінде Орал, Торғай аймағында жаңа болыстар ұйымдастырылып, шекаралары енді анықталған уездер құрылып жатты.

1869 жылғы шілденің 31-ші жұлдызында генерал-губернатор Крыжановский Әскери министрге және Ішкі істер министріне: «Қырғыздар көтерілісі түгелімен басылды. Торғай облысында жаңа Ереже толығымен енгізілді. Орал облысында 26 мыңнан астам түтін жаңа Ережені қабылдады. 2 губернатор да шепке қайтып оралды» деп хабарлады. Тамыздың басында таз, кете руларына қарасты 6580 түтін өкілдері Верекинге келіп, жаңа «Ережені» қабылдауға дайын екендігін білдірген.

Ембі уезін толығымен ұйымдастыру ісі Орал облысы әкімшілігін «әуреке салды». Жем өзенінің бойын мекендейтін қазақ ауылдары ұйымдастыру комиссиясына «ұстатпай», әскери отрядтардан өздерін, мал-жанын сақтап қалмақ болып және қандай да болмасын жайылым жерлер іздеп, бір жерден екінші жерге жиі-жиі көшіп отырды. Дегенмен, «құрығы ұзын» патшалық өздері «асау», «жабайы», «орысқа үйренбеген» деп есептейтін қазақ руларының өзіне бұғау салып үлгерді.

1869 жылдың күзінде ұйымдастыру комиссиялары жаңа Ереже бойынша, Орал облысында Маңғышлақ приставствосынан басқа жерлерде 3 уезді тұтасымен, Ембі уезін ішінара ұйымдастырып, мемлекеттік салық пен земский міндеткерліктерді жаңа мөлшерде толығымен жинап қайтты.

Осылайша, Орал, Торғай облыстарындағы уездер ұйымдастыру жұмыстары 1870 жылдың басында аяқталды. Орал облысында уездерінде 28 болыс, 256 ауыл құрылды.

1870 жылдың 2 ақпанында Маңғышлақ приставствосы Александровск фортымен бірге Орынбор

генерал-губернаторлығы билігінен алынып, Кавказ наместнигінің қарамағына берілді. Сондықтан, Дағыстан басшысы Орал облысының әскери губернаторынан Ембі уезіне қарасты Сам және Асмантай-Матай маңын мекендейтін адай руының 4 бөлімшесін 1871 жылдың ақпанына дейін Маңғышлаққа қайтаруды талап етті [6].

Генерал-майор Верекиннің оған қатысты: «Адайдың бәрі тек адай болғаны үшін ғана Маңғышлақтың құрамында болу керек деген пікір жөн емес. ... Жаңа ережеге сай, рулық негіз жойылуы тиіс, сондықтан да, егер басқа рулар өздерінің әдеттегі қысқы қоныстарына сәйкес әр түрлі болыстар мен уездерге бөлшектеніп кетсе, мұндай бөлшектену адайларға қатысты да жүзеге асырылуы тиіс, бұл – оларды тиімді басқарудың және нақты бақылаудың құралы болып табылады» деген тұжырымы – «бөліп ал да, билей бер» саясатының қазақ даласында салтанат құруы еді.

Әрине, болыстар мен ауылдардың шекаралары толық және дәл анықталып біткен жоқ болатын, көбіне қайта қаралып та отырды. Мысалы, Торғай облысында 1869 жылы 149 ауыл болса, 1894 жылы олардың саны 318-ге жеткен [7]. Болыстардың ұсақ ауылдарға бұлайша бөлшектенуі, ең алдымен, отарлық әкімшіліктің мүддесінен шығып жатты. Ол елден алым-салықты тез арада, молырақ және толық жинау мен патшалықтың жазалау мақсаттарын күшейту үшін қолайлы жағдайлар туғызды. Өйткені, бөлшектенген халықты бақылап, басқару да, оның түтін санын есепке алып отыру да әлдеқайда жеңіл болды.

Сөйтіп, өлкеде отаршылдық өкімет билігі қарудың күшімен қайтадан мойындалды.

Облыстардың территориялары жаңа әкімшілік басқару формасына сай, уездер мен болыстардың құрылу барысында анықталды. Орал облысы: шығысында – Орынбор губерниясының шекарасынан бастап, Қобда өзені бойымен Мұғалжар тауларына дейін және одан әрі Есеншағыл шатқалынан Арал теңізі мен Қаратамақ шатқалына дейін – Торғай облысымен, оңтүстігінде – Өлі Қолтықтағы Ақбұлақтан бастап, Жиренқұдық шатқалына дейін, одан әрі Сам және Асмантай-Матай көлдерінің оңтүстік жағалауымен тікелей Маңғышлақ приставствосымен; батысында – Ішкі Орданың және Самара губерниясының жерлерімен; ал, солтүстігінде – Орынбор губерниясымен шектесті.

Торғай облысы: шығысында – Ақмола облысының, оңтүстігінде – Сырдария облысының, батысында – Орал облысының, солтүстігінде – Орынбор губерниясының шекараларымен жанасып жатты. Патшалық әкімшілік бұл облыстарды жергілікті халықтың ұлттық және экономикалық мүддесін есепке алмай, тек Ресей үкіметінің отарлық басқару және үстемдік ету міндеттеріне ғана сай құрды. Жаңа «Ереженің» күшімен Орал, Торғай облыстары Ресей империясының «ішкі аймағына» айналды.

Орал облысында казактардың әскер құрамы мен әскери шаруашылығын басқару үшін айрықша мекемелер – Облыстық Штаб және Әскери шаруашылық Басқармасы құрылды.

Өлкеде казак-орыстардың мүддесі жоғары қойылды. Қазақтың шұрайлы жерлеріне орын тепкенімен қоймай, казак-орыстар қазақ халқының тағдырын билеп-төстеушілерге айналды. Облыстық, уездік басқарудың жоғарғы қызметтеріне дворяндар мен казактардан шыққан офицерлер ғана тағайындалды. Әскери, полицейлік мекемелер мен түрмелерді солар басқарды. Әсіресе, отаршылдық тәртіпті нығайтудың

маңызды буыны есебінде өлкеде әскери күштерді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді [8].

Казактар – қазақ даласындағы монархияның сенімді тірегі, қазақтардың бар тіршілігін қас қақпай бақылап отыратын сақшысы және «бұратаналардың бұлқынысын» басып-жаншитын, жазалаушы әскери күш болды. Орынбор өлкесінде орналасқан Орал казак әскерін құрайтын – 12 кавалерия полкі, 72 жүздік, 1 гвардия дивизиясы, 2 эскадрилия және Орынбор казак әскерін құрайтын 6 жаяу әскер батальоны, 30 ротасы, 12 кавалерия полкі, 72 жүздік, 3 артиллерия батареясы, 24 дана зеңбірек сол сақшылық жазалаушылық міндеттерді бұлжытпай орындап отырған. Өлкедегі ондаған бекіністер мен форпостардағы және құрамалардағы Орал, Орынбор казак әскерінің саны 64 мыңнан асты [9].

Әскердің бұлайша қаптатылуы патшалықтың қазақ жерлерін әскери жолмен отарлау қажетін өтеді және қазақ халқын тізе бүктіре, бас көтертпей бағындыруда отаршыл әкімшіліктің қарулы буынына айналды. Осылайша, патша үкіметі қазақ даласында әскери-басқыншылық режим орнатты.

Мұның бәрі – «Уақытша Ереженің» қазақ өлкесіндегі отарлық әкімшіліктің үстемдігін нығайтуды көздегенін дәлелдейді. Жаңа Ережемен қаруланған әкімшілік жергілікті халықты отарлық қанауды жүзеге асыратын полицейлік-бюрократиялық күшке айналды.

Отарлаушы өкіметтің жоғарғы өкілі – генерал-губернатор қол астындағы облыстарды жоғарыдан бақылап қана қоймай, «заң шығару» құқығын да иеленді, қажет болған кезде, «жергілікті жағдайларға» лайық заңдық актілер шығара алды. Қарамағындағы территорияларға қатысты істер жөнінде генерал-губернатор императордың өзіне тікелей мәлімдеп отырды. Министрлердің тапсырыстары тек генерал-губернатор арқылы жүзеге асырылды.

Уезд бастықтары да генерал-губернатордың ұсынысымен тағайындалды. Сот саласында уезд соты қызметіне мамандар іріктеу, облыстық басқармалардың сот бөлімдерінің қызметін бақылау, әскери соттардың кейбір шешімдерін бекіту де генерал-губернатордың құзырында болды.

Әкімшілік және сот биліктерімен қоса, генерал-губернатордың қолында әскери билік те жинақталды. Орынбор генерал-губернаторы Орынбор казак әскерлері мен Башқұрт әскеріне қолбасшылық етті. Осылайша, генерал-губернатор қазақ қоғамының ішкі саяси өмірінің барлық саласына бақылау жасауға мүмкіндік беретін құқықтарға ие болды. Ал, бұл кездейсоқ құбылыс емес еді. Қазақ даласының стратегиялық жағдайы, табиғи байлықтардың мол қоры, кең рынок, жергілікті халықтың қарсылығы өлкеде мықты, жеке-дара билік орнатуды «талап етті». Соған орай, патша үкіметі қазақ даласындағы өзінің отарлау саясатын пәрменді, әрі ұтымды жүргізуді генерал-губернатор арқылы жүзеге асырмақ болды.

Реформа миллиондаған адамдардың тағдырын шешуші генерал-губернаторларды шексіз билік иелеріне айналдырды. Олардың қызметіне бақылау жасалмады, анда-санда болған тексерістер де ешқандай нәтиже бермеді. Крыжановский тек сенатор Ковалевскийдің 1881 жылғы тексерісінің нәтижесінде қызметінен қуылды. Мұның өзі – Орынбор генерал-губернаторының көптеген қиянаттарының зардабы патша қазынасына тигеннен кейін ғана іске асқан шара болатын [10].

Осы сенаторлық тексеріс нәтижесінде тек Крыжановский ғана қызметінен айырылған жоқ, ең бас-

тысы, 1881 жылдың 11-ші шілдесінде Орынбор генерал-губернаторлығы да таратылды. Осыған орай, Орал, Торғай облыстары тікелей Ішкі істер министрлігіне бағындырылып, отарлық әкімшіліктің қызметін бақылау министрліктің «қырғыз істерін» жүргізетін бөліміне тапсырылды.

Облыстардағы отарлық өкіметтің өкілдері - әскери губернаторлардың құқықтары мен міндеттері жалпы губерндік мекемелер туралы заң құжаттарының баптарына сай анықталды. Сондықтан, әскери губернаторлар облыстың басқару аппараттарының бәріне басшылық етті. Облыстық басқармадан бастап, «өзін-өзі басқару» органдарына дейінгі бүкіл әкімшілік-отарлау аппараты әскери губернаторларға бағынды және есеп беріп отырды.

Әскери губернатор тәртіп пен тыныштықты сақтау жөніндегі заңдардың дәл және мүлтіксіз орындалуы үшін міндетті қаулылар шығара алды. Оған қазақтардың «қоғамдық» басқару қызметтеріне сайланғандарды бекіту құқығы берілді. Сонымен қатар, облыстың сот органдарына, облыстық басқарманың сот бөлімдеріне, уездік соттарға, билер сотына тікелей бақылау жасады.

Әскери губернаторларға тұрақты әскер мен әскери мекемелер қолбасшысы атағы берілді. Орал облысының әскери губернаторы Орал казак әскерінің тағайындалған атаманы да болып табылды [11].

Осылайша, генерал-губернаторға тікелей тәуелді болғанына қарамастан, әскери губернаторларға облысты басқару ісінде кең өкілеттілік, қосымша құқықтар берілді. Айталық, Империяның ішкі аудандарының губернаторлары қазақ даласындағы әскери губернаторлары сияқты, әскери және сот билігіне ие болған жоқ. Бұл жағдайларды патша заң шығарушылары «өлкенің ерекше жағдайына байланысты» деп түсіндірді. Шын мәнінде, патшалық өлкеде күшті, берік, мүлтіксіз атқару өкіметін орнату арқылы, оны орталыққа тікелей бағындыруды көздеді.

Әскери губернаторлардың жанында облыстық басқармалар қызмет етті. Торғай облыстық басқармасы 1869 жылдың 2 қаңтарында ашылып, Орал облыстық басқармасы осы жылғы наурыздың 6-жұлдызында жұмыс істей бастады [12].

Уезд бастықтары өзінің қарамағындағы уездерінде полицейлік, азаматтық және әскери билікті жүзеге асырды. «Уақытша ереженің» дайындау комиссиясының құжаттарында қазақ даласындағы уезд бастығының жеке-дара билігін нығайту қажеттігі атап көрсетілді. Сондықтан, уезд басшылығына көбінесе полицейлік қызмет атқару жүктелді. Ал ол «көшпелі халықтың ...берілгендігіне толығымен сенуге болмайды», сондықтан ... полицейлік өкіметтің қимылдары айрықша жігерлілікпен және шапшаңдықпен ерекшеленуі тиіс» деп түсіндірілді. Уезд бастықтары өздері басқарып отырған жерлерде тыныштық пен тәртіптің сақталуын қадағалады, ал «бассыздықтар» бой көтерген жағдайда тез арада оларды жоюға қатысты шаралар қолданды.

Уезд бастығы, сонымен қоса, уезд территориясындағы қазақтардың қоғамдық басқару органдарының бәрін бақылау құқығын иеленді. Жүктелген міндеттерге сай, ол өзінің ұйғаруымен немесе облыс басшылығының тапсыруымен болыстар мен ауыл әкімшіліктеріне тексерулер жүргізіп, алым-салық жинау тәртібін бақылай алатын болды. Жолдар мен көпірлер құрылысын басқару, билер сотын бақылап отыру, қазына жерлерін есепке алып, жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету де солардың қолына көшті.

Уезд бастықтары болыстыққа сайлаудың орны мен уақытын анықтады, сол сайлауларға араласып, сайланған адамдарды әскери губернаторға бекітуге ұсынды, ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын бекітті.

«Уақытша Ереже» күшіне енгеннен кейін, 1868 жылғы 21 желтоқсанда «Орал, Торғай және Семей облыстарын әскери басқару жөнінде Уақытша Ереже» бекітілді. Орал облысының барлық уездерінде, Торғай облысының Торғай және Ырғыз уездерінің бастықтарына азаматтық билікпен қоса, әскери билікті жүзеге асыру жүктелді. Орал уездері бастықтарының жанынан, азаматтық басқару жөнінен штат бойынша белгіленген көмекшілерден басқа, Орал казак әскерінің штаб-офицерлерінен тағы да 1 көмекшіден тағайындау тапсырылды. Бұл – уезд бастықтарының әскери билігін нығайтуға бағытталған шара еді [13].

Қазақ даласына отарлық әкімшілікке кезінде ұрлықпен, паракорлықпен және басқа да қылмысты істермен айыпталған дворяндардың өкілдері де бастылыққа тағайындалып жатты. Әкімшілік аппараттың негізгі құрамы білімі аз, нақты әскери қызметтегі, сонымен бірге отставкадағы офицерлерден, «пәлеқор-казактардан немесе бүкіл Ресейден орын таппаған маскүнем чиновниктерден тұрды». Олар өздерінің өлкедегі қызметін өтпелі кезең деп қарап, осы қысқа уақытта тезірек байып алуды көздеді. Уезд бастықтарының көпшілігі жеке бастарының қамын ойлады.

Патшалық әкімшілік отарлық билікті нығайту мақсатымен отарлаушы чиновниктердің рөлі мен өкілдігін арттыруға бағытталған бұйрықтар мен жарғылар да шығарып отырған. Мысалы, 1870 жылы 19 сәуірде бекітілген Ережеде (№53397): «...болыстар мен ауыл старшындары қызмет бабында елеусіз болса да теріс қылықтар жасаса, онда уезд бастықтары тарапынан ескертулер, сөгістер алады, 5 рубльге дейін ақшалай айып төлейді немесе 7 күнге тұтқындалады» деп қаулы етілді. Осылайша, орыс өкіметінің өкілдері қол жетпейтін биікке қойылды, оларға шексіз билік берілді және олардың қимыл-әрекетіне ешқандай бақылау жасалмады. Олар қазақ жерінде небір бассыздықтар мен жүгенсіздіктер жасаса да, жауапқа тартылмады, керісінше, оларға қарсы кез келген бағынбаушылық, көрсетілген наразылық пен келіспеушілік қылмысты іс ретінде жазаланды [14].

Отарлық өкіметті нығайту тек чиновниктердің рөлін арттыру және олардың құқығын кеңейту бағытымен ғана емес, отарлық әкімшіліктегі чиновниктердің қатарын көбейту, жалақысын өсіру арқылы да жүзеге асырылғаны тарихи шындық. Мысалы, Н.А.Крыжановский: «Жергілікті орда бастылығының қимыл-әрекетіне және қырғыз халқының көңіл-күйіне жақыннан бақылау орнату ...аса маңызды, қажетті іс. Ол үшін уезд басшылығындағы шендердің санын ұлғайтқан жөн» десе, Орал облысының әскери губернаторы Н.А.Веревкин: «орыс өкіметінің, ордалықтардың қимыл-әрекетін жақыннан бақылау үшін, тұрақты түрде, далада қырғыз халқының арасында болып тұруы ...жаңа басқару жүйесін нығайтуда және қырғыздарға біздің ықпалымызды нақты күшейтуде аса пайдалы болар еді» деп, чиновниктердің санын өсіруді сұрайды [15]. Осыдан келіп, уездік басқармалардағы қызмет кестесінде қосымша көмекшілер, стан приставтары, полицмейстерлер, жеке приставтар, күзетшілер пайда болды.

Торғай әскери губернаторы 1885 жылдың 26 ақпанында Ішкі істер министрлігіне уездерде полицейлік күзетті күшейту жөнінде ұсыныс жасады. Бірақ,

министрліктің жауабын күтпей-ақ, облыс басшылығы «қоғамдық тәртіпті бақылауды күшейту» бағытында шаралар ұйымдастыра берді. Осы жылдан бастап, Ырғыз бен Торғай қалаларында және Ақтөбе бекінісінде қала қаржысына, әрқайсысына 2 адамнан, полицейлік міндеттер өтейтін қызметшілер жалдап алынса, Қостанай қонысында, тіпті, өз еркімен жалданған айрықша чиновник, қарамағындағы көмекшісі және бірнеше қызметшілерімен бірге, полиция міндетін атқарған.

Уездердегі «тыныштықтың сақталуына» полицейлік бақылау орнату ісі атты стражниктерге де жүктелді. Олар қазақтың сауатты жігіттерінен және қазақ тілін жетік білетін орыстардан іріктеліп алынды: әр болысқа бір қазақ жігітінен кіші стражник, әр уезге екі орыстан аға стражниктер белгіленді және олар қазақтардан жиналатын қаржының есебінен қызмет етті. Аға стражниктерге 300 рубль, ал кіші стражниктерге 150 рубль жылдық жалақы берілді. 1888 жылы Торғай облысында 8 аға, 43 кіші стражник болған. Сөйтіп, бұл күзетшілер, полиция қызметшілері мен атты стражниктер отарлық әкімшілікке қазақтарды тізгіндеп, бас көтертпей, бағындырып ұстауға аянбай көмек берді және қазақ қоғамын сол қоғамның өзінің есебінен «қарауылдап» отырды [16].

Отарлық әкімшіліктің ең төменгі буыны – болыстар мен болыс старшындарынан тұратын жергілікті басқару жүйесі немесе қазақтардың «өзін-өзі басқару» органдары болып табылды. «Уақытша Ережеге» сай, болыстар, ауыл старшындары және билер жергілікті басқару жүйесіндегі қызметке жаңа сайлану тәртібі арқылы келді және халық арасындағы сенімге және құрметке ие адамдардың кез келгені бұл қызметтерге сайлана алатын болды. Болыстық сайлауға уезд бастығы немесе оның көмекшілерінің біреуі қатысып, сайлау барысын бақылап отырды.

Патша үкіметінің қазақтарға берген «сайлау және сайлану құқығы» құр көз бояушылық еді. Жергілікті әкімшілікке көбіне-көп уезд бастығы ұсынған, әкімшілікке таныс, үкіметке әбден берілген, қалтасы қалғы қазақтар «сайланды».

Сайлаулар кезінде қарапайым халықты алдап-арбау, «сатып алу», патша чиновниктеріне сыйлықтар, пара беру сияқты келеңсіз оқиғалар кең етек алды. К.К.Паленнің есептеуінше, болыстыққа кандидаттар XIX ғасырдың 80-жылдарында сатып алуға, пара беруге, сыйлықтарға 7 мың рубльге, ал XX ғасырдың басында 40-50 мың рубльге дейін жұмсаған. Мұнда ақша мөлшері Түркістан өлкесіне қатысты көрсетіліп отырса да, «екі же де, биге шық» деген заманда, әлгідей әрекеттерден қай өлке өкілдері де кенде қалған жоқ [17].

Қорытынды. Билік басына келгеннен кейін бұл адамдар сайлау кезіндегі шығынын артығымен өндіріп алды. Оған болыстарға берілген билік деңгейі мен жүктелген міндеттер жағдай жасады. «Уақытша Ереженің» арқасында болыстар мен ауыл старшындарына да кең өкілдік берілді. Болыстар ауыл старшындарын сайлау кезінде тәртіпті бақылау үшін ауыл жиындарына қатысу, уезд бастықтарының бұйрық, жарлықтарын дәлме-дәл, бұлжытпай орындау, болыстағы түтін санын есепке алу, түтін салығы мен земский жиындардың дұрыс өтелуін бақылау, старшындарға ауылдан жиналуға тиісті түтін салығының жалпы санын хабарлау, жиналған салықтың барлығын уезд кассасына өткізу сияқты әкімшілік міндеттерді атқаруға және билер сиезіне қатысуға міндетті еді.

Болыстар көптеген полицейлік міндеттер де ат-

қарды, қарамағындағы жерлердегі тыныштық пен тәртіптің сақталуына жауапты болып, барымталардың болмауын қадағалады. Оларға сотқа жауаптыларды жеткізу мен билер сотының отырысына куәларды ұсыну жүктелді. Ал ауыл старшындары өз ауылдарының деңгейінде болыстардың міндетін атқарды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 25-қор. 3-т., 17-іс. 30-84-пп.
ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 319-іс. 10, 103-пп.
ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2181-іс. 5-п.
ҚР ОМА. 25-қор. 2-т., 260-іс. 4-5-пп.
ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 319-іс. 154-п.
ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 1827-іс. 17-18-пп.
ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 319-іс. 48, 52, 57, 60, 64-67-пп.
ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 319-іс. 32, 34-35, 55-56-пп.
ҚРОМА. 25-қор. 3-т., 17-іс. 3-4-пп.
Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ОрОМА). 6-қор. 10-т., 8210-іс. 20-2-пп.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8210-іс. 23-п.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8210-с. 19-п.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8210-іс. 13-14-пп.
ОрОМА. 6-қор. 17-т., 151/а-іс. 6-7-пп.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8239-іс. 20-п.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8210-іс. 227-228-пп.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8210-іс. 327-328-пп.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8210-іс. 70-п.
ОрОМА. 6-қор. 10-т., 8239-іс. 311-п.

REFERENCES

- QR Ortaliq memlekettin arhyvy (QR OMA) 25-qor. 3-t., 17-is. 30-84 pp. [Archive of the Central State of the Republic of Kazakhstan F. 25. Op.3 D.17. L. 30-84].
QR OMA. 25-qor. 1-t., 319-is. 10, 103-pp. [ACS RK F. 25. Op.1 D.319 L. 10, 103].
QR OMA. 25-qor. 1-t., 2181-is. 5-p [ACS RK F. 25. Op.1 D.2181 L. 5].
QR OMA. 25-qor. 2-t., 260-is. 4-5-pp. [ACS RK F. 25. Op.2 D.260 L. 4-5].
QR OMA. 25-qor. 1-t., 319-is. 154-p. [ACS RK F. 25. Op.1 D.319 L. 154].
QR OMA. 25-qor. 1-t., 1827-is. 17-18-pp. [ACS RK F. 25. Op.1 D.1827 L. 17-18].
QR OMA. 25-qor. 1-t., 319-is. 48, 52, 57, 60, 64-67-pp. [ACS RK F. 25. Op.1 D.319 L. 48, 52, 57, 60, 64-67].
QR OMA. 25-qor. 1-t., 319-is. 32, 34-35, 55-56-pp. [ACS RK F. 25. Op.1 D.319 L. 32, 34-35, 55-56].
QR OMA. 25-qor. 3-t., 17-is. 3-4-pp. [ACS RK F. 25. Op.3 D.17 L. 3-4].
Orynbor oblystyk memlekettik arhyvy (OrOMA) 6-qor. 10-t., 8210-is. 20-21 pp. [Orenburg regional state archive F. 6. Op.10 D.8210 L. 20-21].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8210-is. 23 p. [ORSA F. 6. Op.10 D.8210 L. 23].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8210-is. 19 p. [ORSA F. 6. Op.10 D.8210 L. 19].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8210-is. 13-14 pp. [ORSA F. 6. Op.10 D.8210 L. 13-14].
OrOMA. 6-qor. 17-t., 151/a-is. 6-7 pp. [ORSA F. 6. Op.17 D.151/A L. 6-7].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8239-is. 20 p. [ORSA F. 6. Op.10 D.8239 L. 20].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8210-is. 227-228 pp. [ORSA F. 6. Op.10 D.8210 L. 227-228].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8210-is. 327-328 pp. [ORSA F. 6. Op.10 D.8210 L. 327-328].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8210-is. 70 p. [ORSA F. 6. Op.10 D.8210 L. 70].
OrOMA. 6-qor. 10-t., 8239-is. 311 p. [ORSA F. 6. Op.10 D.8239 L. 311].

ҚАЗАҚ ЕЛІ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ РЕСПУБЛИКАСЫ

ҒТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.01.17

Жанар ЕСІРКЕПОВА,

т.ғ.к., доцент. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Қазақстан, Алматы. E-mail: zhanar_e77@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚХР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бұл мақалада қазіргі кездегі Қазақстан мен ҚХР арасындағы энергетика саласындағы қарым-қатынас мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада бүгінгі күні энергетикалық дипломатияның екі ел арасында маңызды факторға ие болып отырғандығы айтылады. Энергетика – әлемнің көптеген елдерінің экономикасының маңызды саласы. Қазақстан Қытайдың сыртқы энергетикалық саясатын дамыту мен жетілдіруде өте маңызды рөл атқарады. Қытай мен Қазақстан республикалары арасындағы дипломатиялық қатынас орнаған отыз жылдай уақыттан бері дамып келе жатқан ынтымақтастық байланыстардың тәжірибесі, екі ел үшін жан-жақты тату көршілік және достық қатынастың орасан зор және ұзақ мерзімді стратегиясының маңызын айқындап беруде. Мақалада ҚХР мен ҚР арасындағы энергетикалық ынтымақтастықтың бағыттары, сондай-ақ маңызды және ірі бірлескен энергетикалық жобалары қарастырылған.

Кілт сөздер: энергетика, энергетикалық дипломатия, Қытай, Қазақстан, ынтымақтастық, мұнай, инвестиция.

Жанар ЕСЕРКЕПОВА,

к.и.н., доцент. КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Қазақстан, Алматы. E-mail: zhanar_e77@mail.ru

ЗНАЧЕНИЕ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО ФАКТОРА В ОТНОШЕНИЯХ КАЗАХСТАНА И КИТАЯ

В этой статье рассматривается текущее состояние энергетических отношений между Казахстаном и Китаем. В статье также отмечается, что сегодня энергетическая дипломатия является важным фактором между двумя странами. Энергетика – важный сектор экономики во многих странах мира. Казахстан играет очень важную роль в развитии и совершенствовании внешней энергетической политики Китая. Опыт развития отношений сотрудничества между Китаем и Казахстаном в течение почти тридцати лет с момента установления дипломатических отношений показывает важность масштабной и долгосрочной стратегии всесторонних добрососедских и дружеских отношений для двух стран. В статье рассматриваются направления энергетического

сотрудничества между Китаем и Казахстаном, а также важные и крупные совместные энергетические проекты.

Ключевые слова: энергетика, энергетическая дипломатия, Китай, Казахстан, сотрудничество, нефть, инвестиции.

Zhanar YESSERKEPOVA,

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages.

Kazakhstan, Almaty. E-mail: zhanar_e77@mail.ru

THE IMPORTANCE OF THE ENERGY FACTOR IN RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA

This article examines the current state of energy relations between Kazakhstan and China. The article also notes that today, energy diplomacy is an important factor between the two countries. Energy is an important economic sector in many countries of the world. Kazakhstan plays a very important role in the development and improvement of China's foreign energy policy. The experience of developing cooperation relations between China and Kazakhstan for almost thirty years since the establishment of diplomatic relations shows the importance of a large-scale and long-term strategy of comprehensive good-neighborly and friendly relations for the two countries. The article examines the directions of energy cooperation between China and Kazakhstan, as well as important and large joint energy projects.

Key words: energy, energy diplomacy, China, Kazakhstan, cooperation, oil, investment.

Кіріспе. Қазіргі уақытта энергетикалық ресурстар халықаралық қатынастардың маңызды факторларының бірі. Сонымен қатар, олар елдердің мемлекеттік саясатын жүзеге асыруда стратегиялық рөл атқарады. Сондықтан бүкіл әлемде энергетикалық дипломатия, қауіпсіздік мәселелеріне қызығушылық артып келеді. Энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету проблемасы халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің маңызды шарты болып табылады. Сондықтан, энергетика мәселесі көптеген халықаралық кездесулер мен келіссөздер бойынша саясаткерлердің, экономистердің, заңгер, тарихшылардың және басқа мамандардың көбірек назарын аударады. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттердің энергетикалық дипломатиясын, қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді нысаны ұлттық қауіпсіздіктен басталатын ұжымдық қауіпсіздік. (Козыкина Н.В., Муратшина К.Г., 2017: 46).

Қазақстан ашық теңізге тікелей шыға алмайтын құрлықтық ел болғандықтан, Қытай Қазақстанның әлемге шығудағы үлкен бір есігі болып табылады. Сонымен бірге, Қытай-Қазақстан мемлекеттерінің дара экономикалық, мәдени, информациялық ынтымақтастығын орнатудың екі жаққа да тиімді пайдасы бар.

Материалдар мен әдістер. Мақала бойынша зерттеудің жалпы ғылыми жүйесі сақтала отырып, материалдар мен құжаттарды жүйелі талдау, ғылыми тұрғыдан жинақтау, талдау және қорыту жүйелілік әдістері қолданылды. Бұл әдістер ҚХР мен ҚР қазіргі энергетикалық қарым-қатынасы мен Қытайдың стратегиялық саясатын, басым бағыттарын жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеуді ғылыми негізде жүйелеп, оның нәтижесін шығару үшін баяндау, талдау жұмыстары алға қойылды.

Талдау. Бұл мәселе бойынша бірнеше қытайлық зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Оның ішінде, Қытайдың энергетикалық дипломатиясы мен оның дамуы, қалыптасуы, мәселелері жайында Цзя Юаньпай (Цзя Юаньпай, 2017), Фан Тин, Нань Гуан сынды, т.б. зерттеушілер қарастырған. Сонымен қатар, Қытайдың жалпы энергетикалық дипломатиясы, стратегиясы, оның ғаламдық мәселелерге қатысты ұстанымына талдау жасауға бірқатар ресейлік ғалымдардың да еңбектері арналған. Мысалы, Петелин Е.Н., Поштин М., Амирамов В. (Амирамов В., 2007), Ларин А.Г. (Ларин А.Г., 2014: 9), т.б. зерттеу жұмыстары бар. Бұл ғалымдар қазіргі кездегі энергетикалық дипломатияға, оның қауіпсіздік мәселесіне, қазіргі энергетикалық дипломатияның қоғамдағы өзгерісіне, әсіресе ҚХР Орталық Азия елдері, Қазақстан мен

Ресейге энергетикалық тұрғыда қарым-қатынасына, ҚХР саясатының экономикалық факторына, аймақтық стратегиясына өз зерттеулерін арнаған.

Осы мәселені зерттеу төңірегіндегі отандық ғалымдардың да біршама еңбектеріне тоқталсақ, Қазақстан мен Қытай қарым-қатынастарына байланысты бірнеше зерттеу жұмыстарының авторы Алдабек Н.А. «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» атты еңбектерін айтуға болады. Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық мәселелердің шешілуі жөнінде К. Хафизова зерттеу жүргізген. Оның «Казахстанско-китайская граница в прошлом и будущем» атты көлемді мақаласында жаңа және қазіргі кезеңдегі екі ел арасындағы шекара мәселесін қарастырған. Қытайдың тарихын, қазақ-қытай қатынастарын зерттеп жүрген қытайтанушы ғалым, профессор Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар)» атты зерттеу еңбектерін атап кеткен жөн. Сонымен қатар, Бахтиярова А.Ж., т.б. зерттеулерін айтуға болады. Аталмыш зерттеушілердің барлығы Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың тереңдеуі аса маңызды болып есептелетінін атап өткен.

Зерттеу нәтижелері. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап «энергетикалық дипломатия» деп аталатын термин қолданысқа енгізіле бастады. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін әлемдегі алып елдердің бірі көрші жатқан Қытай Халық Республикасымен мемлекетаралық достық қатынастарды орнату егеменді Қазақстанның сыртқы саясатындағы кезек күттірмес міндеттердің бірі болды. Себебі, көршілес мемлекет ҚХР-мен арадағы шекара мыңдаған шақырымға созылып жатыр. Бұл елдің миллиардтан астам халқы, үлкен экономикалық мүмкіндігі, оның экономикасының тұрақты дамуы, екі елдің шекаралас аудандарындағы тұрғындардың этникалық жақындығы осының бәрі және басқа көптеген факторлар Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басым бағыттардың бірі ретінде Қазақстан-Қытай қатынастарын бөліп көрсетуге объективті алғы шарттар жасайды.

Қытай әлемдік аренада өзінің беделін мұқият сақтап, түрлі жобаларды белсенді қаржыландырады. Дамушы елдерге жомарттықпен көмектеседі және осы жобалардың жүзеге асырылуын бақылайды. ХХІ ғасырдың басында мұнай бағалары, олардың құбылмалылығы сияқты күрт өсе бастайды. Бұл жағдай көптеген елдердің энергетикалық қауіпсіздігіне әсер етті. Көптеген сарапшылардың пікірінше мұның негізгі себебі, Қытайдың мұнайға деген жоғары сұра-

нысының өсе бастауынан болды. 1993 ж. дейінгі мұнайдың таза экспорттаушы елі болған Қытай 2003 жылға қарай әлемдегі АҚШ-тан кейінгі екінші импорттаушыға айнала бастаған еді (Мина Поштит, 2015: 85). Шетелден мұнайдың тұрақты жеткізілімін қамтамасыз ету үшін ҚХР өзінің «энергетикалық дипломатиясына» кірісті. Бұл оның сыртқы саясатының жаңа бағыты болды. Оны Ху Цзиньтао бастаған ҚХР басшылығының төртінші буыны жүзеге асырып, қазіргі басшысы Си Цзиньпиннің саясатымен жалғасуда. АҚШ және Ресеймен жанжалсыз, «жұмсақ күш» саясаты көмегімен өз ықпалын кеңейте отырып, Қытай Орталық Азияны, атап айтқанда, пост-кеңестік республикалармен де қарым-қатынасты орнатуды қолға алды. Бұған айқын мысал – Қытайды, Қазақстанды, Өзбекстанды және Түркіменстанды жалғайтын құбырлар (До Минь Као, 2013: 100).

Қазақстан ҚХР үшін Орталық Азия бойынша Каспий бассейні елдерінің ішіндегі ең маңыздысы. Мұндай тығыз қарым-қатынастың тамырында мың жылдық тарихы бар және Ұлы Жібек Жолымен байланысты. 1992 жылы қаңтарда тәуелсіздік алғаннан кейін Қытай делегациясы Қазақстанға дипломатиялық қатынастар орнату үшін келген еді. Содан бері ынтымақтастықтың көптеген салаларында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Осыған орай, тату көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастық үшін, сондай-ақ аймақтық және халықаралық жағдайдың қатты өзгеруін есепке ала отырып, екі ел стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы шешім қабылдады. Тараптар болашақта да екі жақты қарым-қатынастар мен халықаралық жағдайдың өзекті мәселелерін талқылау үшін жоғары деңгейде іссапармен тұрақты алмасатындықтарын қарастырған болатын (Бахтиярова А.Ж., 2016: 968).

Орталық Азия Қытайдың сыртқы энергетикалық саясатын дамыту мен жетілдіруде өте маңызды рөл атқарады. Бұл қытайлық компаниялардың өздерінің энергетикалық жобаларын шетелде инвестициялайтын басқа аймақтармен салыстырғанда Орталық Азияның ерекше географиялық артықшылықтарға ие болуымен байланысты. Орталық Азия аймағы теңіз қарақшыларының шабуылдарынан қорғандық қажеті жоқ энергия көзі болып табылады. Жақын уақытта Қытай өзінің мұнайды тасымалдау желілерін қорғауға жеткілікті мықты мұхит флотын жасай алмайтын болғандықтан, ҚХР-ның қасында орналасқан энергияның бұл көзі елді көмірсутектермен қамтамасыз ету үшін үлкен стратегиялық маңызы бар екені анық. Біріншіден, Орталық Азияның Таяу Шығыстан энергетикалық ресурстарды импорттау үшін құрлық бағытын ашуға қажетті әлеуеті бар. Екіншіден, Орталық Азия республикаларының едәуір қоры алдағы жылдары Қытайдың энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Шынында да, көмірсутектері бойынша Каспий теңізі және оның құрлықтық қайраңы әлемде үшінші орында. Тек Қазақстанда ғана дәлелденген мұнай қоры 4,6 миллиард тоннаны құрайды.

2007 ж. жарық көрген Ақ Кітапта «Энергетика саласындағы Қытайдың жағдайы мен саясаты» атты Қытайдың энергия көздерін дамытудың негізгі мақсаттарын және халықаралық энергетикалық ынтымақтастықты кеңейту саясаты қарастырылған. Қытайдың энергетикалық саясатының негізгі басымдықтары сонымен бірге «Орта және ұзақ мерзімді энергия үнемдеу бағдарламасында (2005-2020 жж. аралығы)» (2005 ж.), «Атом электрін дамытудың орта және ұзақ мерзімді бағдарламасы (2005-2020 жж.

аралығы)» (2007 ж.), «Жаңартылатын энергияны дамытудың орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламасы» (2007), «11-бесжылдыққа арналған энергетиканы дамыту бағдарламаларында» (2007) және т.б. көрінісі тапқан (Фан Тинтин, 2010: 127). 2011 ж. әзірленген «ҚХР ұлттық экономикалық және әлеуметтік дамуының 12-бесжылдығының негізгі ережелерінде» энергетиканы дамыту бағыттары айқындалып, «Энергияны үнемдеу және жаңартылатын энергия көздерін дамыту» және «сыртқы энергетикалық ынтымақтастықты нығайту» 12-бесжылдық бағдарламасында (2011-2015 жж.) тағы да назар аударылған. Осы ресми құжаттарды қарау нәтижелері бойынша ҚХР-ның энергетикалық қауіпсіздік саласындағы саясатының негізгі аспектілері айқындалады.

Ал ҚР келсек, ел экономикасының жаңа экономикалық жағдайларға ауысуына байланысты, атап айтқанда, республиканың мұнай-газ саласын басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы мен нысандары жетілдіріліп, халықаралық маңызға ие болды. Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешенін дамыту, оның әлемдік мұнай-газ нарығындағы орнын қамтамасыз ету проблемалары басты мәселелердің бірі болып табылады. Елбасының «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында мұнай-газ саласын дамыту Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің басым бағыттарына берілгені кездейсоқ емес. Мұнай мен газ – Қазақстанның негізгі табиғи ресурстарының бірі және елдің энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі.

Қазақстанның теңіздегі және құрлықтағы кен орындарының жалпы дәлелденген қоры – 37 млрд. баррель мұнай және 3,3 трлн. М3 газ. Болжалды қорлар – 6-8 трлн М3 газ, негізінен Каспий бассейнінің үлесіне байланысты. Алайда, British Petroleum мәліметтері бойынша, қорлар 9 миллиард баррель мұнай мен 1,84 трлн М3 газды құрайды. Олардың барлығы дерлік құрлықтағы үш негізгі кен орны – Теңіз, Өзен және Қарашығанақ орналасқан елдің батысында шоғырланған. Каспийдің қазақстандық секторында миллиардтаған баррель мұнайдың зерттелмеген кен орындары бар деп саналады (Петелин Е.Н., 2011: 36). Энергетика – бұл Қытай мен Қазақстанның ішкі және сыртқы стратегиясына әсер ететін негізгі фактор. ҚХР үшін энергия экономикалық фактордан саяси салаға айнала бастауда. Сондықтан, Қытай бүкіл әлем бойынша энергия көздерін іздеуді күшейтті. Энергетикалық дипломатия Қытайдың сыртқы саясатының маңызды бағыттарының біріне айналды. Ал Қазақстан үшін энергетикалық ресурстардың сыртқы нарыққа экспортын әртараптандыру маңызды. Екі ел арасында Қытай-қазақ энергетикалық ынтымақтастығы бойынша 1997 ж. «Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» және «Қазақстаннан Қытайға мұнай құбырын тарту туралы келісім» жасалған болатын.

Ал 2003 ж. маусымда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ҚХР сол кездегі басшысы Ху Цзиньтао бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды. Оған энергетика саласындағы ынтымақтастық кірді: мұнай құбыры жобасы туралы, мұнай-кен орындарын игеру жобалары туралы, Қазақстаннан Қытайға газ құбырын салу мүмкіндігі туралы, т.б. Қазақстандық тарап Қытай тарапының Каспий теңізінің Қазақстан қайраңындағы мұнай-кен орындарын барлау мен игеруге қатысуын да қолдады. Ведомствоаралық деңгейде бірлескен зерттеулер мен Қазақстаннан ҚХР-ға мұнай құбырын кезең-кезеңімен салу туралы

хаттамаға және Қазақстанның мұнай-газ секторына инвестицияларды одан әрі кеңейту туралы келісімге қол қойылған болатын (Мехмет Огутчу, Ксин Ма, 2007). Энергетикалық дипломатия Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі құралдарының бірі болып табылады және энергетикалық аспект бойынша Қазақстан мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастардың белсенді даму кезеңі Қазақстанның саясаттағы рөлінің арту кезеңіне сәйкес келеді. 1997 ж. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн «Қытайдың энергетикалық ресурстарға қатысты саясаты» мақаласында «шетелге шығу» («zou chuqu») стратегиясы Пекиннің энергетикалық дипломатиясының дамуындағы жаңа белес болғандығын атап өтті. Бұл Қытай компанияларын әлемдік энергетикалық нарыққа алып келді.

Орталық Азия елдері аймағында Қытай үшін стратегиялық маңызды энергетикалық ресурстардың, атап айтқанда мұнай, газ және уранның айтарлықтай қоры бар. ХХІ ғ. Орталық Азия елдері өздерінің мүмкіндіктерін пайдаланып, мұнай-газ ресурстарын дамытуға күш салды. Нәтижесінде даму қарқыны екі есеге артты. Тек осы аймақтағы Қазақстанның Парсы шығанағы елдерімен салыстыратын мұнай қоры бар (1 миллиард тоннадан астам). Бұл қорлар 5,5 млрд. тоннаны құрайды. 2010 ж. Қазақстанда мұнай өндіру 81,6 млн. т. құрады, бұл әлемдік өндірістің 2,1% болып табылады. Қытайлық CNPC – аймақтағы ең белсенді мұнай компаниясы. Іске асырудың көзі Қазақстан болды. 1997 ж. маусымда халықаралық сауда-саттықтың нәтижесінде CNPC Қазақстанның солтүстік-батысындағы «Ақтөбемұнайгаз» акционерлік қоғамының 60,28% акциясын 325 миллион долларға сатып алу туралы тендерде жеңіске жетті. Барлық Ақтөбемұнайгаз кен орындары Қазақстанның батысында орналасқан. Тиісінше, осы мұнайды Қытайға тасымалдау үшін бүкіл Қазақстан арқылы құбыр салу перспективасы қажет болды. Сол 1997 ж. CNPC мен Қазақстан үкіметі арасында Ақтөбе облысындағы Жаңажол, Кеңияқ-тұзды кен орындарында көмірсутегі шикізатын өндіруге, сондай-ақ Өзендегі кен орнын қалпына келтіруге келісімшарт жасалды. Сонымен бірге, Қытай тарапы Батыс Қазақстаннан Қытайға (Карамай, ШҰАР-ға) 2600 км. және Өзеннен Түркіменстанмен шекаралас мұнай құбырын салуға міндеттеме алды. CNPC 20 жыл ішінде шамамен 9,5 миллиард доллар инвестициялауға уәде берді (оның ішінде Өзен кен орнын қалпына келтіруге 4 млрд. доллардан астам және мұнай құбырларын салуға 3,5 млрд. доллар). Ресейлік бәсекелес Қазақстаннан Қытайға – Ангарск (Иркутск облысы, Ресей) құбырын Адацинге (Хэйлунцзян, Қытай) пайда болғанын атап өту керек. Бұл жоба 1996 ж. және 2000 ж. Ресей-Қытай келісімдерінде айтылған. Бастапқыда көптеген сарапшылар Қазақстаннан мұнай құбыры жобасын іске асырудың орындылығына күмәнмен қарады. Яғни, құбырдың ұзындығы, қазақстандық мұнайдың төмен сапасы, өндіріс көлемінің белгісіздігі, т.б. бұл келісімнің Қытай тарапы үшін пайдасына күмән туғызды. Сонымен бірге, 1997 ж. халықаралық мұнай бағасының күрт төмендеуі байқалды. Бұл қазақстандық мұнай құбыры жобасын экономикалық тұрғыдан тартымсыз етті. Сонымен қатар, 1998 ж. Қытайдың мұнай-газ саласы қайта құрылып, CNPC тәуелсіздігіне және Қытайда бұрын қол жетімді емес барлау және өндіру жобаларына көбірек инвестициялауға мүмкіндік берді. Осылайша, Қазақстаннан келетін мұнай құбыры жобасы шексіз тоқтатылды. Соған қарамастан, Қытай компаниялары

Қазақстанның мұнай-газ саласындағы өз ұстанымын нығайтуды жалғастырды. 2001 ж. CNPC Caspian Investments Resources Ltd-мен (Lukoil Overseas және Mittal Investments бірлескен кәсіпорны) бірлесіп, Солтүстік Бұзашы кен орнын игеру үшін 50% және 50% қатысуымен Buzachi Operating Ltd құрды, оның геологиялық мұнай қоры 207 млн тонна деп бағаланады. 2003 ж. CNPC Солтүстік Бұзашы кен орнын қоршайтын Барс блогының қорларын барлауға және игеруге лицензия алды (Петелин Е.Н., 2011: 46). 2005 ж. 4 шілдесінде ҚХР кезіндегі Төрағасы Ху Цзиньтао мен ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанада ҚХР мен Қазақстан Республикасының Стратегиялық серіктестікті құру және дамыту туралы Бірлескен Декларациясына қол қойды. Тараптар «Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры учаскесі құрылысының аяқталуын және оны келісілген мерзімде пайдалануға беруді қамтамасыз ету үшін барлық жағдайларды толығымен қолдауға және беруге, алдын ала зерттеулерді жеделдетуге және Қытай-Қазақстан газ құбырын салу жобасының ресурстық базасын анықтауға жедел жәрдемдесуге» келісті. Қытаймен қатынастардың дамуы Қазақстанның сыртқы саясаты мен ішкі экономикалық дамуының міндеттеріне толық сәйкес келеді. «Қазақстан Республикасының 2020 ж. дейінгі Стратегиялық даму жоспарына» сәйкес 2020 ж. дейін ел «өңірлік қауіпсіздік пен саяси-экономикалық ынтымақтастықтың тиімді жүйесінің негізгі қатысушысы» болуы керек. Бұл үшін Қазақстан «өзінің ерекше географиялық орны мен ғаламдық және өңіраралық көлік коммуникациялары жүйесіндегі орны толмас рөлін тиімді пайдалануды» жоспарлап отыр. Сонымен қатар, ғаламдық энергетикалық, экологиялық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі, Қазақстан Қытайдан өзінің энергия экспортын әртараптандырып қана қоймай, сонымен бірге бүкіл аймақтағы энергетикалық ынтымақтастықта шешуші рөл атқаруы керек деп жоспарланған болатын (Мина Поштитч, 2015: 92).

Қытайдың Қазақстандағы энергетикалық саясаты Пекиннің осы аймақтың маңыздылығын түсінуіне негізделген. Бұл саясаттың ХХІ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы нәтижелері. Тек қана Батыс Қазақстан-Қытай мұнай құбыры ғана емес, оның арқасында 2014 ж. аймақтан жылына 65 млрд м3 табиғи газ және 20 млн. тонна мұнай алу жоспарланған болатын. Бұл өріне, ҚХР үшін энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қомақты үлес болып табылады. Уран шикізатын алу перспективалары мен электр энергетикасы саласындағы жобалар да толық көрініс бермейді. Қытай басшылары үшін энергетикалық қауіпсіздік мәселесі тек ресурстарды қайдан алуға ғана емес, сонымен бірге оларды түпкі тұтынуға қалай жеткізуге болатындығында. Осылайша, мұнан кейін де 2006-2010 жж. Қазақстан және ҚХР арасында бірнеше келісім жасалғандығын айта кету керек.

Қытай Ұлттық Мұнай корпорациясы мен «Қаз МұнайГаз» ұлттық компаниясы арасындағы «Қазақстан-Қытай құбырының екінші кезеңінің құрылыс принциптеріне» сәйкес жүзеге асырыла бастады. Қазақстан мен Қытайдың энергетика саласындағы ынтымақтастығы ШЫҰ аясында да жалғасуда. ШЫҰ-ға мүше елдер Энергетикалық клуб идеясын белсенді түрде насихаттап келеді. Қытай үшін ішкі экономикалық даму және әлеуметтік тұрақтылық маңызды (Нань Гуан., 2007: 102).

Ал қазіргі кезде 2020 жылдың басынан бері күн тәртібінен түспей тұрған коронавируc індетінің мұнай бағасы мен ҚХР-Қазақстан Республикасымен арадағы

экономикалық байланыстарына әсері қандай деген сұрақ туындайды. Бұл жағдай қазіргі таңда өте өзекті мәселе болып тұр. Коронавирустың нарықтарға әсері негізінен сарапшылар арасында болжамдар форматында талқылануда. Коронавирустың таралуы аясында ҚХР мұнайға деген сұранысты күніне 3 млн. баррельге азайтып, бұл тұтынудың 20% құрайды. 2020 ж. ақпандағы Bloomberg ақпарат көздеріне сілтеме жасасақ, әлемдегі ең ірі мұнай импорттаушы Қытай коронавирус індетінің таралуы аясында сұранысты күніне 3 миллион баррельге азайғанын хабарлаған еді. Бұл тұтынудың шамамен 20% құрайды. Қытайға Қазақстаннан экспортталатын мұнайдың 2-3% тиесілі. Яғни, Қытай тек Қазақстан бойынша ғана мұнайдың негізгі тұтынушысы емес. Сондықтан, Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне әсері Қытайдың импорттық сұранысын тікелей төмендету арқылы емес, әлемдік нарықтағы бағаның төмендеуі арқылы жүреді. Қытайдың экономикасының баяулауы жағдайында, Қазақстанның экспорттық тауарларына (мұнай, газ, түсті және қара металдар, металлургия өнімдері) сұраныстың төмендеуімен байланысты біздің экономикамыздың өсу қарқынына теріс әсер етеді.

Коронавирустық пандемия 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында әлемдік мұнай нарығының динамикасына маңызды әсер еткен дүние жүзі бойынша үлкен проблемаға айналды. Бұл фактор 2020-2021 жж. әлемдік мұнай нарығының траекториясын анықтайды. Біріншіден, бұл мәселе нарық бойынша мұнай бағасының динамикасына әсер етті. Коронавирустың біртіндеп таралуы және карантиндік шаралардың енгізілуі 2020 ж. сәуірінде бағаны ең төменгі деңгейге дейін түсірді. Содан кейін жетекші мұнай өндіруші елдер арасындағы келісімдер мен карантиндік шектеулердің біртіндеп алынып тасталуы нәтижесінде мұнай бағасы қалпына келе бастады. Дегенмен, COVID – 19 пандемиясы қазірдің өзінде әлемдік экономикаға рекордтық зиян келтіріп үлгерді. Сонымен бірге, сұйық көмірсутектерді тұтынудың төмендеуі ЖІӨ-нің төмендеуімен салыстырғанда едәуір маңызды болып шықты. Қытайдың Шанхай, Пекин секілді ірі қалаларында вирус шыққаннан кейін жол қозғалысы ресми шектеулерсіз-ақ қалыпты деңгейден төмен болып шықты. Қытайдың тәжірибесі көрсеткендей, елдің ірі қалаларында автомобиль қозғалысы жұмыс күндері қалпына келген. Көптеген компаниялар қоғамдық көліктердің орнына жүру үшін жеке көлік құралдарын пайдалануды құп көреді. Сарапшылар коронавирус пандемиясына байланысты ҚХР-да мұнай өнімдерінің қорлары 2020 ж. бірінші тоқсанында тәулігіне 2,1 миллион баррельге өссе, 2020 ж. қаңтар-наурызында олар шамамен 190 миллион баррельге жетуі мүмкін деп болжаған еді (Громов А.И., Титов А.В., 2020: 11).

Сонымен, энергетикалық қауіпсіздік – Қытайдың тұрақты дамуының ұзақ мерзімді және маңызды стратегиясы. Ұлттық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін энергия ресурстарын тұрақты жеткізу Қытайдың экономикалық және әлеуметтік даму перспективаларына тікелей әсер етеді. Ұлттық экономикалық, саяси мүдделер, қауіпсіздік және жаһандық стратегиялық мүдделерге қол жеткізудің құралы ретінде энергетикалық ресурстардың типтік мысалы – Ресей, Орталық Азия секілді энергияны экспорттаушы елдер, мұнда энергия ресурстарын пайдалану геосаяси мүдделерге қол жеткізу және халықаралық ықпалды кеңейту үшін стратегиялық қару ретінде әрекет етеді. ҚХР төрағасы Си Цзинпин: «Екі елде де бір-бірімен қарым-қатынасты

дамыту олардың сыртқы саяси басымдығы болып саналады. Біз бүгін Қытай-Қазақстан энергетикалық қатынастары бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейде деп айта аламыз және екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамытуға бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашылуда» деген еді. Қытай басшылығының жаңа буыны қытай ұлтының ұлы жандануының «Қытай арманы» тұжырымдамасын ұсынды (Козыкина Н.В., Муратшина К.Г., 2017: 14). Оған Қытайдың өркендеуіне қол жеткізу, ұлттың жандануы және халықтың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету кіреді.

Қорытынды. Осылайша, қазіргі уақытта Қытай халықаралық энергетикалық нарықта маңызды рөл атқарады. Қытайдың экономикасы үшін Қазақстанның энергетикалық ресурстарының рөлі айтарлықтай артып келеді. Қазіргі таңда Қытаймен жан-жақты қарым-қатынас орнатып, сауда-саттық жасау біз үшін де тиімді әрі қажет дүние болып отыр. Соңғы жылдары екі елдің ынтымақтастығы сауда-экономикалық, энергетикалық, шикізаттық емес, инфрақұрылымдық және басқа салаларда жемісті дамып келеді. Дегенмен, екі ел арасындағы саяси-экономикалық байланыстарда бірқатар кемшіліктер де жоқ емес. Мысалы, қытай азық-түліктерінің сапасыздығы, қаржы жүйесіндегі тұрақсыздық, инвестициялық-өндіруші саладағы сенімсіздіктің артуы секілді мәселелер. Сондықтан, Қытай халықаралық энергетикалық жүйенің бір бөлігі болуға ғана емес, сонымен бірге осы жүйенің даму бағыттарына дұрыс бағытта әсер етуге бар күшін салады. Елдің энергетикалық саласына шетелдік инвестицияларды тарту және шетелдегі қытайлық энергетикалық компанияларды белсенді қолдау әлі де Қытайдың энергетикалық дипломатиясының негізгі мазмұны болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Алдабек Н.А. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. - А; Қазақ университеті, 2003. - 432 б.
- Амирамов В. Развитие экономических связей России с Центральной Азией: роль Казахстана // Формирование действенных структур безопасности и сотрудничества в Центральной Азии / Отв. ред. Чуфрин Г.И. - М.: ИМЭМО РАН, 2007.
- Бахтиярова А.Ж. Энергетическая политика КНР в начале XXI века // Молодой ученый. - 2016. - №9. - С. 967-970.
- Громов А.И., Титов А.В. Влияние пандемии COVID – 19 на мировой нефтяной рынок // Бурение и нефть. - М., 2020. - №07 (июль-август) - С. 1-84.
- До Минь Као. Энергетическая дипломатия Китая и ее влияние в сопредельных регионах // Проблемы Дальнего Востока. - 2013. - № 4.- С. 98-105.
- Козыкина Н.В., Муратшина К.Г. Особенности дипломатии современной Китая. Учеб. пособие / М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федерал. ун-т. - Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, - 2017. - 148 с.
- Ларин А.Г. Китайская стратегия «продвижения на Запад» и «новый Шелковый путь» / А.Г. Ларин, В.А. Матвеев. // Проблемы Дальнего Востока. - 2014. - №5. - С. 9.
- Мина Поштит М. Сравнительный анализ энергетической стратегии КНР в отношении стран Центральной Азии // Comparative politics. - 2015. - № 3 (20). - С. 85-103.
- Мехмет Огутчу, Ксин Ма. Энергетическая геополитика. Китай и Центральная Азия. - Kazakhstan. - 30.12.2007. [электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.analitika.org/ca/geo/politics/209-20071215072551165.html>
- Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). - Алматы, 2013. - 251 б.
- Нань Гуан. Энергетическая политика Китая и обеспечение

энергетической безопасности в Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. - 2007. - № 6. - С. 102.

Петелин Е.Н. Энергомонолог Китая в Центральной Азии // Анализ, - № 4 (99), - Том 17, - 2011. - С.35-57.

Фан Тинтин. Энергетическая политика КНР на современном этапе. // Вестник Московского университета. - Серия 25. Международные отношения и мировая политика. - 2010. № 4. - С. 124-134.

Хафизова К.Ш. Казахско-китайская граница в прошлом и сегодня. // https://dsx-oder.blogspot.com/2010/02/blog-post_25.html - 25.02. 2010.

Цзя Юаньпэй. Анализ энергетической дипломатии Китая и энергетическое сотрудничество Китая и России // Теории и проблемы политических исследований. - 2017. Том 6. № 4А. - С. 121-133.

REFERENCES

Aldabek N.A. Tarikhy talkyga toly Shynzhan [Xinjiang has a diverse history]. - A; Kazakh University, 2003. - 432 p. [in Qazaq].

Amiraymov V. Razvitiye ekonomicheskikh svyazey Rossii s Tsentral'noy Aziyey: rol' Kazakhstana [Development of economic ties between Russia and Central Asia: the role of Kazakhstan] // Formirovaniye deystvennykh struktur bezopasnosti i sotrudnichestva v Tsentral'noy Azii / Otv. red. Chufirin G.I. - M.: IMEMO RAN, 2007. [in Russian].

Bakhtiyarova A.Zh. Energeticheskaya politika KNR v nachale XXI veka [China's energy policy at the beginning of the 21st century] // Molodoy uchenyy. - 2016. - №9. - S. 967-970. [in Russian].

Gromov A.I., Titov A.V. Vliyaniye pandemii COVID-19 na mirovoy neftyanoy rynek [Impact of the COVID-19 pandemic on the global oil market] // Bureniye i neft'. - M., 2020. - №07 (iyul'-avgust). - S. 1-84. [in Russian].

Do Min Kao. Energeticheskaya diplomatiya Kitaya i yeye vliyaniye v sopredel'nykh regionakh [Energy diplomacy of China and its influence in adjacent regions] // Problemy Dal'nego Vostoka. - 2013. № 4. - S. 98-105. [in Russian].

Kozykina N.V., Muratshina K.G. Osobennosti diplomatii sovremennogo Kitaya. Ucheb. posobiye [Features of diplomacy in modern China.]/; M-vo obrazovaniya i nauki Ros. Federatsii, Ural. federal. un-t. - Yekaterinburg : Izd-vo Ural. un-ta. - 2017.

- 148 s. [in Russian].

Larin A.G. Kitayskaya strategiya «prodvizheniya na Zapad» i «novyy Shelkovyy put'» [The Chinese strategy of "moving to the West" and the "new Silk Road"] / A.G. Larin, V.A. Matveyev // Problemy Dal'nego Vostoka. - 2014. - №5. -С. 9. [in Russian].

Mina Poshtich. Sravnitel'nyy analiz energeticheskoy strategii KNR v otnoshenii stran Tsentral'noy Azii [Comparative analysis of the energy strategy of the PRC in relation to the countries of Central Asia] // Comparative politics. - 3 (20) / 2015. - S. 85-103. [in Russian].

Mehmet Ogutcu, Xin Ma. Energeticheskaya geopolitika. Kitay i Tsentral'naya Aziya. Kazakhstan. [Energy geopolitics. China and Central Asia. Kazakhstan]. - 30.12.2007.[elektronnyy resurs] Rezhim dostupa: <http://www.analitika.org/ca/geopolitics/209-20071215072551165.html> [in Russian].

Mukamethanuli N., Karibzhanov Zh. Qitaydifi sirtqi sayasati jane Qazaqstanmen qatinasi (2000-2010 jildar) [China's foreign policy and relations with Kazakhstan (2000-2010)]. - Almaty, 2013. - 251 p. [in Qazaq].

Nan Guang. Energeticheskaya politika Kitaya i obespecheniye energeticheskoy bezopasnosti v Tsentral'noy Azii [China's energy policy and ensuring energy security in Central Asia] // Central Asia and the Caucasus. - 2007. №. 6. - P. 102. [in Russian].

Petelin E.N. Energomonomolog Kitaya v Tsentral'noy Azii [The energy monologist of China in Central Asia] // Analysis, №. 4 (99), Volume 17. - 2011. - P.35-57. [in Russian].

Fan Tintin. Energeticheskaya politika KNR na sovremennom etape [Energy policy of the PRC at the present stage] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 25. Mezhdunarodnyye otnosheniya i mirovaya politika. - 2010. № 4. - S. 124-134. [in Russian].

Khafizova K.Sh. Kazakhsko-kitayskaya granitsa v proshlom i segodnya [The Kazakh-Chinese border in the past and today]. - 25.02. 2010. // https://dsx-oder.blogspot.com/2010/02/blog-post_25.html [in Russian]

Jia Yuanpei. Analiz energeticheskoy diplomatii Kitaya i energeticheskoy sotrudnichestvo Kitaya i Rossii [Analysis of China's energy diplomacy and energy cooperation between China and Russia]/Teorii i problemy politicheskikh issledovaniy. - 2017. Tom 6. № 4А. - S. 121-133. [in Russian].

FTAXP/IRSTI/MPHTI:10.87.31

Мәдина ОМАРОВА,

т.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХКЖӘТ университеті,
Қазақстан, Алматы қ. E-mail: amanbaikyzy.m@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ БАЙЛАНЫСТАРЫ:

Covid – 19 пандемиясы жағдайында

Қазақстан өзінің шығыстағы көршісі Қытай Халық Республикасымен халықаралық ынтымақтастықтың барлық дерлік салаларында байланыстарды қарқынды дамытып келеді. Өткен жылы жарияланған Ковид – 19 пандемиясы бірінші кезекте әлем халықтарының денсаулығы мен өміріне қауіп төндірген болса, екіншіден халықаралық қатынастар дамуын тежеуші факторға айналды. Мақала Ковид – 19 пандемиясы жағдайындағы Қазақстан-Қытай байланыстарының дамуына арналған. Осындай сындарлы кезеңде Орталық Азия аймағының, оның ішінде Қазақстанның Қытай үшін маңызын айқындайтын халықаралық шаралардың мақсаттары айқындалып, коронавирус эпидемиясы басталғаннан кейін және оны пандемия деп жариялағаннан кейін екі ел арасындағы қатынастарды дамыту форматтары қарастырылған. Онлайн және оффлайн форматтарындағы өзара іс-қимыл нәтижелері анықталып, екіжақты қатынастардың саяси, сауда-экономикалық және мәдени саласындағы өзгерістерге баға берілген.

Кілт сөздер: Қазақстан, Қытай, Ковид – 19, пандемия, коронавирус, саяси ынтымақтастық, сауда-экономикалық байланыстар.

Қазақ тарихы

№2 (191), наурыз-сәуір, 2021

Madina OMAROVA,
c.h.s., as.prof., e-mail: amankaikyzy.m@gmail.com
KUIR&WL named after Ablai Khan, Kazakhstan, Almaty

KAZAKHSTAN-CHINA RELATIONS UNDER THE CONDITIONS OF THE COVID – 19 PANDEMIC

Kazakhstan is intensively developing the relations with its eastern neighbouring country, the People's Republic of China, in almost all areas of the international cooperation. The Covid – 19 pandemic, announced last year, first of all, became a threat to the health and life of the peoples of the world, as well as an obstacle to the development of international relations. The article deals with the problem of the development of Kazakhstan-China relations under the conditions of the Covid-19 pandemic. The goals of the international events that determine the importance of the Central Asian region, including Kazakhstan for China, in such a critical period are defined, the formats of the relations between two countries after the outbreak of the coronavirus epidemic and its declaration as a pandemic are considered. The results of online and offline interaction are revealed, and the assessment of the changes in the political, trade, economic and cultural spheres of the bilateral relations is given.

Key words: Kazakhstan, China, Covid – 19, pandemic, coronavirus, political cooperation, trade and economic relations.

Мадина ОМАРОВА,
к.и.н., доцент, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы. E-mail: amankaikyzy.m@gmail.com

КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ COVID – 19

Казахстан интенсивно развивает отношения со своим восточным соседом Китайской Народной Республикой практически во всех сферах международного сотрудничества. Объявленная в прошлом году пандемия Ковид – 19, в первую очередь, стала угрозой для здоровья и жизни народов мира, а также препятствием для развития международных отношений. Статья посвящена развитию казахстанско-китайских отношений в условиях пандемии Ковид-19. Были определены цели международных мероприятий, определяющих важность региона Центральной Азии, в том числе Казахстана для Китая в столь критический период, и рассмотрены форматы отношений между двумя странами после вспышки эпидемии коронавируса и объявления его пандемией. Выявлены результаты онлайн и офлайн-взаимодействия, дана оценка изменениям в политической, торгово-экономической и культурной сферах двусторонних отношений.

Ключевые слова: Казахстан, Китай, Ковид – 19, пандемия, коронавирус, политическое сотрудничество, торгово-экономические отношения.

Kіріспе. 2019 жылдың аяғында басталған коронавирустың әлемге таралуының зардабы ғаламдық, халықаралық мәселелерге, сондай-ақ әлемнің үлкенді-кішілі елдерінің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалына тигені анық. Арада 2-3 ай өтпей-ақ пандемия деп мойындалған COVID – 19-дың жылдам таралуы әлем елдерінің мемлекеттік саясатында азаматтардың денсаулығы мәселесін күн тәртібіндегі алғашқы орынға шығарды. Бүкіл әлемді шарпыған пандемия салдары мемлекеттердің экономикалық ахуалына кері әсерін тигізіп, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің туындауына әкеп соқты. Шекаралардың жабылуы, халықаралық көлік қатынасының тоқтатылуы әлем елдерінің дамуын қамтамасыз етіп отырған негізгі интеграциялық үдерістің қарқынын да баяулатты. Бұл өз кезегінде сыртқы нарыққа тәуелді мемлекеттер үшін үлкен соққы болды. Көршілес елдермен, соның ішінде Қытай елімен жан-жақты байланыстарды дамыту және интеграцияны арттыру Қазақстан сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан екіжақты байланыстардың пандемия жағдайындағы даму қарқыны мен үрдісіне баға беру өте маңызды деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер. Мақала тақырыбы бір жылдық уақытты қамтығандықтан, негізінен, 2020 жылы жарық көрген бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары пайдаланылды. Отандық, орталықазиялық, қытайлық баспасөз материалдары, газет-журналдарының, министрліктер мен ведомстволардың электронды сайттарындағы мәліметтер жұмыстың мазмұнын ашуда басшылыққа алынды.

Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың даму қарқынын анықтауда баяндау, жүйелеу, салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талдау. Мақала тақырыбы айтарлықтай аз уақыт шеңберін қарастырғандықтан бұл жұмысты жазу барысында ғылыми мақалалар қолданылмады. Көбінесе, қарастырылып отырған елдердің мемлекеттік және саяси қызметкерлерінің сөздері, дипломаттар мен саяси сарапшылардың жекелеген мақалалары мен сұхбаттарынан ақпарат алынып, олар сарапқа салынды.

Зерттеу нәтижелері. 2020 жылдың 10 қаңтарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, Қытай билігі Қытайдың Ухань қаласындағы клиникада науқастың өкпе қабынуын тудырған бұрын белгісіз коронавирусты анықтағаны жөнінде БҰҰ Баспасөз хатшысы Стефан Дюжаррик мәлімдеді. 30 қаңтарда коронавирус таралуының қарқынын ескере отырып, ДДҰ халықаралық маңызы бар төтенше жағдай жариялады (<https://news.un.org/ru/story/2020/01/1370351>). Наурыз айының асасында COVID – 19 коронавирусын жұқтырған адамдар саны 13 есеге өсіп, ал анықталған елдер саны үш есеге артып, 118-ге жетті. Осы жағдайларға байланысты ДДҰ Бас директоры коронавирустың таралуын пандемия деп атады (<https://news.un.org/ru/story/2020/03/1374191>). Пандемия – бұл жаңа аурудың әлемдік ауқымда таралуы. Оның салдары әлем халықтарының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп, халықаралық байланыстарды толыққанды дамытуға, адам ресурстарымен, қызмет көрсетумен, тауарлармен алмасу ісіне кедергі келтірді.

13 наурызда Қазақстанда Орталық Азиядағы коронавирустық инфекцияның алғашқы оқиғасы тіркелгеннен кейін көп ұзамай, Қытай құрылыс банкі медициналық көмектің алғашқы партиясын Алматыға 21 наурызда жеткізді, деп хабарлады Синьхуа ақпараттық агенттігі. Екінші жүк – Шыңжаң үкіметінен

Қорғасқа 27 наурызда келді.

Қытаймен сауда-саттық деңгейі төмендегенімен, наурыз айында ҚХР мен Орталық Азияның ірі экономикалары – Қазақстан мен Өзбекстан арасында бірнеше келісім-шарт жасалды. 9 наурызда жабдықтар тиелген 47 жүк көлігі мемлекеттік ұлттық компаниялар – China National Chemical Engineering және Kazakhstan Petrochemical Industries бірлескен кәсіпорны – Атыраудағы LNG зауытына келді. Қазақстандық инвесторлар мен қытайлық Zhejiang Liyang Group құрған және тұрғын үй құрылысына материалдар шығаруға мамандандырылған Qazaq Mining Company бірлескен кәсіпорны наурыз айының ортасында ҚХР-ға қазақстандық граниттің алғашқы партиясын жөнелтті. 18 наурызда Қытай-Қазақстан бірлескен Golden Camel кәсіпорны түйе сүтінің алғашқы партиясын Қазақстаннан Қытайға жеткізді. Бұл алдыңғы айда Қытай кедендері тыйым салуды алып тастап, қазақстандық үш компанияның импортына рұқсат бергеннен бері Қытайға қазақстандық сүт өнімдерінің алғашқы экспорты (<https://russian.eurasianet.org>).

Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар ұзақ мерзімді, жан-жақты стратегиялық әріптестік сипатына ие, бұл жөнінде Қазақстан президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылдың қыркүйек айындағы Қытайға ресми сапары нәтижесінде қол қойылған бірлескен мәлімдемеде айтылған болатын. Мемлекетаралық байланыстардағы саяси ынтымақтастықтың негізі өзара жоғары дәрежедегі сапарлар мен келіссөздер екенін ескерсек, олардың қарқындылығы пандемия салдарынан толастағанмен, белгілі дәрежеде дамып келеді. Екіжақты және көпжақты келіссөздер видеобайланыс арқылы немесе түрлі онлайн-әдістер арқылы жүзеге асып отырды. Атап айтсақ, 2020 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы Елшілігінің көмегімен Пекин университетінің клиникалық ауруханасының сарапшылары мен Қазақстанның денсаулық сақтау органдарының жетекші мамандары арасында онлайн видеоконференция өткізілді. Осы видеоконференция барысында сарапшылар COVID – 19 таралуының алдын алу мәселелерін, сондай-ақ коронавирустық инфекцияны анықтау мен емдеудің тиімді әдістерін талқылады. Сонымен қатар, тараптар денсаулық сақтау саласындағы қазақстан-қытай қатынастарын тереңдету мақсатында онлайн-конференциялар арқылы әрі қарайғы ынтымақтастықты дамыту мен келіссөздер жүргізу туралы уағдаласты.

Өткен жылдың Қазақстан-Қытай байланыстарын дамытудағы маңыздың оқиғаларының бірі 16 шілде күні видеоконференция түрінде өткен Қытай мен Орталық Азияның 5 республикасының Сыртқы істер министрлерінің «Қытай+Орталық Азия» атты кездесуі болды. Тараптар төрт негізгі тақырып бойынша – эпидемияға қарсы ынтымақтастықты нығайту, экономиканы қалпына келтіруге ықпал ету, аймақтық қауіпсіздікті қолдау және халықаралық үйлестіру деңгейін арттыру бойынша терең пікір алмасу өткізді. Тараптар «Қытай + Орталық Азия» сыртқы істер министрлерінің жыл сайынғы кездесуін өткізу туралы уағдаласты, сондай-ақ «Бірлескен мәлімдеме» жариялады. Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету, аймақтағы бейбітшілік пен дамуға ықпал ету, эпидемияның алдын алу және оған қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты нығайту сияқты мәселелер бойынша ортақ түсінікке қол жеткізілді. Сонымен қатар, өзара түсіністікке қол жеткізілген мәселелердің тізіміне

кадрлық алмасу үшін «жылдам арналар» мен жүк тасымалы үшін «жасыл дәліздер» құру, сауда ауқымын кеңейту, салауатты және цифрлық Жібек жолдарын салу, ауылшаруашылық ынтымақтастығын нығайту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, цифрлық экономикалық серіктестіктер құру, «зұлымдықтың үш күшімен» бірлесіп күресу, Ауғанстандағы бейбітшілік пен келісімге қол жеткізу процесін қолдау, БҰҰ шеңберіндегі ынтымақтастықты және басқа да көпжақты тетіктерді нығайту, көпжақтылықты бірлесіп қорғау, басқа елдердің ішкі істеріне араласуға қарсы тұру және халықаралық бейтараптық пен әділеттілікті қорғау кірді (<https://strategy2050.kz/ru/news/tsentralnaya-aziya-kitay-zapushchen-politicheskiy-dialog/>). Осылайша, пандемия жағдайында ақпараттық технологиялардың мол мүмкіндіктері, яғни алысты жақындатып, қашықтық пен уақыт кеңістігіндегі кедергілерді еңсеріп, онлайн форматта кездесулер мен келіссөздерді ешқандай қиындықсыз өткізуге жол ашылды.

Офлайн форматта да сапарлар жасалғанын айта кету керек. 2020 жылдың наурыз айында ҚКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, ҚКП Орталық Комитеті Халықаралық істер комитеті кеңсесінің жетекшісі Ян Цзечи Орталық Азия елдері – Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстанға сапар жасаған болатын. Аймақ елдеріне жасаған сапарларының нәтижесі бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының сұрақтарына жауап бере отырып, Ян Цзечи: «Орталық Азиядағы қауіпсіздікті, тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз ету – бұл Қытай мен Орталық Азия елдерінің ортақ тілегі. Қытай үкіметі Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты ерқашан достық, өзара тиімділік және инклюзивті дипломатиялық принциптер негізінде дамытады. Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдету халықтың мүдделеріне сәйкес келеді, сондықтан ешқандай сыртқы күштер бұған тосқауыл бола алмайды. Біз Қытай мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастық жақсы болашаққа жол ашады деп сенеміз», – деді (<https://www.uzdaily.uz/ru/post/49965>).

3 наурызда Ян Цзечи Қазақстан Президентімен кездесу барысында ҚХР басшылығының коронавирустық инфекцияның таралуымен күресу шаралары туралы хабарлады. Мемлекет басшысы Қытайдың эпидемияны ауыздықтауға бағытталған әрекеттерін жоғары бағалап, Қазақстанның осы жаһандық қатерге бірлесіп қарсы тұру ниетін растады: «Қазақстан Республикасы осы қиын сәтте Қытай Халық Республикасы басшылығының күш-жігері мен шешуші әрекеттерімен толықтай ынтымақтастықта. Төраға Си Цзиньпин айтқандай, бұл Қытай халқының басына түскен соңғы жылдардағы ең ауыр сынақтар кезеңі. Ара-тұра туындайтын қиындықтармен біз бірге күресеміз деп ойлаймын. Біз мемлекеттеріміз арасындағы стратегиялық серіктестіктің дамуы мен нығаюы жолымен алға қарай жылжымыз». Кездесу барысында қазақстан-қытай қатынастарын нығайтудың перспективалары, сондай-ақ екі елдің халықаралық аренадағы өзара іс-қимылы қаралды (<https://kursiv.kz/news/politika/2020-03/kazakhstan-ukrepiť-svyazi-s-kitaem>). Қытай Коммунистік партиясының өкілі Ян Цзечидің Орталық Азия аймағындағы серіктестері, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі әріптестері Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстанға сапары айтарлықтай мәселені шешуге бағытталмаса да, өзара ортақ мәселелерге қатысты пікір алмасу, өзара қолдау көрсету арқылы саяси

сенімді нығайтып, аймақ елдерімен байланыстарды одан әрі тереңдетуді мақсат еткені белгілі болды.

Көршілес жатқан Қазақстан мен Қытай өзара сауда байланыстарын, оның көлік қатынасымен байланысты операцияларды, ең алдымен, коронавирустың таралуы тұрғысынан қарастырады. «Қазақстан темір жолы» 2020 жылдың 23-30 қараша аралығында Достық-Алашанькоу шекаралық бекеті арқылы жүк тасымалын (контейнерлік жүктерден басқа) тоқтатқан болатын. Оның себебі, Шыңжаңның мемлекеттік комиссиясы Covid – 19-дың таралуын болдырмау үшін қытай тарапында жүктерді қабылдау мен қайта тиеуді бақылауға қатаң шаралар қабылдаған болатын. Контейнерлерді міндетті түрде өңдеу және дезинфекциялау, сондай-ақ бақылаушы органдармен әр вагоннан тауарлардың сынамасын алу тәртібі енгізілді. Сонымен қатар, қытайлық тарап қаптардағы астықты қабылдауға тыйым салу мәселесін қарастыруда, өйткені қазір әр вагон ғана емес, әр қапшық тексеріліп жатыр. Коронавирустың күн сайынғы ПТР-сынағынан өту қажеттілігіне байланысты жүктерді өңдеуші жүк тиегіштер саны азайды. Сонымен қатар, Қазақстаннан келетін пойыздарды шекарадан бақылау уақыты артты. Осының бәрі кең табанды вагондардан тар табанды вагондарға жүкті қайта тиеуді уақтылы қамтамасыз етпеуіне әкелді. 15 қарашада Қазақстаннан пойыздарды қабылдау тәулігіне 15-16 пойыздан 10-11 пойызға дейін азайды (<https://informburo.kz/novosti/kitay-sokratil-priyom-gruzovyh-poezdov-iz-kazahstana-114357.html>). Пандемия жағдайындағы қатаң талаптар өзара байланыстар дамуын тежеуші фактор болғанымен, объективті қажеттілік болып отыр. Қытай тарапының шекаралық өткелдердегі қатаң тәртіп енгізуінің нәтижесінде 2020 жылдың 9 айындағы жүк тасымалдау көлемі алдындағы жылмен салыстырғанда 70%-ға төмендеген. Қазақстан-Қытай шекарасындағы бес автомобиль бақылау бекетінің үшеуі ғана жұмыс істейді. ҚХР жағынан «Дулаты» (Қазақстан Республикасы жағынан – «Қалжат») және «Зимунай» (Қазақстан жағынан – «Майқапшағай») өткізу пункттері жабылған.

Қытай Сыртқы істер министрі Ван Идің қыркүйек айындағы елімізге сапары офлайн түрде жасалды. Сапар барысында тараптар эпидемияның алдын алу мен бақылауды реттеу аясында жан-жақты ынтымақтастықты қалпына келтіру туралы келісімге келді. «Екі елдің сыртқы істер министрлері маңызды жобалар аясында кадрлармен және іскер азаматтармен алмасуды жеңілдету үшін «ҚХР мен Қазақстанда алғашқы мың кадр алмасуды қалпына келтіру жөніндегі бағдарламаның» басталғаны жөнінде мәлімдеді», – деді ҚХР елшісі. Бағдарлама поствирустық кезеңде кадр алмасуды және қос мемлекет арасындағы офлайн ынтымақтастықты қалпына келтірудің алғашқы сатысы болады. Отандық сыртқы істер министрлігінің Sputnik Қазақстанға берген мәліметі бойынша, тараптар постпандемиялық кезеңде сауда-экономикалық ынтымақтастықты қалпына келтіру туралы келісімге келді. «Осы мақсатта бірлескен жобаларға қатысатын Қазақстан мен Қытай мамандарына өзара келіссөз негізінде виза беру мүмкіндігі талқыланды», – деді бұл жөнінде Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосында (<https://sputnik.kz/politics/20200924/15038904/Kytay-ministr-kelisim.html>).

Пандемия жағдайы жарияланбай тұрып, яғни 2020 жылдың алғашқы 2 айында Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 2,2 млрд.долларды құрап (оның ішінде экспорт – 1,4 млрд.доллар,

импорт – 789,7 млн.доллар), бұл көрсеткіш алдыңғы 2019 жылғы дәл сол уақыттағы көрсеткішпен салыстырғанда 7,9 %-ға, яғни 159,6 млн.долларға артық болған. Бұл көрсеткіштегі негізгі өсім қаңтар айына сәйкес келеді, ақпан айында коронавируска қарсы күрес нәтижесінде 9 %-ға төмендеген. Өзара сауда көлемінің азаюының тағы бір себебі қаңтар айының аяғында «Қорғас» ШЫХО-ның жабылуымен байланысты болды. Қытайдан Қазақстанға негізгі импорт тауарлары: телефон аппараттары; компьютерлер және олардың блоктары; қара металдан жасалған бұйымдар (құбырлар, қуыс профильдер және т.б.); аяқ киім. Қазақстаннан Қытайға негізгі экспорттық тауарлар: тазартылған мыс және мыс қорытпалары (145,6 млн. АҚШ доллары немесе жалпы экспорттың 25,8% -ы), мұнай газы мен көмірсутектер (136,8 млн. АҚШ доллары немесе 24,2 %-ы), шикі мұнай және мұнай өнімдері (84,8 млн. АҚШ доллары, немесе экспорттың 15%-ы) (https://forbes.kz/news/2020/04/03/newsid_222500).

Қалыптасқан пандемия жағдайында Қазақстан мен Қытайдың сауда мен бизнес бойынша әріптестері арасындағы ынтымақтастық уақытша тоқырау қалпына түскенін айту керек. Халықаралық әуе, теміржол қатынастарының тоқтатылуы өзара тауар айналымын тежеді, алайда сауда көлемі 2020 жылдың алғашқы айларында кемігенімен, қараша айына дейінгі көрсеткіште өсім байқалды.

Қытай кеденінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылдың қаңтарынан бастап маусымына дейінгі аралықта Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты тауар айналымы 9,35 миллиард АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 пайызға төмендеген. Олардың ішінде Қытайдың Қазақстанға экспорты 4,07 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 19,4% -ға аз, Қазақстаннан импорт 5,28 млрд АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,5% -ға өскен. Қытайдың екіжақты сауда тапшылығы 1,21 миллиард долларды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 303,7% төмендеген. Қытайдың Сауда министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылдың қаңтарынан бастап маусымына дейін Қытай Қазақстанның барлық салаларына 260 миллион АҚШ долларын тікелей инвестиция құйған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 136,4% -ға көп. 2020 жылдың маусым айының соңындағы жағдай бойынша Қытай Қазақстанға барлығы 29,93 миллиард АҚШ долларын инвестициялаған, ол, негізінен, тау-кен, көлік, құрылыс және тағы басқа салаларды қамтыған. Осы мерзім аралығында Қазақстанның Қытайға салған инвестициялары 660 000 АҚШ долларын құраған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 94% -ға аз. 2020 жылдың маусым айының соңындағы жағдай бойынша Қазақстанның Қытайдағы жалпы инвестициясы негізінен логистика және көлік, химия, тамақ өңдеу және машина жасау салаларына шамамен 150 миллион АҚШ долларын құраған (<http://kz.mofcom.gov.cn/article/zhhz/202008/20200802994254.shtml>). Қытай кеденінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылдың қаңтарынан қараша айына дейін Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты сауда 19,96 миллиард АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1% артты. Оның ішінде Қытай Қазақстаннан 9,15 млрд долларды импорттады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,2% артық (Деловой Казахстан, 6 января 2021).

Екі ел арасындағы уағдаластықтар мен келісімдерден кейін мыңға жуық қытайлық сарапшы Қазақстандағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберіндегі жобалар алаңына қайта оралды. Биыл қытайлық компаниялар Алматы облысында күн электр станциясын, Жамбыл облысында Жаңатас жел электр станциясын және Қарағанды облысында ферросиликон кеніндегі YDD термоэлектр пеші жобасын аяқтап, пайдалануға берді. Сонымен қатар, Тургусун су электр станциясының құрылысы қайта жанданды. Қазақстандық кәсіпорындар 3-ші China Import Expo көрмесіне белсене қатысты, отандық сүт өнімдері сияқты жоғары сапалы өнімдер алғаш рет Қытай нарығына шықты және қытайлық тұтынушылары тарапынан сұранысқа ие болды.

Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастық та онлайн байланыс арқылы өзінің даму қарқынын кеміткен жоқ. Желі әлемі екі халықтың байланысының жаңа алаңына айналды. Екі елдің тұрғындары эпидемиямен күресу кезінде бір-біріне деген сенімділікті арттыру үшін бейнежазбалар түсірді. Қазақстандық телеарналар қазақ халқына эпидемиямен күресудегі Қытайдың тәжірибесі мен жетістіктерімен таныстыру үшін «Ухань эпидемияға қарсы репортаж» және «Уханьдағы 24 сағат» сынды деректі фильмдерді аударып, таратты. «Go La La Go», «I do», «Young Style» сияқты қытайлық фильмдер, «Бәрі жақсы» және «Жақсы өмір» секілді қытайлық сериалдар алғаш рет қазақ тіліне аударылып, қазақ теледидарында көрсетілді. Көрсеткіштер аталмыш телетуындыларды өте жақсы қабылдап, фильмдер 12%-дық жоғары баға алды. Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Елшілігі қытай тілін оқытудың жазғы курсы, «Белдеу мен жол» бейнеконкурсын, «Жібек жолы» қытай әндері байқауын, Қытай білімі байқауын және т.б. мәдени-бұқаралық іс-шараларды үнемі өткізіп келеді. Осы іс-шаралардың барлығын екі елдің интернет қолданушылары жылы қабылдады. Интернеттегі мәдени алмасудың шексіз мүмкіндігін көрсете отырып, Ресей, Иран және басқа елдердің пайдаланушылары да қатысты (Деловой Казахстан, 6 января 2021).

Қорытынды. Сонымен, әлемдік пандемия жағдайында Қазақстан-Қытай байланыстарындағы қарқынды даму үрдісі әрі қарай жалғасын тапқанын атап айту керек. Бірқатар кедергілерге қарамастан, сауда көлемінің алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсімі антиүрдіс құбылысын тудырды. Қалыптасқан жағдай екі елдің өзара тәуелділігін, өзара ынтымақтастықтың, өзара ықпалдастықтың объективті қажеттілік екенін танытты. Бұл уақытқа дейін аса мән берілмей келген денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықтың қажеттілігі туып, аталмыш саладағы байланыстардың негізі қаланды. Келісімдерге қол жеткізудің негізгі құралы саналатын өзара келіссөздер мен кездесулер өткізуде ақпараттық технологиялардың маңызы артты. Қазақстан-Қытай байланыстарының 2020 жылдағы даму ахуалы өзара ынтымақтастықты алға бастыру мүмкіндіктерінің барған сайын артып келе жатқандығын айқындады. Себебі 2015 жылы екі ел арасында қол жеткізілген үкіметаралық уағдаластық нәтижесінде жүзеге асып келе жатқан өнеркәсіп пен инновацияларды дамытуға бағытталған бірлескен экономикалық жобалар осы пандемия жағдайында да іске асып келеді. Бүгінгі ғаламдасу заманында оқшаулану үдерісінің ешқандай мемлекетке, әсіресе, өзінің ішкі нарығының сұранысын өзінің ресурстарымен толық қамтамасыз ете алмайтын Қазақстан сияқты елдер үшін пайда әкелмесі хақ. Сондықтан да

осы орайда ынтымақтасу, ең алдымен, жақын жатқан көрші елдермен жүзеге асырылса, тиімді болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

ВОЗ: в Китае выявили новый коронавирус // <https://news.un.org/ru/story/2020/01/1370351>

Глава ВОЗ назвал распространение коронавируса пандемией // <https://news.un.org/ru/story/2020/03/1374191>

Импорт китайских товаров в Казахстан снизился на 24% // https://forbes.kz/news/2020/04/03/newsid_222500

Китай в Центральной Азии: форс-мажор // <https://russian.eurasianet.org>

Казахстан укрепит связи с Китаем // <https://kursiv.kz/news/politika/2020-03/kazakhstan-ukrepit-svyazi-s-kitaem>

Китай сократил приём грузовых поездов из Казахстана // <https://informburo.kz/novosti/kitay-sokratil-priyom-gruzovyh-poezdov-iz-kazahstana-114357.html>

Қытайдың сыртқы істер министрі келіп кетті: екі ел қандай келісімге келді? // <https://sputnik.kz/politics/20200924/15038904/Kytay-ministr-kelism.html>

年上半年中哈经贸合作简况/Қытай Сауда министрлігінің сайты // <http://kz.mofcom.gov.cn/article/zhhz/202008/20200802994254.shtml>

Нам вместе обязательно будет лучше - Перспективы китайско-казахстанских отношений в 2021 году // Деловой Казахстан, 6 января 2021.

«Центральная Азия-Китай»: запущен политический диалог // <https://strategy2050.kz/ru/news/tsentralnaya-aziya-kitay-zapushchen-politicheskii-dialog/>

Ян Цзечи ознакомил с итогами своей поездки в страны Центральной Азии // <https://www.uzdaily.uz/ru/post/49965>

REFERENCES

ВОЗ: в Китае выявили новый коронавирус [WHO: new coronavirus detected in China] // <https://news.un.org/ru/story/2020/01/1370351> [in Russian].

Глава ВОЗ назвал распространение коронавируса пандемией [WHO chief calls spread of coronavirus a pandemic] // <https://news.un.org/ru/story/2020/03/1374191> [in Russian].

Импорт китайских товаров в Казахстан снизился на 24 % [Imports of Chinese goods to Kazakhstan decreased by 24%] // https://forbes.kz/news/2020/04/03/newsid_222500 [in Russian].

Китай в Центральной Азии: форс-мажор [China in Central Asia: Force Majeure] // <https://russian.eurasianet.org> [in Russian].

Казахстан укрепит связи с Китаем [Kazakhstan will strengthen ties with China] // <https://kursiv.kz/news/politika/2020-03/kazakhstan-ukrepit-svyazi-s-kitaem> [in Russian].

Китай сократил приём грузовых поездов из Казахстана [China has reduced the reception of freight trains from Kazakhstan] // <https://informburo.kz/novosti/kitay-sokratil-priyom-gruzovyh-poezdov-iz-kazahstana-114357.html> [in Russian].

Қытайдың сыртқы істер министрі келіп кетті: екі ел қандай келісімге келді? [Chinese Foreign Minister arrives: what agreement did the two countries reach?] // <https://sputnik.kz/politics/20200924/15038904/Kytay-ministr-kelism.html> [in Kazakh].

2020 nian shangbannian zhongha jingmao hezuo jiankuang 2020年上半年中哈经贸合作简况 [Overview of China-Kazakhstan economic and trade cooperation in the first half of the year] // <http://kz.mofcom.gov.cn/article/zhhz/202008/20200802994254.shtml> [in Chinese].

Нам вместе обязательно будет лучше – Перспективы китайско-казахстанских отношений в 2021 году [We will be better together - prospects for Sino-Kazakh relations in 2021] // Деловой Казахстан, 6.01.2021. [in Russian].

«Центральная Азия-Китай»: запущен политический диалог [Central Asia-China: Political Dialogue Launched] // <https://strategy2050.kz/ru/news/tsentralnaya-aziya-kitay-zapushchen-politicheskii-dialog/> [in Russian].

Ян Цзечи ознакомил с итогами своей поездки в страны Центральной Азии [Yang Jiechi presented the results of his trip to the countries of Central Asia] // <https://www.uzdaily.uz/ru/post/49965> [in Russian].

FTAХР/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

С. ИМАНБАЕВА¹, Ө.САНДЫҚБАЕВА², Э.ТЕЛЕУОВА³,
¹т.ғ.к, доц., Казак Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,
 Казакстан, Алматы. E-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru
² филос.ғ.к. аға оқытушы. E-mail: sandykbaeva@mail.ru
³т.ғ.к. доц. e-mail: teleuova@mail.ru,
^{2,3}Әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университеті,
 Казакстан, Алматы қ.

М.ДУЛАТОВТЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ: кеңестік билік кезеңі

М.Дулатовтың халқын қандай өкімет басқарғанына қарамастан, ұлт патриоты болғанын оның Кеңес үкіметі тұсындағы ерен еңбегі көрсетеді. 20-30-жылдары қазақ ұлтының мүддесін көздеп, қызмет атқару оңай болған жоқ. М.Дулатов сынды ұлт зиялыларының істеген қызметтеріне большевиктер сенімсіздік танытып, жөнсіз тиісу, аңду, ал кейде нағыз қуғын-сүргін ұйымдастырды. Соған қарамастан бұл жылдары М.Дулатов ұлтының болашағын көздеп, өзінің талантын, ақыл-білімін, ерік-күш, жігерін халқының рухани баюына арнады. Ол халық ағарту, мәдени салаларда әр түрлі жауапты қызметтер атқарды.

Мақалада М.Дулатовтың ұлттық баспасөздің қаламы ұшқыр, ойы терең, тілі кестелі публицист-журналист ретінде “Ақ жол”, “Еңбекші қазақ”, редакцияларында жемісті қызмет атқарған кезеңі, қазақ совет баспасөзінің дамуына, журналистикасының жас мамандарын даярлауға, олардың кәсіби шеберлігінің ұшталуына сүбелі үлес қосқан қайраткерлігі талданады.

Түйін сөздер: журналистика, публицист, зиялылар, ұлт, кеңес, азаттық, алаш, идея, идеология, теңдік, большевик, баспасөз, ұстаным.

С.С. ИМАНБАЕВА¹, У.Д.САНДЫҚБАЕВА², Э.Т.ТЕЛЕУОВА³,
¹к.и.н, доц., Казахский национальный Аграрный исследовательский университет,
 e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru,
²к. филос. н., ст.преп., e-mail: sandykbaeva@mail.ru,
³к.и.н. доц. e-mail: teleuova@mail.ru
^{2,3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
^{1,2,3}Казахстан, г. Алматы

ВКЛАД М.ДУЛАТОВА В РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ: советской период

Данная статья посвящена деятельности видного общественного деятеля, ученого просветителя, писателя и публициста Мыржақыпа Дулатова, чье имя в течение длительного времени было незаслуженно вычеркнуто из памяти народа. В ней анализируется многогранная деятельность М.Дулатова в начальный период Советского государства. Во введении обоснована актуальность проблемы, раскрыта степень ее изученности, охарактеризованы источники, используемые в работе, определены цель и задачи исследования. В статье рассматриваются различные, не использованные ранее архивные документальные источники, а также статьи самого М.Дулатова.

В работе впервые всесторонне исследуются не только общественно-просветительская деятельность, но и работа ученого как педагога, в области народного просвещения, целью которого была борьба за ликвидацию безграмотности. Осуществлен анализ его организационной деятельности в сфере развития казахской культуры, народного искусства определяется вклад в развитие казахской журналистики как талантливейшего публициста, особенно в сформирование таких печатных изданий как «Ақ жол» и «Еңбекші казак». Вся жизнь М.Дулатова была посвящена просветительству и политической деятельности, он боролся во имя блага казахского народа за независимость и становления казахского демократического государства.

Ключевые слова: журналистика, публицист, интеллигенция, нация, алаш, независимость, идея, большевик, идеология, свобода слова, позиция, равенства.

S.S.IMANBAEVA,¹ U.D.SANDYKBAEVA,² E.T.TELEUOVA,³
¹candidate of historical sciences, e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru
 Associate Professor of Kazakh National Agrarian Research University,
² candidate of philosophical sciences, senior lecturer, E-mail: sandykbaeva@mail.ru,
³candidate of historical sciences, Associate professor, e-mail: teleuova@mail.ru
^{2,3}Kazakh National University named after al-Farabi, ^{1,2,3}Kazakhstan, Almaty

M.DULATOV'S CONTRIBUTION TO THE DEVELOPMENT OF KAZAKH JOURNALISM DURING: the Soviet period

This article is devoted to the activities of a prominent public figure, academic enlightener, writer and publicist Myrzhakyp Dulatov, whose name for a long time was undeservedly erased from the memory of the people. It analyzes the multifaceted activities of M. Dulatov

in the initial period of the Soviet state. In the introduction, the relevance of the problem is justified, the degree of its knowledge is revealed, the sources used in the work are described, the purpose and objectives of the study are defined. The article discusses various, not previously used archival documentary sources, as well as articles by M. Dulatov himself.

In this work, for the first time, not only social and educational activities are comprehensively investigated, but also the work of a scientist as a teacher in the field of public education, the purpose of which was to fight for the elimination of illiteracy. The analysis of his organizational activities in the development of Kazakh culture, folk art is determined by the contribution to the development of Kazakh journalism as a talented publicist, especially in the creation of such print publications as «Ak Zhol» and «Enbekshi Kazak». The whole life of M. Dulatov was devoted to enlightenment and political activity, he fought for the good of the Kazakh people for the independence and the formation of a Kazakh democratic state.

Keywords: journalism, publicist, intelligentsia, nation, Alash, independence, idea, Bolshevik, ideology, freedom of speech, attitude, equality.

Кіріспе. «Мәңгілік Ел» идеясына сабақтасып жарияланған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және 2018 жылы 21 сәуірде жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары руханиятымызға жаңа серпін берді. Біздің пікірімізше, «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» идеялары – ұлттың рухын, адамның ізгілік қасиеттерін, елдің елдігін арттыратын және тарихи сананы қалыптастыратын құндылықтардың жиынтығы.

Тәуелсіздік тарихында Алаш зиялыларының идеялары азаматтықтың биік үлгісі ретінде «Рухани жаңғыру» идеясымен ұштасып, қазақ елінің тарихи жадында қайта жаңғыру үстінде.

Алаш қозғалысының көрнекті идеолог қайраткері, ағартушы, публицист М.Дулатов өте күрделі өмір кешкен тұлға. 1902 жылдан бастап ауыл мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған М.Дулатов өзінен бұрынғы ағартушылар А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің дәстүрін жалғастырып, қалың бұқара арасында осы бағытта ағартушылық насихат жұмысын өрістетті. Отарлық саясат пен ұлттық езгінің қамауында жатқан «ұйқыдағы» халқының санасына жігерлі сөздерімен ұран тастап, халқын азаттыққа, теңдікке шақырды.

1905-1907 жылдары бірінші орыс революциясына кейінгі уақытта «Оян, қазақ!», «Елім-ай», «Біздің мақсатымыз», «Жастарға», «Бақытсыз Жамал» және басқа шығармалары арқылы қазақ елінің ұлттық санасының оянуына, саяси танымының өсуіне зор ықпал жасады. Сондай-ақ, жалпыұлттық басылым «Қазақ» газетін ұйымдастырушылардың бірегейі, оның жұмысын бір арнаға түсіріп, ұлт еркіндігіне жетудің жолдарын насихаттап, ұлт-азаттық күрес идеологиясын қалыптастыруда ерекше рөл атқарған қайраткер.

М. Дулатов сынды патриот ұлтжанды қайраткердің қызметін шынайы, объективті бағалау бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жастарын патриотизмге, ұлттық рухта тәрбиелеу үшін аса қажет.

Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі Кеңес дәуірінде тар шеңберде таптық партиялық тұрғыдан қаралғаны баршамызға мәлім.

М.Дулатов туралы пікір Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғана объективті түрде жазылып, ғылыми жүйеге түсіп зерттелуде. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлт зиялыларының қандай ауқымды тарихи міндетті орындағаны қазіргі таңда белгілі болып отыр.

Тарихтың өзі Алаш қозғалысы идеяларының өмірлік негізі күшті екендігін айқындап берді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды ұлт зиялыларының мақсат-мүдделерінің орындалғанына бүгінде тарих куә, олар халқының азаттық алғанын көре алмаса да, оның күні туатынына сенімдері күшті болды. Алаш зиялыларының қайраткерлік тұлғалары осы тұтастығымен, өз ерік-жігерін, күшін халық ісіне сарқа жұмсауымен ерекшеленеді. Олардың идеяларының өзектілігін, құндылығын, өміршең идея екендігін бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің болмысы толық айқындайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің методологиялық және теориялық негізіне ағартушылық бағыт-

тағы көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуде қалыптасқан жаңа концепциялар мен ой-тұжырымдар алынды. Сондай-ақ, тарихи-логикалық, тарихи-компаративистикалық, герменевтикалық әдістер қолданылды. Алаш зиялыларының ағартушылық, азаттық, еркіндік идеяларына тарихи тұрғыдан баға беріліп, сыни ойлау мен салыстырмалы әдістер жүзеге асырылды. Тарихи талдау, салыстыру әдісін қолдану арқылы қайраткер өмір сүрген және қызмет жасаған күрделі тарихи кезеңнің ерекшелігі қамтылды.

Салыстырмалы-тарихи талдау әдістері арқылы Алаш зиялыларының азаттық идеясының құндылығы бүгінгі біздің құндылықтарымызбен, болмысымызбен байланыстырылды.

Талдау. Қазақ халқының ұлтжанды қайраткері М.Дулатовтың жарты ғасырлық ғұмырының барлық қыры арнайы зерттеуге лайық. Тәуелсіздік жылдарында ғалымдар қайраткердің көп қырлы ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметі, публицистік, әдеби-шығармашылық мұралары туралы іргелі зерттеулер жазылды. Тарихшы ғалымдар К.Н.Нұрпейісов, М.Қ.Қойгелдиев, Ж.Қасымбаев, Т.Омарбеков, Д.А.Аманжолова, Қ.Атабаев қоғамдық-саяси қызметін зерттеп іргелі еңбектерін жариялады. Әдеби-шығармашылық мұрасын Т.Көкішев, Т.Қожекеев, С.Қирабаев, М.Әбсеметов сынды, т.б. ғалымдар жазды.

Алаштануға сүбелі үлес қосқан қайраткердің қызы Г.М.Дулатованың да естелік еңбектерінің орны ерекше.

Шетелдік ғалым УямоТомахио Жапонияда М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабына арналған зерттеу еңбегін жариялады. Біздің пікірімізше, М.Дулатовтың көп қырлы ағартушылық, шығармашылық мұралары әлі де зерттеледі.

Зерттеу нәтижелері. Ресей атты XX ғасырдың аса алып империясының Петербург, Мәскеу сынды орталықтарында жеңіске жеткен Қазан төңкерісі көп ұзамай барлық провинцияларға тарап, коммунистер билік басына келді. Бұл төңкеріс Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың және олардың саяси серіктерінің соңғы жылдары бар жан-тәнімен күш салып күрескен Алашорда автономиясын азамат соғысында қарудың қатымен жою қылды.

Қазақ зиялылары Қазақстан идеяларын жат көріп, оны қабылдауға, жұртына оның «дұрыстығын» насихаттауға асықпады. Бұл тұс М.Дулатов үшін де жолайрық кез, барлық дүниетанымының, тәжірибесі мен ақыл-парасатының сынға түскен уақыты болды. Біреулер тұйыққа тіреліп, халық мүддесін қара басының қамына сатса, енді біреуі тез арада түрленіп «большевик» болып кетті. 1917 жылғы Қазаннан бергі уақытта жарық көрген М.Дулатовтың туындылары (Мадияр, 1918), оның терең толғанысын, зиялылар саяси ұстанымда жаңылыс тапса, ұлтына үлкен зиян келтіретіндігін сезінгендігін көруге болады. Сонымен бірге, ол қиыншылықтарға мойымады, ойының серектігін танытып елін де ойландыратын, көп болып жол тандаудың қажеттігін жазды.

Алаш зиялылары Кеңес өкіметін еркінен тыс, амалсыз мойындауға мәжбүр болды. Бірақ, М.Дулатов

турасында айтсақ – мойындау-мойынсұну емес, коммунистер билігін тану – өзінің өмір бойғы ұстанған көзқарастарынан бір мезетте айнып, халқының тағдырынан бас тарту емес еді. Билік басына қандай өкімет келмесін, халқына адал қызмет етуді мұрат тұтқан ол, жаңа жағдайға бейімделуге тиіс болды. Елдегі қалыптасқан саяси жағдай оған басқа жол таңдау мүмкіндігін қалдырмады.

1920 жылдың қыркүйек айында Омбыға келген М.Дулатов, ондағы Губерниялық атқару комитетіне барып тіркелді (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қайыпсіздік Комитетінің Архиві 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105 п.). Осы мезгілден бастап, М.Дулатов Кеңес өкіметі оған жүктеген қызметті өз дәрежесінде сапалы және жауапты атқаруға күш салды.

Алғашқы кезеңде Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын оқу-ағарту және мәдени құрылыс жұмыстарына тартады. А.Байтұрсынов, М.Дулатов және тағы басқа ұлт зиялылары осы салаларда қызмет жасады.

М.Дулатов Кеңес үкіметіне деген өзінің көзқарасын, өткен өміріндегі ұстанған саяси позициясын толық жазып, Омбыда шығатын «Кедей сөзі» газетінің 1920 жылғы 7-қарашада шыққан санында «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы», – деген айдармен мақаласын жариялады. Бұл оның Кеңес үкіметін жақтап жазған алғашқы мақаласы еді. «Осы кезге дейін істеген қызметімді санамас бұрын, мынаны айтқым келеді, менің ашыла, арыла сөйлеуім өзімнің ерік құқымнан туды, бұлай етуге мені ешкім итермелеп қорқытпады, өз ұятымның алдында дәл осылай есеп беруді жөн көрдім», – дей келе М.Дулатов Кеңес үкіметіне дейін басынан ерік, қолынан билік кеткен халқының аянышты жағдайын күйзеліп егжей-тегжейлі баяндап, ойын былай тұжырымдайды: «Октябрь төңкерісінің өткен екі жылғы мейрамын біз мейрамдаған жоқ едік. Енді бүгінгі күн шын мейрам болды. Бүгінгі күн жер жүзінің еңбекшілеріне ұран шақырылған күн.

Бүгінгі күн “адалдық”, “теңдік”, “бостандық” туы көтерілген күн. Көп күндерді тарих ұмытар. Бірақ бүгінгі күнді Октябрь төңкерісін ұмытпас! Баянды болсын Октябрь төңкерісі! Көгерсін Күншығыстың елдері!” (Дулатов, 1920).

М.Дулатов Октябрь төңкерісіне байланысты айтқан ойларынан бар саналы ғұмырының елінің теңдігі үшін арнаған қайраткердің, енді Кеңес үкіметінің саясатымен есептесіп, сенім артқанын аңғарамыз. М.Дулатов өзінің айтқан ойларын шынайылығын енді іс жүзінде көрсетеді. Алғашында Омбыда бір-екі ай, Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімінде және Сібір халық ағарту бөлімінде нұсқаушы-инструктор болып қызмет жасайды. 1920 жылы қарашадан М.Дулатов Ташкентке келіп, Түркістан Коммунистік партиясы мен Орталық Атқару Комитетінің органы «Ақ жол» газетінің жауапты хатшысы болып орналасады (ҚРҰҚКА, 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105 п.). Бұл уақытта қазақ зиялыларының бір тобы Қазақ АССР-нің астанасы Орынборда, енді бір тобы Түркістан АССР-нің астанасы Ташкентте жұмыс істеді. Бұның өзіндік саяси мәні бар еді. М.Дулатов бұл туралы және өзінің Ташкентке келіп қызметке орналасуы туралы: «Ташкентте мен өзімнен бұрын келген бірнеше азаматтарды кездестірдім, көпшілігі алашордашылардың өкілдері болды. Олардан мен Қазақстанға қарағанда, Түркістанда жұмыс істеудің жақсы екендігін, өйткені жергілікті мамандардың аздығынан сырттан келгендерді қызметке алатындығын білдім» (ҚРҰҚКА, 124-қ., 1-т., 78754-іс, 46 п.).

Негізі Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын қызметке тартқанмен оларға жете көңіл бөлмеді, қызмет етуге еркіндік бермеді, керісінше партияға кірген бұрын басшы

орындарда қызмет атқармаған, саяси сауаты төмен азаматтарды тартты. Бұл турасында М.Дулатов: «Қазақстанның орталығы Орынборда отаршылдық күшті, онда қазақ қызметкерлеріне қызмет етуге еркіндік бермейді, партияға бұрынғы шенеуніктер, тілмаштар, мансапқорлар көп кірген. Ол уақытта Қазақстанда партияға кірген әлгідей бұрынғы шенеуніктер, тілмаштар, мансапқорлар үкіметке, партияға жақсы көріну үшін рас болса да, өтірік болса да, Алашорда адамдарын жамандайтын, сондықтан Қазақстаннан қазақ қызметкерлерінің бір қатары Түркістанға келген, қалғандардың арасында мүмкіншілігі болса Түркістанға кетуді тілейтіндер көп болған, мұнда қалып одан кейінгі жылдарда да (Түркістан қазақтары Қазақстанға қосылғанша) болып тұрған», – дейді. Осы сәтті тиімді пайдаланып, Түркістан үкіметінің басында тұрған Т.Рысқұлов, С.Қожанұлы, И.Тоқтыбаев, Н.Төреқұлұлы сияқты қайраткерлер Қазақстаннан келген зиялыларды қызметке тартып орналастырған еді. М.Дулатов та Түркістанға келген зиялылардың қатарында 1920-жылы 7-желтоқсанда ашылған «Ақ жол» газетінің жауапты хатшысы болып кіріседі. «Ақ жолдың» редакторы С.Қожанұлы болды. Кеңес үкіметі тұсында М.Дулатовтың көп қызмет еткен баспасөз саласы болды. Бір М.Дулатов емес, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев басқа да ұлт зиялылары түрлі басылымдарда қызмет етті. Бұрын да баспасөз саласында қызмет жасаған зиялылар бұл іске мүдделілік танытты, екінші жағынан бұл олардан басқа баспасөз жұмысын алға қоятын мамандар жоқтығымен де байланысты болса керек.

«Ақ жол» газетінің бетінде М.Дулатов қазақ өлкесіндегі түбірлі өзгерістерді, жүріп жатқан саяси науқандарды жұртқа түсіндіріп, халықтың білім алуына жол ашылғанын дәріптеп мақалалар жазды. Тәжірибиесі шыңдалған журналист, публицист М.Дулатов бар талантын жаңа өмірді құру ісіне жұмсайды. Дегенмен, М.Дулатовтың қызметінде бұл жаңа белес оңай қалыптасқан жоқ. Егер біз М.Дулатов Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізіп отырған саясатына көңілі толды деп ой тұжырымдасақ, қателесеміз. Өйткені М.Дулатов сынды «өз принциптеріне» берік, сөзіне, ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, өз ұлтының тағдырын тереңінен ойлайтын, азаматтық қасиетін жете бағаламаған болар едік. М.Дулатов саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге баға беруде, Кеңес құрылысын дәріптеп қана қоймай, қазаққа зиянды жақтарын да көрсетіп, өз ойын ашық білдіріп отырды.

Негізі Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын қызметке тартқанымен, олардың біліміне, тәжірибиесіне, кез келген істі ұйымдастыра білетін іскерліктеріне сенімсіздік көрсетіп, кейде жете көңіл бөлмей, жұмыстарына ашық қысым көрсетіп, қызмет етуге еркіндік бермеді. Бұл құбылыс Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қатты байқалды. Керісінше басшы орындарға саяси сауаты төмен жікшіл, атқамінер, жершіл азаматтарды тартты. Коммунистер билеген Кеңес үкіметіне озық ойлы, өз ұлтының тағдыры жөнінде негізді салиқалы ой, ұсыныс балама пікір айтатын ұлт зиялылары жақпады. М.Дулатов мемлекеттік басқару және атқару орындарында осындай келеңсіз құбылыстардың жедел қарқын алуын және ұлт мүддесінен өзінің жеке мүддесін жоғары қоятын шенқұмар, билікқұмар зиялылардың көптігі туралы өзінің пікірін ашық білдіріп, «Қазақ зиялылары» атты көлемді мақаласын жариялады: «Біздің қазақ-қырғыздың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы да бәрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ. Өзге жұрттағылар секілді біздің қазақта да өтірік коммунистер, партияны ластап жүргендердің арасында да шын жұртшыл, еңбекші тапқа жаны ашатын, Кеңес үкіметіне ынта көңілмен қызмет етіп жүргендер де жоқ емес. Олай болса, қазақ

қырғыз зиялыларын сөз қылғанда бұларды партияда бар, жоқ демей, жамыратып жіберіп тексеру керек. Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді? Февраль төңкерісіне дейін Европаның саяси партиясына кірген қазақ болса, көне айтсыншы! “Мен әлімсақтан бері коммунист едім... мен 1905 жылдан бері партияда едім” деушілердің ертегісі біздің құлағымызға кіріп те шықпайды. Ат сыры иесіне мәлім. Біз білмейтін қазақтың сыры жоқ!” (Дулатов, 1921), – дей келе Міржақып Дулатов туған халқының қамын шын ойлайтын, елінің болашағы үшін қалтқысыз қызмет ететін азаматқа “көзбояушылыққа” салынып “коммунист” болудың қажеті шамалы екендігін, “коммунист” болғандардың көпшілігі кезінде халықтың үстінен күн көрген, паракор, патша өкіметінің тыңшысы болған, арсыз, намыссыз жандар екенін, әлі де болса халықтың қамы үшін еш нәрседен тайынбай жанын салып қызмет ететін бұрынғы “ұлтшыл” зиялылар екенін ашық жазып, ойын былай сабақтайды: “Енді бүгін Кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунистер партиясы жолбасшылық етіп отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен; коммунист партиясынан жағымды партия жоқ екен; бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүрген екен; соның үшін бізге коммунист болу керек екен; бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар. Партияға кіргендер кімегендерді шақырып та отыр. Бірақ бізге енді шешетін мәселе қайсы? Біздің қазір ортақшыл болып отырғандарымыз кімдер? Бұл сұрауларға берілетін жауап әркімге-ақ анық-ау деймін: бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (өтірік коммунистерді айтпаймын) кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін де шын коммунист болуға жарайтындар тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші қазіргі жаңа талап жас буын. Әйтпесе, күні кеше ұлтшыл болуға жарамай өз басының қамын ойлап жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводщик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып шағым жүргізіп соғылғандар бүгін қолына қызыл ту алып, “коммунист” бола қалды екен деп кімнің іші елжірей қалады. Мұндайлар жоқ емес, құдайыңа шүкір бар. Әсіресе, біздің Қазақстанда толып жатыр”, – дей келе партияға ары таза, жауапкершілікті сезіне білетін азаматтарды тарту қажеттігін, жалаң науқаншылдыққа ұрынбай: “Әуелі партияға кірушілердің көбеюін мақсат көруден бұрын аз да болса тазалық жағына көз салсаңдар екен дейміз. Шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл азаматтар партияға кірсе олардың соңынан жұрт та ереді. Олармен жолдас болудан кешегі ұлтшылдар да бүгінгі жаңа талап жастар да қашпайды”, – деп тұжырымдайды. Кеңес үкіметі “Қазақтың ескі оқығандары” деп жіктеген ұлт зиялыларының “ұлтшылдық” позициясы туралы М.Дулатов: “Біздің ұлтшылдарымыз қанша еді?”, – деп қайрыла сұрақ қойып: “Шын ұлтшылдық өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл, зорлықшыл еді. Ол заманды қазақ оқығандары неге ұлтшыл болды, неге өзге онды-солды Европаның саяси партияларына кірмеді. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе, біздің кемдікте, қорлықта жүргеніміз. Көрінгеннен соққы жегеніміз еді. Егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес. Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған. Арын-иманын қарабасының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық”, – деп ойын ашық тура айтқан М.Дулатовтың батылдығына сүйсінбеске шарамыз жоқ. Дегенмен,

халқын қандай үкімет билесе де, дұрыс саясат жүргізуін талап еткен қайраткер өзінің ұсыныстарын нақты көрсетіп айтып өтеді. Ол: “Партиядағы жолдастар араларындағы арамзаларды аластап шығарсын. Түзу саясат жүргізіп, “қазақшылдықты” тастап, шын ортақшылдық жолындағы әуелгі өрнегімен жұрттың ықыласын өздеріне аударып алсын, қолынан іс келетін шын таза азаматтарға “ұлтшылдық” таңбасын басудан бұрын бұларды іске кірістіріп, сендіріп, соңына ертсін, шын бірлік сонда табылады.

Көбейсін ортақшылдар!

Көркейсін алаш армандарының бірлігі!” – деп келелі ой тастап мақаласын аяқтайды.

“Қазақ” газетінде қызмет атқарып, қаламы төселген журналист М.Дулатов “Ақ жол” газетінің беделінің өсуіне атсалысты. Газеттің алғашқы сандарында М.Дулатовтың мақалалары жиі басылды “Ақ жол” газетінде жарияланған мақалаларында М.Дулатов жаңа Кеңес өкіметі саясатының мәнін ашып, халыққа жол сілтеп, “осы біз қандай бағытпен кетіп бара жатырмыз” деген сауал қойып, “жаңа қоғамға бейімделу қажеттігін айтып қазақ халқына ең тиімді жол жерден айрылма, егін ек; отырықшы бол, егіншілікпен айналыс, сырттан келген келісімсіктерге жерімізді беріп, қол қусырып отырмайық, өз жерімізге иелік етейік” (Дулатов, 1921), – деп үндеу айтады.

Бұл ойымызды М.Дулатовтың “Ақ жол” газетінің үш жылдық мерейтойына арнап жазған “Үш жыл” атты мақаласы айқындай түседі. Мақалада «Ақ жол» газетінің тарихи қиын кезеңде жарыққа шыққанын, арқалаған жүгінің ауыр екенін, тап тартысы күшейіп тұрған кезде «Ақ жол» газетінің үш жыл басылып шығып, төртінші жылы шыққанын айтады. Одан әрі қайраткер ойын былай сабақтайды:

«Біз кім болсақ та дегенімізге жетуіміз үшін алдымен мәдениетті болуымыз шарт. Қазақ-қырғыздың көпшілігі еңбекшіл екен, жүзге келмейтін ат төбеліндей байды да, манапты да, мырзаны да есепке қоспалық, 5 адам халық емес, 95 адам халық. 95 еңбекшілдің жолына әлгі бөсеуін құрбан-ақ қылайық. Сонда қалатын тоқсан бесіміз надан болса, мәдениетті төмен болса, өз атының басын өзі алып жүре алар ма, адамшылық дәрежесіне жете алар ма, азаттық жолына жете алар ма?

– Жоқ. Оның бірі де болмайды. Надан қараңғы күнімізде біз бостандық жемісін жей алмаймыз, төңкеріс табыстарына ие бола алмаймыз. Олай болса, біздің алдымен көксейтініміз мәдениет. Мәдениетіміздің қаншама ілгері алға басқанын, иә кері кеткенін көрсетіп отыратын қатасыз өлшеуіштің бірі газет. Ерік те, елдік те, ерлік те, не тілектің бәрі де мәдениетті өркендету арқылы ғана табылады деп иман келтіру керек. Үміт осылай; бұл үміт босқа кетпесіне сенеміз» (Дулатов, 1923). М.Дулатовтың бұл айтқан ойлары мынадай тұжырымға жетелейді. Сонау 1909 жылдан бастап “Оян қазақ!” деп халқын оқу-білімге, мәдениетке шақырған ол, егер енді заман ағымына сай білімге, өнерге ұмтылмайтын болсақ, ұлттық, мәдениетімізді көтермейтін болсақ, өзге озық ұлттардың жетегінде тағы кетерсің... Сондықтан надан, қараңғы күйіңді артқа тастап, өнерге, білімге, мәдениетке ұмтыл, деп ой тастап, өзінің қоғамдық-ағартушылық қызметінде басты принцип еткен ұранын басып айтқанын аңғарамыз. М.Дулатов бар күш-жігерін салып, баспасөздің беделін қаншалықты дәрежеге көтеруге атсалысқанымен, еңбегі өз дәрежесінде бағаланбады. Алаштан бас тартса да, ұлтшыл ретінде көз түрткі болудан, қудаланудан құтылмайды. М.Дулатовтың журналист ретінде еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Осы мәселеге байланысты архив деректеріне тоқталуды жөн көрдік, М.Дулатов 1929 жылы 1 қаңтарда

ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында «Ақ жол» газеті туралы өз ойын былай білдіреді «Ақ жол» газетінің бағыты және мазмұны туралы баспасөз беттерінде көп пікірталас жүрді. Бірақ оның бәрі менің қызмет еткен уақытыма сәйкес келмейді» (ҚРҰҚА, 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105 п.). М.Дулатовтың «Ақ жол» газеті туралы бұл ойды айтуының негізі бар еді.

1925 жылы 29 мамырда И.Сталин Қазақ өлкелік партия Комитетінің бюросына өлкелік «Ақ жол» газетінің саяси бағытына байланысты хат жолдайды. И.Сталин хатында: «Жуырда менің «Ақ жол» газетімен танысуға мүмкіндігім болды»,— деген бастапқы сөзімен-ақ «халықтар көсемі» «Ақ жолда» жарияланған сыни мақалаларға талдау жасап және олардан алаштық интеллигенцияның «қақтық әрекетін» көріп, түбірінен газетті жедел түрде қайта ұйымдастыруды, одан партияда жоқ интеллигенттерді қуып жіберілуіне міндет етіп тапсырады.

И.Сталин: «Мен партияда жоқ интеллигенттерді кеңес жұмысына тартуды барынша жақтаймын. Егін-халкомы, халық шаруашылық кеңесі, кооперация және басқа да шаруашылық органдар бұл адамдарды, оларды біртіндеп кеңестендіре отырып, мейлінше пайдалануы тиіс. Мен сондай-ақ партияда жоқ интеллигенттерді қырғыз (қазақ) мәдениетін орнықтыру ісіне тартуды да жақтаймын. Қырғыз тілінде оқулықтар құрастыру, мәдениет саласында бұл адамдардың пайдаланылуы тиіс басты майдан. Бірақ та мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне жіберілуіне мүлде қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарына саяси және идеологиялық тәрбие берумен айналысуына қарсымын. Біз өкіметті жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ. Бұл майдан толығымен және түгелдей коммунистерге қалдырылуы керек. Онсыз Киргизияда (Қазақстанда) Шокаевтардың жеңісі сөзсіз жүзеге асады» (Қазақстан Республикасының Президенттік Архиві., 141-қ., 1-т., 479 «А»-іс, 1-2 п.),— деп, мәселеге қатысты шұғыл шара қолдануды Қырғыз өлкелік Комитет бюросының барлық мүшелеріне тапсырды.

Сталиннің хатында М.Шокайдан басқа ешкімнің аты аталмаған, оның есімі төрт рет қайталанған. Дегенмен, көсемнің өршелене қарсы шыққан «партияда жоқ интеллигенттер» деген сөзі өзге қызметкерлерінен гөрі, алдымен М.Дулатовқа бағышталғандай.

Қайраткердің қызы Гүлнәр Дулатованың айтуына қарағанда, М.Дулатов коммунистік партияның қатарына кірмеген. Осы тапсырмадан кейін Қазөлкем басшылары да И.Сталин М.Дулатовты нұсқаған деп түсінген болуы керек оны дереу газеттегі жұмысынан шығарды. Бұрынғы алашордашылардың саяси ықпалынан мүлде айырды, «коммунистендіру» мақсатында газет редакциясын Ташкенттен Шымкентке көшіріп, оны республикалық органнан Сырдария губерниялық органына айналдыру жөнінде қаулы шығарды (Қасқабасов, 1994). Редакторы, редакция алқасының құрамы түгелдей жаңартылды. М.Дулатов және басқа ұлт зиялылары қуылғаннан кейін газеттің беделі де төмендеп, таралымы 10 мыңнан 3 мыңға түсті (ҚРПА, 141-қ., 1-т., 377-іс, 4 п.). Көп ұзамай РК(б)П Қазақ өлкелік 5-конференциясында 1925 жылы Ф.Голощекин «Ақ жол» осыдан аз ғана бұрын антикоммунистік сипатта болып келсе, қазір өз бағытына түсіп, буржуазиялық-ұлтшылдық ауытқушылыққа жол бермейді. Өйтсе де, астарлы сөзбен, «Эзоп» тілінде жазуды қоймайды. Коммунистік газет әрқашан ашық жазу керек. «Біз Қазақстан баспасөзіне партияның берік басшылығын орнатамыз» (ҚРПА, 141-қ., 1-т., 28-іс, 17 п.),— деп М.Дулатов сынды ескі оқығандарға бұдан былай идеологиялық орындарға жол жоқ деген

саясатын жүргізетінін білдірді.

Билік орындары тарапынан көрген қысымдарға қарамастан, М.Дулатов бар талантын «Ақ жол» газетінің көркейуіне, халық арасында кең таралуына арнады. М.Дулатов «Ақ жол» газетінде 1920 жылдың қараша айынан бастап, 1921 жылдың мамыр айына дейін қызмет атқарады.

«Ақ жолдан» кейін М.Дулатов ұзақ уақыт бойы ешқандай баспасөз редакциясына алынбады. Бүкіл қазақ зиялыларының тағдырына кесірі тиген И.Сталиннің хаты М.Дулатовтың да қолына «қара билет» ұстатып кеткендей болды. «Ақ жолдың» бағытының өзгеруі, одан М.Дулатов сынды халық жанашырларының аласталуы қазақ ұлтының рухани өміріне соққы болып тиді. Еліне жүрек жарды сөзін жаятын мінбеден айырылуы М.Дулатовтың жеке басының трагедиясы да болғаны анық. Бұл оның онсыз да қиыншылығы мол өмірінің ауыр белесі, азаматтығына сын еді. Алайда әлеуметтік әділетсіздіктің жөнсіз қиянат пен сорақылықтың небір түрлері басынан өткен М.Дулатов бұл саяси қысымға мойынұсынған жоқ. М.Дулатовтың қызмет ауыстыруына тура келді. 1921 жылдың мамыр айында отбасы жағдайымен Семей қаласына келеді. 1921 жылы жаз айында Семей уезінде халық тергеушісі болып, осы жылдың күз айында Семей губерниялық Кеңес халық сотының орынбасары болып тағайындалады (ҚРҰҚА, 124-қ., 1-т., 78754-іс, 104 п.).

М.Дулатовтың осы қызметке орналасуын көрсететін 1921 жылы 8 желтоқсанда өткен Семей губерниялық халық сотының жалпы жиналысының көшірмесінен үзінді келтірейік: «Жолдас М.Дулатовты Кеңес халық сотының сот қызметкері қызметіне бүгінгі күннен бастап кірісуі туралы Губерниялық Халық сотының председателінің ұсынысы негізінде М.Дулатов жолдас бүгінгі күннен бастап Губерниялық Халық сотының орынбасары болып тағайындалды. Губерниядағы қырғыздардың (қазақтардың) ісі барлық бөлімін меңгеру және губерния соттары мен тергеушілерге нұсқаушы болып бекітілді» (Мұқаметқанов, 1995: 188-189),— деп шешім шығарады.

Семей уезінде тергеуші болып қызмет істеген М.Дулатов жұмыс бабына қарай елге жиі шығады. Ел ішіндегі даулы мәселелердің көптігі соншалықты тергеушілердің дамыл көрмей істеуіне тура келген, өйткені әділет іздеп анталаған халық демалуға мұрша бермеген. Бұл туралы М.Дулатов: «Осынша көптің жұмысы «закончилось» бітіремін деген сот ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдар шықпаған, сот қызметкері істің ақ-қарасын «төңкерісшілдік арымен», социалистік сана жолымен ғана айыратын шақ еді» (Дулатов, 1924, а), — деп айтуы дәлел. М.Дулатовты қазақ әйелдерінің тағдыры, ауыр түрмысы көп ойландыратын. Әйел теңдігі мәселесін көтеріп, қазақ қызының бас еркіндігі жоқ екенін бейнелеп «Бақытсыз Жамал» атты роман жазғаны да мәлім. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнығуымен әйел теңдігіне заң түрінде қол жеткізгенмен, бұл іске сүйекке сіңген қазақылық әдет көп кедергі болған еді.

М.Дулатовқа өзінің бас еркіндігін әперуге кемеңгесуді сұраған қазақ қыздарының арызы жиі түскен. Бірақ іске келгенде қыздар ата-анасының ырқынан шыға алмай, арыздарын алып үнсіз кеткендері де болған. Өжеттілік танытып еркіндік алған қыздың тағдырын қазақ қыздарына үлгі етіп ой тастау мақсатымен оның «Еңбекші қазақ» газетінде «Сол қыздың атын ұмыттым» деп аталатын мақаласы жарияланды. Онда: Төрт жыл ішінде сот істерінің дұрысталғанын, қазақ даласында кемшіліктер түзетілгенін айтып, бірақ әлі де болса, «ұлы мақсатты тілектердің бірі – әйел теңдігі әлі де көңілдегідей жүзеге асқан жоқ. Бұған себеп елдің сүйегіне сіңген ескі әдеттің

әлі де күштілігі, әйел тобының көзі ашылып жетпеуі, бостандық қадірін анық білмеуі, ел ішіндегі соттардың салақтығы-олақтығы, тағы-тағылар. Қара басының бостандығын көксемген әйел жігерлі болса, қазақ ішіндегі соттар қатаң, қызметін біліп істеп жолдан таймайтын болса, әдет-ғұрып қанша күшті болғанмен жоғалмасқа шара жоқ» (Дулатов, 1924, б.), – деп, намысқа тиетін жігерлі сөздерімен ойын аяқтайды.

Сонымен М.Дулатов 1921-1922 жылдың мамыр айына дейін Кеңес халық сотында сот қызметкері болады. Жауапкершілігі ауыр сот қызметін қайраткер адал орындады. Баспасөз беттерінде өзі куә болған қылмысты істерді, дау-жанжалдарды талдап, жастардың жаман әдеттен аулақ жүруін үндеп мақалалар жазды. Атап көрсетсек, «Халық соты», «Сот қайтсе түзеледі», «Ұрлық қайткенде тиылады?», «Сол қыздың атын ұмыттым...».

«Ұрлық қайткенде тиылады?» атты мақаласында ол өзінің қолынан өткен қылмыстарға талдау жасап келіп, «Ұзын сөздің қысқасы, ұрлықты тыю үшін, бірінші жұрттың шаруашылығын көтеріп, еңбекке баулу керек, екінші сот қызметкерлерін тазартып, білімін молайтып, тұрмысын оңдап, халық көзінде олардың беделін көтеру керек. Осы екі жолға түспесек, құр аттан салғанмен ұрлық тиылмайды» (Дулатов, 1924), – деп ой тұжырымдайды.

Бұл қызметі туралы М.Дулатов былай дейді: «Асыра айтқандық емес, қысқа мерзімде менің белсенді және адал қызмет етуімнің арқасында сот мекемелерінің беделі көтерілді, әсіресе, қазақ бөлімінің жұмысы алға басты. Мен қазақ бөлімін басқардым. Бұл сол уақытта Семейде қызмет атқарған жолдастардың бәріне аян» (ҚРҰҚКА, 124-қ., 4-т., 78754-іс. 106-п.).

М.Дулатов – халқын қандай өкімет билегеніне қарамастан, оның көркейген жарқын болашағын армандап, соның қамын тереңнен ойлап, сол жолда адал қызмет атқарған қайраткер. Кеңес өкіметі тұсында ұлтшыл азамат өзін әр қырынан танытты. Оқытушы, жазушы-публицист, аудармашы, журналист, сот қызметкері ретінде қыруар мәнді де, маңызды істер атқарды.

Қорытынды. М.Дулатов – қазақ ұлтының нағыз ұлтжанды патриоты, оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқын өркениет биігіне көтеру мақсатындағы жалынды күреспен өтті. Ұлы арман жолында қайраткер өз ұстанымынан тайған жоқ.

М.Дулатов өз идеясының, ұстанған принциптерінің өміршеңдігіне күмәнсіз сеніп өмірден өтті. ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында ол туған елінің бостандығы үшін өзінің еткен еңбегін саралай келіп, ойын былай тұжырымдайды: «Өзім өскен ортадан шыққан, өзім алған білімді сіңірген бір адам үшін бұл аз шаруа деп санамаймын. Көп те емес болар. Әйтсе де, бар міндетімді осымен біттіге санап қол қусырар жайым жоқ. Ғұмыр болса, дәм жазса, ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам – халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» (ҚРҰҚКА, 124-қ., 4-т., 78754-іс. 98-99-пп.).

Алаш идеясы – ұлт өмірімен мәңгі бірге жасайтын өміршең ұлттық идея. Тарихтың өзі оның идеяларының өмірлік негізі күшті екендігін айқындап берді. М.Дулатовтың арман-тілегінің орындалғанына бүгінде тарих куә, ол халқының азаттық алғанын көре алмаса да, оның күні туатынына сенімі күшті еді. Алаш зиялыларының қайраткерлік тұлғалары осы тұтастығымен, өздерінің ерік-жігерін, күшін халық ісіне сарқа жұмсауымен ерекшеленеді. Міржақып Дулатовтың есімі қазақ халқының жадында мәңгі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Мадияр. Мемлекет халі //Қазақ. - 1917,- №248; «Құрметті

оқушылар»// Қазақ 1918.-№263; Қайтсек жұрт боламыз. - Қазақ. 1918. №264; Қазақ халқының дұшпандары. - Бірлік туы. - 1918. N24.

ҚРҰҚКА(Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві). 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105-п.

Дулатов М. Октябрь төңкерісінің үшінші жылы //Кедей сөзі.- 1920. -7-қараша.

ҚРҰҚКА. 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105-п.

ҚРҰҚКА. 124-қ., 1-т., 78754-іс, 46-п.

Дулатов М. Қазақ зиялылары//Ақ жол. 1921. 5 мамыр.

Дулатов М. Еңбекшілер автономиясы//Ақ жол. 1921. 29 наурыз.

Дулатов М. Үш жыл//Ақжол. 1923. 7 желтоқсан.

ҚРҰҚКА, 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105-п.

ҚРПА., 141-қ., 1-т., 479 «А»-іс, 1-2-п.

Қасқабасов С. «Ақ жол» туралы үш құжат//Ақиқат. 1994. N1.- 90 б.

ҚРПА, 141-қ., 1-т., 377-іс, 4-п.

ҚРПА, 141-қ., 1-т., 28-іс, 17-п.

ҚРҰҚКА., 124-қ., 1-т., 78754-іс, 104-п.

Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. Алматы, 1995 ж. 188-189.

Дулатов М. Сол қыздың атын ұмыттым//Еңбекші қазақ. 1924. №294.

Дулатов М. Сол қыздың атын ұмыттым//Еңбекші қазақ. 1924. №294.

Дулатов М. Ұрлық қайтсе тиылады//Ақ жол. 1924. 13 қараша.

ҚРҰҚКА. 124-қ., 4-т., 78754-іс. 106-п.

ҚРҰҚКА. 124-қ., 4-т., 78754-іс. 98-99-п.

REFERENCES

Madiyar. Memleket khali [State of the state] // Kazakh.– 1917, No. 248; “Dear Students” // Kazakh - 1918. - №263; Let's get back. - English. 1918. No. 264; The enemies of the Kazakh people. - Unity flag. - 1918. N24. [in Kazakh].

RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 105 QRUQKA 124th, 4th Art. 78754. Page 105 [in Russian].

Dulatov M. Oktyabr tonkerisinin ushinshi zhyly [The third year of the October Revolution] // Chechen word. -1920. November 7. [in Kazakh].

RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 105 QRUQKA124th, 4th Art. 78754. Page 105 [in Russian].

RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 46 QRUQKA124th, 4th Art. 78754. Page 46 [in Russian].

Dulatov M. Qaqaz ziyalylary [Kazakh Intelligentsia] // White Road. May 5, 1921. [in Kazakh].

Dulatov M. Enbekshiler avtonomiyasy [Autonomy of Workers] // White Road. March 29, 1921. [in Kazakh].

Dulatov M. Ush zhyly [Three years] // Akzhol. December 7, 1923. [in Kazakh].

RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 105 QRUQKA124th, 4th Art. 78754. Page 105 [in Russian].

RAPIF. 124th, 4th Art. 78754. Page 1-2 QRPA124th, 4th Art. 78754. Page 1-2 [in Russian].

Kaskabasov S. “Aq zhol” turaly ush kuzhat [Three documents about the “white road”] // Truth. 1994. N1.-90 p. [in Kazakh].

RAPIF. 124th, 4th Art. 78754. Page 4 QRPA124th, 4th Art. 78754. Page 4 [in Russian].

RAPIF. 124th, 4th Art. 78754. Page 17 QRPA124th, 4th Art. 78754. Page 17 [in Russian].

RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 104 QRUQKA 124th, 4th Art. 78754. Page 104 [in Russian].

Mukhamedkhanov K. Abai muragerleri [Abai's heirs] / 188-189 [in Kazakh].

Dulatov M. Sol kyzdyn atyn umyrtym [I forgot that girl's name] // The Kazakhman. 1924. # 294. [in Kazakh].

Dulatov M. Sol kyzdyn atyn umyrtym [I forgot that girl's name] // The Kazakhman. 1924. # 294. [in Kazakh].

Dulatov M. Urylyk qaitse tyiylady [The thief will be shattered once] // The white line. November 13, 1924. [in Kazakh].

RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 106 QRUQKA124th, 4th Art. 78754. Page 106 [in Russian].

RREPA. 124th, 4th Art. 78754. 98-99 QRUQKA124th, 4th Art. 78754. 98-99 [in Russian].

Айтжан ОРАЗБАКОВ¹, Нағима ИБРАЕВА²,
¹т.ғ.к., аға оқытушы, e-mail: aorazbakov1961@mail.ru
²магистрант, e-mail: nadyusha_84@bk.ru
^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда. Қазақстан.

МЫРҚЫ ИСАЕВ – АЗАМАТ, ЖУРНАЛИСТ, ӨЛКЕТАНУШЫ

Мақалада Сыр бойының аса көрнекті журналисі, өлкетанушы Мырқы Исаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы, өлкетану бағытындағы ізденістері қарастырылады. М.Исаев аудандық, облыстық баспасөз орындарында жұмыс істей жүріп, облыстың тарихына қатысты тарихи деректерді жинаумен айналысты. Облыстық және республикалық архивтерде ғана емес, Мәскеу мен Ленинград архивтерінде де жұмыс істеп, өлкеден шыққан тарихи қайраткерлерге қатысты деректерді жинады. Кеңес жылдарында отандық және өлкелік тарихқа жеткілікті мән берілмегендігін ескерсек, қарапайым журналистің жеке ізденістерін азаматтық ерлік деп бағалауға болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жинаған материалдары негізінде автордың өте құнды және өлкетанушылық мәнге ие «И.Токтыбаев», «Текей батыр» атты монографиялары мен мақалалары жарыққа шықты. Сөйтіп өлке тарихын зерттеуге кәсіби тарихшылармен қатар үлес қосты. Сыр бойы ардагерлерінің өмірдеректеріне арналған «Боздақтар» энциклопедиялық кітабының орны ерекше.

Түйін сөздер: Мырқы Исаев, журналист, өлкетанушы, облыстық газеттер, Иса Токтыбаев, Текей батыр.

Айтжан ОРАЗБАКОВ¹, Нағима ИБРАЕВА²,
¹к. и. н., старший преподаватель, E-mail: aorazbakov1961@mail.ru,
²магистрант, E-mail: nadyusha_84@bk.ru,
^{1,2}Қызылординский университет имени Коркыт Ата. Кызылорда. Казахстан

МЫРКЫ ИСАЕВ – ГРАЖДАНИН, ЖУРНАЛИСТ, КРАЕВЕД

В статье рассматривается жизнь и творчество выдающегося журналиста и краеведа Кызылординской области Мырқы Исаева и его исследования в области краеведения. М. Исаев работая в районных и областных газетах, увлекался кроме журналистики изучением материалов прошлого по истории края. Он работал не только в областных и республиканских архивах, но и в архивах Москвы и Ленинграда, собирал данные об исторических деятелях региона. Общеизвестно, что в советские годы отечественной и региональной истории уделялось мало внимания, поэтому исследовательские поиски рядового журналиста стало своеобразным гражданским подвигом. Только после обретения нашей страной независимости автору удалось по собранному им материалам издать книги краеведческого характера. Изданы монографии «И. Токтыбаев», «Текей батыр» и опубликованы множество статей. В этой связи особую значимость имеет энциклопедическая книга «Боздақтар», посвященная биографиям ветеранов ВОВ.

Ключевые слова: Мырқы Исаев, журналист, краевед, региональные газеты, Иса Токтыбаев, Текей батыр.

Aitzhn ORAZBAKOV¹, Nagima IBRAYEVA²,
¹c. h. s., senior lecturer, e-mail: aorazbakov1961@mail.ru
²master, e-mail: nadyusha_84@bk.ru
^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda University. Kyzylorda. Kazakhstan

MIRKY ISAEV – CITIZEN, JOURNALIST, LOCAL HISTORIAN

The article examines the life and work of the most prominent journalist, local historian Mirku Isayev, his work, and his research in the field of local history. M. Isayev, working in district, regional press offices, newspapers, collected historical data related to the history of the region. And he worked in the Moscow and Leningrad archives, collecting data on historical figures from the region. Given the fact that in the Soviet years, not enough attention was paid to regional history, the personal searches of an ordinary journalist can be considered a civic feat. He published monographs and articles "I. Toktubayev", "Tekey batur". He also study regional history. A special place is hold by the encyclopedic book "Bozdaktar", dedicated to the lives of Veterans of the Surdarya region.

Keywords: Murku Isaev, journalist, local historian, regional newspapers, Isa Toktubayev, Tekey batyr.

Кіріспе. Ғылыми мақалада Сыр бойының аса көрнекті журналисі, жазушысы, Мырқы Исаевтың қоғамдық қызметі, шығармашылығы, өлкетану бағытындағы мұралары қарастырылып, негізгі еңбектері талданады. Кеңестік жылдары М.Исаев журналистік қызметпен қатар өлкенің тарихына қатысты архив деректерін жинастырумен шектелмей, ауызша деректерді ел аузынан, көнекөз қариялардан жинастырып, тәуелсіздік жылдарында жарыққа шығарды.

Бүгінде көрнекті журналистің артында қалған ғылыми мұраларының деректік маңызы зор болып отыр.

Материалдар мен әдістер. Мақалада тарих ғылымында кеңінен қолданылатын ғылыми жүйелілік, тарихилық, объективтілік және т.б әдістер мен тәсілдер қолданылды. Сондай-ақ автордың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдеріне қатысты хронологиялық принцип сақталды. Басқа да отандық әуесқой өлкетанушылардың шығармашылығымен салыстыру

үшін тарихи салыстырмалылық әдісі қолданылды.

Талдау. Мырқы Исаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығына қатысты оның әріптестері мен шәкірттерінің мақалалары мен естеліктері бар. Әкінішке орай оның өлкетанушылық мұраларын зерттеуге арналған арнайы еңбектер аз. Бірақ олардың құнды дереккөздері екендігін айтқымыз келеді.

Зерттеу нәтижелері. 1950 жылдардың екінші жартысында Қазақстан өлшемімен алғанда да провинциялық аймақ болып табылатын Қызылорда облысының қоғамдық саяси өмірінде де «жылымық» жылдарына тән «жаңарулар» жүріп жатты. Бұл ең бірінші кезекте Қазақстан компартиясы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Ә.Сужиковтың белсенді қызметімен байланысты болды. 1958 жылы Қызылордада аса маңызды екі оқиға болды. Бірі – Бүкілодақтық комсомол ұйымы құрылуының 40 жылдығына орай Ғ.Мұратбаевтың өмірі мен қызметіне арналған бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияның зор ауқыммен ұйымдастырылуы болса, екіншісі сырт көзге байқалмаған қарапайым оқиға – Ғанидың досы Иса Тоқтыбаевтың ұзақ жылдарға созылған сталиндік лагерьден елге оралып, облыстық өлкетану музейін ұйымдастыруы және оның директоры болып тағайындалуы еді. (Аяған.Б., 2005. 484). Екеуінің де халық жадына оралуы оңай болған жоқ. Ғанидың жолы болды. Оның есімін «қайта тірілту» жоғарыдан ұйымдастырылды. Конференция ұйымдастырудың бастамашысы облыстық комсомол комитеті, оның сол кездегі бірінші хатшысы – Ыдырыс Қалиев болды. Ғаниды «қайта тірілтуші» де Ы.Қалиев еді. Себебі Қазақстан ғана емес, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан республикаларынан Ғанидың көзін көрген куәгерлерді конференцияға шақыртып, көрген-білгендерін, яғни Ғани туралы естеліктерін қағазға түсіруді ұйымдастырған сол еді. Мұнымен қатар Мәскеу, Ташкент, т.б. Орта Азия республикаларының астаналарындағы орталық архивтерге иссапармен арнайы адам жіберіп, қажетті материалдарды алдырып, оларды естеліктермен қоса жинақ етіп шығарды. Бұдан кейін тәуелсіздік жылдары да Ғаниға қатысты көптеген іс-шаралар өткізілді. Алайда, жасалған баяндамалардың негізгі дерек көзін сол баяғы Ы. Қалиев ұйымдастырған конференцияның іргетасты деректері құрады.

Бұл тұрғыдан алғанда Иса Тоқтыбаевтың жолы болмады. Ғанидың жолының болуы – өмірінің қысқалығынан болса, Исаның «кінәсі» бірнеше рет «халық жауы» ретінде сотталғандығына қарамастан тірі оралғандығында, Ғаниға қарағанда өмірінің ұзақтығында еді. Тіпті, жерлестерінің арасында, оның тірі оралғанын көре алмағандар да табылып жатты. Бұл – сезіммен қабылдау мүмкін емес қайшылықты жағдай.

Иса Тоқтыбаев есімін лайықты қалпына келтіруге партия-кеңес орындары кедергі жасаған жоқ, бірақ пәрменді жәрдем де көрсеткен жоқ. Диссертациялық жұмыстары «Роль партии в развитии...» деп басталатын ғылыми дәрежелері бар, бірақ партиялық-летаргиялық ұйқыдағы жергілікті кәсіби тарихшылардан да қайран жоқ жағдайда Иса Тоқтыбаевтың ардақты есімі үшін күрескен қарапайым журналист Мырқы Исаев еді. Ө.Қоңыратбаев, А.Тоқмағанбетов, Н. Алдамжаров, М.Кереев, Қ.Назханов (Кереев М., 1966) сияқты Қызылорда зиялыларының шағын нәзік қатары ғана білетін Иса Тоқтыбаевтың аңызды есімін елге қайтару үшін күресте М.Исаевтың азаматтық позициясы жарқын

бір қырынан көрінді. Азаматтық қоғам, азаматтық ұғым жоқ жағдайда – халық арасында танымал болу үшін азаматтық мінез танытудың өзі жеткілікті болды. Сондай мінезді Мырқы Исаев көрсетті. Ол партия, кеңес құқық қорғау құрылымдары мен бас редакторлар үшін ең «беймаз» журналист болды. Тоғыз редактормен қызметтес болды, оның жетеуімен «жағаласып» өтті. Сөйтіп жүріп жұбайы екеуі он бала тәрбиелеп қоғамға берді. Ұлтқа бір адам қызмет етсе, Мырқыдай қызмет етсін. Әділдік іздеп шарқ ұрған талай жерлестері оның есімімен кішігірім басшыларға қоқан-лоққы жасайтындай жағдайға жетті – «Мен, Мырқы Исаевқа барамын». Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызметін, мұраларын халыққа танымал етуге, ешқандай материалдық қолдаусыз Мырқы Исаев он жыл өмірін сарп етті. Балалары Бибажар мен Есенге «папаларыңның он жылғы еңбегімен танысыңдар» деп өсиет етті. (Исаев М. 1991.192) Жергілікті институттың қоғамдық кафедралары, оның ішінде тарих кафедрасы атқара алмаған жұмысты ол қоғамдық негізде бір өзі атқарды, азаматтық парызын өтеді.

Нәтижесінде, 1991 жылы «Қазақстан» баспасынан оның «Иса Тоқтыбаев» атты кітабы жарық көрді. Публицистикалық стильде жарық көрген еңбек деректік материалдарға байлығымен ерекшелетіні сондай – бұдан былайғы зерттеушілер де енді М.Исаевтың еңбегіне соқпай өте алмайды. Кеңестік тарихнамада ауызша деректер мойындала қоймайтын немесе оған екінші және үшінші кезекте мән берілетін. М.Исаевқа ондай шарттылықтың қажеттігі болған жоқ. Ол өзінің негізгі зерттеу объектісі болған Иса Тоқтыбаевтың көзін көрген куәгерлердің куәліктеріне басымдық берді. Олардың ішінде бір кездері И.Тоқтыбаевтың шапағатын көрген, қызметтес болған жергілікті ғалымдар мен комсомол, кеңес ардагерлері Ө.Қоңыратбаев, А.Тоқмағанбетов, Д.Тасекеев, Н. Алдамжаров және т.б. куәліктерінің орасан зор маңызы болды. Деректердің бір парасын И.Тоқтыбаевтың балалары Рәм, Варлен және Мәуленнен алынған мағлұматтар құрады. Осылайша, Мырқы Исаев уақыт тапшылығына байланысты, бірінші кезекте ауызша деректерді жинап жүйелеуге айрықша мән берді. Уақыт көрсеткендей ол дұрыс болып шықты. Иса Тоқтыбаевтың бір кездері С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов және т.б. қазақ зиялыларына көрсеткен қолқабысы нақ осы тірі куәгерлердің аузынан жазылып алынды. Мұнымен қатар «Ақ жол» газетінің құрылуы мен қызметіне байланысты мәліметтермен ең алғаш танысқандар ішінде тарихшылар емес, М.Исаев болды. «Ақ жол» – 1920-1925 жылдары Ташкентте Түркістан компартиясы орталық комитетінің органы, 1925-1926 жылдары Шымкентте партияның Сырдария өлкелік комитетінің органы ретінде шыққан газет. Аптасына екі рет қазақ тілінде шығып тұрды. 1920 жылғы 18 апрельден 27 июньге дейін шыққан «Жаңа өріс» газетінің жалғасы» (Исаев М., 1991.70) деп тайға таңба басқандай анықтама берген де Исаев еді. Ол «Ақжол» газеті өмір сүруінің кезеңдеріне қатысты кеңестік қазақстан тарихшыларының пікірлерімен келіспейді. Тарихшылар «Ақжол» газетінің тарихын 1925 жылға дейінгі және онан кейінгі кезең деп бөлсе, М.Исаев оны 1924 жылдың желтоқсанына, яғни оны Сұлтанбек Қожанов редактор болып тұрғанға дейінгі кезең және 1922 жылдың желтоқсан айында оны Иса Тоқтыбаев алмастырған кезеңге бөліп көрсетеді және өз тұжырымдарын нақты фактілермен дәлелдейді.

М.Исаевқа тарих ғылымында қалыптасқан стереотиптермен де күресуге тура келді. Айталық, М.Исаев – 1970 жылы жарық көрген тарихшы профессор Қасым Бейсембиевтің «Маркстік-лениндік идеологияның Қазақстандағы жеңісі» атты еңбегіндегі «Ақжолмен» оның редакторы И.Тоқтыбаевқа қатысты пікірлерімен батыл келіспейді. Онда автор шын мәнісінде 1925 жылға дейінгі «Ақжол» қызметін сынға алған еді (Бейсембаев Қ., 1970. 146-147). «Профессор Қ. Бейсембиев өз кітабында – деп атап көрсетеді М.Исаев, – Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдығын салтанатпен атап өтуді алашордалық пиғылдағы әрекет деп бағалайды да, оны ұйымдастырушылар Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Иса Тоқтыбаев болды деп тұжырым жасайды (Исаев М., 1991. 74).

1925 жылы Ф.И.Голощекин Қазақстанды басқаруға келгенде ең алғаш қуғын-сүргінге түскен И.Тоқтыбаев еді. М.Исаев «Сонымен Иса Тоқтыбаев голощекиншілдіктің ең алғашқы құрбаны болғанын ғалымдар ескере білуі керек. Тарихи шындықты қалпына келтіру үшін де бұл аса қажет» (Исаев М., 1991. 75) деп атап көрсетеді. М.Исаев тарихшылар ғана емес, әдебиетшілер жіберген олқылықтарды түзетуге ат салысты. Профессор С.Қирабаев 1966 жылы шыққан «С.Сейфуллин» атты ғылыми еңбегінде ақынның «Асау тұлпарына» берілген рецензияларға шолу жасай келе «...РК(б)П Киргиз облыстық комитетінің «Известия» журналында жарияланған К.Тоқтыбаевтың мақаласында Сәкеннің «Асау тұлпары» кітабы объективті партиялық бағасын алды». (Қирабаев С., 1966. 59-61) деп жазды. Мәселен, рецензия авторы И.Тоқтыбаев деп көрсетілмей Қ.Тоқтыбаев болып кеткенінде болып тұр. Өкінішке орай белгілі әдебиетші-ғалым Т.Кәкішевте 1972 жылы шыққан «Сәкен Сейфуллин» атты еңбегінде ақын шығармашылығына оң баға берген қай Тоқтыбаев екенін ашып көрсетпеді (Кәкішев Т., 1972. 220). Мәселенің ақ-қарасын анықтаған ешқандай ғалым маман емес қарапайым қызылордалық журналист Мырқы Исаев еді. Мәселенің анығына Ө.Қоңыратбаев арқылы таныс М.Исаев 20-30 жылдары Қазақстанда екі Тоқтыбаевтың болғанын дәлелдеді. «Сол тұста – дейді М.Исаев, – қазақ жерінде екі Тоқтыбаев қатар жұмыс істеп, қатар өмір сүрді. Кәрім Тоқтыбаев республиканың егіншілік халық комиссары болып істегенін, оның әдебиетпен шұғылданбағанын, Сәкеннің ежелгі қарсыласы болғанын филология ғылымдарының докторы, Қызылорда педагогикалық институтының профессоры Әуелбек Қоңыратбаев бізге айтып берді» (Исаев М., 1991. 87). Бұдан әрі М.Исаев белгілі әдебиетшілерге кейіс білдірмей, олардың не себептен қателікке ұрынуы мүмкіндігін түсіндіреді. Себебі «Иса Тоқтыбаев өзі редактор болып істеген газет-журналдарға жазған мақалаларының бәріне «Тохтабаев» деп қол қоятын. Тіпті, «Советская Киргизия» журналының 1924 жылғы үшінші, төртінші номерлерінде жарияланған «Общее состояние дела народного образования в КССР» деп аталатын он беттік көлемді мақаласында да «Тохтабаев» деп қол қойған болып шықты. Осылайша, 1923 жылғы С.Сейфуллинді қорғап қалған Кәрім Тоқтыбаев емес, Иса Тоқтыбаев екендігі анықталды.

Оның ИсаТоқтыбаев есімін Қазақ Совет Энциклопедиясына енгізу де шырғалаңды. «Осы арада Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакторы болған профессор Мұхаметжан Қаратаевтың «Ақжол» газеті, жалпы 1919 жылдан КПСС мүшесі Иса Тоқтыбаев десе кірпідей жиырылған бір жәйітті оқырмандар назарына сала кеткім келеді – дейді

Мырқы Исаев. – Осы жолдар авторы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының ұсынуымен Иса Тоқтыбаев жайлы анықтама әзірледі. Бірақ, М. Қаратаев оны энциклопедияның бір де бір томына енгізбеді». (Исаев М., 1991. 73). Алайда, оған шегінген М.Исаев болған жоқ. Жерлесі, ақын Асқар Тоқмағанбетовті араға салып, жағдайды оңалтуға тырысты. А.Тоқмағанбетов 1978 жылы 26 қазанда М.Қаратаевқа жолдаған хатында «Ассалаумағалейкүм Мұха... Біз де аманбыз. Мұха, Сізге айтарым: Иса Тоқтыбаев энциклопедияның 11-12 томдарына енбей қалыпты. Соның себебін біле алмаған біздер қайран қалдық. Ол адамның қазақ халқына сіңірген еңбегі бар емес пе еді? Егер мүмкіндігі болса, соңғы шығатын томдарына қосса жақсы болар еді» (Исаев М., 1991. 73).

Иса Тоқтыбаев есімін қалпына келтіру жолындағы Мырқы Исаевтың ізденістері мұнымен шектелген жоқ. Ол жеке бастамашылдығымен КСРО-ның Октябрь революциясы орталық мемлекеттік архивінде, Совет Армиясы мен соғыс теңіз флотының мемлекеттік архивінде, Ленинградтағы СССР халықтарының этнографиялық музейінің қорларында, Өзбек ССР Орталық мемлекеттік архивінде, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде, Республикалық А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бөлімінде жұмыс істеп, И.Тоқтыбаевқа қатысты деректерді тәптіштеп жинады, ең алғаш рет ғылыми айналымға түсірді.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, көрнекті оқымысты, ағартушы жерлесіміз Иса Тоқтыбаевтың есімін халық жадында қайта жаңғыртуда көрнекті журналист Мырқы Исаев ерен еңбек етті. Оның барысында Мырқы Исаевтың өлкетанушылық және тұлғатанушылық қабілет-қарымы жарқырай көрініп, көптеген кәсіби тарихшылардан оқ бойы озып тұрды. Мырқы Исаев өлкеміздің көрнекті зиялысы, азаматы ретінде жерлестеріміздің есінде мәңгі қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Аяған Б. Сыр Елі. Қызылорда облысы энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2005. 484-б.
Бейсембаев Қ. Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. Алматы. Казахстан. 1970. 384-б.
Исаев М. И. Тоқтыбаев. // Алматы: Қазақстан. 1991. 192-б.
Кереев М. Данышпан көсемнің Қызылорда облысы еңбекшілерімен байланысы. // Ленин жолы. 1966 жыл, 13 ақпан.
Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. М., Молодая гвардия. 1972. 224-б.
Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. // Алматы, Жазушы. 1966. 384-б.

REFERENCES

- Aiagan B. Syr Eli. Qyzylorda oblysy entsiklopediiasy [Cheese Country. Encyclopedia of Qyzylorda region].– Almaty: Kazakh encyclopedia, 2005. 484 p. [in Kazakh].
Beisembaev Q. Pobeda marksistsko-leninskoi ideologii v Kazahstane [Victory of Marxist-Leninist ideology in Kazakhstan].– Almaty. Kazakhstan. 1970. 384 p [in Kazakh].
Isaev M., I.Toqtybaev [I. Toktybayev].– Almaty: Kazakhstan. 1991. p.192. [in Kazakh].
Kereev M. Danyshpan kösemniñ Qyzylorda oblysy eñbekshilerimen baylanyсы [Connection of the wise leader with the workers of Qyzylorda region].– Lenin's way. February 13, 1966 [in Kazakh].
Kakishev T. Saken Seifullin. M., Molodaya gvardiya. 1972. 224 s. [Saken Seifullin].– M., Young Guard. 1972. 224 - p. [in Russian]
Qirabaeв S. Saken Seifullin [Saken Seifullin].– Almaty. Writer. 1966. 384 p. [in Kazakh].

Т.ҚАЛБАЕВА¹, Р.ДӘРМЕНОВА², Б.ӨТЕГЕНОВА³,

¹магистрант, e-mail: turdigul97@mail.ru,

²п.ғ.к., профессор м.а., e-mail: rahiya1961@gmail.com,

³магистр, аға оқытушы, e-mail: nurakyn.bayan@gmail.com,

^{1,2,3}Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университеті.
Қазақстан, Алматы қ.

ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕР – МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Қазіргі уақытта бұқаралық мәдениет жастарға зор әсер етіп, қоғамдық моральдың дәстүрлі формалары әлсіреді және мораль жойылуға жақын. Сол себепті жас ұрпақтың мәдени сабақтастығы, жастардың мәдениетке деген қызығушылығы төмендеуде, олар өз халқының тарихын, дәстүрлерін терең білмейді. Қазіргі заманғы бұқаралық мәдениеттің әсерінен қоғам мен жеке адамның өмірі үнемі және қарқынды өзгеріп отырады. Жастар әлем мен өмір салты туралы жаһандану әсерлеріне бейімделіп, жаңа идеяларға ұмтылуда. Осыған байланысты жұрттың ұлттық санасы соңғы жылдардағы қоғамның өзгерістеріне ұшырауда. Мұндай сын сәттерде ұлттық қолөнер көмекке келіп, халықтың тарихи-мәдени мұрасын сақтауға және арттыруға, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды дәріптеуге септігін тигізбек.

Түйін сөздер: қолөнер, эстетика, мәдениет, технология, шығармашылық, дәстүр, қоғам.

T.KALBAEVA¹, R.DARMENOVA², B.OTEGENOVA³,

¹master's, e-mail: turdigul97@mail.ru,

²c. p. s, acting professor, e-mail: rahiya1961@gmail.com,

³master, senior lecturer, e-mail: nurakyn.bayan@gmail.com,

^{1,2,3}Kazakh National Women's Pedagogical University. Kazakhstan, Almaty

TRADITIONAL CRAFTS – AS A TOOL FOR SHAPING CULTURAL CHARACTERISTICS

At present, in the context of the widespread influence of mass culture on youth, the weakening and destruction of traditional forms of public morality is a cultural continuity of generations, a decrease in youth's interest in culture, ignorance of the history and traditions of their people. Depending on the life of this society and personality, ethnic groups are constantly and rapidly changing under the influence of modern mass culture. Today, the preservation of culture is the basis of the moral health of any society. We find ways to ensure the process of self-development in the education system, and the organization of creative independent work is a process that allows you to show and develop personal abilities. In addition, creative work is aimed at preserving and enhancing the historical and cultural heritage of the peoples of the world, as well as promoting national values.

Key words: crafts, aesthetics, culture, technology, creativity, tradition, society.

Т.КАЛБАЕВА¹, Р.ДАРМЕНОВА², Б.ӨТЕГЕНОВА³,

¹магистрант, e-mail: turdigul97@mail.ru,

²к. п. н., и.о. профессора, e-mail: rahiya1961@gmail.com,

³магистр, ст. преподаватель, e-mail: nurakyn.bayan@gmail.com,

^{1,2,3}Казахский национальный женский педагогический
университет. Казахстан, Алматы

ТРАДИЦИОННЫЕ ремесла – ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ

В настоящее время, в условиях повсеместного влияния массовой культуры на молодежь, ослабление и разрушение традиционных форм общественной морали – это культурная преемственность поколений, снижение интереса молодежи к культуре, незнание истории и традиций своего народа. В зависимости от жизни этого общества и личности этнические группы постоянно и стремительно меняются под влиянием современной массовой культуры. Сегодня сохранение культуры – основа нравственного здоровья любого общества. Мы находим способы обеспечить процесс саморазвития в системе образования, а организация творческой самостоятельной работы – это процесс, позволяющий проявить и развить личные способности. Кроме того, творческая работа направлена на сохранение и приумножение исторического и культурного наследия народов мира, а также продвижение национальных ценностей.

Ключевые слова: ремесла, эстетика, культура, технология, творчество, традиция, общество.

Кіріспе. Ұлттық қолөнер – ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан халықтық мұра. Қазақтың қолданбалы өнері – қарапайым халықтың өркениетін бойына сіңірген, өзіндік ерекшелігі бар мәдениет. Ол – қазақ елінің ғасырлар бойы жиған баға жетпес қазынасы [1]. Данышпан ғалымдарымыздың сөзімен айтқанда, өмірдегі сұлулықты тек табиғат ғана емес, сол сұлулықты тандап, талғаушы да, оны жасаушы да адам. Ал өнер

дегеніміз – өмірді көрсетуші, бейнелеуші ғана емес, сонымен бірге ол өмірдің нақ өзі де. Демек, адам баласы сонау есте жоқ ерте дәуірден бастап өмірін, тұрмысын көрікті де сәнді етуге айрықша көңіл бөлген. Өркениетті болмыс пен жаңарған елдің гүлдене түсуі өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби болмысы мен білімділігін талап етеді.

Өнер – өмір шындығы, көркем образдар арқылы бейнелей түсуі, қоғамдық сана мен адам әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын форма. Кең мағынада өнер ұғымына технологиялық және әсемдік жағынан асқан шеберлікпен орындалатын адамның практикалық қызметінің барлық түрлері жатады [2].

Материалдар мен әдістер. Ұлттық қолөнер мәселесін зерттеудің деректік базасын ең алдымен арнаулы әдебиеттер, әсіресе, отандық және ТМД елдері ғалымдарының еңбектері, қолөнер туралы жарияланымдар, өнертанушы-ғалым, қолөнершілердің жазбалары құрайды. Тақырыпқа қажетті материалдарды аталған зерттеушілердің еңбектерінен аудардық. Мысалы, М.В.Шабанованың «Солтүстік Кавказдың этномәдени кеңістігіндегі халықтық өнер мен қолөнер: дәстүрлер мен қазіргі заман» (Ресей сувенирі. 2011. № 1. 65-70-бет.) атты еңбегінен аударма жасадым. Жұмыс барысында сондай-ақ қолөнершілер мен педагогтардың тәжірибесі көбірек пайдаланылды.

Талдау. «Қазақ халқының қолөнері» тақырыбын зерттеген, қалам тартқан әйгілі этнограф С.Қасиманов еңбегімен қатар «Қазақ өнері» энциклопедиясын (Бас редакторы – К.Ө.Нұрпейісов, құрастырушы-жауапты редакторы – А.Ж.Құдабаев.– Алматы, «Білік» редакциялық-баспа орталығы, 2002. 800 бет) да ерекше атауымыз керек. Сондай-ақ Ш.Әбдуалиеваның «Тоқыма өріліміне жетекші» (Алматы, 2013) еңбегі мен М.М.Байрамбековтің «Халықтардың көркемдік және этнопедагогикалық дәстүрлерін зерттеу мәселесі» мақаласынан да көптеген мәліметтер алдық.

Зерттеу нәтижелері. Университетте студент қыздардың халық қолөнерін тани түсуі, олардың ұлттық болмысқа негіз бола алатын этникалық сәйкестікті қалыптастыруға көңіл бөлуі жастардың дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды сақтауға және дамытуға ұмтылыстарын байқатады. Сондықтан кейбір ерекшеліктерді анықтап, қыздардың санасында ұлттық қолөнер туралы толыққанды ұғым қалыптастыру – университеттің басты мақсаттарының бірі.

- Қолөнер технологиясымен танысу арқылы жастардың көркемдік қабілеттерін дамыта аласыз. Қолөнерде көркемдік дизайн бір жағынан адамдарды өмір салтымен байланыстырса, екінші жағынан, ойлау, идеялар, композиция және безендіруді қамтамасыз етеді.

- Жастардың қолөнерге деген ынтасы бұйымдардың жасалуымен қамтамасыз етіледі қарапайым халықтық өнер, күрделілікті қажет етпейтін техникалық құралдар, оларды өндіруге арналған материалдар қоршаған ортада және олар адамдардың күнделікті қажеттіліктерімен байланысты.

- Жастарды қолмен жұмыс жасау дағдыларын дамытудың келешегі зор. Білім алған жылдар бойы халықтың өнер дағдылары оларға өздерін қамтамасыз етуге, отбасылық өміріндегі қосымша табыс, бизнес ретінде қарастырса болады.

- Жастарды халықтық қолөнермен таныстыру, олардың бірегейлігін мойындау, әлеуметтік маңыздылығы олардың этникалық ерекшелігі қалыптасады. Қорыта айтқанда, дәстүрлі қолөнер түрлерін тізіп шығу емес, этномәдени ортада жастардың мәдени ерекшелігін қалыптастыру өнерпаздарға терең білім, үлкен мәдениетті игерту үшін барлық мүмкіншіліктерді жұмсап еңбек ету керек.

Жалпы өнердің дамуына қай кезде, қай елде болмасын халық бұқарасы зор үлес қосқан. Өнер қоғамдық болмысты бейнелеудің формасы бола отырып, қоғамның рухани өмірінің техника, мораль сияқты салаларымен белгілі дәрежеде байланысты болып келеді. Қалай дегенмен де, қоғамдық сананың басқа салаларынан шығатын өнер объектісі – адамның өмір шындығына

эстетикалық қатынасы, әлемді көркемдік тұрғыдан ұсыну. Көпқырлы өнер халық мұраларын зерттеумен қатар, бүкіл әлемдік өнердің даму бағытын ескереді, заман талабына сай жаңа көзқараста қалыптасуды қажет етеді. Өнер өмірді сұлулықпен байытады және адамдардың эстетикалық қажеттіліктері мен талғамдарын қанағаттандырады. Өнердің танымдық маңызы және оның адамдарға идеялық-ағартушылық әсері оның негізгі эстетикалық қызметі арқылы көрінеді. Өнердің танымдық және тәрбиелік мағыналары бір-бірімен тығыз байланысты және оны бөлісуге болмайды. Себебі өнер белгілі бір шындықты тиімді көркемдік тәсілмен ұсына отырып, адамдардың эмоциясы мен санасына әсер етеді, ол жақсылықты бейнелейді. Осы қасиеттердің арқасында мәдениеттанушылар өнердің әлеуметтік рөлін жоғары бағалайды. Мәдениет пен өнер де осы процестен тыс, өзінен-өзі келген жоқ. Ғасырлар бойы көшпелі жағдайда өмір сүріп, жартылай отырықшылықпен кәсіп еткен ертедегі ата-бабамыз үшін баспана салып, азық-түлік қамдаудың, жүн түтіп, арқан есіп, жіп ирудің, тері илеп, текемет басудың, сырмақ сырудың, алтын, күміс, асыл тас, маржан моншақтардан ұқсатып бұйымдар жасаудың, ағаштан, темірден түйін түйіп, тас қашаудың маңызы ерекше. Сондай ақ, бізге жеткен құсмырын жүзіктер мен құдағи жүзіктер, алтынмен апталып, күміспен күптелген алқалар мен үзбелі сырға, шашбаулардың, кемербелдік, қол дорба, ер-тұрман жабдықтары мен үй мүліктерінің сирек кездесетін үлгілері ата-бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған мұрасы екені жыл өткен сайын дәлелдене түсуде. Әрине, заттар тек қана қажеттілік тұрғысынан ғана емес, әдемілік, әсемдік заңдылығы бойынша дамиды. Сондықтан әшекейлі заттар мен сәндік бұйымдар көптен жасалатыны хақ. Осыған байланысты сұлулыққа деген көзқарас ғасырлар бойы өзгеріп, екшеленіп отырады.

Сәндік өнерді өз дарынына немесе шеберлігіне арқау еткен шебер ғана шығармасына нәр боларлық гүл шоғын әрқашан табиғаттан, өмірден іздейді. Табиғат болса өте бай қазына. Міне осы нәрді тапқан шебердің шығармасы ғана адамға аз да болса көңіл сергітер қуаныш әкелген болар еді. Сондықтан да болар соңғы жылдарда халық сәндік өнер туындыларын аса зейін қоя қызықтайды, ал өнеріміз тұрмыс төрінен орын тауіп, халық игілігіне қызмет етеді.

Қазақ ою-өрнегі, сөз жоқ ұлттық туынды. Ол ұлттық тар шеңберде қалып қоймайтын, дүниежүзілік мәдениетпен үндесетін бай мұралардың біріне жатады. Халқымыздың қолданбалы сәндік өнерін пайдалана отырып, білім алушыларға әсемдік туралы тәрбие беруде оқу ордаларының алдына қойылып отырған талаптарды дұрыс шешу үшін мұғалімнің теориялық, әдістемелік және практикалық дайындығы болуы қажет. Сондықтан да мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіріп, халық өнерін үйренуі және оны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, эстетикалық даму дәрежесіне қарай тәрбие беру мақсатына қолданған жөн.

Қазақ халқының ұлттық қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бедерлеу сияқты шеберлік өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде осы өнер түрлерінің әрқайсысының өз алдына талай ғасырлық тарихы бар. Халық өнері мен тарих аралығында мәңгілік байланыс жатыр, әсіресе, бұл қолөнер тарихында кездеседі. Ал өрнек өнеріндегі түрлі құпиялар мен жұмбақ сырлардың ерекшеліктерін бала жанымен, бала өмірімен сабақтастыра алсақ, бұл біз үшін ең маңызды да қызықты іс. Сондықтан ғасырлардан бері сұрыпталып біздің дәуірімізге жеткен, сақталып келе жатқан жауһар қазыналардан үйреніп таным алуымыз қажет. Танымдық мәні бар өнерді

үйренуде халықтан асқан ұстаз да, өнерпаз да жоқ.

Халқымыздың тарихына, мәдени өміріне ой жүгіртпін көрсек, ерте заманда он саусағынан өнері тамған ісмер, шеберлердің, қолөнер шеберлерінің әсем бұйымдары мен елін қорғаған батырлары үшін қару-жарақ, сауыт-сайман, ер-тұрман жасалғаны өз алдына бір шежіре.

Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті ұй салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білген.

Бұдан біз халық шеберлерінің шығармаларының қандай түрі болса да халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен тығыз байланысты екенін көреміз. Халқымыздың тұрмысын одан әрі көркейту, еңбек ету мен өмір сүру жағдайын жақсартып, олардың ұлттық мәдениетін көтеру – қазіргі бетбұрыс кезеңде алға қойылған міндеттердің ең негізгілерінің бірі. Бұл міндеттердің көздеген мақсаты ұлттық өнерді халық игілігіне асыратын жоғары сапалы бүгінгі күннің эстетикалық талабына сай заттарды өндіру ісін кең жолға қою. Осындай үлкен істің басы қасында болар, сол істі тындырар адамдардың бір тобы – сәндік өнер, дизайн және қолөнердің кәсіпқой профессионал майталман шеберлері. Өнерді құру әдісі оңай болған жоқ, кейбір түрлері көп еңбекті қажет етті. Халықтың мәдениеті өскен сайын олар тұтынушылық тауарлар мен жабдықтардың жоғары сапа стандарттарын талап етті және олардың жоғары сапалы және сәнді болуын қалады. Өнер адамзаттың игілігі үшін жаратылып, адамдардың әл-ауқаты, мәдениеті мен өміріне ықпал ететіні айқын. Бұл қазақ халқына өте қажет рухани азық. Адамдарға рухани білім берудің бірден-бір құралы – өнер. Ал қазақтың ұлттық қолөнер шеберлерінің көркем мұрасына шеберлікке келетін болсақ, оған бұл күнде жетер шек жоқ. Ешкім де оның шыңырау шыңына көтерем деп айта алмайды. Халық мұрасындағы көркем дүниенің шымырлығы, ғажап өрнектердің бірінен бірі туып, шиыршық атып жатуы, көркемдік құралдарының асқан талғампаздықпен дәл қолданылуы, ой мен сезімнің, мінез бен әрекеттің үйлесімділігі, стильдік жағынан бірде бір артық сызықтар мен бояулардың болмауы – осының бәрі де сап шеберлікке келіп тіреледі. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Бұл біздің адамдарға, жас ұрпаққа тән жақсы қасиеттер мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлтымыздың дүниетанымының жалғасы дегенді білдіреді. Қазақ ағартушысы, демократ және тәлімгер Абайдың: «Адамның мінезін өзгертуге болмайды», – деген кісінің тілін кесер едім», – деген сөзі еріксіз ойға түседі. Әр ұлт үшін ғасырлар бойы қалыптасқан рухани білім беру дәстүрі бар деп айтуға болады, бұл мектептің білім беру ісіне белгілі әсер етумен қатар, жастардың дүниетанымы мен адамгершілік бейнесіне оң әсер етеді [3].

Қазіргі уақытта мәдениетті сақтау кез келген қоғамның моральдық денсаулығының негізі деп айтуға болады. Біз өзін-өзі дамыту процесін қамтамасыз ету жолдарын білім беру жүйесінде және шығармашылық өзіндік жұмысты ұйымдастыру жеке қабілеттерді көрсетуге және дамытуға мүмкіндік беретін процесс. Сонымен қатар, шығармашылық әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтауға және арттыруға, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.

Іс-тәжірибенің негізгі мақсаты – әлеуметтік және жеке маңызды қажеттіліктер мен қызығушылықтарды қалыптастыру арқылы тиімді жүзеге асырылатын этно мәдениет пен қолөнер дәстүрлерін жаңғырту және дамыту, студенттердің шығармашылық өзара әрекет-

тесуі, студенттік өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары тұрақты әлеуметтік құндылық бағдарларын жастардың дамуы әлеуметтік-мәдени белсенділік, азаматтық жауапкершілік және бос уақытты өзін-өзі жүзеге асыру.

Шығармашылықты зерттеу жұмысының негізгі бағыттары: студент жастарға көркемдік және эстетикалық тәрбие беру, дәстүрлі қолөнерді зерттеу, этнографиялық экспедициялар жүргізу, дәстүрлі ою-өрнектерді зерттеу, өнер кәсіпорнындағы қолөнермен танысу, көрмелер, презентациялар, семинарлар, кездесулер өткізу [4].

Жастар басқа әлеуметтік топтарға қарағанда құндылықтар, нормалар, ассимиляциямен байланысты трансформациялық процестер мінез-құлықтың белгілі бір стильдерін қалыптастыру және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерді сәйкестендіруге көбірек бейім. Осыған байланысты жандану және даму мәселесі жастар арасында этникалық сәйкестікті қалыптастыруға ықпал ететін руханилық мұраттары, мінез-құлық пен өмір салтының психикалық ерекшеліктері терең өзгереді және өзекті болады. Бізге қажетті өзгерістерді жаңарту үшін – қыздарға арналған технологиялық сабақтарды енгізу және бұл үшін теориялық және әдістемелік негіздемелерді сенімді қалыптастыруды мақсат ету, халықтардың психикалық ерекшеліктері мен қолөнер бұйымдарының сипаттамаларын, формалары мен маңызды байланыстарын анықтау қажет. Кез-келген адамның шығармашылық потенциалы мен психикалық ерекшеліктерін білдіретін өнер түрі ретінде қолөнер екенін зерттеушілердің көзқарасы көрсетті. Бұл қайталанбас туындыларды жандандыру, сақтау және жетілдіру олардың зияткерлік және көркемдік әлеуетін көрсетеді. Жастардың этникалық ерекшелігі мен олардың мәдениеттерінің бірегейлігі, сонымен бірге, олардың қалыптасуына көмектеседі. Шығармашылық жұмыс ретінде қолөнержастарды этникалық менталитеттің ерекше элементтерімен таныстыруға мүмкіндік береді.

Жастарды қолөнермен таныстырудың тәжірибе өзектілігі айқын болғанымен, оның консерватизміне байланысты қоғамдық санадағы өзгерістер тиісті жауап қайтаруға асықпайды. Қазіргі жалпы білім беруде этникалық мәдениет дерлік көрінбейді. Оқу орындарында этномәдениеттің көркем қолөнер дәстүрлерін оқып үйренудің маңызы, бір жағынан, әйелдерді қамтамасыз ету проблемасымен байланысты оларды үй шаруасынан алшақтатпай, екінші жағынан жастарды материалдық және рухани мәдениет оның этникалық қалыптасуына ықпал етуді куәландыру. Сонымен бірге, дала материалы қыздарға олардың ажырамас байланысына назар аударуға мүмкіндік береді, халықтардың дәстүрлі өмір салтымен таныстырады. Тиісінше, әйгілі өрнек бойынша қолөнерді қалпына келтіру, жастардың қызығушылығын арттыруды және өз халықтарының өмір салтына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, стереотиптері мен мінез-құлық стиліне, оларға ғасырлар бойы басқа халықтармен үйлесімді өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қыздарда этникалық бірегейлікті қалыптастыру халықтық әдет-ғұрыптарды қалпына келтіру мүмкіндігіне бағытталған. Ежелгі уақытта көптеген халықтарда қыздардың өз қолдарымен өткізетін жаттығулары болған. Олар кілем бұйымдарын, өрілген төсеніштерді, сүлгілер, перделерді өздері жасаған. Қазіргі таңда мектептерде технологиялық курсты өткізу өндіріс өнімдерінің белгілі бір түрімен ғана шектеледі. Әр сабақта өндіріс өнері адамдар менталитетінің ерекшеліктерімен, олардың әлеуметтік маңыздылығымен байланысты, өнімдер дәстүрлі өмір салты, бұл қыздарға өз халқының мәдениеті өздерінің меншігі туралы білуге мүмкіндік берді [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

С.Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері.– Алматы, «Қазақстан», 1995. 240 б.
«Қазақ өнері» энциклопедиясы. Бас редакторы – К.Ө.Нұрпейісов, құрастырушы-жауапты редакторы – А.Ж.Құдабаев.– Алматы, «Білік» редакциялық-баспа орталығы, 2002. 800 бет.
Ш.Әбдуәліева. Тоқыма өріліміне жетекші, Алматы, 2013
Байрамбеков М.М. Халықтардың көркемдік және этнопедагогикалық дәстүрлерін зерттеу мәселесі.– Ашхабад, 2011.
Шабанова М.В. Солтүстік Кавказдың этномәдени кеңістігіндегі халықтық өнер мен қолөнер: дәстүрлер мен қазіргі заман // Ресей сувенирі. 2011. № 1. 65-70-бет.

REFERENCES

S.Kasimanov. Qazaq halkinin koloneri [Kraft of the Kazakh

people].– Almaty, «Kazakstan» 1995. 240 p. [In Qazaq].

«Qazaq öneri» entsiklopediiasy. Bas redaktory – K.Ä.Nurpeisov, qurastyryshy-jauapty redaktory – A. J. Qudabaev [Encyclopedia "Kazakh Art". The editor – in-chief is K.Nurpeisov, the editor-in-chief is A.J.Kudabaev].– Almaty, Editorial and publishing center "Bilik", 2002. 800 pages [In Qazaq].

Sh.Äbdyaliyeva. Tokima orilimine jetekshi [Knitting guides].– Almaty, 2013 [In Qazaq].

Bayrambekov M.M. Haliktardin korkemdik jane ensiklopediyalik dasturlerin zertteu maselesi [The problem of studying the artistic and ethnopedagogical traditions of peoples].– Ashhabad, 2011 [In Qazaq].

Shabanov M.V. Kavkazdin etnomadeni kenistigindegi halittik oner men koloner: Dasturler men kazirgi zaman [Folk art and crafts in the ethnocultural space of the North Caucasus: traditions and modernity].– Resei suveniri. 2011. № 1. P. 65-70 [In Qazaq].

ОӘЖ: 93/94(574)

Жанар БЕЛГИБАЙ,

т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ,
Шымкент, Қазақстан. E-mail: zhanar.belgibay.62@mail.ru

МАЙДАНГЕР А.АСҚАРОВТЫҢ ӘСКЕРИ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аталған мақалада мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери қызметі жан-жақты сипатталады. Онда орыс тіліне жетіктігімен әрі ұйымдастыру ісіндегі қабілеттілігімен танылған А.Асқаров әскери басшылық бұйрығымен капитан Колесников командирлік ететін дербес төртінші атқыштар батальонындағы ротаның саяси жетекшісі Н.Г.Дрынкиннің орынбасары болып тағайындалғандығы, А.Асқаровқа жауынгерлермен елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайына қатысты дұрыс бағыт-бағдар беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу жүктелгендігі, майданда әскери және саяси дайындық барысында көрсеткен еңбегі үшін осы жылы А.Асқаров бағалы сыйлықтармен марапатталғандығы мұрағаттық деректермен нақтыланған.

Кілттік сөздер: Ұлы Отан соғысы, әскери, майдангер, саяси жетекші, әскери-саяси жұмыс, командир, батальон.

Жанар БЕЛГИБАЙ,

к.и.н., доцент, Южно Казахстанский университет им. М. Ауэзова,
Шымкент, Казахстан. E-mail: zhanar.belgibay.62@mail.ru

ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ФРОНТОВИКА А.АСКАРОВА

В статье подробно рассказывается о военной службе государственного и общественного деятеля Асанбая Аскарова в годы Великой Отечественной войны. А., известный не только своим владением русским языком, но и организаторскими способностями. Приказом военного руководства Аскаров назначен политическим руководителем роты в четвертый отдельный пехотный батальон под командованием капитана Колесникова Н.Г. Назначение Дрынкина заместителем, а в этом году Аскаров был награжден орденом «За заслуги» за работу в области военно-политической подготовки на фронте. По архивным данным, Аскарову были вручены ценные призы.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, военный, воин, политический деятель, военно-политическая работа, командир, батальон.

Zhanar BELGIBAY,

Ph.D., associate prof., South Kazakhstan University named after M. Auezova,
Shymkent, Kazakhstan. E-mail: zhanar.belgibay.62@mail.ru

MILITARY-POLITICAL ACTIVITY OF FRONTOVIK A.ASKAROV

The article describes in detail the military service of the state and public figure Asanbay Askarov during the Great Patriotic War. A., known not only for his command of the Russian language, but also for his organizational skills. By order of the military leadership, Askarov was appointed the political leader of the company in the fourth separate infantry battalion under the command of Captain N.G. Kolesnikov. The appointment of Drynkin as deputy, and this year Askarov was awarded the Order of Merit for his work in the field of military-political training at the front. According to archival data, Askarov was awarded valuable prizes.

Keywords: the Great Patriotic War, military man, warrior, politician, military-political work, commander, battalion.

Кіріспе. Ұлттық тарихи сананың жаңғыртылып, өркениеттік бағыт алуында халқына қызмет ету рухында тәрбиеленіп күш-қуатын қоғам мүддесіне жұмсаған жеке тұлғаларға қатысты мәселелерді ғылыми тұр-

ғыдан зерттеуге кейінгі жылдары жол ашылғаны мәлім. Отандық ғылымтануда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық мәдени дамудың мақсаты ретінде тұлғалардың алар орнын бағалау жөнінде өзіндік пікірлер

калыптаса бастады. Бұл ретте олардың тарихын зерттеу, тағылымды жақтарын ашып көрсету, қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасап, зерттеу нысанына алу қажеттілігі туындайтыны анық. Сондықтан да ғылым-тануда өзіндік орын алатын ғұмырнамалық жанр арқылы жекелеген тұлғалардың өмір жолын, сан-салалы қызметін танып-білумен қатар олар өмір сүрген тарихи кезеңнің қыр-сырын түсінуге де мүмкіндік туады.

Тұлғалардың тарихтан алар орнын Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген», – деп атап көрсетті [1]. Міне, сондықтан да болар жалпы қоғамның даму барысын, ондағы орын алған айтулы оқиғаларды жеке тұлғасыз толық сипаттай алмайтындығымыз анық. «Көзқарас» атты еңбегінде Асанбай Асқаров: «Дүниеден өткендерге бедел-абыройдың керегі жоқ, бірақ олардың істері мен ардақты есімдері бүгінгі ұрпаққа керек. Патриотизмнің ұлттар тарихында қалыптасатынын ұмытпау керек. Егер ұлт өзінің болашағына қам жесе, онда өзінің бүгінгі ұрпағының қамын ойлаған жөн. Жұрт кейде мұны да ұмытып кетеді...», – деп толғана жазған болатын [2, 33-б.]. Халқы үшін өмірін күреспен өткізген, күш-қуатын қоғам игілігіне жұмсаған ұлтымыздың ұлтжанды қайраткерлері ұмытылмақ емес. Десек те еліміз қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп демократиялық мемлекет құру арқылы өркениетті елдер санатынан көрінуді мақсат тұтқан тұста Отан тарихында қазақ кеңестік қоғамында қалыптасып, дарыны мен еңбегін кеңес-партия қызметіне жұмсаған қайраткерлердің де ғұмынамасын жасауға мән берілу ләзім. Өйткені олардың да халқының жарқын болашағы үшін атқарған қызметтері, соңына қалдырған рухани мұралары да бүгінгі тарихтан шынайы түрде бағаларын алуы қажет.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында жазба деректердегі мәліметтер, газет-журналдағы және архивтік материалдар тарихи дерек ретінде талданды. Мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери қызметі мазмұндауда ол туралы естеліктер кітабы, жазба және архивтік мәліметтер сәйкестендіріліп, зерделенді. Мақаланың мазмұнында аталған қайраткердің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери қызметі тарихи деректерді талдау арқылы жан-жақты сипатталып ашылды; А.Асқаровтың қоғам қайраткері болып қалыптасуына түрткі болған ғұмырбаяндық жағдайлар сараланды. Зерттеу объектісіне айналған мәселенің дамуында табиғи ортаның атқарған рөлі айқындалды. Мұндай нәтижелерге тарихи деректерден келтірілген үзінділерге ғылыми талдау жасау әдісін пайдалану арқылы қол жеткізілді.

Талдау. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан азаматтарының саяси белсенділігі туралы көптеген ғалымдар жазған. Бұл тақырып төңірегінде отандық тарихшыларымыздың арасынан М.Қ.Қозыбаев, К.Р.Аманжолов, Қ.С.Алдажұманов, Б.С.Сайлан, Қ.Жылқышыбаева, С.Ділманов және т.б. тарихшы ғалымдар қалам тартты және олар өз еңбектерін ұсына отырып, біздің еліміз үшін бұл тақырыптың әлі де маңызды екенін атап өтті.

Мұрағат қорларындағы материалдармен танысу барысында А.Асқаровтың соңына қалдырып кеткен мұраларының өте мазмұнды әрі бай екендігін байқадық.

Мемлекет және қоғам қайраткерін соғыс жылдарында, әсіресе, атқыштар батальонындағы ротаның саяси жетекшісінің орынбасары ретінде елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайына қатысты жауынгерлерге дұрыс бағыт-бағдар беру және түсіндіру жұмыстары көп толғантқан. Сондықтан да ол жауынгерлерге саяси жетекшілікке ерекше көңіл бөлген. Оларға саяси басшылық жасауда және басшылық ететін жетекшілерді дайындау ісінде А.Асқаровтың еңбегі зор деп білеміз. Сондай-ақ, кезінде оған жазылған және өзі басқаларға жазған хаттар мемлекет және қоғам қайраткерінің достық қатынастарға көп мән бергенін, қолынан келген көмегін ешкімнен аямаған ізгі жүректі, адамгершілігі мол, парасатты тұлға болғандығын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері. XX ғ. 30 жж. екінші жартысында қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік ахуалдың қиындығына қарамастан А.Асқаров 1936 ж. жеті жылдықты үздік бітіріп, Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, 1939 ж. оны үздік бітіргеннен соң жолдамамен Қырғызстанға Фрунзе облысы Калинин ауданы Сарытоты селосына жіберілді. «Ерікті» орта мектебінде еңбек жолын бастап, ұстаздық қызметін Ұлы Отан соғысы кезінде де, яғни 1942 жылға дейін жалғастырады [3].

Сұрапыл соғыс жылдары А.Асқаров майданға аттанған кезеңін өз естелігінде: «Ертеңгі мезгіл болатын. Мен кезекті сабағымды жүргізіп жатқанмын. Ауылдық Кеңестің шабарманы есікті имене ашып тұрып, оң қолымен барша жұртқа белгілі бола бастаған шақыру қағазын ұсынды», – деп жазды [4, 33-б.]. Осы жылдың мамыр айында ол еліміздің Қарулы Күштер қатарына шақырылды.

Әскерге шақырылған аудандық жастармен қатар А.Асқаров Термез қаласындағы 213-атқыштар дивизиясының 585-полкінің бірінші ротасының екінші взводына жіберілді. Бұл полктың бірінші ротасының екінші взводының командирі болып О.С.Коган тағайындалған болатын. Термездегі аптап ыстыққа қарамастан әскери мектепте жауынгерлер дайындықтан өтіп, рота комсоргі ретінде оған курсанттардың саяси білімін және әскери күш-жігерін көтеру міндеттері жүктелінді. Полк мектебін бітірген курсанттардан дербес 89-таулық атқыштар бригадасы жасақталып, аталған бригада таулы аймақтарда жауынгерлік қызметін атқару міндеттелді. Бригада Иран шекарасына жақын Қызыларбат қаласына көшіріліп, әскери дайындықтарын жалғастырды және оның құрамы көп ұлтты, атап айтқанда өзбек, тәжік, қазақ және т.б. ұлт өкілдерінен құралды. Әскери дайындық жұмыстары орыс тілінде жүргізілді. Орыс тіліне жетік емес жауынгерлермен әскери дайындық жұмыстарын жүргізу аса қиындықтар туғызды. Кейіннен бұл жөнінде А. Асқаров: «Қызыл армия сапында дайындық жұмыстарын түгелімен орыс тілінде жүргізілгендіктен мынадай құрамды жауынгерлер арасында дайындық жүргізу тіпті қиын еді. Бригаданы жасақтау үшін кіші және орта дәрежедегі командирлер құрамынан басқа да көп адам ауылдық жерлерден шақырылғандықтан олардың бір сыпырасы орыс тіліне шорқақ болатын. Оған танданудың да реті жоқ-ты», – деп еске алды [4, 39-б.]. Өзінің орыс тіліне жетіктігімен қатар ұйымдастыру ісіндегі қабілеттілігімен танылған А. Асқаров әскери басшылық бұйрығымен капитан Колесников командирлік ететін дербес төртінші атқыштар батальонындағы ротаның саяси жетекшісі Н.Г. Дрынкиннің орынбасары болып тағайындалды. А.Асқаровқа жауынгерлермен елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайына қатысты дұрыс бағыт-бағдар беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу жүктелді. Майданда әскери және саяси дайындық барысында көрсеткен еңбегі үшін осы жылы А. Асқаров ба-

галы сыйлықтармен марапатталды [5, 1-қ.п.]. Ал, 1943 жылы сәуір айында әскери және саяси дайындықтың үздігі ретінде Тәжікстанның Ленинабад қаласына орналасқан әскери-саяси училищеге оқуға жіберілді. Училищені генерал-майор, Кеңестер Одағының Батыры В.И.Скобин басқарды. Ол Халкин-Гол шайқасына қатысып ерлігімен танылған әскери тұлға еді. Бұл оқу орны қысқартылған бағдарлама бойынша майданға әскери-саяси бағытта мамандар дайындады. Мұнда А.Асқаров әскери шені старшина болғандықтан взвод командирінің көмекшісі етіп тағайындалды. Оқу барысы он екі сағатқа созылып сабақ қатаң әскери тәртіп негізінде жүргізілді. 1943 жылдың жазында училищені бітірген кіші офицер шеніндегі А.Асқаров Сібір қалаларының бірінде орналасқан жаяу әскерлердің Н. бөлімшесінің Н. батальонына комсорг болып тағайындалды. Ол әскери-саяси қызметінде батальон саяси жетекшісінің орынбасары Н.В.Тарунов, дивизия үгітшісі майор Серікбай Бейсенбаев секілді әскери-саяси басшылардың жауынгерлерге саяси сабақтар жүргізу әдістерінен тәжірибе жинақтайды. Майданда ол батальон комсоргы, полк комсоргы ретінде әскери-саяси қызметтер атқарды. Соғыс жылдарында А.Асқарұлы жауынгерлердің әскери рухын көтеріп, жеңіске деген сенімін, күш-қайрат, ерік-жігерін арттырып, Отанға деген патриоттық сезімдерін арттыра білді. Нәтижесінде саяси жетекші ретінде жауынгерлерге тәрбие берудегі еңбегі үшін 1944 жылы 23 ақпанда БЛКЖО ОК-нің Құрмет қағазымен марапатталды [6, 4-п.].

Оның Ұлы Отан соғысы туралы естеліктері мұрағат жазбаларында сақталған. Өз естелігінде: «мен төрт жылдық соғыс жолынан өтіп, ешкімді аямайтындармен көп кездестім. Олардың арып-ашқан реңдері кісінің жанын күйзелтер еді. Тіпті жасөспірімдердің өздері де өз жастарынан әлдеқайда ересек көрінетін. ...соғыс біздің ішек-қарынымызға дейін ақтарып кетті. Ол адамның қолынан не келетінін анықтап берді», – дей келе [2, 14-б.], «менен бұрын соғысқа кеткен үш ағамның ішінен Құлназар ағам ғана қайта оралды. Жоқтықпен өткен балалық шақ, ауыр жастық шақ, жақын адамдардан айырылу маған қиынға соқты. Сондықтан да мен осындай моральдық қазаның орнын адал еңбегіммен толтыруға тырыстым, өзімді еңбекке арнадым...», – деп жазды [7, 4-п.].

Бүкіл елге төнген соғыс зардабы Асқаровтар отбасын да айналып өтпеді, оның да бауырлары майданнан қайтпады. Үлкен ағасы Құлназар майданда барлаушы болды. «Көзқарас» атты еңбегінде: «Барлаушы деген жанкешті адам, тапсырмадан аман орала ма, оралмай ма, ешкім айта алмайтын. Ол соғыстың алғашқы күнінен бастап, аяғына дейін алдыңғы шепте жүрді. Мәскеуді, Сталинградты қорғап, Киевті азат етіп, Орлов-Курск иінінде шайқасты. Батальон екі рет төтенше жағдайда әрекет етуге тура келген. Бірінші рет батальон штабын қоршаудан шығаруға тапсырма алып, өмірін қауіпке тіге отырып орындап шығады. Бұл 1941 жылы Москва түбінде болған еді. Екінші рет оған жаудың тылында қалған полк штабының құжаттарын алып шығу тапсырылады. Бұл тапсырманы да орындайды. Оның Ұлы Отан соғысында қайсар барлаушы болғандығын «Ленинская смена» басылымында 1979 жылы жарық көрген саяси жетекшісінің мақаласы айғақтайды» [8]. Ағасы Сыдыназар Белоруссиядағы Орша қаласы түбіндегі шайқаста, ал Асанжан Калининград облысы аумағындағы майданда қаза тапты. Отбасының мүшелеріне қатысты естеліктерінде мынадай жолдарды кездестіруге болады: «Үлкен ағам, одан кейінгі екінші ағам майданға аттанды. Ал, 1918 жылы туған ағам Асанжан 1940 жылдан бері Қарулы Күштердің сапында

болатын». «Сыдыназар мен Асанжан майданда мерт болды» [9, 521-б.].

А.Асқарұлының оқу орнында, алғашқы еңбек жолында қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы арқылы қалыптасқан қоғамдық-саяси көзқарасының шырдаулы Ұлы Отан соғысы жылдарына тап келді. Оның саяси көзқарасының кеңеюіне майданда атқарған әскери-саяси басқару және ұйымдастыру жұмыстары үлкен ықпал етті. Кеңес Одағының Ұлы Отанды қорғау, прогресшіл адамзатты фашизм апатынан сақтау үшін кеңес халқының дүниежүзілік империализмнің екпінді күші фашистік Германияға және оның одақтастарына қарсы жүргізілген әділетті азаттық соғысы ретінде бағаланғаны шындық.

Кеңес-герман соғысы басталған күні КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының көптеген әскери округтер бойынша әскер қызметіне міндетті азаматтарды мобилизациялау туралы Жарлығы қабылданды. Ал, 1941 жылы 17 қыркүйекте Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің «КСРО азаматтарын жалпыға бірдей міндетті әскери оқуға тарту» жөніндегі қаулысы жарияланды. Бұл қаулы бойынша Қызыл Армияға тиң күштер дайындау мақсатымен 16 мен 50-дің арасындағы азаматтар тартылды [10, 78-б.]. Бұл соғыс Отанымыздың бірде-бір отбасын айналып өтпеді, бүкіл халық фашизмге қарсы күреске бірігіп ашық айыптап үдере көтерілді.

Сталиндік режим тұсында кәсіби армиямен қатар Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті тұрғындарынан, қуғынға ұшыраған халықтар негізінде еңбек армиялары ұйымдастырылды. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы жылдарында бас бостандығынан айырылғандарды оқшаулап ұстай отырып КСРО ІІХК олардың еңбегін кеңінен пайдаланды [11, 96-б.]. Бүкіл ел басына төнген фашизм қаупі майдандағы әрі тылдағы әрбір азаматтан ерік-жігер мен рухани мүмкіндіктің жұмсалуды талап етті. Фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы Қазақстан халқының барлық рухани күш-жігерін және қайратын қатал сынаған соғыс болды. Бұл сыннан Қазақстан жастары абыроймен өтті. Соғыстың алғашқы күнінен аяқталғанға дейін Қазақстаннан майданға барлығы 241 966 жастар ұйымының мүшелері жөнелтілді [12, 192-б.]. Сонымен қатар республикада комсомол-жастар бригадалары құрылып, қоғамның қай саласында болмасын белсенділік таныта білді. Мәселен, комсомол жастардың өздерінің жеке меншік қорынан мемлекетке 643273 пұт астық, 12908 бас ірі қара және 94038 жылы киім тапсырды. Жастардың бұл қосқан үлестері азық-түлік проблемасын шешуде маңызды рөл атқарды [13, 68-б.].

Соғыс алдында сталиндік қуғын-сүргіннің өршіген кезеңінде әскер басшыларының елу бес пайызы жазықсыз қуғындаудың құрбаны болды. Азамат соғысының от жалынында шындалған 43 мыңға жуық Қызыл Армия командирлері сталиндік лагерлерде апат болды. Қызыл Армияның М.Н.Тухачевский, В.К.Блюгер, И.Э.Якир, И.П.Уборевич, т.б. даңқты командирлері, әскери теоретиктер репрессия тұзағына ілініп, қолбасшылардың қатары сиреді. Қызыл Армияның уақытша жеңілісіне сталиндік жеке басқа табынушылық пен репрессия да үлкен әсер етті [14]. Саяси қуғын-сүргін салдарынан әскер қатарындағы офицерлік құрамының күрт төмендеуі кеңес-фин соғысынан кейін де бұл құрамды толықтыруға әскери басшылық бар күшін салғанымен соғыс барысында армияның толық дәрежеде қамтамасыз ете алмағаны анық. Осы мәселені шешуде елімізде әскери-оқу мекемелері қалыптасты. Сонымен қатар майданда да, тылда да саяси-идеологиялық жұмыстар кең ауқымда жүргізілді. Мәселен, 1942 жылы республикада 42 мың адамнан тұратын қалың армия

үгіт насихат жұмыстарын жүргізген [12, 193-б.].

Үздіксіз жүргізілген үгіт-насихат және саяси-ақпарат жұмыстары әрбір жауынгердің патриоттық сезімін арттырумен қатар сын сағатта жеке мүдденің емес, халық, мемлекет мүддесін алдыңғы кезекке қоюға ұмтылыстың орын алғанын айқын көрсетті. Майданда А. Асқарұлы да осындай жауынгерлер қатарынан көріне білді әрі өзінің де әскери-саяси біліктілігін арттыра түсті. Естелігінде соғыс жағдайына талдау жасай келе еліміздің Жеңіске жетуіне қатысты өзіндік пікірін былайша білдіреді: «... Мен аса ірі қолбасшылардың басшылығымен жұмыс істеген жоқпын, бірақ саяси жұмыстарда жүріп, олардың істері мен қимылдары жайлы мәліметтерден жақсы хабардар болатынымын. Әлем олардың ерліктері, терең әскери стратегиялары жайлы жақсы білетін. Бұл жерде әңгіме Т.К.Жуков, А.И.Еременко, К.К.Рокоссовский, Н.Д.Черняховский, К.М.Васильевский және басқа маршалдар жөнінде болып отыр. Осы әскери басшылардың даналығы мен қарапайым жауынгерлердің ерліктері тоғысып қана адам баласының қас жауы – фашизмді жеңдік» [3, 15-б.].

Әскери қызмет барысында А.Асқаровтың О.С.Коган, В.Клементьев, И.В.Рогачев, Н.Г. Дорынкин, В.Игнатев, Б.Быкадоров, Н.В.Тарунов, С.Бейсенбаев сынды мол тәжірибелі, кәсібіне сай әскери дайындықтан өткен әскери басшылармен тығыз қарым-қатынас орнатуы оның саяси көзқарасының шыңдалуына ықпал еткені айқын. Әсіресе, генерал-майор, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі Халкин-Гол шайқасында ерлігімен танымал болған В.И.Скобиннің үлгі-өнегесі жауынгерлерге игі әсерін тигізгенін А.Асқаровтың естеліктерінен байқаймыз. Сонымен қатар соғыс жылдарында оған ерекше әсер еткен кездесудің жөні бөлек еді. Әскери бөлім тапсырмасымен Алматыда іс-сапармен жүрген А. Асқаровтың даңқты Панфилов дивизиясына жауынгерлермен толықтыру үшін келген аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының кездесуі жас жауынгердің бүкіл өміріне сабақ боларлық тәлім-тәрбие беріп үлгергеніне күмән болмаса керек. Интернационалистік тәрбиенің үздік мектебі әрине майданда қалыптасты. Сөт сайын ондаған, жүздеген адамның өмірін қиып жатқан ажал оғының алдында ұлтына, нәсіліне қарамай адамзаттың тең екендігін сезінген майдангер-жауынгерлер шынайы достықтың, нағыз ынтымақтастықтың, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің асқан үлгісін көрсете білді [15]. Сонымен қатар аталмыш кезеңде сталинизмнің солақай шешімдеріне сәйкес депортацияланған халықтар өкілдерін мейірбан халқымыздың құшақ жая қабылдауымен қатар эвакуацияланған жас балаларды қазақ отбасылары жана-шырлық танытып өз қамқорлығына алды.

Қорытынды. Адамзат тарихындағы ең зұлматты, ең қасіретті соғыс жылдарының, сол кезеңдегі шыңдалу мектебінен өткен майдангерлердің өмір жолдары, оның сабақтары мен тағылымдары ешқашан ұмытылмақ емес. Майданды 19 жасынан бастап Отан үшін ерлікпен шайқасқан қаһарман жауынгерлер қатарында А.Асқарұлы да Ұлы жеңіске деген күш-қуатын аяған емес. Осы сұрапыл соғыс кезіндегі қатаң әскери тәртіп А.Асқаровты жан-жақты шыңдап, рухани жағынан есейтті. Сонымен қатар майдандағы әр алуан ұлттың өкілдерімен тығыз араласуы да оның ой-өрісін ұлғайтып саяси жағынан кемелдене түсті.

1946 ж. сәуір айында Орта Азия әскери округінің құрамында әскери борышын өтеп қайтқан Асанбай Асқаров туған еліне офицер шенінде орден, медальдармен оралды. Оның соғыстан соң зейнеткерлікке шыққанға дейін комсомол, кеңес партия қызметтерінде бол-

ғандығы белгілі. 2000 ж. мамыр айында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Ұлы Отан соғысының 55 жылдығына орай қазақстандық соғыс ардагерлері қатарында А. Асқаров та жеке құттықтау хатын иеленді. Күш қуатын қоғам игілігіне жұмсаған ұлтымыздың ұлтжанды қайраткерлері ұмытылмақ емес. Ер есімі – ел есінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан //Егемен Қазақстан. 1998. 16 желтоқсан.

Асқаров А. Көзқарас. – Алматы: «Жалын», 1996. 328 б. 33-б. Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты. Бұдан әрі – АОММ.1252- қ., 1 -т., 3-іс, 6-п.

Асқаров А. Тағдыр. – Алматы: Журналист. 1992. 254 б. 33-б. АОММ. 1252-қ., 1 (қос)-т., 5-іс, 1 қайырма -п.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты. Бұдан әрі – ҚРОММ. 2237- қ., 1-т., 2-іс, 4-п.

АОММ. 1252- қ., 1 (қос)- т., 5-іс, 4-п.

АОММ. 1252-қ., 1-т., 112-іс, 2-п.

Халық перзенті /А. Асқаров туралы естеліктер кітабы/. – Алматы: Өнер, 2002. – 54 б.

Жылқышыбаева Қ. Қазақстандықтардың қаһармандық ерліктері // Қазақ тарихы. 2005. №4. 78-б.

Ділманов С. Лагерлер Бас Басқармасы (ГУЛАГ) Ұлы Отан соғысы жылдарында // Ұлт тағылымы. – 2001. –№3. – 96 б.

Сайлан Б. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандағы жастар ұйымының саяси белсенділігі //Отан тарихы. – 2005. – №3. – 192,193 с.

Аманжолов К.Р. Ерлік жолымен. – Алматы: Жалын, 1977. – 65,68,69-бб.

Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. –Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.

Аманжолов К.Р. Шайқаста шыңдалған достық. – Алматы: Мектеп, 1985. – 176.

REFERENCES

Nazarbayev N.Ә. Zhasai ber, Tauelsiz Kazakstan [Long live independent Kazakhstan].– Egemen Kazakhstan. 1998. 16 december [in Qazaq].

Askarov A. Kozkaras [Point of view].– Almaty: “Zhalyn”, 1996. 328 p. 33-p[in Qazaq].

Almaty oblysynyń memlekettik muragaty. Budan ári – AOMM [State archive of Almaty region. Hereinafter – SAAR].– 1252- q., 1 -t., 3-is, 6-p [in Qazaq].

Askarov A. Tagdyr [Fate].– Almaty: Journalist. 1992. P. 254. P 33 [in Qazaq].

AOMM [SAAR]. F.1252, In. 1, B. 5, Sh.1 [in Qazaq].

Qazaqstan Respýblıkasynyń ortalyq memlekettik muragaty[Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 2237, In. 1, B. 2, Sh.4 [in Qazaq].

AOMM [SAAR]. F. 1252, In. 1, B. 5, Sh.4 [in Qazaq].

AOMM [SAAR]. F. 1252, In. 1, B. 112, Sh.2 [in Qazaq].

Halyk perzenty /A. Askarov turaly estelikter kitaby [People's child /A. Book of memories about Askarov] .– Almaty: Oner, 2002. 54 p. [in Qazaq].

Zhylykshybaeva Q. Kazakhstandyk kakarmandyk erlikteri [Heroic deeds of Kazakhstanis].– Kazakh tarikhy. 2005. No. 4. 78 p. [in Qazaq].

Dilmanov S. Lagerler Bas Basgarmasy (GULAG) Uly Otan sogysy zhyldarynda [General Directorate of Camps (Gulag) during the Great Patriotic War].– Ұлт тайлымы. 2001. №3. 96 p.

Sailan B. Uly Otan sogysy zhyldaryndagy Kazakstandagy zhastar Uyyymnyk sayasi belsendiligi [Political activity of youth organizations in Kazakhstan during the Great Patriotic War].– Otan tarikhy. 2005. No. 3. 192-193 p. [in Qazaq].

Amanzholov K.R. Erlik zholymen [By way of heroism].– Almaty: Zhalyn, 1977. P.65,68,69 [in Qazaq].

Kozybaev M. Aqtańdaqtar aqıqaty [The truth of the blanks].– Almaty: Kazakh university, 1992. 272 p. [in Qazaq].

Amanzholov K.R. Shaiqasta shyńdalğan dostyq [Friendship hardened in battle].– Almaty: Mektep, 1985. 17 p. [in Qazaq].

Бибіжан БЕГМАНОВА¹, Назира ДӘУЛЕТКЕЛДІ²,

¹ф.ғ.к., қауым. проф.м.а., e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru,

²2-курс магистранты, e-mail: dauletkeldinazira@mail.ru,

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАҚЫРЫП

Мақалада қазіргі қазақ лирикасындағы тарихи тақырыпты арқау еткен жырлардың жаңашылдықпен суреттелуі сөз болады. Тарихын тереңге тартқан қазақ поэзиясы бүгінде барлық жағынан жетіліп, дамып келеді. Түркі ұлысының бір бұтағы саналатын қазақ халқының тарихы әдебиеттің барлық салаларында үлкен тақырыпқа айналғаны даусыз. Түркілік сарын, жыраулар поэзиясы дәстүр жалғастығымен қазіргі лирикада ескі мен жаңаның бір тұтастығы ретінде көрініс алып отыр.

Дәстүр мен жаңашылдық мәселесін қазіргі әдебиетте ауқымды қарастырудың ұтымды жақтары көп. Өйткені қазіргі қазақ әдебиеті қай жағынан алып қарасаңыз да жаңа бағытта, әлемдік әдебиеттің де қатарында тең тұрып, қадам сатысын жалғастыра, ескі дәуірді сақтай отырып жаңаша дамуы – бүгінгі күннің жетістігін паш етеді. Сондықтан да түркілік сарын, жыраулар поэзиясы қазіргі қазақ лирикасында өзара ұқсастық пен тығыз сабақтастықтың бар екендігін аңғартады.

Кілт сөздер: тарихи лирика, түркілік сарын, жыраулық дәстүр, поэзия, өлең, дәстүр және жаңашылдық.

B.BEGMANOVA¹, N. DAULETKELDI²,

¹Candidate of Philological Sciences, associate professor.

E-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru

²2nd year master's. E-mail: dauletkeldinazira@mail.ru

^{1,2}Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE HISTORICAL THEME IN THE MODERN KAZAKH LYRICS

The article deals with the innovative description of poems that created a historical theme in modern Kazakh lyrics. Kazakh poetry, deeply rooted in its history, is now being improved and developed in all respects. Undoubtedly, the history of the Kazakh people, an offshoot of the Turkic people, has become a major topic in all areas of literature. The poetry of Turkic motifs, poets is a continuation of the tradition and is reflected in modern lyrical poetry as a unity of the old and the new.

There are many advantages of a comprehensive approach to the problem of tradition and innovation in modern literature. Because modern Kazakh literature, regardless of which side it moves in a new direction, stands on a par with world literature, step by step, preserving the old era, continues to develop in a new way, testifies to the achievements of today. Therefore, the Turkic motif, the poetry of the Zhyrau people indicate the presence of mutual similarity and close continuity in modern Kazakh lyrics.

Keywords: Historical lyrics, Turkic motif, Zhyrau tradition, poetry, poems, tradition and innovation.

Б.БЕГМАНОВА¹, Н.ДАУЛЕТКЕЛДІ²,

¹к.ф.н., и.о. асоц. проф., e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru

²магистрант, 2-курс, e-mail: dauletkeldinazira@mail.ru

^{1,2}Казахский Национальный женский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ТЕМА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛИРИКЕ

В статье рассматриваются о новаторском описании стихов, создавших историческую тему в современной казахской лирике. Казахская поэзия, глубоко укоренившаяся в своей истории, сегодня совершенствуется и развивается во всех отношениях. Несомненно, история казахского народа, ответвления тюркского народа, стала главной темой во всех областях литературы. Поэзия тюркских мотивов, поэты является продолжением традиции и отражена в современной лирической поэзии как единство старого и нового.

Есть много преимуществ комплексного подхода к проблеме традиций и новаторства в современной литературе. Потому что современная казахская литература, независимо от того, с какой стороны она движется в новом направлении, стоит наравне с мировой литературой, шаг за шагом, сохраняя старую эпоху, продолжает развиваться по-новому, свидетельствует о достижениях сегодняшнего дня. Поэтому тюркский мотив, поэзия жырауов свидетельствуют о наличии в современной казахской лирике взаимного сходства и тесной преемственности.

Ключевые слова: Историческая лирика, тюркский мотив, традиция жырауов, поэзия, стихи, традиция и новаторство.

Кіріспе. Дәуір тынысын, замана келбетін айқын танытарлық әдеби мұралар қай заманда да қарапайым халықпен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқандығы дау туғызбаса керек. Алайда, бір кездері дәстүрге, эстетикалық мұратқа айналған құбылыс келе-келе ескіріп, өз дәуірінің, сол бір кезеңнің ғана жемісі болып қалуы мүмкін.

Дәстүр жалғастығы дегеніміз ескіні жаңа идеялық тұрғыдан өмір шындығын соларша қамту, адам харак-

терін, қоғам шындығын соларша талдау, творчестволық әдісті соларша игеру. «Жаңашылдық деп кешегі күннің тәжірибесі мен жетістіктерінен мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттерді айтуға болады» (Базарбаев, 1998:149), – дейді М.Базарбаев. Жыр әлемінде дәстүрді ұстану, оны жаңашылдықпен жалғастыру барлық

ақындардың шығармашылығында кездеседі.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазуға қазіргі қазақ ақындарының жыр жинақтары, қазақ сыншылары мен теоретик ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. Қазіргі қазақ ақындарының поэзиясындағы тарихи тақырыптардың жаңашылдықпен жырлануына әдеби талдау жасалып, жүйелі-кешенді, объективтік-аналитикалық, тарихи-функционалды, салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талдау. Қазақ поэзиясындағы тарихи тақырып өте күрделі мәселе. Туындылардағы дәстүр мен жаңашылдық туралы өткен ғасырдың 70-жылдарында көп сөз болғанымен, тарихи тақырып жан-жақты зерттелмеді. Сол себепті де қазақ поэзиясындағы тарихи тақырып туралы теориялық терең ғылыми тұжырымдарды аз кездестіреміз.

Орыс әдебиеттанушыларының арасында орыс поэзиясындағы тарихи тақырып туралы арнайы зерттеген ғалымдардың біраз еңбектерін білеміз. Ал қазақ поэзиясының тарихында қазақ әдебиеттану ғылымына өз үлестерін қосқан М.Базарбаев, Т.Көкішев, С.Қирабаев, Н.Келімбетов, Ш.Елеуенов, Д.Ысқақұлы, С.Негимов, Б.Майтанов, А.Ісмақова, Г.Пірәлі, С.Ержанова, т.б. біраз ғалымдарды атап айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері. Жыр әлеміндегі түркілік сарынды бүгінгі поэзияда қолдануда шеберлік танытқан ақындардың бірі – Т.Медетбек. Ақынның «Көк түріктер сарыны» атты жыр жинағы түркі ұлысының сарынымен жазылған еңбек. Ақын барлық дәстүрді сақтай отырып, түркі поэзиясындағы идеяны арқау ете отырып, қазақ қоғамының ащы шындығын көрсеткендігін өлең тармақтарынан көреміз. «Көк түріктер сарыны» атты жыр жинағының бір бөлімі түркі халқының қағандарына арналған. «Күлтегін» мен «Тоныкөк» жырларын қазақ поэзиясының еркін ұйқас түрін сақтай отырып жырлаған. Жыр жолдарында түркі қағандарының қалай туылғаны, түркі жұрты үшін жанын бергені, жорыққа аттанғаны жайлы жазылған. Ақынның осынау үш томдық кітабының алғашқы жыры «Қуат жырынан» бастау алады. Өлең түркі ұлысының тарихи мұрасына айналған «Күлтегін» жырына негізделіп жазылған.

Күрсінгенімде –

Күн күркіреді.

Сілкінгенімде –

Жер тітіркенді (Медетбек, 2002:36).

«Халық қошеметіне бөленген батырлар мен қағандарды дәріптеу, олардың ерлік істерін қаһармандықтың үлкен өлшемі ретінде мадақтау – Орхон ескерткіштеріне тән басты белгілер» (Ержанова, 2016: 69). Сол кезеңдегі батырлардың ерлігі мен жаяу жүректігін, ерлігін дәріптеп отыру – түркі ұлысына тән қасиеттердің бірі. Оны ежелгі дәуір шығармаларынан молынан кездестіреміз.

Темірхан Медетбек поэзиясында көк түріктер сарынының тағы бір көрінісі «Ақыннан бір өлең» шығармасында көрсетілген.

Тәңірден басқа

Қайтпаған ешкімнен;

Ібіліс, жындарға

Қара тастарды түттіріп,

Диу мен періге

Құмнан арқан естірген (Медетбек, 2002:37).

Осынау өлең жолдарында түркілердің Тәңірге табынғаны сөз бола отырып, халқының батыр екенін айтады. Бұл жыр жолдарында көк бөріні ұлықтаған түркілер туралы ғана емес, өз халқының жай-күйін сол түркілер ұғымына сала отырып жазған. Қысқасы, классик ақындарымыздың бірі Т.Медетбектің «Көк түріктер сарыны» атты жыр жинағына енген өлеңдерінің тақырыбы, идеясы, өлең құрылысы, тіпті мазмұны жағынан да түркі ұлысы кезіндегі поэзиямен үндесіп, қазіргі қазақ лирикасында жаңашылдықпен өрілгендігін атап айтамыз.

Қазіргі қазақ лирикасында түркі ұлысының сарынын

өз шығармашылығында жаңашылдықпен жырлап жүрген ақындардың бірі – Маралтай Райымбекұлы. Ақын жырларында тарихи деректер молынан ұшырасады. Тарихтағы ұлы тұлғалардың арман-мақсаттары бүгінгі күнгі ұрпаққа өсиетнама секілді жаңашылдықпен жырлайды. Маралтайдың қаламынан туған «Бабатүкті Шашты Өзіз бен баб ата», «Кентавр», «Кербұғы», «Еділ жұрт», т.б. өлеңдерінде түркі ұлысының, жыраулық дәстүрдің, өткен ғасырдағы аға буын өкілдерінің жырларының сарынын жаңаша бағытта, бүгінгі күнмен сабақтастыра отырып жырлайды. Маралтай Райымбекұлының «Кентавр» өлеңіндегі:

Тұлпарға мінген ұлы даланың,

Тарпаң мінезді ұлы боламын (Райымбекұлы, 2016: 86), – деген жолдар қазақ халқының түбі бір түркі ұлысының ұрпағы екендігін паш етіп тұр. Қазақ халқының түркі ұлысымен сабақтастығы тарихтан белгілі.

Сондықтан да ақын өзін сол ата-бабаның ұрпағымен деп мақтанышпен айта алады. Өлең тармақтары асқақ пафоспен жырланып отыр. Яғни, ата-бабамыздың жау-жүрек, ержүрек мінезі бүгінгі ұрпақтың да бойында бар екендігін ақын осы өлең жолдарына сыйғыза суреттеген.

Көнеден қалған жыр тегін ұқсақ,

Ұйқыдан безем Күлтегін құсап.

Келмейді мені мойындағысы

Өркениеттік ділдегі ынсап.

Неғылсын сонау заманды надан,

Жаулаған жарты ғаламды бабам.

Толассыз уақыт толғату керек,

Табанға салса адамды адам (Райымбекұлы, 2016:86).

Ақын Маралтай Райымбекұлының өлең жолдарындағы тарихи оқиғаның сүрлеуі бүгінгі күнмен ұштаса жырланған. Өлең тармақтарындағы әр бір ой жарты әлемді жаулаудағы ата-баба ерлігін паш ете отырып, қазіргі қоғамның ащы шындығын сынайды. Өмірдің тартысы, аумалы-төкпелі заманның келбеті, адамдар арасындағы дұшпандық, қастық, көреалмаушылық секілді адам баласының бойындағы пендешіліктің сипаты жаужүрек болған баба ұрпағының бүгінгі халі жыр жолдарында суретті сөзбен бейнеленеді.

Қазіргі қазақ поэзиясында көк түріктер сарынында жазған ақындардың бірі – Жанат Әскербекқызы. Ақын «Көк түріктер әуені» жыр жинағындағы алғашқы өлеңін «Білге қағанның бақұлдасуы» атты жырымен ашқан. Ақын «Күлтегін» ескерткішіндегі жырға сүйене отырып, қағанның өмірін жыр жолдарына арқау еткен. Ақын «Тоныкөк» жырында еліне қызмет еткен батыры мен елдікті ту еткен ерлігін жырға қосады.

Бодандықты басқа тептім,

Азаттықтың білдім мәнін.

Ілгеріде – Шаңтұң еді,

Ерлік – менің салтым еді.

«Аруақ» деп атқа қонсам,

Дем беретін халқым еді (Әскербекқызы, 2014:57), –

деп батырлардың ерлік істерінің барлығы халқы үшін жасалғанын көрсетеді. Жыр жолдарындағы түркілік сарын мен бүгінгі тақырыптардың бірі – азаматтық лирикамен ұштастыра жырлағанын көреміз.

Ақынның келесі бір толғауы Йолығ Тегінге арналады. Толғауда көзінің қарашығындай сақтаған жерін болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырғанын жырға тиек етеді. Арғы тегін сонау сақтар мен ғұндардан, көк түріктің ұрпақтарынан тарататын қазақтар өздерінің төл әдебиетін толықтыруда да бүгінде сол ескі сүрлеуді жаңа мазмұнға сай түрлендіріп, тілдік бояу-нақыштарын айшықтай түскенімен, өзіндік ұлттық үрдісті қашан да биік ұстап келеді.

Күні бүгінге дейін жеткен тарихи жәдігерлердің қойнында ашылмаған қаншама сыр бар десеңізші. Ақын өлең жолдарында осы сыр жайлы, тасқа қашалған жазулардың тарихын, ата-бабасының бастан өткерген күндерінің белгісі

бүгінде осы тастар ғана екенін суретті сөзбен жеткізеді.

*Көк түріктер құйғытып күлікпен,
Көріңсе, күллі жау үріккен,
Көк сүңгі жол ашар қару боп,
Күдікті түйреген үмітпен,
Осынау даңқынан бабалар,
Тек таңба қаларын біліп пе ең?! (Өскербекқызы,*

2014:65)

Өлең жолдарын оқығанда суретті бейне көз алдыңызға келеді. Сонау Тоныкөк, Күлтегін батырлардың, ата-бабаларымыздан қалған мұраны ақын шебер суреттеген. Тасқа қашалған жазудың қадір-қасиеті, оның құндылығын дәріптеген бүгінгі ұрпаққа да үлкен жауапкершілік екендігін ақын астармен жеткізіп отыр.

Қазақ поэзиясының тарихында дәстүр жалғастығы жыраулар поэзиясында да ерекше орын алады. Халқымыздың өз хандығын құрған кезден басталып, отаршыл елге айналған сәтке дейін жыраулық дәстүр жалғасып келді. Бұл сарын қазақ поэзиясының әр кезеңдерінде қаламгерлер туындыларында көрініс алып отырғаны белгілі. Қазақ поэзиясында жыраулық дәстүрдің сарынын М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Н.Мәукенұлы туындыларынан кездестірсек, қазіргі таңда Е.Раушанов, Ғ.Жайлыбай, Ж.Өскербекқызын атап өтуге болады.

Жыраулық дәуір әдебиетіне ғалым С.Қирабаев: «Халық басынан кешкен өмірдің алуан түрлі сипаты мен тарихи дамудың өзгешелігіне сәйкес қазақтар да өз әдебиетін жаңартып, мазмұны мен түрі жағынан жаңа үлгі туғызып отырған», – деп баға береді (Қирабаев, 2007:10). Жыраулық дәстүрдің жаңаша тұрғыда өрбігенін, сол кезеңдегі үрдісті сақтай отырып жаңашаланып, түрленіп дамыта жырланғанын бүгінгі ақындардың туындыларынан көреміз.

Жыраулық поэзияны жырларында жаңаша көрсете білген Есенғали Раушановтың «Уа, жалт екен, жалт екен!» өлеңінде сол кезең элементтерін пайдалана отырып, бүгінгі күннің жаңа бейнесін сабақтастыра суреттегендігін байқаймыз.

Уа жалт екен, жалт екен!

Жайтүссе де жасқанбас,

Қарағай – менің қарт өкем.

Қарағайға қарсы біткен сан бұтақ

Алағайда сыр бермейтін мәрт екен (Раушанов, 2005:65).

Ақын жырында жыраулық дәстүр үлгісін сақтап, өлең тармақтарын дауыссыз дыбыспен үдемелете отырып, құбылудың түрлерінің бірі аллитерацияны қолдануы да жыраулық дәстүрдің элементтері. Е.Раушанов жыраулар поэзиясының сарынын бүгінгі күнмен сабақтастыра жырлайды. Жыраулар поэзиясының басты ұстанымы табиғатпен сабақтастыра, негізгі ойды астармен жырлау болса, ақын Е.Раушанов та осы ұстанымды ары қарай жалғастыра білген. Ақын жырында бүгінгі Алматының көрінісі, қаланың бай табиғаты суреттелген.

Ақынның келесі «Бозаңға біткен боз жусан» өлеңінде де жыраулық дәстүрдің сарынын көрініс алған.

Бозаңға біткен боз жусан,

Боқыраудың күні болғанда,

Бозарып барып солар ма,

Мен бозаңды құшып көз жұмсам,

*Қара жер қойның толар ма?!
Сөгілсе қыстың көбесі,
Желкілдеп шығар көк өскін.
Мен неге, Тәңірім, неге осы
Боз жусан ғұрлы емеспін?! (Раушанов, 2005:66).*

Өлең жолдарын аллитерацияға құра отырып, риторикалық сұрақпен аяқтаған. Ақынның құйынды желдей алас ұрған көңілі мен табиғаттың тылсым болмысы астаыра суреттелген. Өлең жолдарындағы «Сөгілсе қыстың көбесі» қыстың ызғарлы аязды, тоңы қатқан суығының жібитінін,

алдағы күннен үмітінің бар екендігін танытса, «Желкілдеп шығар көк өскін» тармағы көктемнің жайнап, жайқалған әсем даланың құлпырған көрінісін бейнелейді. Екі тармақта да табиғат-ананың болмысы, жаратылысы арқылы адам өмірін астаыра суреттеген. Жылдың әр мезгіліндегі табиғат-ананың өз жаратылысы өз уақытында, өз заңдылығымен жүретіндігі секілді неге мен осы «Мен неге, Тәңірім, неге осы, Боз жусан ғұрлы емеспін» деп риторикалық сұрақ қоя отырып, ақын адам баласының аумалы-төкпелі, соқтықпалы-соқпақты тағдырын танытып отыр.

Жолдар да жолдар жолдар ай,

Жонастан асып жон кезіп,

Жарыса тартты жосыла.

Жаныққан көңіл сондағы ай,

Жеткен де жерің осы ма? (Раушанов, 2005:78)

Өлеңнің алғашқы тармақтары дәстүрлі жыраулық поэзияның үлгісімен жырланып, бүгінгі күннің болмысы әрі қарай жалғасын тапқан. «Жолдар да жолдар, жолдар ай», «Жасыл да жасыл, жасыл бел», «Сеңгір де сеңгір, сеңгір ай» тармақтары жыраулар поэзиясында да кездеседі. Бұндай әдіс ақын ойын әрі қарай тереңнен қозғай, өмірдің мәнін суреттеуге арқау болып, салмақты ойдың мағынасын тереңдете түсуге қызмет етеді. Ақын Е.Раушанов жыраулық поэзиядағы осы дәстүрді өз шығармашылығында шеберлікпен қолдана білген. Қаламгердің туындыларындағы философиялық ой желісінен медитативті лирикалық сарынға құрылған шығармалары анық байқалады. Ақын өмірдің өткінші екенін әрине, біледі. Алайда, адам баласына тән мінезбен алдағы күннен үміт үзбей, тек жақсылық күтетінін меңзеп отыр. Жалпы, жыр әлемі – тұңғыш, сыр әлемі. Ішіне бүккен өмірдің тосын сыйы іспеттес. Өмірде бәрі де кездеседі. Жақсылық та, қиыншылық та, қулық-сұмдыққа толы тағдыр тәлкегі де. Дегенмен де, үміт оты алға жетелейтіні секілді, бір сәуле жылт етіп, жақсылықтан, болашақтан үмітінді үзбейсің. Адамды тұңғыштан алып шығатын осы үміт қана. Ақын жыраулық дәстүрдің сарынын арқылы бүгінгі күннің болмысын, өмірдің сан қырлы жақтарын осылай терең суреттеген. «Рухани дәстүр мен жеке тұлға концепциясының байланысын зерттейтін көркемдік антропология оның ақындығы толысқан шағындағы лирикасынан бой көрсетеді» (Елеуенов, 2011:441).

Қорытынды. «Ұлттық поэтикалық дәстүр – барша шығармашылықтың асыл діңгегі. Солай бола тұрса да дәстүр дамымай, дәуір мен уақыттың өзгешелігіне орай өз ерекшелігімен көрінбей қалса, дәстүрдің жасампаздығы болмақ емес. Дәстүрдің дәстүр болуы жаңашылдықпен байып отыруында» (Сариев, 1998:157).

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық тарихы тереңге тартқан көне түркі ұлысынан бастау алатындығын атап айтамыз. Әдебиеттегі жаңашылдық пен дәстүр ұғымдарының өзі өзара органикалық байланыстағы ұрселер. Екеуінің ара жігі белгілі бір тарихи кезеңнің барысында, нақты уақыт өлшемінде ғана айқын болады да, бірте-бірте өміршендік танытқан жаңалық нышаны өзінің көркемдік, идеялық қасиеттерін орнықтыра келе дәстүрге айналмақ. Яғни бір кезеңдегі жаңашылдық алдағы бір кезеңдер үшін ғибратты дәстүр саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбай. – Алматы: Жазушы 1996 ж. – 665-б.

Өскербекқызы Ж. Ай-тамғы. Астана: Профи-Медиа, 2014. – 240 б.

Елеуенов Ш. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2011. – 536 б.

Ержанова С., Әлиева Ж. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 116 б.

Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. 464 б.

Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. Алматы: Өлке, 2002. – 464 б.
Райымбекұлы М. Өлеңдер. Ал-ты: ҚАЗАҚПАРАТ, 2016. – 192 б.
Раушанов Е. Періштелер мен құстар. – Алматы: Көркем, 2005. – 264 б.
Сариев Ш. 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 400 б.

REFERENCES

Ädebiattanu teriminder sözdigi. Qūrast. Z.Ahmetov, T.Şanbai [Dictionary of literary terms. Compilation. Z. Akhmetov, T. Shanbai]. – Almaty: Writer 1996. 665 p. [in Qazaq].
Äskerbekqyzy J. Ai-tamğy [Ai-tamgy]. – Astana: Profi-Media, 2014. 240 p. [in Qazaq].
Eleukenov Ş. Şyğarmalary [Works]. – Astana: Foliant, 2011. 536 p. [in Qazaq].

Erjanova S., Älieva J. Ejelgi дәuir әdebietindegi көне түrkilik saryn [Ancient Turkic sary in ancient literature]. – Almaty: Women's University, 2015. 116 p. [in Qazaq].
Qirabaev S. Köptomdyqşyğarmalarjınağy. 5- tom [A collection of multi-volume works. Volume 5]. – Almaty: Kazygurt, 2007. 464 p. [in Qazaq].
Medetbek T. Köktürktersaryny [Blue Turks yellow]. – Almaty: Ulke, 2002. 464 p. [in Qazaq].
Raiymbekuly M. Ölenjer [Poems]. – Almaty: KAZinform, 2016. 192 p. [in Qazaq].
Rauşanov E. Perişteler men qūstar [Angels and birds]. – Almaty: Art, 2005. 264 p. [in Qazaq].
Sariev Ş. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап [Kazakh literature of the 40-50s and 60s. Book 2]. – Almaty: Science, 1998. 400 p. [in Qazaq].

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 11.07.45

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
саяси ғ.д., ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. E-mail: kenzhetay54@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МОДЕЛІ: әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қырлары

Мақала мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі Қазақстандағы тұрақтылық пен халық бірлігінің маңыздылығын ашуға арналған. Бұл мәселе Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның ұлттық саясатының іргесін қалап, этносаралық және дінаралық келісім моделін қалыптастыру мен қазақстандық бірегейлік формуласын айқындаудағы рөлі, сол сияқты Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің өзекті мәселелерін қарастыру негізінде сарапталған. Сонымен бірге, этносаралық келісімнің теориялық пікірсайыстан гөрі мемлекеттің күнделікті іске асырылып жатқан саясатының практикалық мәселесі екендігін ескере отырып, осы бағыттағы қазіргі қалыптасқан ахуалға баға беруге талпыныс жасалған. Отыз жылда Қазақстанда үлкен өзгерістер болды. Осы кезеңде жетістіктер мен қатар көңіл аударуды және тиісті қорытындылар жасауды талап ететін түйткілді мәселелер де орын алды. Осыған байланысты автор ізін суытпай Қордай оқиғасы негізінде өз пайымдауларын ортаға салады. Бұл жағдай, сонымен қатар, арнайы әдебиеттерден бөлек бұқаралық ақпарат құралдары мен ғаламторда жарық көрген сарапшылардың пікірлерін түсінуді де талап етеді. Мұндай талдау қазіргі Қазақстанның саяси тарихының дереккөздік негізін қалауға мүмкіндік берері де анық.

Түйін сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, қазақстандық этносаралық және дінаралық даму моделі, қазақстандық бірегейлік, Қордай оқиғалары, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму.

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
д. полит. н., Институт истории государства МОН РК,
г. Нур-Султан, Казахстан. E-mail: kenzhetay54@gmail.com

КАЗАХСТАНСКИЙ МОДЕЛЬ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ: социально-экономические и общественно-политические аспекты

Статья посвящена раскрытию значения стабильности и единства народа Казахстана в обеспечении социально-экономического развития государства. Этот вопрос рассматривается в контексте роли Елбасы Н.А.Назарбаева в создании фундамента национальной политики независимого Казахстана, формировании модели межэтнического и межрелигиозного согласия, определении формулы казахстанской идентичности, а также изучения актуальных проблем деятельности Ассамблеи народа Казахстана. Вместе с тем, с учетом того, что межэтническое согласие относится в большей степени к практическим вопросам повседневной политики государства, нежели теоретическим дебатам, была предпринята попытка оценки сложившейся ситуации в данном направлении. За тридцать лет в Казахстане произошли большие изменения. За этот период наряду с достижениями были и проблемы, требующие пристального к себе внимания и разработки соответствующих выводов. В этой связи автор, по свежим следам кордайских событий, делится своими рассуждениями. Это обстоятельство предполагает, помимо учета специальной литературы, также и осмысления мнений экспертов, опубликованных в СМИ и Интернет-ресурсах. Такой анализ предопределяет возможность создания источниковой базы политической истории современного Казахстана.

Ключевые слова: Ассамблея народа Казахстана, казахстанская модель межэтнического и межрелигиозного развития, казахстанская идентичность, Кордайские события, социально-экономическое и общественно-политическое развитие.

Zhapsarbai I. KUANYSHYEV,

Doctor of political science. Chief Researcher, Institute of State History under the science Committee of the Education and science ministry.
Nur-Sultan city, Kazakhstan. E-mail: kenzhetay54@gmail.com

SOCIO-ECONOMIC AND SOCIO-POLITICAL ASPECTS OF KAZAKHSTAN'S MODEL OF INTERETHNIC AND INTERRELIGIOUS HARMONY

The article is devoted to revealing the significance of stability and unity of the Kazakhstan people in ensuring the socio-economic development of the state. This issue is considered in the context of the role of Elbassy N. A. Nazarbayev in creating the foundation of the independent Kazakhstan national policy, forming a model of interethnic and interreligious harmony, determining the formula of Kazakhstan's identity, as well as studying topical issues of the Assembly of people of Kazakhstan activity. At the same time, considering the fact that interethnic harmony is more related to practical issues of everyday state policy than to theoretical debates, an attempt was made to assess the current situation in this direction. For thirty years there have been big changes in Kazakhstan. During this period, along with achievements, there were also problems that require close attention and appropriate conclusions. In this regard, the author, following the fresh traces of the Kordai events, shares his reasoning. This circumstance implies, in addition to accounting special literature, also understanding the opinions of experts published in the media and Internet resources. This analysis determines the possibility of creating a source base for the political history of modern Kazakhstan.

Keywords: Assembly of people of Kazakhstan, Kazakhstan model of interethnic and interreligious development, Kazakhstan identity, Kordai events, economic social and public-political development.

Кіріспе. Қазақстанның тәуелсіздік алған күнінен бастап оның ұлт саясатында қазақ халқының мүддесін қорғауды Қазақстанда тұрып жатқан басқа этнос өкілдерінің құқықтарын бұзбастан іске асыруды басты ұстаным ретінде айқындалды. Өйткені, Қазақстан сияқты мемлекетте қазақ ұлтының дамуы мен көпэтносты халықтың бірлігін қамтамасыз ететін осы екі бағытты теңгермелі түрде жүргізу өте маңызды еді. Тек осылайша ғана, қоғамдық тұрақтылық пен азаматтық бейбітшілікті және этносаралық келісімді сақтап, оны ары қарай нығайту мәселесін шешуге болатын. Бұл мәселенің өзектілігі КСРО ыдырап, оның орнына келген ТМД-ға кірген дербес мемлекеттерде белгі алған ұлтаралық негіздегі қақтығыстардың жалыны Қазақстанды да шарпуының ықтималдылығымен тікелей байланысты болды. Ол туралы сол кездері көптеген сарапшылардың сәуегейлік жасағандары есімізде. Тіптен, Қазақстан да Пәкістан, Ауғанстан сияқты елдердің кебін киеді деген болжамдар да болды. Сондықтан болар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев барлық күш-жігері мен тәжірибесін ел тұрғындары арасындағы түйісу нүктелерін, олардың қарым-қатынасында бір-біріне деген сенім мен тіл табысу тұстарын қарастыруға бағыттады. Сөйтіп, қазақстандық қоғамда этносаралық келісім мәдениетін дәріптеу мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріліп, ол этностық, конфессиялық, мәдени, тілдік әртүрлілік, толеранттылық пен жауапкершілік, қазақ халқының мемлекетқұрушылық рөлі және қазақ халқының ішкі бірлігі сияқты қағидаттарға негізделген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың этносаралық және конфессияаралық келісім моделін дүниеге әкелді.

Осы жағдай аталмыш модельді іске асырудың құралы мен механизмдерін іздеуді, оның Қазақстан жағдайына лайықты және жұмыс істей алатын үлгісін табуды қажет етті. Сондықтан Елбасы 1992 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясын құруды ұсынып, тиісті дайындық жұмыстарының нәтижесінде 1995 жылы ол институционалдық тұрғыда өз шешімін тапты. Бүгіндері ҚХА конституциялық мәртебеге ие болып отыр. Ассамблея 25 жылдық тарихында арнайы институт ретінде қыруар жұмыстар атқарды, қалыптасып, нығайды. Құрылымдық тұрғыда да үлкен өзгерістер жасалды. Оның сессияларының күн тәртібіне ел өміріне қатысты көптеген маңызды мәселелер көтеріліп келеді. ҚХА төрағасы, Елбасы Н.Ә.Назарбаев еңбектері мен сөйлеген сөздерінде бұл тақырып тұрақты түрде орын алуда.

Дегенмен, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында осы кезеңде жүріп өткен жолымызға, тарихымызға терең үңіліп, жеткен жетістіктеріміз бен қол жеткізген құндылықтарымызды көрсетіп, стратегиялық бағыт-

бағдарымыз, күнделікті іс-әрекеттеріміз бен қоғамдағы болып жатқан күрделі үдерістерге зер салғанымыз жөн. Оларға кей жағдайда дәлме-дәл сипаттама беру, оған нақты жауап іздеудің өзі қиынға соғып жататындығын да теріске шығаруға болмас. Сондықтан Президент Қ.Тоқаевтың «Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – өткенге көз жүгіртіп, қорытынды жасайтын уақыт... Даңғаза ақциялар мен даурықпа шаралардан бас тартып, бүкіл іс нақтылыққа құрылатын болады», – деуінде үлкен мән бар сияқты (http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/prezident-kasym-zhomart-tokaev-memleketтік-nagradalar-men-syilyktar-tapsyruga-arnalghan-saltanatty-rasimgе-katysty). Ендеше, кейбір жағымсыз жайттардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірімізде орын алып отырғандығы да жасырын емес. Оны біз сыни көзқараспен саралап, тиісті қорытындылар жасауымыз шарт. Ол – объективті процесс. Ендеше, ғаламданған заманның Қазақстанның дамуына жағымды жағынан да, жағымсыз жағынан да әсер етіп отырғанын түсіне білген абзал.

Олай болса, бұл үрдіс қазақстандық қоғамның қалыпты және пәрменді дамуына кері ықпалын тигізіп отырғандығын да дау тудырмайтын ақиқаттың бірі деп қараған жөн. Оған ең алдымен геосаяси, геоэкономикалық және ғаламтордың ақпараттық әлеуетінің ықпалы зор болып отыр. Осындай жағдайда, әсіресе, Қордай оқиғаларынан кейін, Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына сыни көзқараспен қарау қажеттілігінің туындағаны рас. Олай болса, ұсынылып отырған мақаланың мазмұны да әдеттегіден гөрі сәл басқаша сипатқа ие болып отырғандығы да сондықтан шығар.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында негізінен жүйелі және кешенді талдау әдісін қолдану зерттеу объектісін оның тарихи даму үдерісі үстінде салыстыра қарастыруға мүмкіндік тудырды. Ол өз кезегінде Ассамблеяның шынайы тарихын барынша айқынырақ көруге жағдай жасады. Соның арқасында жалпы ұлт саясаты мен этносаралық және дінаралық бірлік мәселесінің қазақстандық қоғамдағы алатын орны мен оның маңыздылығын сараптап, ҚХА сияқты арнайы институционалдық құрылым ретінде Қазақстандағы этносаралық қатынастарды үйлестірудегі қызметіне көп көңіл аударылды. Нәтижесінде аталмыш үдерістергі кездесетін кейбір түйткіл тұстарын ашуға жіті назар аударылды.

Сол сияқты ізденіс кезінде тереңдетілген мазмұнды талдау жүргізіліп, тақырыптың мақсаттары мен міндеттері нақтылана түсті, ол оны тереңірек зерттеуге ықпалын тигізді.

Зерттеу жұмысын жүргізуге қажетті ақпараттық материалдар мен дереккөздің қатарына ең алдымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері мен оның Ассамблеяның мінберінен сөйлеген сөздерін жатқызуға болады. Со-

нымен қатар мақаланың бүгінгі күннің оқиғаларына тікелей қатыстылығын ескере отырып, интернет материалдарының да септігінің болғандығын ескерген дұрыс.

Талдау. Бұл тақырыпты зерттеуде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері мен Ассамблеяның сессияларында сөйлеген сөздерінің алатын орны бөлек. Олардың ғылыми тұрғыдағы тереңділігі және дәйектілігімен қатар дереккөздік маңыздылығы да зор. Осы ретте Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында». - Алматы: Атамұра, 1999; «Тәуелсіздік дәуірі». - Астана: 2017; Н.Назарбаев – основатель казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия. - Алматы: Жеті жарғы, 2005; Нұрсұлтан Назарбаев. Политика мира и согласия. Астана: Елорда, 2008; Н.Назарбаев: Назарбаев Н. Идея мира и общественного согласия. - Астана: «Жасыл Орда». 2014 сияқты кітаптарын атаған жөн. Сонымен бірге «Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы». - Астана: «Ақарман-медиа», 2010; «Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих». - Алматы, «ҚАЗАқпарат», 2015; Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк. – Алматы, Раритет, 2010; Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел тарихында. – Алматы, «ҚАЗАқпарат». – 2015; Қазақстан халқы Ассамблеясы: алғашқы қадамдар (1995-1997 жж.). Құжаттар мен материалдар. – Астана: «Жасыл Орда» ЖШС, 2015; Қазақстан: бірлік пен келісім мекені. Казахстан: страна мира и согласия. Kazakhstan: a country of peace and harmony. Фотокинига. – Алматы: «Издательство Золотая Книга» ЖШС, 2020 сияқты ұжымдық кітап, очерктер, құжаттар жинақтарында Қазақстан халқы Ассамблеясы мәселесінің басты бағыттары мен көптеген қырлары зерделенген. Сонымен қатар осы тақырыптың төңірегінде қалам тартқан Е.Л.Тоғжанов, О.Г.Дымов, Г.В.Кан, Ә.Ә.Әбдіқимов, Н.П.Калашникова, В.Г.Вишниченко, В.В.Примин, В.С.Коробков, Н.У.Шаяхметов, А.К.Садвокасова, Б.А.Рақышева, Б.Абдығалиев сынды ғалымдар мен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің еңбектеріне көңіл аудару қажет.

Бұл еңбектерде Қазақстан аумағындағы халықтың көпэтностық құрамының қалыптасу ерекшелігінен бастап, тәуелсіздікке дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі этнодемографиялық жағдайға көңіл бөлінеді. КСРО ыдыраған кезден былайғы этносаралық қатынастардың дағдарысқа ұшырауы қарастырылып, Тәуелсіз Қазақстанның дербес этносаясатының қалыптасуы ҚХА байланыстырыла сарапталады. Осының негізінде оның кезеңдері көрсетіліп, этносаралық қатынастардың конституциялық негіздеріне баса назар аударылады. Қоғамдық ғылымдар өкілдерінің зерттеулерінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың этносаралық және конфессияаралық тағаттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастырудағы тарихи рөлін ашуға басты басымдық берілген. Тарихшылар мен саясаттанушы сарапшылардың осы тұрғыдағы зерттеу жұмыстарының барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының осы жүйедегі алатын орны, оның институционалдық-ұйымдық дамуының үдерістерін нақты зерделеуге ерекше мән берілген. 2007 жылғы конституциялық реформа негізінде Ассамблеяның мәртебесінің өсуіне, сонымен қатар ҚХА стратегиялық даму бағыттары мен оның республика көлемінде көптеген ірі жобаларды іске асырудағы жұмыстары мен Ассамблеяның этносаралық қатынастар саласын реттеудегі тәжірибесінің маңыздылығына көңіл аударылған. Ол елдегі барлық этностардың мүддесін қорғайтын өміршең механизмі ретінде бағаланған.

Авторлар мемлекеттік этносаясаттың қалыптасу үдерісінің көрініс тауып отырған деңгейлерін анықтап, бұл қазақстандық үлгінің азаматтық бастамашылдық, азаматтық қоғам мемлекеттің сындарлы ұнқатысуы негізінде қалыптасатынына және сол екі жақтың басын қосатын диалог алаңы ҚХА екендігі туралы дәлелді баяндайды.

Сонымен бірге этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне, оның мәдениетаралық және өркниетаралық диалог идеяларына бейімділігіне деген халықаралық қауымдастық пен БҰҰ бастаған беделді халықаралық ұйымдар тарапынан қызығушылықтың жоғарғы деңгейі де зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанның тәуелсіздігі мен оның мемлекеттілігін нығайтуда ұлт саясатының маңызы зор. Еліміз көпұлттылықты өзінің бірегейлігінің негізі деп, біздің сәйкестігіміздегі басты нәрсе қазақстандық азаматтық деген формуланы қабылдады. Сондықтан Елбасы Н.Ә.Назарбаев татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты сақтау мақсатында алдымен түйісу нүктелерін іздеп, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейтуге бар күшін салды. Ол жаңа мемлекеттің парасаты ұлттық саясатының негізін қалап, (Назарбаев, 2014: 574) осы мәселемен арнайы айналысатын институт ретіне 1995 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құрды. Қазақстан этностарының басын біріктіретін осы институтты құрудың алғашында екі бағыты қарастырылды. Біріншісі – Президент жанындағы кеңесші орган болса, ал екіншісі – қоғамдық қауымдастық ретінде құру ойластырылды. (Госархив Кустанайской области: 4). Ақырында ол бүгінгі күнгі түрінде дүниеге келіп, оның алдына Қазақстан халқының бірлігі мен тұрақтылығын сақтау міндеті қойылды. Дәл сол кездерде ұлттық саясаттың басты қағидаттары да негізінен айқындалды. Ол мәмілеге негізделген қоғамдық тұрақтылық, заңның үстемдігі мен тәуелсіздікті нығайту жолы болатын.

Олай болса, Ассамблеяның басты мақсаты – Қазақстан халқының бірлігі мен тұрақтылығын сақтау және ұлттық-мәдени саналуандылығын қамтамасыз ету болатын. (Назарбаев, 2014: 587). Сонымен қатар ұлттық мәдени орталықтар мен Ассамблеяның мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы үндесінде шешуші рөл атқаруына үлкен үміт артылды. Бұған дамыған азаматтық қоғамның тікелей ықпал ететіндігі де ескерілді. ҚХА-ның біріктіруші және зияткерлік әлеуеті азаматтық қауымдастық негізіндегі біртұтас Қазақстан халқын қалыптастырудың идеологиялық өрісін қолдауға бағытталды. Ассамблея жұмысының міндеттері қатарына, ең алдымен, азаматтықты және мемлекеттік тілді нығайту, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау жатты. Бірте-бірте Ассамблеяның инфрақұрылымдық әлеуеті артты. Осындай айрықша көңіл бөлінудің арқасында ҚХА үлкен жұмыстар атқарып, көптеген нәтижелерге қол жеткізді. Оны ешкім теріске шығара алмайды.

Десек те, бұл мәселеде ешбір күдік келтірмей ұғынып алатын екі ақиқаттың барлығын Елбасы Н.Ә.Назарбаев әу бастан-ақ ескерткен болатын: Қазақстан әрқашан да көп этносты мемлекет болады және біздің көпэтностығымыз – орасан зор мәдени, экономикалық және саяси ресурс. (Назарбаев, 2014: 326). Яғни, ұлтаралық қатынастарға мұқият болу, онда болып жатқан үдерістерге дер кезінде құлақ асу қажеттігіне сол кездің өзінде-ақ көңіл аударылды. Егер ұлт саясаты Конституцияға сәйкес жүйелі түрде жүргізілмесе, онда кез келген әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәселе табан астынан ұшығып, ұлттық реңк алып, мемлекеттің тұрақтылығына зиян тигізудің ықтималдығы зор болды. Оны біз бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған кейбір республикалардың мысалынан және өз елімізде тұрмыстық деңгейде орын алатын жағымсыз әңгімелер мен көріністерден білеміз.

Бұл мысалдар бізге этносаралық шиеленістердің түптеп келгенде қоғамдық-саяси сипат алатындығын және оның түп тамыры әдетте әлеуметтік теңсіздіктен «сусындайтын» жақсы көрсетіп берді. Сондықтан Қазақстанда елдің Конституциясына сәйкес халықтарды алаламайтын,

баршаның еркін дамуына мүмкіндік жасайтын ашық саясат жүргізіліп, этносаралық саясатта әлеуметтік және экономикалық арнаны кеңейтуге үлкен мән берілді. Әлеуметтік мәселелерді дер кезінде нақты және сапалы шешу тұрғындар арасындағы наразылықты басып, олардың билікке деген сенімін арттырып, ұлтаралық қатынастардағы кейбір түйткіл мәселелердің өзінен өзі шешімін тауып, мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтардың құқықтары іске асырылып, ел азаматтарының құқықтарын олардың ұлттық белгілері бойынша шектеуге жол бермеудің кепілдіктерін арттыруға күш салынды. Яғни, этносаралық келісімді мемлекеттік саясаттың басты бағытына айналдырудың арқасында кең көлемдегі егесулерге жол берілмей келді.

Осының нәтижесінде қазақстандық қоғамдық дамудың құқықтық негізі қаланды, түрлі мәдениеттердің үндесуін жолға қойып, жалпы қазақстандық азаматтық құндылықтарды бойына сіңірген көп мәдениетті қоғам қалыптастырудың алғышарттары жасалды. Тіл саясатын іске асырып, еліміздің рухани түлеуін, оның дінаралық келісімі мен қоғамда адамдардың бір-бірін жатсынбауына толық мүмкіндіктер туды. Сөйтіп, біз Қазақстан үшін көпұлттылық қоғамның кемшілігі емес, қайта артықшылығы екендігін іс жүзінде дәлелдеуге тырыстық.

Республикада экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалардың табысты жүргізілуі де осыған тікелей байланысты. «Әуелі экономика, сосын саясат» деген қазақстандық жолдың Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына да тікелей қатысы бар. Өйткені, реформалау барысында саяси-әлеуметтік қайта құрулар іске асырылды. Қазақстанның стратегиялық дамуы нарықтық экономика, құқықтық мемлекет құру мен азаматтық қоғам құру саясатына арқа сүйеді. Тіптен, Елбасы Н.Ә.Назарбаев қоғамдық келісім мәселесін қазақстандық қоғамның әрбір мүшесінің меншік иесі болуымен байланыстыра қарады, ал халықтың әл-ауқатын Қазақстанның дамуының негізгі шарты деп санады. (Назарбаев, 2014: 400, 363).

Осындай жағдайда Қазақстанның әлеуметтік мүмкіндігі еселеніп, алдына жаңа міндеттер қоюды қолға ала бастады. Біздің мемлекеттегі барлық этнос өкілдері арасындағы мәдени және экономикалық қарым-қатынастар үдерісі, олардың еліміздің дамуына қосқан үлесі қазақстандық сана-сезімді дамытуы тиіс болатын. Ол сол сияқты ортақ құндылықтар қалыптастырып, қазақстандық жолды анықтауға мүмкіндік берді. Сол құндылықтардың ішінде индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім мен еңбек қоғамын құру да бар. Тұрақтылық пен келісімнің әлеуметтік бағдарланған қоғамға әкеліп, халықтың денсаулығын сақтауға, оларды еңбекпен қамтуға жағдай жасайды. Сайып келгенде, барша қазақстандықтар бір әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық және мәдени кеңістікте тұрады. Бұл жерде көзбен көріп, қолмен ұстайтын экономикалық табыстардың орны бөлек. Міне, тұрақты қоғамның экономикалық тиімділікке әкелетінінің дәлелі осында.

Сондықтан Қазақстан халықтары Ассамблеясы дегеннің орнына Қазақстан халқы Ассамблеясы деген жаңа атауға ие болғалы бері оның жаңа міндеттеріне сонымен бірге патриоттық тәрбие беру, азаматтық қоғам институттарымен қарым-қатынас саласын іріткі салғыш күштердің саясаттандыруына жол бермеу жұмысын күшейту, этносаралық қарым-қатынасты нығайту секілді бағыттар да жатқызылды. Сөйтіп, бейбітшілік, тұрақтылық және қоғамдық келісім Қазақстанның дамуы мен өркендеуінің басты бағыттары ретінде ҚХА жұмысының шынайы негізгі мазмұнын құраған кезде әрбір қазақстандықтың тұрақтылық пен келісімді нығайтуға әрқайсысының жауаптылық сезімін олардың көкейлерінде ұялату өз нәтижесін беріп, оның маңыздылығын отандастарымыз тереңірек түсінген болар еді. Өйткені кез келген этнос қазақстандық қоғам-

ның маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік құрылысқа атсалысып, өздерінің рухани сұраныстарын қанағаттандыруға, табиғи болмысын сақтап, қазақстандық қоғамда өз орнын табуы керектігін сезінер еді.

Осылайша Қазақстанның жалпыұлттық келісім моделін жасауға барлық ұлт өкілдері өз үлестерін қосып, жеке басына міндеттеме алуы қоғам мүшелері тарапынан үлкен түсіністікке ие болар еді. Олар осы бір күмән келтірмейтін ақиқатты түсініп, қабылдағанда жағдай басқаша өрбіп, жаңа сапалық деңгейге көтерілуге деген жағдай тудырып, өміріміз бұдан да мәнді бола түсер еді. Сонда ғана Қазақстанның тыныштық арқылы тұрақтылыққа, татулық арқылы тұтастыққа қол жеткізуі толыққанды сипат алар еді. Бәлкім, сонда ғана «бір ел, бір тағдыр» қағидаты іске асырылды деп сеніммен айтар ма едік? Өйткені, осы бағытта аянбай еңбек етіп, өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Бұның барлық қазақстандықтарға тікелей қатысы бар, соның ішінде, әсіресе, қазақтарға. Себебі қазақтар мемлекет құраушы ұлт ретінде биік бола білгенде ғана, өзгелерге сыйлы болады. Көп этносты қоғамда, ұлтаралық қатынастар мәселесінде ешқандай қосарланған стандарттарға жол берілмеуі тиіс. Сондықтан Ассамблея жалпыазаматтық, саясатүстілік және жалпыхалықтық институт ретінде заманауи жүйелі модернизациялау міндеттеріне жауап беретін қоғамдық сана-сезімді қалыптастырып, азаматтық бірегейлікті нығайтып, бірлігімізді қамтамасыз етуі керек. Яғни, Ассамблеядан еліміздегі қоғамдық келісімді сақтауға бағытталған өзінің ең басты міндетін терең түсініп, өз жауапкершілігін арттыруға күш салу талап етілді.

Қоғамдық сана-сезім мен келісім мәселесіне елімізде дінаралық қатынастарды үйлестіру де жатады. Қазақстанның жағдайында мәдениеттердің үндесуі сонымен бірге діндердің үндесуі дегенді аңғартады. Бұл – қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтаудың елеулі факторы. Сондықтан да діннің саясаттануына жол бермеу мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің айқындалушы басымдықтарына жатады. Қазақстандық көптеген конфессиялардың жетекшілері Ассамблеяның мүшелігіне кіретіндігі осы мәселені шешудің бір жолы деп түсінген дұрыс шығар.

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының ширек ғасырлық тарихы мен Тәуелсіздігіміздің отыз жылдығы қарсаңындағы жұмысына объективті, тіпті біршама сыни көзбен қараудың реті келіп тұрған сияқты. Қалай болғанда да, бұл – бір дәуір ғой. Осы кезеңде қазақстандық қоғам басынан өртүрлі күрделі және ғасырға татырлық үдерістерді басынан кешірді. Әрине, жетістіктеріміз басым болды. Бұның Ассамблеяға да тікелей қатысы бар. Дегенмен, уақыт өте оның жұмысында көзге бірден түсе қоймайтын, алайда, Ассамблеяның қуатын әлсірететін көріністер пайда бола бастады. Нәтижесінде, оның қызметінде формализм мен немқұрайдылық сияқты кемшіліктер белең алып, адами және ашық әңгімеге жете мән берілмеді. Көп нәрсеге көзіміз үйреніп, етіміз төселіп кетті. Бойымызды барлығы өздігінен, күш салып, тер төгіп еңбектенбей-ақ бола қалады деген сияқты алдамшы сезімі билей бастаған тәрізді. Оның, өкінішке қарай, түбінде қос стандарттыққа әкеліп ұрындыратынына жүре қарап, оған онша мән де бермедік. Әуелі халқымыздың «ауруын жасырған өледі» деген даналығына да құлақ аспадық. Қазақстандық толеранттылықты дүниетанымдық әлеуметтену үдерісінен гөрі жалаң насихатқа айналдырып жібердік.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлтаралық қатынастарды саясиландырып жібермеуде шешуші рөл атқаруға, азаматтық қоғам институттарымен бірлесе отырып, тек қана этностық татулықты емес, қоғамдық тұрақтылықты сақтаудың құралына айналуы тиіс еді. (Назарбаев, 2014: 233, 236). Бірақ, Қордай оқиғаларынан кейін жағдай

күрт өзгеріп кетті десе де болады. Ол көп нәрсені қайта қарауды, кейбір көзқарастарымызды жаңғыртуды талап етіп отырғанға ұқсайды.

Сондықтан да болар Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қордай ауданында дүнген диаспорасының өкілдерімен өткізген кездесуінде мұндай жағдайдың бұрын-соңды болмағандығына көңіл аударды. Президент бұл оқиғаның орын алуына биліктің жіберген кемшілігі де себеп болды деген қорытынды жасады. Жастардың тәрбиесіне баса мән беріп, олардың әрбір халықтың мәдениетіне, қазақ тілі мен Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауы мәселесіне көңіл аударылды. Олардың болашағын, білім алып, жұмыс істеуін тек қана Қордай ауданының шеңберімен шектелмей, Қазақстанның барлық өңірлерімен байланыстыра қарау қажеттілігі баса айтылды. (https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/working_trips/kasym-zhomart-tokaev-dungen-diasporasynyn-okilderimen-keздеsti).

Мемлекет құраушы ұлт ретіндегі қазақтардың рөлі осы жолы тағы да ашық әңгіменің арқауына айналды. Қазақтар өздеріне және қоғамда мойындалған жақсы қасиеттерін жаңғыртып, басқа ұлттарға, өзге елдерге өнеге, үлгі көрсетулері керек. Қанша қиын болса да, қазаққа қатысты айтылып жүрген бейқамдық, жалқаулық, еріншектік туралы теріс пікірлерді еңбекқорлық таныту арқылы тоқтату қажеттілігі сөз болды. Оған аса үлкен саналылық, байсалдылық, адалдылық пен адамгершілік және табандылықтың керектігі де талқыға түсті.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қордай оқиғасын сараптап келе еліміздің басты құндылығы – ұлтаралық татулыққа сызат болды деуі көп нәрсені аңғартса керек. Сондықтан Президент: «Қордайда болған оқиға халқымызды дүр сілкіндіріп, бүкіл әлемді елең еткізді. Шыны керек, бұл жанжал мемлекетімізге, елімізге нұқсан келтірді. Абыройымызға зияны тиді. Енді тұтас ұлт болып осындай теріс тәжірибеден сабақ алуымыз керек. Ең алдымен, келешекте мұндай қасіретті болдырмау үшін тиісті шара қолдануымыз қажет», – деп, атап өтті. (https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/working_trips/memleket-basshysy-karakemer-auylynyn-zhurtshylygy-men-keздеsti).

Қалай болғанда да, Қордай ауданындағы аталмыш оқиға кезінде 39 тұрғын үй, 20 сауда нысаны, 47 автокөлік өртеніп, 185 адам жараланды. Мұны жоққа шығара алмайсың. Сонымен қатар дүнгендердің жартысына жуығы, яғни 24 мың адам көрші Қырғызстанға уақытша жан сауғалап өтіп кетті. Контрабандамен айналысып, заңсыз табыс көзі үшін болған қылмыстық топтар арасындағы текетіретің нәтижесінде адамдар зардап шекті. Арасында қаза тапқан 11 адам бар. Бұл туралы ашық айтылды. Барлық қылмыскерлер ұлтына қарамай, заңға сәйкес жазаға тартылуда. Қақтығысқа жол бергені үшін облыс басшылары, соның ішінде құқық қорғау органдарының басшылары толығымен ауыстырылды, қызметкерлер жұмыстан босатылды. Облыстың өкімі де өзгереді. (https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/working_trips/memleket-basshysy-karakemer-auylynyn-zhurtshylygy-men-keздеsti). Алайда, бұның қоғам үшін өте қауіпті нышан екендігін түсінген жөн. Бизнес пен билік өкілдерінің ұлт саясаты төңірегінде қылмыстық пиғылда ымыраға келуі жақсы нышан емес. Ол деген сөз біздің ең қасиетті құндылығымыз – этносаралық бірегейлік пен дінаралық түсіністікке бағытталған арам ниеттілік және мемлекеттіліктің тамырына балта шабу дегенді аңғартады.

Демек, шын мәнінде бұл – қатты ойланатын, жан-жақты сараптап, қорытынды жасайтын күрделі мәселе. Көпэтносты қоғамда екі ұлттың өкілі той үстінде, яғни тұрмыстық жағдайда сөзге келіп, керісіп, арты төбелеске айналып кетсе, оның «этносаралық кикілжің» деп бағаланатыны біздің орта үшін «үйреншікті» жайт. Сондықтан бұған тиісінше көңіл бөліп, дұрыс қорытындылар шығарған абзал.

Жағдайдың алдын алатындай шаралар қажет. Түптеп келгенде, мәселе болған жағдайды қалай атап, оған қандай баға беруде емес. Өйткені, біздің өмірлік тәжірибемізде кез келген оқиға мен біреудің әрекетіне ойланбастан баға бере салу ол бір «қиындық тудырмайтын әдетке» айналып кеткені қашан. «Прокурор» айыптап тұрғандай, аяқ асты «кінәлі» бола қалуға да көнтіккенбіз. Қордайдағы жағдайға қатысты да «тұрмыстық жанжал», «жаппай төбелес», «қайғылы оқиға», «контрабандистердің текетіресі» деген бағалар беріліп жатыр.

Бірақ, мәселе онда емес, ол сол болған жайтты қоғам қалай қабылдайтындығында сияқты. Өйткені, сайып келгенде, қоғамның әрбір мүшесі әйтеуір бір этностың өкілі болып табылады. Ендеше, кез келген, мейлі ұсақ-түйек болсын, адамдар арасында, өкінішке қарай, кездесіп отыратын ұрыс-керіс жағдайлары жалпы Қазақстан азаматтарының ғана емес, сонымен бірге белгілі бір этнос өкілдерінің тарапынан да бағаланатынын жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе, егер ол екі этнос өкілдері арасында болса, ондай жағдайға «ұлтаралық» сипат берілетіні де айдан анық. Демек, оқиға қалай қабылданса, оған сондай баға беріледі. Яғни, бұл жерде әңгіме үстірт, жалма-жан, сол мезеттегі көңіл-күйдің ықпалымен берілетін бағалау туралы болып отыр. Ондай кезде адамдар немесе кез келген этностың өкілі болған жағдайдың тамырына терең үңіліп жатпайды.

Олай болса, бұған әлеуметтік тұрғыда қараған абзал. Өйткені, барлық қақтығыстардың бастауында әлеуметтік ахуалдың шиеленесуі жатады. Олай болса, бізде этносаралық кикілжің деп асығыс бағаланатын жағдай, шын мәнінде, ары кетсе әлеуметтік жағдайдың бір түрі ғана болуы мүмкін. Өйткені, Қазақстанда жүргізіліп отырған ұлт саясатының тәжірибесі біздің елде бір нәрсенің кең көлемдегі этносаралық қақтығыстарға ұласуына негіз жоқ екендігін көрсетіп отыр. Бірақ, проблема жоқ деуге болмайды, ол бар. Тек, оны дер кезінде көріп, түсіне білу қажет. Біліп қана қоймай, Қордайдағы сияқты жағдайдың алдағы уақытта Қазақстанда қайталанбауы үшін ерінбей-жалықпай, табандылықпен бүкіл қоғамның ашық түрде нақты жұмыстарды атқаруын талап етеді. Ал қазақстандық қоғамдағы ер түрлі этнос өкілдерінің бір-біріне деген көзқарастары, бір-бірін қабылдау немесе силау мәселесі түбінде әлеуметтік ахуалдың түзеліп, демократиялық үдерістердің тереңдеп дамуына тікелей байланысты болмақ (<http://nomad.su/?a=3-202003100031>).

Сондықтан, Жамбыл облысының Қордай ауданындағы трагедияның бәрімізге үлкен сабақ болғанын ескере отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Ассамблеяның ақпараттық-идеологиялық жұмысында жастар арасындағы толеранттылықты күшейтуге және ксенофобияға қарсы күреске ерекше мән беру керектігіне тоқталуында үлкен мән жатыр. Тек солай ғана бір аумақта шоғырланған этникалық топтардың дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтау және дамыту үшін тиісті жағдай жасау негізінде мәдени, лингвистикалық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ашық, оқшауланбаған қоғамдастықтарға қолдау көрсету мүмкіндігі туады және сол арқылы барлық этнос өкілдерінің ел өміріне белсене араласуына жағдай жасауға болады.

Ендеше этносаралық қатынастарда жаңа, инклюзивті саясатқа деген сұраныс қоғамды біріктіру үдерістерін тереңдетуге бағытталған іс-шараларды әзірлеп, жүйелі түрде жүргізуді талап етеді. Сонда ғана бірлік пен келісімнің қазақстандық моделінің интеграциялық әлеуеті артып, ол тиімді әрі белсенді түрде жүзеге асатын болады. (<https://elbasy.kz/kk/news/2020-11/kazakhstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasynyn-toragalygy-men-kazakhstan-khalky>). Сол кезде қоғамдық келісім кеңестері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерінің этностар арасындағы

қақтығыстарды болдырмаудың алдын алу бағытындағы жұмыстары белсенді жүргізіле бастайды. Олар жергілікті әкімдіктермен бірлесіп әртүрлі этностық топтардың арасында тиімді және нәтижелі үнқатысу орнатады. Ал адамдармен сөйлесе білетін, дайындықтары жеткілікті жас спикерлердің мемлекеттік саясатты түсіндіруге атсалысқандары нәтижеге әкеледі. Ең бастысы, мұндай ортада болып жатқан үрдісті ұғып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қоғамдық тәртіпті нығайту, құқықтық мәдениетті көтеру түбінде өз жемісін беріп, қылмыстық ахуалды түзеп, оны еңсеруге жағдай туары анық (<https://vlast.kz/novosti/42517-sovety-ank-dolzny-rabotat-na-operezenie-i-ne-dopuskat-meznatsionalnyh-konfliktov-nazarbaev.html>).

Қалай болғанда да Ассамблеяның беделіне нұқсан келгені рас. Онымен қоймай Қазақстанның халықаралық абыройы да зардап шекті. Бір өкініштісі, көптеген жылдар бойы қордаланған мәселелер біз ойлағаннан да терең болып шықты. Ол мықтап ойланатын кездің келгендігін аңғартады. Қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу хақында ашық айтатын да, осы бағытта нақты нәтижеге бағытталған жұмыс атқаратын сәттің туғаны да анық. Қазір баспасөз құралдары мен әлеуметтік желілерде Ассамблеяның қызметі туралы көп айтылып та жүр, жазылып та жатыр. Солардың ішінде жиі айтылатындары: ұлтаралық қатынастар жүйесі – ол Ассамблеяның іс-шараларындағы құр ұрандар мен ұлттық киім кию, домаланып би билеу және біздің ерекше моделіміз туралы салтқа айналып кеткен жаттанды сөздер ғана емес дегенге келіп саяды (<https://365info.kz>). Ал шын мәнінде, бұл, біріншіден, күнделікті және тұрақты түрде және тынымсыз еңбекті талап ететін жүйелі саясат, ал, екіншіден, қазақстандық қоғам үшін ол өмірлік маңызы бар ауадай қажеттілік екендігін түсінуді талап ететін ащы шындық. Оның Қазақстандағы этникалық мәселелерді, демография мен көші-қон, диаспоралардың қоныстануы, этникалық қылмыстың жай-күйі, білім беру мен тәрбие, ақпараттық саясатты қайта форматтауды талап етері анық. Сонымен бірге бұл жұмыстың елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаны, оның ішінде мемлекеттік басқаруды қайта құру аясында кешенді түрде іске асырылғаны жөн. Өйткені, басқаларын айтпағанның өзінде, қазір қоғамда орын алып отырған және әртүрлі мінберден айтыла бастаған әлеуметтік-мәдени тұйықтану мен жастардың еліміздегі әлеуметтендіру үрдісінен тыс қалуы, өңір әкімдерінің этносаралық мәселелерден өз беттерінше қол үзіп кетуі сияқты қателіктерді еңсеру оңай шаруа бола қоймас («Egemen Qazaqstan», 2020: 28).

Қорытынды. Ұлттық саясатта саяси мақсаттар мен міндеттердің алатын орны бөлек. Президент Қ.Тоқаев атап көрсеткендей, Қазақстандағы саяси өзгерістер мемлекет пен халықтың мүддесін ескере отырып бірте-бірте және бұлжытпай іске асырылмақ. Сонымен қатар ол экономиканы реформалау қазір елдің қоғамдық-саяси өмірін қайта құрусыз мүмкін болмайды деген іргелі қағидаттың дұрыстығын көрсетіп отыр. Себебі қоғамдық тұрақтылық ұлт мәселесін демократиялық негізде шешудің бірден-бір тиімді жолы. Ол – халықтың бірлігі мен біріңғай азаматтық, бір мемлекеттік тіл. Жалпы, саяси модернизация барысында адамдардың нәсіліне, ұлтына, тілі мен дініне қарамастан азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз етуге назар аударылуы керек. Мұнда ұлттық құндылықтардың дәстүрлі діндермен өзара байланысы, диаспоралар мен этникалық топтардың біртұтас қазақстандық қоғамның және біртұтас қазақстандық азаматтық қауымдастықтың құрамдас бөлігі екендігін түсінген жөн. Қазақстандағы диаспоралар мен этникалық топтардың мәдени-рухани құқықтарын сақтап, дамытуға кепілдік берілетіндігіне деген олардың сенімін нығайту міндетін жүзеге асыру қажет. Сол сияқты мемлекетқұраушы қазақ ұлтының әлеуетін мақсатты түрде жаңғырту, оның қазақстандық қоғамдағы шоғырландырушылық рөлін көтеру өте маңызды.

Этносаралық және дінаралық келісім саясатының кешенді сипат алатындығын оның әлеуметтік, экономикалық және мәдени-біліми, сол сияқты мемлекеттік саясаттың басқа да салаларымен тығыз байланыста қаралатындығын ескерген абзал.

Елімізде қолға алынған саяси модернизациялау үдерісі жергілікті елді мекендердегі этникалық және діни қауымдастықтардың мәселелерін мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру негізінде тиянақты және өміршең етіп шешкен жөн. Бұл міндеттердің қатарына азаматтардың ұлттық намысын құқықтық қорғауды, олардың тілін, мәдениетін және діни наным-сенімдерін сақтауды қамтамасыз етуді де жатқызу керек. Ол үшін, әрине, этносаралық қақтығыстарға жол бермеу мақсатында осы бағыттағы ахуалды зерттеп, оны болдырмауға арналған ғылыми ұсыныстар дайындап, халықпен жұмыс істеудің жаңа жолдары мен оларға әлеуметтік қызмет көрсетудің заманауи әдіс-тәсілдерін қарастырып, ұлтаралық келісім мен этносаралық байланыстың тәжірибесі мен мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын ескеру қажет. Өйткені, жабық қоғам қалпында қалар болсақ, ортақтастық та болмайды, мәдениеттер мен халықтар арасында жатсыну да сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Государственный архив Костанайской области. Ф. 917, Оп.1, Д. 2, Л. 4.

- «Egemen Qazaqstan», 28 ақпан 2020 жыл.
 Н.Ә.Назарбаев (2014). Тандамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. Т.II. – 1991-1995 жж. – 574 Б.
 Н.Ә.Назарбаев (2014). Тандамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. Т.II. – 1991-1995 жж. – 587 Б.
 Н.Ә.Назарбаев (2014). Тандамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. Т.III. – 1995-1998 жж. – 326 Б.
 Н.Ә.Назарбаев (2014). Тандамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. Т.IV (1). – 1999-2002 жж. – 233, 236 ББ.
 Н.Ә.Назарбаев (2014). Тандамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. Т.VII -2012-2013. – 400 Б.; Т.VI - 2010-2011 жж. – 363 Б.

REFERENCES

- Gosudarstvennyi arhiv Kostanayskoi oblasti [State archive of the Kostanay region]. – F. 917, Op. 1, D.2, L.4. [In Russian].
 «Egemen Qazaqstan» [Sovereign Kazakhstan]. – 28 february 2020 year [In Kazakh].
 N.A. Nazarbaev (2014). Tandamaly sozder [Favorite words]. – Astana: Saryarka Publishing House. II volume. – 1991-1995 yy. 574 p. [In Kazakh].
 N.A. Nazarbaev (2014). Tandamaly sozder [Favorite words]. – Astana: Saryarka Publishing House. II volume - 1991-1995 yy. 587 p. [In Kazakh].
 N.A. Nazarbaev (2014). Tandamaly sozder [Favorite words]. – Astana: Saryarka Publishing House. III volume. – 1995-1998 yy. – 326 p. [In Kazakh].
 N.A. Nazarbaev (2014). Tandamaly sozder [Favorite words]. – Astana: Saryarka Publishing House. IV (1) volume. – 1999-2002 yy. – 233, 236 pp [In Kazakh].
 N.A. Nazarbaev (2014). Tandamaly sozder [Favorite words]. – Astana: Saryarka Publishing House. VII volume. – 2010-2011 yy. – 363 p [In Kazakh].
https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/working_trips/kasym-zhomart-tokaev-dungen-diasporasynyn-okilderimen-kezdesti [In Kazakh].
https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/working_trips/memleket-basshysy-karakemer-auylynyn-zhurtshylygy-men-kezdesti [In Kazakh].
<https://elbasy.kz/kk/news/2020-11/kazakhstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasynyn-toragalygy-men-kazakhstan-khalky> [In Kazakh].
<http://nomad.su/?a=3-202003100031> [In Russian].
<https://vlast.kz/novosti/42517-sovety-ank-dolzny-rabotat-na-operezenie-i-ne-dopuskat-meznatsionalnyh-konfliktov-nazarbaev.html> [In Russian].
<https://365info.kz> [In Russian].

АНАХАРС – ЖАНАРЫС

«Тарих атасы» атанған грек тарихшысы Геродоттың (б.з.д. 490 – 425 жж.) көптеген ерте дүние оқиғалары жайлы өте маңызды деректер жазып қалдырғаны белгілі. Ол б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген скиф ғұламасы Анахарс (грекше – Анахарсис) туралы да жазған. Анахарс деген кім? Ол – Геродоттан бір ғасыр бұрын өмір сүрген скиф-түрік ханзадасы. Анахарс б.з.д. 595 – 550 жылдары өмір сүрген, Қара теңіздің солтүстік жағындағы жазықты мекендеген скиф (искит, ишгуз) түрік елінде дүниеге келген. Геродоттың жазуы бойынша «Анахарсис – скиф патшасы Спаргапистің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы».

Анахарс туралы басқа да ерте дүние ғұламалары жақсы пікір айтып, жазып кеткен. «Анахарсис – аты аңызға айналған скиф, өзінің Грекияға жасаған саяхаты кезінде даналығымен даңққа бөленді және Солонның ықпалымен өмірін философия ғылымына арнады» [Платон. Шығармалар. 3-т. 622-б.].

Грек ғұламасы Диогеннің мәліметі бойынша, Анахарс «Архонт Эвкраттың тұсындағы қырық жетінші Олимпиада өтіп жатқан сәтте Афиныға келген». Скиф түрік даласынан аттанған ханзада Анахарс (Анарыс) Гнурұлы (Күннұр) «әлемнің жеті ғұламасының бірі – Солонды» іздеп, б.з.д. 568 жылы Элладаға бет алады. Солон – философ, саясаткер, мемлекет қайраткері б.з.д. 638 – 559 жылдарда өмір сүрген. Философ Диоген өзінің жазбаларында:

«Скиф Анахарс Гнурдың ұлы және скиф патшасы Кадидуудтың бауыры еді. Оның шешесі грек қызы, сондықтан да ол екі тілді де білетін. Ол скифтер мен эллиндіктердің дәстүрі, өмірді жеңілдетудің жолдары туралы жазды және әскери айла-тәсіл жөнінде сегіз жүз өлең шығарды. Ерекше шешендігімен көзге түсті, «скифтік сөйлеу мәнері» деген мәтел оның осы қасиетіне байланысты қалыптасқан» деп жазған [Диоген Лаэртский. «Әйгілі философтардың өмірі, тағылымы және шешендік сөздері туралы» М. 1979. 1.8.101-б.].

Көшпенді түріктердің Анахарстай ер ұланын (Элладаға ол 27 жасында барған) Афины қаласында бір адам қуана қабылдап, ақыл-кеңесін беріп, жөн сілтеп отырған. Ол – Эллада елінде аты әйгілі болған емші-балгер, ата-тегі – скиф (түрік) Тоқсары (Токсарид) деген кісі болатын.

Тоқсары мен Анахарстың (Анарыстың) достығын жазып кеткен адам б.з.д. 180 – 125 жылдары өмір сүрген гректің ұлы қаламгері Лукиан еді. Ол осы оқиғаларды өзінің «Скиф немесе қонақ» деген әңгімесінде жылы сезіммен баяндап берген.

Анахарс Солонның сарайына алғаш рет барып, қабылдауында болғаннан бастап өзінің шешендігі мен тапқырлығының арқасында зор абыройға ие болып, Солон екеуі жақын достарға айналады. Бұл достық – Элладаның ғұламасы Солон мен Ұлы Дала данышпаны Анахарстың достығы, қашан Солон-ұстаз көз жұмғанша үзілмепті.

Пікір алысу, еркін әңгіме кезінде Анахарс шешуі

қиын, философияға, заңға қатысты мәселелерге ұтымды, ұтқыр, ұғынықты талдаумен Солонның өзіне ақыл қосып, ескерту жасайтын дәрежеге жетіпті. Ұстаз бен шәкірттің арасындағы пікір таластық, тәлімдік әңгімелесулерді жазып кеткен – грек оқымыстысы Плутарх.

Анахарстан (Анарыстан) қалған, бізге жеткен кейбір сөздер мынадай:

-Бақ пен сорға бірдей себепші болатын нәрсе – тіл.

-Татымсыз көп достан табанды бір дос артық.

-Базар – адамдардың бір-бірін алдап, тонауы үшін әдейі ойлап табылған орын.

Анахарстың ескерткішіне «Тіліңе, құлқыңыңа, тәңіңе ие бол» деген сөзі жазылған екен. Анахарстың әкесі Гнур (Күннұр) скиф түріктерінде хан болған. Анахарс Сабылға (Савлий) аға, скиф патшасы Кадидуидке бауыр болып келеді. Ол Элладада, Еуропада 5-6 жылдай болған деуге негіз бар. Еліне, Скифияға қайтып келген соң 12 жылдай өмір сүрді деген Қазыбек бек Тауасар ұлы, өзінің зиялылар арасында көп талас тудырған «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деген кітабында. Бұл мәліметтер Анахарстың б.з.д. 550 жылы өлген деген уақытқа сәйкес келеді. Сонда ол еліне б.з.д. 562 жылы қайтып оралған. Еуропа мәдениетімен танысқан соң ол өз отандастарымен кейбір мәселелерде (мысалы, дін) келісе алмайды. Ақыры Анахарс жасырын түрде гректердің кейбір діни жоралғыларын жасамақ болған кезде бауыры Сабылдың (Савлий) қолынан қаза табады. Сабыл Анахарсты садақпен атып өлтіреді. Геродоттың жазуынша, скифтер Анахарстың Элладада болып, жат жұрттың дәстүрін қабылдағанын кешіре алмаған.

Анахарс скиф патшасы Иданфирске әкелес аға болып келеді. Иданфирс Сабылдан туған. Тарихи шежіре бойынша Анахарстың арғы атасы, Ликтің әкесі Спаргапис (Сапарғап) Томирис патшайымның да әкесі болып табылады. Спаргапис Мәдиұлы б.з.д. 675 – 625 жылдары өмір сүрген.

Ишпақай көсем бастаған скиф түріктерінің батысқа жорығы оның ұлы Партатуа патша және оның немересі Мәди патшадан кейін аяқталады. Осыдан соң скиф түріктері кері қайтып, ата мекендеріне оралған еді. Скифтер кері қайтқанда екі толқын болып, бірі солтүстік Қара теңіз жазығына (Қондыгер – Қобан жері) оралса, екінші лек Орталық Азиядағы ежелгі отандары – Тұранға келген еді. Осы екінші лекті Тұранға бастап келген Спаргапис патша еді. Спаргапис патша (б.з.д. 655 – 560 жж.) ұзақ жасап, Лик пен Томирисінің әкелері болды. Томирис патшайым көп қиыншылықтар көріп, жай әскербасы болған күйеуі ерте өліп, жесір қалған еді. Өз дарындылығының арқасында скиф-массажеттер еліне билеуші дәрежесіне көтеріледі. Б.з.д. 529 жылғы парсы патшасы Кирдің жорығына қарсы елін ұйымдастырып, «жеңілмейтін патшаны» жеңіп шығады, елінің бостандығын сақтап қалады. Томирис патшайым мөлшері б.з.д. 575 – 520 жж. өмір сүрген, даңқы Жер жүзіне жайылған түрік билеушісі.

Спаргапистің әкесі Мәди (б.з.д. 675 – 625 жж.) мөлшерінде өмір сүріп, оның билігі кезінде скиф түріктерінің даңқы шығып, б.з.д. 652 – 625 жж. бүкіл Таяу Шығысқа билік жүргізді. Олар Ассирия, Мидия, Сирия, Палестинаны бағындырып, Египетке дейін барған. Олардан алым-салық алған. Ассирия күйреген соң Лидия мемлекеті құрылды. Б.з.д. 625 жылы билікке таласушы Киаксар мен лидиялықтар Мәди бастаған скиф көсемдерін алдап қонаққа шақырып, шарапқа масайған кезде бірін қалдырмай қырып тастайды. Осыдан кейін Таяу Шығыстағы скифтердің билігі аяқталып, олар Ата жұртына қайтқан болатын. Мәдидің әкесі Партатуа (Прототий) патша (б.з.д. 700 – 650 жж. мөлшері), атасы әйгілі Ишпақай – скифтердің көсемі еді. Ол б.з.д. 720 – 674 жж. мөлшерінде өмір сүрген.

Скиф түрік патшаларының таралу шежіресін схема түрінде көрсетуге болады (соңғы бетте). Шежіре схемасындағы кейбір белгісіз даталар (жылдар) басқа жылдармен сәйкестендіру арқылы жазылды.

Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деген кітабындағы шежіресінде Анахарс деген Арыс бабамыз, ал Жанарыс Арыстың баласы деп жазған. Еуропаны аралап, білім алған, олардың мәдениетін зерделеген сол Арыс бабамыз дейді. Қазіргі ұрпақтар үшін Анахарс деген аңыз адам Арыс па, әлде Жанарыс па, көп айырмашылығы жоқ. Екеуі де ата-баба шежіресіндегі әкелі-балалы адамдар.

Бірақ, менің пікірімше, Анахарс деп еуропалықтар атаған адам Арыс емес, Жанарыс болуы керек. Өйткені, Арысқа қарағанда Жанарыстың Анахарс деп аталу мүмкіндігі көбірек.

Найман шежірелерінде Орта жүздің түп атасы Жанарыс Найманның 12-ші атасы делінеді [А.Сейдімбеков. «Балталы – Бағаналы ел аман бол» А. 1993 ж. 89-б].

Бұл аталар тізбесі мынадай:

1. **Жанарыс (Анахарс)**
2. Қарашор батыр (Қара, Қарақожа)
3. Тұлпар батыр
4. Алшын
5. Семізбұға
6. Жұмыр
7. Жұртбай
8. Жүндібай
9. Кененбай
10. Сары (Сармантай)
11. Шал
12. Ер Қаптағай
13. **Найман**, Наймантай, Найманбай.

Осы тізбе бойынша Найман атаның өмір сүрген уақыты мөлшерін анықтауға болады. Келесі бір ұрпақтың тууына орта есеппен 25 жыл керек деп есептесек, Жанарыс баба мен Найман атаның екі арасы: $25 \times 12 = 300$ жыл. Сонда Найман атаның туған уақыты Жанарыс бабаның туған уақытынан 300 жыл кейін болуы керек:

Б.з.д. 595 – 300 = 295 жыл, немесе б.з.д. 295 жыл мөлшері болып шығады. Шежіреде Найман ата 90 жасқа келіп өлген делінеді. Сонда ол уақыт б.з.д. 295 – 90 = 205, немесе Найман атаның өлген уақыты б.з.д. 205 жыл мөлшері болып шығады.

Найман атаның туған уақыты б.з.д. 295 жыл мөлшері болса, ол Гүн мемлекетінде Құжыман ханның билігі тұсында туған болып шығады. Б.з.д. 280 жылы гүндердің билігіне Қожақ хан келді. Қожақ ханның тұсында Алынша ханның заң-жобалары

тоқтатылады. Осыдан кейін 24 бектіктен құралған гүн мемлекеті ыдырап, 54 хандыққа бөлініп кетеді. Олардың ішінде Найман атаның әулеті мен туыстары да бірге бөлініп шығады. Бұл жайында Қ. Халид «Тауарих – хамсада»: «... қырғыз, қыпшақ, ұйғыр, оймауыт, қаңлы, қалаш, торғауыт, қалмақ, қарлұқ, найман, т.б. бас-басына ел болып құралған», – деп жазған [227-бет.] Үйсін, қаңлының б.з.д. III – II ғасырлардан белгілі болуы да осы оқиғаға байланысты.

Осы мәліметтерге қарағанда наймандардың алғаш белгілі болуы б.з.д. II ғасыр деп айтуға болады немесе Шыңғыс хан заманынан 1300 жыл бұрын. Бұдан кейінгі наймандар туралы мәлімет Шәкәрім келтірген қытай жазбаларында кездеседі:

«Қытай жазушысы Су-уән Шау-ми-ши сөзінше, Шыңғыс ханнан 850 жылдай бұрын қарақытай мен шүршіт билеп тұрғандағы Мағолстан жұртының тұрған тұрағы мынау:

Оңтүс күншығысында Татаби, яғни Ониют, оның сол жағында татар, оның солтүс нәм күнбатысында Керейт, Жалайыр, мұңғұл, онан Керуленде, оның күнбатысында Тамир нәм Орхоннан Ертіске шейін Найман, оң солтүсінде Меркіт және Қосакөл менен Таннуолада Ойрат нәм Тува және әртүрлі тоғайлы атанғандар. Енисейде Қырғыз бенен оған қараған ұсақ ел бар. Оның күнбатысында Телес бар еді» [Шәкәрім. Түрік, қазақ, қырғыз нәм хандар шежіресі. 13-бет].

Бұл мәліметке қарағанда Найман елінің мекен-деген жерлері Шыңғыс ханнан 850 жыл бұрын белгілі болған – ол уақыт б.з. 300 жылдары.

Осы мәліметтерді қорытындылай келе айта-тын менің пікірім – Элладаны шарлап, данышпан, шешен Солонмен айтысып жүрген атақты скиф – түрік елінің шешені, ел билеушілердің әулетінен шыққан данышпаны, қазақ тілімен айтқанда қара-көктің тұқымы, жалпы Орта жүздің және оның ішіндегі белді тайпасы – Наймандардың түп атасы – тарихта белгілі Анахарс – Жанарыс десек қателеспейміз деймін. Анахарс – Жанарыстың заманына сілтеме жасай отырып, Найман атаның да өмір кешкен уақыты мен Найман тайпасының тарихта белгілі болған заманын мөлшерлеп алуға мүмкіншілік бар екен.

Өрине, наймандармен қатар Жанарыс (Анахарс) Орта жүздің басқа да тайпаларының түп атасы, атап айтқанда – арғындардың, керейлердің, уақтардың да түп аталары болып табылады. Қыпшақ – Орта жүздің негізгі тайпаларының бірі. Бірақ, Қыпшақ Оғыз қағанның баласы деген мәлімет белгілі. Қыпшақтың ұрпағы «Қос оқ» атанған алғашқы қазақтар деген тарихи ұстаным бар. Сондықтан, қыпшақтарды Жанарыстың (Анахарстың) тұқымына жатқыза алмаймыз. Тарихтан белгілі, Оғыз қаған – б.з.д. XIII – XII ғасырларда өмір сүрген түрік билеушісі. Қыпшақтар – сол Оғыз қағанның ұрпағы. Жалпы, Керей мен Найман да оғыз ұрпағына жатады деген түрік тарихшыларының деректері бар.

Қоңыраттар Еркіне Қоннан шығып келген моңғолдың Қият тайпасына жатады. Сондықтан, олар да Орта жүз болғанымен, Анахарстың ұрпағы емес.

Қазақтың Жүздері Алтын Орда заманында – IV ғасырда – Өз Жәнібек ханның тұсында ұйымдастырылған деген болжам бар. Жүздер көшпенді мұсылман елдерді басқару үшін құрылған мемлекеттік құрылымдар делінеді тарихта. Сондықтан, Жүздерді құрғанда негізінен елдердің территориялық

орналасу ерекшеліктері ескерілген болуы керек. Орта жүзге Сарыарқада, солтүстік аймақтарда, солтүстік-шығыс және Шығыс Қазақстан жерлерінде қоныс тепкен елдер біріктірілген сияқты, Ұлы жүзге оңтүстік, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс, Тұран жеріндегі елдер біріккен, Кіші жүзге батыс жақтағы елдер біріктірілген дейміз. Шежірелерде Жанарыс ұлы Қарашор батырды Қара, Қарақожа деп те атайды. Қара үш әйел алыпты. Бірінші әйелінен Нұржан, Тарақты есімді бір ұл, бір қыз туады. Екінші әйелінен Арғын мен Найман туса керек. Үшінші әйелінен Керей, Уақ туыпты. Қараның балалары ішінде ұлдан үлкені – Арғын, кенжесі – Тарақты болыпты. Сондықтан, Қарашордың қара шаңырағы кенжесі Тарақтыда қалып, Тарақты Орта жүздің нокта ағасы болыпты дейді.

Найман атамның атасы Шал деген кісінің екі ұлы болыпты – ер Қаптағай және Қоянбай. Найманның бес жасында әкесі ер Қаптағай өліп, Найман бала үлкен атасы Сарының тізесіне отырып өскен екен. Найманның шешесі Күнке деген кісі ата жолымен қайынысы Қоянбайға тиеді. Қоянбай мен Күнкеден Керей туады. Сол себепті ел аузында: *«Арғын, Найман – аталас, Найман, Керей – ежелес, Керейді Найман ешкімге теңемес, ежелестер еніп сөйлесер, аталастар ат үстінен тілдесер»* деп айтылады.

Сонымен, бұл әңгіменің түйіні – ерте тарихтағы скиф түріктерінің ханзадасы, данышпан шешені, білім мен мәдениет іздеп Еуропаға барған тарихи тұлға – Анахарстың он екінші ұрпағы Найман атаның өмір сүрген заманы – мөлшермен б.з.д. 295 – 205 жж. дейміз.

Сақ-скиф билеушілерінің шежіресі:

Ишпақай (б.з.д. 720 – 674 жж.)

Партатуа (Прототий) (б.з.д. 700 – 650 жж.)

Мәди (б.з.д. 675 – 625 жж.)

Спаргапис (Сапарғап) (б.з.д. 655 – 560 жж.)

Лик (б.з.д. 625 – 570 жж.) **Томирис,**

Тұмар ханым
(б.з.д. 575 – 520 ж.ж.)

Гнур (Күннұр, Қоңыр) (б.з.д. 615 – 580 жж.)

Кадидуд Анахарс Савлий (Сабыл, Сабыр)
(б.з.д. 595 – 550 жж.) (б.з.д. 585 – 530 жж.)

Иданфирс (б.з.д. 550 – 495 жж.)

ӘДЕБИЕТТЕР

- Қазақ Совет Энциклопедиясы А. 1972 – 1978 жж.
Тарақты А. Балталы-Бағаналы ел аман бол. А. 1993 ж.
Т. Жұртбаев. Дулыға. А. «Жалын» 1994 ж.
Шапырашты Қазыбек бек Тауасар ұлы. «Түп-тұқияннан өзіме шейін» А. «Жалын» 1993 ж.
Қ. Халид. Тауарих Хамса. А. «Қазақстан» 1992 ж.
Шәкәрім Қ. Түрік, қазақ, Қырғыз һәм Хандар шежіресі. А. «Ол-жас» 2004.
Әбілғазы Баһадур хан. Түрік шежіресі. А. «Ана тілі». 1992.
Қ. Жалайыр. Шежірелер жинағы. А. «Қазақстан» 1997.
«Қазақ әдебиеті» газеті. 1992 жыл, көкек айы. «Анахарс».

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
Алматы облысы,
Қаратал ауылы.

ҚОЗЫКЕ ДАТҚА: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Сандаған ғасырлық тарихында сан алуан қиын-қысталаң заманды басынан өткізген, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы қол бастаған батырлар мен ерліктің шыңына ту тіккен қаһармандардан кенде болмаған. Оған тарихтың көзі куә, Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-байтақ жеріміздің өзі куә. Көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан мемлекетін құру, оның жерін біртіндеп кеңейту мен аласапыран замандарда жасанған жаудан елді қорғау пешенесіне жазылған қаһармандардың әрбірін қалай ұлықтасаң да жарасар. Қилы заманда тарыдай шашылып, барар жер, басар қас таппай дағдарған ат төбеліндей аз халықтың басын қосып, бір мақсатқа ұйытқан, Қозыбасыда алғаш рет қазақ мемлекетінің туын көтерген Керей хан мен Жәнібек сұлтан, аса қысқа уақытта жұртының санын еселеп өсіріп, жәйшылықта бес жүз мың, ышқынса, миллиондай әскер шығара алған Қасым хан, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» соң ел қабырғасы бүтінделіп, қаһарлы жаудың біржола күйрей жеңілуіне жол салған Абылай сынды хандар мен Төле, Қазыбек, Әйтеке, Тілеуке, Сасық, Мәлік, т.б. билер – қазақ тарихының ғана емес, Орталық Азия тарихының төрінен ойып орын алатын қасиетті тұлғалар. Бұлар ғана емес, ұлты үшін жанын шүберекке түйген барша батырлар мен ел үшін еңіреп өткен ерлердің әрбірі де халықтың жүрегінде.

Алайда әлі күнге дейін би, батырларымыздың қайда туып, қайда жерленгенін де нақтылай алмай отырғанымыз тағы рас. Дүниеге келген жылдары да анық

емес, шешімін таппаған сауалдар көп. Біртіндеп табылып та жатыр. Бірақ бұл фактологиялық тұрғыдан қаншалықты зерттеліп, дәлелденген? Антропологиялық, радиологиялық әдістерді кім пайдаланып жатыр? Мына нарықтық заманда зерттеулердің артында әртүрлі бағыттар, ұстанымдар, қаржылық тапсырыстар тұрады. Яғни әркім тарихи зерттеулерде ғылыми шынайылықтан гөрі, белгілі бір рудың, топтың, ортаның керек етуімен саяси мақсатпен бұрмаланған, «шындықтарды» ғана шимайлайды. Бұл ғылымға қарсы жолсыздықтарды туғызып келеді. Бұған тағы бір себеп – біздіңше, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеулер жүргізетін ғалымдардың саусақпен санарлығы. Екіншіден, қазіргі жазылып жатқан тарихымыз еуроцентристік қате тұжырымдардан әлі де арыла алмай отырса, үшіншіден, тарихымызға қатысты деректерді «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары арқылы молынан жинақтағанымен оны ғылыми айналымға салуда әлі де кенже қалудамыз. Сонымен қатар бабаларымыз қалдырған нақты жазба жылнамалардың жоқтығынан өткенімізді баяндау тәрізді жауапты мәселеде әр түрлі үстірт, публицистикалық сипаттамаға, болжамдар мен тұжырымдарға мүмкіндік берілді. Сонымен қатар орыс ғалымдарының айтқандарын ғана дұрыс деп білетін және өздерінің зерттеулерінде солардың тұжырымдарына ғана жүгінетін, біржақты пиғылдардан, құлдық санадан кейбір Отан тарихшылары әлі де арыла алмай келе жатқанына куә боласың. Мұндай ұстанымдағы ғалымдардың дәстүрлі қазақ деректерін, халықтың ауызша тарих айту

(профессор М.Қойгелдиев ғылыми жүйелеген) дәстүрін менсінбейтінін де байқадық. Мұндай «зерттеулерден» туындаған пікірлердің арихи шындықты қалпына келтіруге қызмет етудің орнына, оны одан әрі былықтыра түсуге, әртүрлі бұрмалауларға алып барары сөзсіз.

Қазақтың ұлы даласы мыңжылдықтар бедерінде сандаған арпалыстар мен сұрапыл шайқастардың күәсі болды. Қазақ тарихындағы сондай қатерлі алапат соғыстардың бірі – қазақ-жоңғарсоғысы. XVII – XVIII ғасырдағы бұл тарихи оқиғалар жан-жақты зерттеліп, тарихи зердеден өтіп жатқаны белгілі. Осы кезеңді баяндауда жазушы ағайындарымыз белсенділік танытып келеді. Бұл дәуір біршама зерттеліп, тарихи әпсаналар, сан алуан еңбектер жарық көрді. Солардың баршасының қозғайтыны қазақ-жоңғар ұрыстары, сол замандардағы хан, сұлтан, батырлардың баяндары.

Сан ғасырларға созылып жатқан қазақ көшінің жолын қалмақтан басқа ешкім кес-кестемеген бе? Бағзы дәуірлерге бармасақ та, кейінгі таяу ғасырлар көлемінде, өзгелерді былай қойғанда, іргелес отырған көршілерден ел-жұртымыздың көрген құқайы аз ба еді? Өткен тарих қатпарларына дендеп еңсек, бүгінгі бір туған елдер арасына сына түседі-мыс, «қырғыздар қырын қарап, өзбектер өкпелейді» деу – тарихи әділетті көзқарас емес, шолақ ойлау болар еді. Өмірде болған шындық балталасаң да өзгермейді. Оның үстіне, аумалы-төкпелі, аласапыран замандарда тірлік кешкен ұлттар мен ұлыстардың қатардағы қарапайым тобына (қазақ па, өзбек пе, қырғыз ба – бәрібір) тарих қашаннан айып тақпайды. Ал бүгінгі ағайын халықтарға ол тікелей қатысты емес. Басқыншылық, үстем-өктемдіктің басында билік иелерінің тұратыны белгілі. Ендеше, ақиқатқа тура қарап, өтпелі саясатқа алаңдамайтын тарихты оқып, сондай шындықты білуге әрқашан мүдделі болуымыз керек.

Жоңғарларды жеңіп, азаттық жолына түстік пе деген кезде, көп ұзамай қандас туғандарымыз Қоқан, Хиуа хандықтары және Ресей тарапынан дұшпандық әрекеттер өрши түсті. Содан, XVIII – XIX ғасырларда Қазақтың дархан даласында жорық-жортуылдар, қанды шайқастар жалғаса берді. Қоқан, Хиуа хандарының XIX ғасырдың басында Сыр бойын, Түркістан, Жетісу аймағын басып алып, қалың елге көрсетпеген, азап-қорлығы мен қиянат-қасіреттері аз болмаған.

1710 жылы Ферғана жазығында мың (өзбекше – минг) руының өкілі Шахрух би Қоқан бектігінің негізін қалады. Бектікте билік еткен 29 билеушінің аттары тарихта ізгі істерімен, көреген саясатымен емес, айрықша қатыгездіктерімен, даңқұмарлықтарымен, тойымсыз дүниеқоңыздықтарымен қалды. Бұлардың қатарында Шахрух бек, Абдурахим бек, Абдукерим бек, Ердана бек, Нарбота бек, Әлім бек, Омар хан, Мәдәлі, Шералы, Құдияр, Мәллекбек бар.

1820 жылдары Қоқан хандығының шекарасы батысында Хиуа, Бұқара хандықтарымен, шығысында шығыс Түркістанмен, оңтүстікте Қаратегін, Дарбаза, Кулябпен шектесіп, солтүстігінде Түркістан, Шымкент қалалары мен Шудың орта ағысын бойлай отырып, Балқашқа дейін жетті. Ұлы жүзге тынымсыз шапқыншылық жасап, ауыр алым-салықтар салды. Хиуа ханы Мұхаммед Рахым 1812, 1816, 1820 жылдары кіші жүздің 2 мыңға жуық халқы бар ауылдарын аяусыз қырып жойды. Шапқыншылықтар жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алды.

1817 жылдан бастап бекіністерінен жасақтар шығарып, қазақтың бейбіт елін шауып, алым-салық жинап отырды. Қоқан бекіністері төңірегінде көшіп-қонып жүрген қазақ қауымдары жылына түндік басы 6 қой, 24 қап көмір, 4 өгіз арба сексеуіл, 100 бау қамыс тапсыруға,

егіс өнімінің үштен бірін хан қазынасына құйып отыруға міндетті болды.

Қоқан хандығының езгісіне қарсы қазақтар талай рет бас көтерді. 1821 жылы Тентек төре (Рүстем төре) басқарған қазақ шаруаларының көтеріліс сипатынан шошынған қазақтың белсенді би, датқалары Қоқан жағына шығып, көтерілісті қатыгездікпен жаншуға жол берді. Ал қарсы шыққандары аяусыз жазаланды.

Шахрух бек мың руынан еді. Мың руы баяғыда сәнбилер II – IV ғасырда Жетісуды жаулағанда кеткен негізінен Үйсін қауымына қатысты жұрттар болатын. 1269 жылғы Талас өңірінде өткізілген Құрылтайдан кейін жер аяғы жырақ Памирден мың руының қозғалып келуі айрықша мәнді. Ұлы жүз шежіресінде жіктеліп таратылмағанымен, аты аталатын мың, жүз, қырық рулары осы елден. Мың руы бүгінде өзбек, қарақалпақ халықтарының құрамында сақталған. Қазақта да жұрнақтары аталады. «Кезінде Өзбек хан 1313 жылы өзін Исатай бекпен бірге Шеркешиядан әкеліп таққа отырғызған Алатай әмірге мың тайпасын сыйлады», – деп көрсетеді «Шыңғыс-наме» еңбегінде. Осыдан ақ мың руының елеулі күшке айналып, Қоқан бектігі тұсында олардан шыққан билеушілердің аса маңызды рөл атқарғанын білеміз. Қоқан хандығының билік тізгіні мен әскерлердің негізін мың, жүз, қырық және қыпшақ рулары құрағанын естен шығаруға болмайды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығы ірі мемлекетке айналды. Хандықтың гүлденген тұсы –1800 – 1842 жылдар аралығы. Хандық шекарасының кеңейіп, саяси жағынан күшеюіне Әлім хан (1799 – 1810), Омар хан (1810 – 1822) және Мәдәлі хан (1822 – 1842) көп еңбек сіңірді.

Омар хан мен Мәдәлі ханның тұсында Ұлы жүздің негізгі бөлігі Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Сайрам секілді қалалары, қырғыздың Шу, Ыстықкөл, Нарын аймағы Қоқан хандығының құрамына қосылды. Қаншама қарсылықтар, көтерілістер болғанымен қазақтар ащы жеңілістің дәмін татып отырды.

Қоқан билігі қазақтарды негізінен рулық жүйе бойынша жіктеп, әр рудың басына өзінің датқаларын қойғаны белгілі. Оңтүстіктегі датқалардың ішіндегі ең атағы шыққандары – Батырбек, Шоқай, Сапақ, Қошық, Қанай, Қозыке, т.б.

Қозыке датқа Тоғабайұлының өмірі мен өлімі бұрыннан-ақ ел ішінде аңыз-әңгімеге айналып, ақындардың жырларына арқау болған. Бүгінгі ұрпақтан гөрі сол заманға бір табан жақын дүлділ ақын Майкөт Құлмамбетпен айтысында:

Бір жұртың өзің айтқан Сіргелі еді,

Бұл да Дулаттан соң іргелі еді.

Марқабай, Жабай, Қозыке, Бошан датқа

Қоқанның пайтағына мінген еді, – деп, ел билеген даналардың қатарында Қозыке датқаны да жырға қосады (Майкөт Сандыбайұлы. Жампоз. Алматы, 2004).

Әрине, Қозыкенің Қоқан әміршісінің жауапты тапсырмасын тиянақтап орындағаны үшін датқалыққа қолы жетпегені түсінікті. Қоқан билеушілері елдегі аузы дуалы, сөзі өтімді, бәтуалы, көпшілікті соңына ерте білетін адамдарды тартып, тізгін ұстатып отырған. Ендеше қолына билік тиген тұста өзге датқалар сияқты Қозыкенің де Қоқан қоқиларына қызмет істегені шындықтан алыс кетпейді.

Әңгіме өзегіне айналған тарихи тұлға, атақты датқа кім? Ол – туғанына 205 жыл толатын, XIX ғасырдың өнегелі де өрелі өкілі Қозыке Тоғабайұлы.

Қозыке – елдік пен ерліктің туын көтерген, қазақ жұртының қамын ойлаған, өз халқының бақытты болашағы үшін жанын арына құрбан еткен, ел игілігі мен жер тұтастығы үшін жігермен ерлік істер жасаған саяси күрескер.

Алайда, өкініштісі бізде осы күнге дейін қайталанбас тұлғаның өз есімі, ерлік, күрескерлік қызметтері, әр жерде арагидік ауызекі де, жазба әдебиетте де айтылғанымен, арнайы мәселе ретінде тарихи тұрғыдан қарастырылмай келеді.

Ал көрші өзбек ағайындар «Өзбекстан халықтарының тарихында» бұл дәуірді терең зерттеп, қазақ қайраткер-датқаларын ілтипатпен атайтыны қуантады. Қоқан хандығы кезеңіндегі тұрмыс-тіршілігімізді, қоғамдық-саяси құрылымды, рухани-мәдени өмірді біздің тарихшы, саясаттанушы мамандар әлі тиянақтап толыққанды зерттей қойған жоқ.

Олай дейтініміз, самарқау салғырттық, немқұрайды көзқарас салдарынан және тұлғаның іздеушісі, сұраушысы болмағандықтан, біраз деректер, оқиғалар басқа адамдарға телініп, жаңсақтыққа ұрынып, бұрмаланып жүргені көзі қарақты адамға анық байқалады.

Қозыкөнің шыққан тегі – Ұлы жүз Сіргелінің іргелі Байжігіт атасынан. Қазақы шежіре бойынша, Байжігіттің төрт баласының үлкені – Амалдық. Одан – Тілеуқабыл, одан – Құлақа, одан – Дабал, одан – Тілес, одан – Сиқымбай, одан – Тоғабай, одан – Қозыке.



1-сурет. Қозыке датқаның қонысы.

Қозыке 1815 жылы қазіргі Түркістан облысы, Ордабасы ауданындағы қазіргі Шұбар елді мекенінің күнгей жағында, нақтырақ айтсақ, Арыс өзенінің оң жақ сағасында, сол кезде Келімбет деп аталатын қыстақта өмірге келген. Ол ес біліп, етек жапқаннан Қоқан бектерінің қазаққа жасаған зәбірі мен қиянатын көріп кектеніп, өршіл рухта өскен. Жаратылысынан бойына қонған тектілік қасиет оны өз ұлтын сүюге, өз жұртының бөгденің талапайына түсуіне жол бермейтін талпыныстарға жетелепті.

Қозыке үнемі таза жүріп, таза киінетін болған. Би кезінде ақ үй тіккізіп, сонда адамдарды қабылдайды екен. Көп сөйлемейтін, ойын қысқаша, афоризмге ұқсатып түйіндеп айтатын дағдысы болған. Шешіліп сөйлегенде арындап ағады екен. Қозыке айтты деген сөздер там-тұмдап бізге жеткен: «Досы жақсы озады, жолдасы жаман жолда қалып тозады», «Құл құтырса, құдыққа қармақ салар» деген мәтелге айналған сөздері қандай ұнасымды. Тарихи деректерге сәйкес, Қозыке 24 жасында би деген лауазымға ие болған жан.

Қозыкөнің өзіне жүктелген міндетке адал, жұртқа жанашыр, туған-туысқандарының балаларының ар тазалығына талабы қатаң болған. Өмірінің көбі қарт Қаратаумен өрілген Қозыке бидің елдікті ойлап, ағайын арасына алалық, шалалық енбеуін тілеп, уақыттың оны мен терісін кемелдікпен бағамдап еткен қызметі, әділдік пен адалдықтан айнымаған өмір жолы күні бүгінге дейін ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, аңыз болып келеді.

Қозыке елі үшін еңбегі сіңген тарихи адам, қоғам

қайраткері, ердің құнын екі ауыз сөзбен тындыратын алғыр шешен, абырой-құрметке ие болған ақылды, әділ, сыншыл би болғандығы жұртқа мәлім. Өкінішке орай, оның даналық сөздері мен билік шешімдері хатқа түспеген, түскен күнде де жоғалған, жадта сақталмаған. Көрегендігі мен көсемдігі сыр мен қыр еліне тараған Қозыке заманындағы жақсы-жайсандармен өзін тең ұстап, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін айтулы тұлға болған. Кезінде билік дарынымен даңқы шыққан Қозыке бар өмірін халқы үшін сарып етіп, ел намысын қорғаумен өткізген. Жасаған өмірінің ішінде ол талай дүрбелең, шапқыншылықты, азап-тепкіні бастан кешіріп, Қоқан хандары билігі тұсында Қаратау өңірі мен Сыр бойындағы, Қазығұрт пен Ташкент айналасындағы қазақ ауылдарына жасаған олардың қысым-қиянаттарына қарсы тұрған. Олардың алым-салық жинаушы шабармандарына артық салық жинатпай, бектері мен ханынан да түрлі амал-айламен тіл табысып құтылып отырған.

Ақтанкер ақын Қазанғап Байболұлы былай деп жырға қосқан екен:

*Байжігіт Қозыке датқа бұл белгілі,
Шықпаған сөйлегенде сөзден міні.*

Қазақтың баласына үлгі берген,

Оқымай, көрмей білген ілгеріні, – деп

сипаттайды.

1834 – 1840 жылдардың шамасында Қаратау аймағындағы Сіргелілер мен Бестаңбалылардың датқасы қайшылы руынан шыққан Мірәлі болатын. Ол адуынды да ел тізгінін берік ұстаған би екен. Оның аты Қоқан жазбаларында кездесіп отырады. Мірәлінің датқа болып қызмет жасағанын, халық мүддесі жолында ерен ерлігімен танылғанын жазба деректер мен халық баяннаттарынан анық аңғарамыз.

1842 жылдың шамасында Мірәлі датқа жұртшылықтың алдында Қозыкеге датқалық билікті, яғни өз орнын береді

(«Қоқан хандығының жазбалар» қоры. 1989 ж. Ташкенттегі ӨРММ-нан Миразов Мұхитханның зерттеулері бойынша жазып алынған).

Оның атасы Сиқымбай Тілесұлы – қазақ халқының сыртқы басқыншыларға қарсы күресінде (қоқан, қырғыз) үлкен ерлік көрсеткен ержүрек батыр болған кісі. 1842 жылы Қозыке 1500 Дулат, Сіргеліден жинаған жігіттерін бастап алдымен Иқанды, сосын Бадам ауылында орналасқан Ташкент құшбегісінің рабатханасын тас-талқан етеді.

Қаратау қыратынан Шолаққорған ауылынан солтүстік шығысқа қарайғы жерде Қаракен көлі бар. Бұл көлден тұз өндіріледі. Оны Түркістан, Шолаққорған, Созақ, Сайрам, Шымкент, Әулиеата, Ташкент базарларына сатады. Оны қаратікен тұзы атайды. Қозыке қаратікен тұзды барлық қалалар, кенттердегі халыққа жеткізіп беруді ұйымдастырған. Қоқан хандығына тұз саудасын жүргізген Қозыке болатын.

Шариғатқа негізделген салық жүйесі хандық дәуірінде қалыптасқан. XIX ғасырда Қоқан хандығында саяси билік ханның қолында болды. Ш.Уәлихановтың айтуынша, ел ханға жыл сайын табысының белгілі бір бөлігін және арнайы тарту-таралғы жіберіп отырған («Ақиқат», 1960, № 1, «Қоқан хандығы хақында»).

Қоқандық Әбу Убайдулла өзінің «Қысқаша өмірбаянында» («Хуласат алахвал») «әкім езілушілерден пайда, байлық табу жолында барлық заңдардың шекарасын аттаған» деп жазады. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығындағы негізгі қалалар округтармен қоса, жыл сайын қазынаға 21166900 сом кіріс әкеліп отырған

(ЗИРГО. Т. 3. СПб. 1848. 214 – 216-бб.).

Ресми түрде заңдастырылған негізгі алымдармен қоса өрескелдікпен күшпен алынатын салықтар болған. «Хан алымдары» деп аталатын мұндай салықтар қалалар мен елді мекендерде тұрғындардан ауық-ауық талап етіліп жиналып отырды. Мәселен, Түркістан аймағындағы тұрғындар осындай бір хан алымының есебіне 35 мың қойға дейін төлеген («Туркестанский сборник. Составитель В.И.Межов. СПб. 1873 – 1888. т. 50, 50-б.).

Тарихи деректерге қарағанда 1858 ж. жазында қоқандықтардың ауыр алым-салықтары мен жазалауларынан қорыққан Түркістан өңірінің 21 мың отбасы өздерінің мекендерін тастап, басқа жаққа көшіп кеткен. (Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 715-қор, 1-тізбе, 81-іс, 30,50-пп.

Қоқан хандығына қарасты Оңтүстік Қазақстандағы қазақ датқалары Батырбек, Шоқай, Сапақ, Қозыке заман ағымын жақсы сезінген ру басылары болатын. Бұлардың ішінде Қозыке датқа өз заманындағы саяси-әлеуметтік мәселелерге қызу араласып, халық тағдырына ара түскен қоғам қайраткері ретінде ел аузындағы аңыз-әңгімелерге арқау болған. Датқа сол заман тайталасында ең күрделі күрес – жер мәселесінде қонысты иемдену ісінде қоқан хан, бектерімен бірде тату, бірде қату саясат жүргізе отырып Арыстың жайсаң жазығынан қоныс алды. Өз ордасында қазақтың Шоқай, Сапақ, Батырбек, Шымырбай, Саза датқалар мен сиқым Қасымбек, жаныс Манап би, қоңырат Қанай, ботбай Әділбек би сынды ардақты тұлғалармен елдік мәселелер бойынша әр кезде мәжіліс құрып, жер, жесір дауын, руаралық тартыстарды шешіп отырған.

1852 ж. Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар қарсы болған Пішпек бекінісінің басқарушысын орнынан алғанда басқа датқалармен бірге Қозыке де өзінің өрелі сөзін айтып, оның орнына Дәуреннің ұлы Сопыбекті (жазбаларда – Суфибек) тағайындауға ұсыныс білдірген. Қозыке 1853 жылы Түркістанның хакімі болған Таш-Мұхаммедке де сөзін өткізіп отырған. Соның нәтижесінде Қозыке датқа «Қайнарбұлақ» бастауынан шығып жатқан суды сегіз шақырымнан асатын арық (канал – арна) қаздырып, қазіргі «Шұбар» елді мекеніне су жеткіздірген. Осы арық, арна суының арқасында Кеңес өкіметі кезінде жүз гектар мақта алқабы, он гектар бау-бақша, он гектар жүзім алқабы суландырылған. Сол арнаны жергілікті халық қазір де пайдаланып келеді.

... Абылай хан 1779 жылы 2 әйелі, 5 ұлын алып Қаратауға келеді. Ханды үш жүздің адамдары үй тігіп қарсы алады. Бұл жерде кейіннен Қозыке датқа да отырады. Ол жер бүгінде «Қозыкен» аталады. Оны Шәді төре де өз шығармасында көрсетеді.



2-сурет. Қозыке датқаның арығы.

Датқа – өмірінің соңғы жылдарына дейін ел тәуелсіздігі үшін, әлеуметтік әділдік жолында жанқиярлықпен күрескен қайсар азамат. Қоқан билігіне наразылық ретінде хан тағайындаған Ташкент бегі Қанағатшахқа қарсы 1859 жылы халықтың көтерілісінің басшысы Қошық датқаға қолдау көрсетіп, ханға бүкіл елдің талабын орындатуда, Түркістан маңындағы Иқан жерінде орыс басқыншыларына қарсы әскер жасақтауда ерліктің үлгісін көрсете білген. Сыздық, Байсейіт сынды халқымыздың елі мен жерін қорғаған батырларымен Қозыкенің саяси көзқарасы үндесіп жатқан.

Қозыке туралы Орта Азия халықтарының тарихи жазбаларында, мұрағат деректерінде, жырларда жиі кездеседі. Әсіресе, ел аузында даңқты датқа жайлы аңыз-әңгімелер көп сақталған. Өкінішке орай, бұл мұралар арнайы зерттелмеген. Ол үшін Ташкенттегі орталық мемлекеттік мұрағат пен Әбу Райхан Бируни атындағы өз көзіммен көріп, таңданысымды жасыра алмаған шаң басқан том-том қолжазбаларды ақтару керек. Бірақ оның ауылы алыс болып тұр ғой. Біріншіден, оларға қол жеткізу оңай емес. Екіншіден, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген мамандар қажет, үшіншіден, мына заманда көз майын тауысып, сарғайған қағаздарға үңілетін жан табылар ма екен. Табылған күнде оларды нарықты заманда кімдер қаржыландырады. Біздіңше, Қозыке би, датқа, батыр бабамыздың өмірі мен іс-әрекеті жөніндегі деректерді тереңірек зерттеп, қайшы пікірлерді бір ізге түсіру керек.

Көрнекті тарихшы, ғұлама имам Құрбанғали қажы Халидұлы «Тауарих хамса» атты еңбегінде «... Қазақ халқы кітап көрмей, оқып жазбай-ақ, тек қана ауыздан ауызға айтылып келген, естіген сөздерін ұмытпай келе жатқанына дәлелдер көп. Сол үшін бұлардың көне хабарларына да қашанда құлақ асу керек. Тарихын, нәсілін білмек болғандар олардың хикаяларына, аңыз-әңгімелеріне сүйенуі керек. Қарт, қариялары бар жастарға бізден өсиет. Уақыт өтпей тұрғанда олардың сөзін ұғып қалсын. Осыдан «Естуің болмаса да ескің болсын» деген екен. Олардың сөздерін аударып-төңкермей сол күйі тыңдап алу керек», – дейді (Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бақтияр Смановтың «Сүйінбай, Майлықожа және молда Қошық датқа» мақаласынан. «Ақиқат» журналы, № 10. 2014 ж.). Ғалымның осы пікірін негізге алып ізгілікті жұмысты жүргізгенге не жетсін.

Қозыке датқа 1870 жылдары Сіргелінің Байжігіт атасының бір қауым елін Ташкент ауданының, Ниязбек болысының Қазақ кеңсай деген жеріне орнықтыруға жігерлене кіріскен екен. Сонымен қатар өзінің туып-өскен жеріне, ағайын-туыс, аталары жерленген байырғы қасиетті, қастерлі Арыс бойына тумаластарын өзі бастап апарып қоныстандыруын датқаның кемеңгерлігі, көрегендігі дерсің.

Өмірінде елінің бірлігін ұйыстырып, қанатындағы жұртының тұрмысын көгертіп, егін ектіріп, отырықшылыққа үйретіп, заманның талап-талғамына бейімделуге талпынқан қайран ер, Қозыке би, датқа 1896 жылы 81 жасқа келгенде зар заманның зардабынан алған жарақаттарының салдарынан ауырып, Арыс бойында дүние салды. «Жыланды әулие» деген жерге жерленген. Дүние керуен деген сол. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп жататын халықпыз ғой. Есімі ел есінде қалған ардақты жан туралы көпшіліктің біле түсуін жөн санадық.

Мұхитхан МИРАЗОВ,
«Қазақтану» ғылыми-зерттеу
орталығының директоры,
Қалыбек қажы ЕЛЕБАЙҰЛЫ,
өлкетанушы, зейнеткер.

Бұл мақалада XVIII ғасырдың екінші және үшінші ширегінде Шығыс Қазақстан облысы Аягөз өңірі Найман ішіндегі бірқатар руларға төрелік еткен Санияз сұлтан жайлы әңгімеленеді. Сұлтанның қазақ үшін атқарған еңбегі жалаң сөз болып қалмаған: мұрағаттық фактілермен, әдеби нұсқалардағы деректермен дәлелденіп отырады. Авторлар Санияз сұлтан тұлғасының тарих және әдебиет беттеріне түспей жатқанына қынжылыс білдіріп, бұл тақырыпқа тарихшы ғалымдар мен ақын-жазушылардың назарын аударады.

САНИЯЗ СҰЛТАН ХАҚЫНДА

2004 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің №1227 Жарлығы бойынша «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Онда тарихи-мәдени мұраларды кешенді түрде зерделеуге көп көңіл бөлінген. Міне, осы талап аясында Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалымдары Б.Еженхан, Ж.Ошан, С.Сұңғатайұлы Қытай Халық Республикасының мемлекеттік мұрағатындағы қазақтарға қатысты мағлұматтарды аударып, «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері» кітабының бес томдығын шығарды. Соның I томында қытайдың шенеунік-ғалымы Сюй Суннің 1811-1821 жылдар аралығында жазған «Шыңжаң туралы қысқаша шолу» атты зерттеу еңбегі берілген. Оны автор-ғалым «Қазақ шежіресі» деп атағанымен, шын мәнінде, бұл қазақтың хан-сұлтандарының шежіресі.

Қылмыстық жазасын іледе өтеп жүрген Сюй Сун бұл кітапты жазып болғаннан кейін оны өзінің сол кездегі қамқоршысы, Цин патшасының Іледегі ұлығы Сун Цзюньге тапсырған. Сун Цзюнь бұл кітапты 1821 жылы Цин патшасы Цзяцзинге жеткізіп, патша бұл кітаптың атауын «Шыңжаң ши люе» деп бекітіп берген. Сол себепті бұл кітаптың ресми авторы ретінде Сун Цзюнь аталғанымен, жазған адам – Сюй Сун.

Әйгілі француз ғалымы Пол Пелио (1878-1945 жж.) жоғарыда аталған қазақтың хандар мен сұлтандар шежіресін француз тіліне аударыпты. Пол Пелио – Шыңғыс ханды көне дәуірден бастап, аралық хронологиясын үзбей, өзі өмір сүрген заманға дейін зерттеген әлемдік деңгейдегі шығыстанушы тарихшы-ғалым. Ол қытай және моңғол тілдерін өте жақсы білген. Қытайдың иероглифін оқи алатын арнайы білімі де болған. Франция үкіметі тарапынан Қытайдың Шыңжаң өлкесіне жасалған экспедициялық жорыққа тарихшы-ғалым, зерттеуші ретінде бірнеше рет қатысқан. Оның қазақтың хан-сұлтандар шежіресін қытай тілінен француз тіліне аударып, әлемнің осы саладағы білікті тарихшы-ғалымдарының назарын бұл мәселеге аудартуында үлкен мән-мағына бар. Жә, оны арнайы зерттеген тарихшы-ғалымдар айта жатар: біздің мақсатымыз – ұлы қаған Шыңғыстан бастау алып, Алтын Орданың негізін қалаған Жошыдан таралып, Орта жүз Найман ішінде сұлтан болған төре тұқымы Санияздың тарихи-ғылыми тұлғасын қалыптастыруды қолға алу. Және тарихи-мемлекеттік миссиясын анықтау үшін тарихшылар мен ғалымдарға, шежірешілерге, әдебиетші-жазушыларға оның зерттелуге тиіс тың ғылыми-тарихи нысан екенін сездірту.

Жоғарыда аталған шежіре-тарихта Сюй Сун қытайлықтар көзімен қарап, қазақ мемлекетін «Оң бөлік қазақтар» деп бөліп, Төуке ханнан бастап ұлдары Сәмеке мен Болат хандарды, немересі Әбілмәмбет ханды, шөберелері Болат пен Әбілпейіз сұлтандарды және олардың ұрпақтарын қамтыған 74 төре тұқымын хаттаған. Ал «Сол бөлік қазақтар» деген бөлімнің ішін-

де Абылай ханнан бастап, оның ұлдары мен немерелерін шөберелеріне дейін қамтып, 72 төре баласын тарқатады. «Батыс бөлік қазақтарында» деп аталған бөлімде Тұрсын ханнан басталған шежіре-тарих оның ұлдары Көшек ханды, Барақ пен Ескендір сұлтандарды атап, олардың немерелері мен шөберелерін, шөпшегін көрсеткен 123 төре тұқымын қамтиды.


Сюй Сун өзі жазған бұл шежіре кестесінде «Батыс бөлік қазақтары» деп алып отырған бөлімдегі Орта жүздің ханы Тұрсын 1717 жылы қайтыс болып, оның орнына ұлы Көшек хан сайланады. Көшектің Орта жүздің билері тарапынан хан боп сайланғаны еш шүбә тудырмайды. Өйткені, 1822 жылы орыс патшасының жарлығы шығып, хандық билік жойылғанға дейін қазақтар арасында хан сайлау дәстүрі еш бұзылмаған. Бұл уәжімізге дәлел – 1731 жылы 16 желтоқсанда Бөгенбай батырдың орыс елшісі А.Тевкелевке Орта жүзде екі ханның, яғни, Сәмеке мен Көшек хандардың бар екенін айтқаны. Сәмекемен бірге Көшектің де хан болғанын тарихи мұрағаттық құжаттармен бірге осы сөз де дәлелдейді.

1740 жылдардың бас кезіндегі жоңғарлар мен қазақтар арасындағы келісімге Көшекханның да қатысып, өзінің дербес мөрін басқаны белгілі. **Осы Көшек ханнан Әділ, Саңқай, Санияз, Мамырхан, Абылайша атты 5 ұл тарайды.** Үлкен ұлы Әділ Найманның Матай руына, екінші ұлы Саңқай Найманның Садыр руына төре болған. Санияздың Шығыс өңіріндегі Наймандарға төре болғаны белгілі. Бұл шежіре ауыздан-ауызға таралып, бізге дәл осылай жеткен. Санияз сұлтан заманында Семей бекінісінде қызмет еткен капитан Г.И.Андреевтің «Қырғыз-қайсақтардың Орта ордасын суреттеу» атты кітабында да дәл осылар көрсетіле келіп, Мамырханның матайлар ішінің бір тармағына төре болғаны жазылады. Ал, үшінші ұлы Санияздың Орта жүздегі билік ауқымы кеңірек, әрі, пәрменділігі жөнінде осы күнге жеткен тарихи құжаттардан және шежірелік әпсаналардан түйін түюге әбден болады.

Санияз сұлтан хақында тарих беттеріне түскен біршама деректер жарияланды: әлі қаншасы мұрағаттарда кезегін күтіп жатқаны белгісіз. 1760 жылдың соңы мен 1761 жылдың сәуір аралығында Орта жүз көсемдері Әбілмәмбет, Абылай, Ханбаба, Тоғымжан, Болат, Әбілпейіз, Дайыр, Санияз, Батыр сынды хан-сұлтандардың Цин патшалығына Жолбарысты Бас елші қылып жіберген құжаттарда Санияз сұлтан есімі кездеседі. 1762 жылы наурыз айының 15-і күні «Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Санияз, Ханқожа және Болат сұлтандарға» Цин патшасының жазған хатында Санияз сұлтан есімі айрықша құрметпен аталады. Хат мазмұнында Қазақ Хандығынан қайтқан Цин патшалығының елшілері мен оны қорғап алып жүретін өскерлерінің талқандалған Жоңғар мемлекетінің қалдық күштері тарапынан шабуылға ұшырағаны, олардың жоңғарлардан қашып, Санияз сұлтан ауылына келгендігі айтылады. Санияз сұлтан батырларын жіберіп, қытай

елшілерін құтқарып қалады. Тек, құтқарып қана қоймай, Санияз сұлтанның батырлары оларды қытай әскерінің қорғауындағы қауіпсіз жерге дейін жеткізіп салады. Міне, осы үшін Цин патшасы хатқа жазып, Санияз сұлтанға ерекше ризашылығын білдірген.

«Қазақ Хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» кітабының 2-томы 80-бетінде Абылай ханның елшісі Атығай мен Санияз сұлтанның елшісі Жантөренің Пекинге аттанып бара жатқаны, елшіліктің мақсаты Абылайдың хатын Ежен ханға жеткізу екені баяндалады. Кітап авторы Сюй Сун «...биыл 1-айдың 18-күні, тұңғыш рет Бейжіңге барып патшамен дидарласқанда-ақ үшінші дәрежелі діңсеге ие болған қазақ Атығай мен тағы бір Жантөре есімді қазақ Ілеге келіп, «Абылай бізді Еженнің есендігін тілеп, өз аулымыздың амандығын айтып, сондай-ақ Еженнің алтын жүзін көріп келу мақсатында жіберді. Біз Абылайдың Еженге жолдаған бір дана хаты мен тарту еткен 3 жылқысын, сондай-ақ Санияздың тарту еткен 1 жылқысын әкеле жатырмыз» дегенді айтты. Біз, патшаның құлы, Атығайдан: «Хат көтеруден басқа тапсырған ісі бар ма еді?» деп сұрап едік, олар: «Өзге шаруа жоқ» деп жауап берді» («Қазақ Хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары». 2-том, 80-бет, Алматы, 2012) деп жазады. Хаттың мазмұны Санияз сұлтанға белгілі болуы мүмкін. Өйткені, Абылай ханның Цин патшасына жіберген елшісіне Санияз сұлтан өзінің тағы бір елшісін қосып, 1 жылқы тарту етуінен хат мәтінін қолдайтынын білдірсе керек. Тағы бір байқағанымыз: Абылай хан Қазақ Хандығы мен қытай патшалығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас мәселесінде Санияз сұлтанға арқа сүйеген және онымен санасып отырған. Санияз сұлтан да Абылай ханның, яғни, хан ордасының Қытай патшалығына қатысты ұстанған саясатын қолдап-қуаттаған. Қытай патшалығына қайта-қайта елші жіберіліп отырғандағы басты мақсат – шекара межесін анықтау, екі ел арасындағы тыныштықты сақтау, сауда-саттық мәселесі (1-сурет).



Қытай мұрағатындағы жазбалар (Мәнжу тілінде).

Елші 1762 жылдың ақпан-тамыз айларының аралығында жіберілген деп пайымдаймыз. Осы томда тағы да бір елшілік оқиғасы сөз болады. Бұл жөнінде «...сонымен біз Кіші жүз елшісі Үкібас қатарлы 9 адам, Әбілпейіз елшісі Бекенай қатарлы 3 адам, Санияздың елшісі Жайлаубай және олардың атқосшыларын қосқанда жалпы саны 17 адамға мінетін және жүк таситын ат пен азық, қой даярлап бердік те, көк қауырсын

тағатын Торунтай және өз кезінде сахалиян-улалықтар батальонының нируй-жаңин лауазымында болып, кейін уксин деңгейіне төмендетілген Херне, солаң жасағы Омбучаны осы елшілердің қорғаушылары етіп тағайындап, 10-айдың 18 күні Үрімжіден аттандырдық. Одан тыс, біз тағы көк байрақты армиядан да жасақтар қосып әлгілерді Пішәнға дейін жеткізіп қояды ұйғардық. Сонан соң Пішәнғағылар елшілерді әрі қарай жеткізіп, ереже бойынша азық қой мен жол қаражаттарын даярлайтын болды...» (сол кітапта, 226-бет) деген жазба бар. **Бұл елшілік уақыты 1762 жылдың желтоқсан айы болса керек.** Кіші Жүздің ханы Әбілхайырдың ұлы Нұралы ханның Қытай патшалығына жіберген елшілері, алдымен, Санияз сұлтанның ордасына келіп түсіп, Санияз бен Әбілпейіз сұлтандардың қосқан елшілерімен қатарларын толықтырып, біліктіліктерін арттырып, тыңайып тоғайғаннан кейін ары қарай аттанған. Біздің бұл оқиғадан байқайтынымыз – Қытай патшалығы мен Қазақ Хандығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынаста Үш жүз хандарының Санияз сұлтанмен санасқандығы. Бұл қарекетінен төре баласы Санияз сұлтанның бірегей айтулы орны байқалады.

Тарихтың мұрағаттық беттеріне және көркем әдебиеттер мен ауызекі шежіреге түскен бұл деректер, бізге жеткен аңыздар мен әпсаналар Санияз сұлтанның Қазақ Хандығы Орта жүзінің мемлекеттік істерінде маңызды рөл атқарғанын аңғартады. 1757 жылы Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін Қазақ Хандығы Цин патшалығымен шекара түйістірді. Қазақ Хандығы мен Цин патшалығы арасында сауда-саттық, дипломатиялық қатынастар тұрғысында алмасқан елшіліктер жиіледі.

Жоңғардан босаған ежелгі ата мекен Шығыс Түркістанға керей, найман рулары жылжи көшіп қоныстана бастады. Міне, шығыстағы елге Шұбартауда Әбілпейіз сұлтан, Аякөзде Санияз сұлтан төрелік еткен болатын. Бұл сұлтандардың аталары Шығай ханнан барып қосылады. Санияз сұлтанның шөбересі Иіс қажы Маманұлы өлеңмен жазған ата шежіресінде:

Сұрасаң арғы атамды Көшек еді,

Баласы Ер Санияз көсем еді.

Ел билеп Батыр Додан тұрған кезде,

Алты арыс төрт төңіреке сенеді,—деп, Санияз бабасының ел басқарудағы көсемдігін ерекше атап өтеді. Санияз сұлтанды шөбересі Иісқажы «Ер Санияз» деп тектен-текке атап тұрған жоқ. Қазақ дәстүріне келсек, батырлықпен, ерлікпен ел ішінде даңқы таралған азаматтарды ғана «Ер» деп атайтын дәстүр болған. Мысалы: Ер Тарғын, Ер Көкше, Ер Жәнібек, Ер Жабай, Ер Санияз... Тарихи дастандарда Абақ керей Ер Жәнібектің батырлығы мен батылдығы Қаракерей Қабанбай мен шендестіріле айтылады. Түмен бастаған Ер Жәнібектің өзі Санияз сұлтанның ақыл-кеңес сұрап, көмек алып, сұлтанның ордасынан аттанады. Санияз сұлтан ел ішінен қол жиып, олардың басшылығына Дәулет байды тағайындап, Жәнібек батырдың әскеріне қосып, жолға салады. Жоғарыда біз Санияз сұлтанның Найман ішіне төрелік еткенін айтқанбыз. Ал, Ер Жәнібек қосынында керейлер мен уақтардың ғана болғанын ескерсек, Санияз сұлтан керейлер мен уақтарға да ықпалын жүргізген бе деп ойладық. Келтірген осы уәжіміз деректермен дәйектеліп, қисындалып жатса, Санияз сұлтанның Шығыс өңірін мекен еткен қазақтар арасындағы беделі мен абыройы, ықпалы нақтылана түсер еді. Мұның ар жағында – жоңғарлардан босаған қазақтардың байырғы атамекендеріне керейлер мен наймандарды қайта қоныстандыруға Санияз сұлтанның да күш салғаны байқалады. Әрине, біз мұны жигантерген деректерден ұшқындаған түйсікке сүйеніп айтып отырмыз. Мұны мұрағаттық құжаттарды негіз етіп дәлел-

дейтін – зерттеуші маман-тарихшылар екенін тағы да естеріңізге саламыз. Біздің мақсат – оларды Санияз сұлтан жөніндегі қисынды ойларға қарай жетелеу.

1911 жылы дүние есігін ашып, 1995 жылы қайтыс болған Зәйт Базмұхаметұлы «Жәнібек батыр жеңісі» деген шығармасында:

*Елінен қолды бастап шықты батыр,
Жоңғарға түсірмек боп заман ақыр.
Кетейік ақыл сұрап көмек алып,
Санияз Аякөзде төре жатыр.*

*Батырды төре күтіп шаттандырды,
Жөнімен ақыл айтып сақтандырды.
Қол жиып басшылыққа Дәулетбайды,
Сәтіне дүйсенбінің аттандырды,–десе, «Туған жер туралы» атты өлеңінде:*

Қалмасын бұл тізімнен Аякөз де,

Атамыз ерте кезде мекен еткен,–деп, Саниязды Жәнібек батырдың ерекше құрмет тұтқанын айтумен қоса, Санияздың Аякөз өңірінде өмір сүргенін жеткізген. Міне, осы деректі басшылыққа алсақ, Санияз өзі өмір сүрген заманында Аякөз өңірінде өткен маңызды тарихи оқиғаларға араласпай, тысқары қалуы, бейтарап позиция ұстауы еш мүмкін емес.

Санияз Көшекұлының қай жылы дүниеге келгені жөнінде хатқа түскен дерек бар-жоғы әзірге белгісіз. Ақсақалдардан жеткен әңгімелер мен шежіреге сүйене отырып, дүниеге келген жылы 1706 жылдар ма деп шамалаймыз. Ал қайтыс болған уақыты турасында 1787 жылы жазылған И.Г.Андреевтің «Қырғыз-қайсақтардың Орта ордасын суреттеу» атты еңбегінде: «*Дети умершего Шанияс солтана: Сук, Джадык, Камбар, Токтар*»,– деген дерек бар. Және Дүйсенәлі Әбіл-әшімұлының «Жұңғо бірінші дәрежелі тарихи мұрағаттарында сақталған қазақша құжаттар» атты Пекин қаласындағы Ұлттар баспасының 2016 жылы шыққан кітабында: «*Батыс қанат құжатта 1784 жылы 5 ақпанда Тарбағатай амбаны Хүйлиң қатарлы мәлімдемесімен бірге жолдаған Жәдік сұлтанның хатында Тарбағатай амбандарына біздің қарашамыз Қаракерей Байжігіттен қалмақтан 4 адам, 200 жылқы, 100 сиыр барымталағаны және олардың не үшін барымталағандарын Хыбы амбаны мен Батыр амбандар хатқа жазып берсін*» деген сәлем жолдайды. Мәрі Күшік хан ұлы Шахнияз сұлтан. Хатты алып барғандар Байшуақ, Жаманқұл, Еламан. Тартуға алып барған ат үшеу»,– делінеді.

Санияз сұлтанның мөріні үлкен ұлы Жәдіктің өз хатына басуы, орыс патшасының капитаны Г.И.Андреевтің: «қайтыс болған Санияздың ұлдары» деп жазуы, Санияз сұлтанның 1785 жылға дейін қайтыс болғанын білдірсе керек. **Санияз сұлтан Көшекұлы Аякөз өзенінің оң жақ жағалауына жерленген.** Аякөз қаласынан Ақсуатқа қарай 70 шақырым жерде Тарбағатай ауылы орналасқан. Ауылдың оң жағында Санияз қабағы деген жер бар. Осы қабақтағы қорымда Санияз сұлтан жерленгені жайлы жергілікті халық арасында дерек айтылады. Бұл Санияздың өз ұрпақтарының жадында сақталып жеткен дерекпен бірдей шығып отыр. Міне, осы дерек негізінде Санияз сұлтан ұрпақтары ұйымдасып, Санияз сұлтан қорғанын береке-бірліктің, ұйымшылдықтың нәтижесінде 2019 жылы қайта тұрғыза бастады. Құдайдың жарылқауымен өсіп-өнген Санияз ұрпақтары бұл істі 2021 жылдың жазында толық аяқтаймыз деп отыр (2-сурет).

Бір кем дүние, ХҮІІІ ғасырдың басында дүниеге келіп, осы ғасырдың соңғы ширегінде дүниеден өткен Санияз сұлтан Көшекұлы өз дәуіріндегі басты-басты тарихи оқиғалардағы алдыңғы лекте болғандығын көптеген құжаттар дәлелдесе де, тарихи тұлғасы бұпыңғыр боп



Санияз сұлтанға құран оқып шыққан ұрпақтары.

XX ғасыр басында ұлт-азаттық күрес идеялары қалыптастырған қазақ демократиялық интеллигенциясының бағдарламалық мақсаттарындағы ең басты мәселелердің бірі – жер мәселесі. Отарлық биліктің дәстүрлі қазақ қоғамында іске асырған модернизациялық жаңартулары ғасырлар бойы қалыптасқан жер иеленуге деген қауымдық меншікті жою еді. Кеңестік биліктің жер қатынастарында сапалық жаңа кезең болған ұжымдастыруға дейін Шығыс Қазақстан өңірінде іске асырылған осындай шаралар мазмұнының күрделілігі ондағы таптық және ұлттық мүдделердің арақатынасынан туындады. Бұл арақатынас тоталитарлық биліктің өктем саясаты мен жер қатынастарын таптық негізде орнықтыруға ойыса берді. Осы саяси-әлеуметтік үдерісті айғақтайтын деректік құжаттарды талдау осындай қорытынды жасауға негіз болды.

Мақалада Шығыс Қазақстан мысалында жер органдарының қалыптасуы мен қызметінің тарихы қарастырылады. Ұлттық элитаның осы органдарды құрудағы қызметі талданады.

Түйін сөздер: жер қатынасы, жер мекемелері, демографиялық фактор, облыс, болыс, Уақытша үкімет, жер комитеті.

Балжан БАЗЕН,
PhD докторант, Казахский Гуманитарно-юридический
инновационный университет.
г. Семей, Казахстан. E-mail: bbazen@mail.ru

СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ

В программных целях казахской демократической интеллигенции, сформулированных в начале XX в. идеями национально-освободительной борьбы, одним из главных был земельный вопрос. Модернизационные обновления, осуществленные колониальной властью в традиционном казахском обществе, заключались в уничтожении общинной собственности на землю, которая формировалась веками. Сложность содержания таких мер, реализованных в Восточно-Казахстанском регионе до коллективизации, когда в земельных отношениях Советской власти был качественно новый этап, вызвана соотношением в нем классовых и национальных интересов. Это соотношение способствовало установлению властной политики тоталитарной власти и земельных отношений на классовой основе. Анализ данных документов, свидетельствующих об этом политико - социальном процессе, послужил основанием для такого вывода.

В данной статье рассматривается история становления и деятельности земельных органов на примере Восточного Казахстана. Анализируется деятельность национальной элиты по формированию этих органов.

Ключевые слова: земельное отношение, земельные учреждения, демографический фактор, область, волость, Временное правительство, земельный комитет.

Introduction. One of the main concerns that the Kazakh democratic intelligentsia faced was the solution of the land issue in the early 20th century. The Kazakh intelligentsia of that time intended to continue the changes in the land administration in accordance with the modern development, without shaking the foundations of traditional, social and economic relations of the people.

A. Bokeikhanov, M. Dulatov, and other 15 members of Kazakh intelligentsia were headed by M. Esbolov and N. Torekulov in the Foreign department in Minsk to send telegrams to the representatives of the national elite in all major centers of Kazakhstan, including Raimzhan Marsekov in Semey. The telegram reads: "All the people of Russia have a day of brotherhood, equality and freedom. It is necessary for Kazakhs to support each other in order to establish the newly created government. The Kazakhs should reunite before the Constituent Assembly elections. It is important to take into consideration the land issue of the country as soon as possible. What we want is a democratic republic, that is, where we can raise livestock, cultivate crops, and our land" [1, pp. 232-233]. Although the size of this operative letter was small, it had a great influence on the clarification of the program objectives of the national liberation struggle.

The strengthening of Soviet power in Siberia and the Semipalatinsk province set the task of creating new governing bodies. It is for this reason that on May 10 1919 the establishment of land divisions under the provincial, district and parish executive committees was started by the order of the People's Commissar, S. Sereda. In accordance with the order, these institutions took control over the strengthening of land relations, organization of socialist agriculture and land management [2].

Materials and methods. In general, measures were taken by the Soviet authorities before the final transfer of land to the socialist basis, and the nature and content of the measures were divided into stages. It should be noted that this process in the country was guided by the formation and operation land agencies in East Kazakhstan. Although this phenomenon took place in Russia, it also covered the Kazakh land; including East Kazakhstan region. It is true that the land issue, under the tsarist and Soviet regimes, for the Kazakhs had a great impact on the national character and wellbeing. It is important to note that the Russian authorities had a chauvinist policy on the land issue. Due to the fact that this factor was formed during colonial rule, it was taking place in the policy of the Soviet authorities. Based on these findings, it is clear that the formation and operation of land agencies in the East Kazakhstan region was very complex. In this regard, we need to pay attention

to the following fact that at that time the population of the Semipalatinsk province consisted of Kazakhs, Russians and Cossacks. Depending on their economic nature, the population was classified as nomadic, semi-nomadic and sedentary, where the sedentary population was divided into early and new types of settlers. To clarify the issue, the influx of migrants started to relocate in 1890, which was continued up to the 20s of the 20th century. [4, p. 115]. This demographic factor put significant pressure on the solution of land issues in Kazakh society.

Discussions. On March 10 1917, the Provisional Government was formed to replace the fallen government in oblasts, uyezds, bolys and villages. In Kazakhstan, as in the rest of Russia, these authorities were initially formed at the expense of civil committees. The initiative to establish these committees was in the hands of the Russian people of the regional and district centers, and the leading positions in the committees were in the hands of the representatives of Russian tsarist administration. Despite the fact that the Kazakhs were deprived of the unjust tsarist government and were replaced by a new one, they still were in danger of losing state institutions that could protect the national interests and demands. Therefore, at the same time with the Civil Committees, the Kazakh Civil Committees began to be spontaneously formed at the level of oblast, uyezd and parish councils [5, p. 11].

In the beginning of the formation of regional and district Kazakh committees, the newspaper "Kazakh", which was published in 1917, declared that "the new government is handing over the power to the people. How are people going to govern themselves? This is how it should be understood: we need to bring out a few trustworthy and loyal people from the community, which is called a committee. The new government has set up various committees to resolve the situation. Those committees should be formed among the Kazakhs and the power of the people should be in the hands of the people" [6, p. 330].

On March 11 1917, a regional Kazakh committee was established in Semey under the authority of R. Marsekov. The nation's intelligentsia, who began to intervene in the affairs of the country, considered it necessary to convene parish, district, regional and all-Kazakhstan congresses to discuss issues that were important for the Kazakh people, including land, and programmatic conclusions [7, 210 p.].

The first All-Kazakh Congress was held on July 21-26 in Orenburg. More than 200 representatives from Akmola, Semey, Turgai, Uralsk, Zhetysay, Syrdarya, Fergana, and Bokei Orda attended the congress. Its agenda included a total of 14 issues, including the form of government, Kazakh

autonomy, the land situation of the regions, the formation of the army, zemstvo, women's equality and other issues.

Research result. The anti-colonial nature of the decisions of the Congress was clear in its decision on the land issue. "The Kazakh land should not be given to anyone until the Kazakh people have settled on their land," the first paragraph reads. "Due to the lack of suitable land in the Kazakh steppes, the following lands that were confiscated from the Kazakhs should be returned to the Kazakhs without delay: lands for nobility, animal husbandry, trade, industry, resorts, monasteries, unsettled settlements, what obrok articles were given to ordinary people as "demonstration fields", but that claims were not real and their numbers have been reduced", where it is evident that the information was about the types of land seizures. In addition, the resolution states that "the Kazakh people should share the land (tribe, village, boly), in order to create a land community", also "permission on land issues with other political parties should be given to Kazakh deputies at the Constituent Assembly", "Kazakhs should make a land project on land" where, in fact, the Kazakh people were demanding the return of ownership of their lands.

On March 19 1917, The Provisional Government recognized the urgent need of taking action on land issues, in particular, on the establishment of land committees, where the resolution referred the matter to the Ministry of Agriculture and said, "Great preparation for the adoption of a thorough and high-quality law on land, as well as land census, land ownership is necessary to be identified and the data collected on the types and conditions of land use"; the Interim Government considered it appropriate to suspend the resolution of land issues until the convening of the Constituent Assembly [8, p.330]. Thus, until the Provisional Government finally resolved the land issue, temporary Land Committees were being established in the Kazakh region. In the spring of 1917, the resolution of the Provisional Government "On the establishment of land committees" specified the procedure for the establishment of land committees and their main duties.

The Provisional Government, which sought to establish land committees, had two goals: not to involve other public organizations and councils in local self-government through the establishment of its own land bodies that would pursue a nationwide land policy at the local level. By pursuing a fair land policy through land committees, there was a reduction in the excitement of the local population [8, p.304]. These measures, which were supposed to establish social harmony, did not succeed at all. In many cases, land committees were considered as temporary institutions. Also, many of its members had to be representatives of the local Zemstvo government. The Semipalatinsk Zemstvo Regional Department began its work on January 17 1918. There were not any local zemstvo management systems in the country, when the Semipalatinsk Regional Land Committee was formed [9, 195 p.].

A representative of the Ministry of Agriculture has been appointed to the regional Land Committee to oversee the activities of the regional Land Committees in Kazakhstan. The establishment of Land Committees in Kazakhstan was closely linked with the duties of resettlement bodies established during the Stolypin agrarian reform. In this case, there is no doubt that the Land Committees and conciliation chambers have played the most important role in resolving land issues. However, it is known that before the establishment of these bodies in the Kazakh lands, it was too late, in particular, in the autumn, when there were serious land disputes. Local Kazakh committees and civil committees have become actively involved in resolving such kinds of land disputes.

In the Semipalatinsk region on July 11 1918, Cossack troops under the direction of Admiral Kolchak staged a counter-revolution and seized power. All Soviet institutions were abolished and the Regional Office of the Regional Commissioner appointed by the Kolchak government was established in place of the Regional Office. After the complete abolition of Soviet power in the region, the Kazakh intelligentsia began to organize the creation of district and regional branches of government in Alash Orda and the proper functioning of their duties. He began to take new steps for the benefit of the people, rebuilding the institutions of the Zemstvo, which were disbanded by the Bolsheviks [10, 31 p.]. According to archival documents, representatives of the Kazakh people were actively working in the regional and district zemstvo departments. Former members of the Zemstvo institutions were re-elected in the summer 1918 [11, 17.23 p.].

In the Semipalatinsk region, there was a possibility to say that the Kazakh intelligentsia has taken over the affairs of the Zemstvo, that is, the reins of self-government institutions. One of the great achievements of the Semipalatinsk regional zemstvo meeting on January 17 1918 was the election of R. Marsekov as the chairman of the regional zemstvo board, and H. Gabbasov as well as A. Satpayev as its members. At the same time, it can be seen that in the districts of Semipalatinsk region, the work of the Zemstvo departments was taken over by Kazakh intelligentsia [12, 438,440-441 pp.]. For example, A. Kozbagarov was elected as the Chairman of the Semipalatinsk District Zemstvo, where A. Bolatov and S. Duisenbin were elected as its members.

A.Kozbagarov was very active in solving the land issue, which was valuable for the Kazakh people. He was elected to the Provisional Government of Siberia in 1918. Prior to the decision to abolish the Land Committees of July 25, on July 15, he sent a letter to the Semipalatinsk Regional Land Committee requesting that the problem of land issues should be referred to the Zemstvo [13, 18 p.]. The decree of the Provisional Government of Siberia, which was an important stage in land relations in the Semipalatinsk region, declared that all land issues had to be transferred to the Zemstvo institutions and the Land Department had to be created within the Zemstvo. According to the resolution, on the basis of the organization of the affairs of this department announced the establishment of regional and district Land Affairs Council [14, 112 p.].

In August 1918, prior to the establishment of the land department as well as in accordance with the disputes of citizens over land issues, the Zemstvo organized the Land Affairs Table (Zemelny stol). Also, the land disputes were under strong control during the mowing season. On August 29 1918, Council of Ministers of the Provisional Government of Siberia adopted a resolution for the monitors of regional, district Land Affairs and Councils.

On July 25 the law of the Provisional Siberian Government, including the opening of the Land Department instead of the Zemstvo, marked the beginning of a new era in land relations; the increase in the number of local students was one of the first major victories in the national interest of the Kazakhs.

The situation changed again in 1919, when local power passed to the Soviets. The Soviets set up a Land Department in the Executive Committee of the Council of People's Deputies to consider and resolve the land issues. The position of the land department (chairman) was transferred to the commissioner and four members were elected from the County Executive Committee. Regarding the land issue in 1925, the government of the Kazakh Autonomous Republic banned the resettlement of the Kazakh people from other republics until they had fully resolved their land

tenure. Thus, the simple economic problem became more complicated by means of the conditions of totalitarian rule. The decision of the government established the following order of ownership of the land: in 1918 foreigners had to come to Kazakhstan after the Kazakhs; then, until August 31 1922, the next turn was established for those who had to move on their own, after that the rest followed them [15, p. 79]. The adoption of such a government decision in the interests of the Kazakh people did not happen overnight. It was realized through the hard work of the national elite. In particular, in 1921, at the insistence of the Kazakh intelligentsia, who combined the democratic principles proclaimed in the Decree of the Soviet Government "About the Land" with the national interest. On April 19, the Central Executive Committee of the Kyrgyz Autonomous Region issued a decree "On the return of land seized by the tsarist government to the working people of Kyrgyzstan." According to this decree, the lands confiscated from the Kazakhs for the Siberian, and Ural Cossack troops, were returned to the Kazakhs. Also, "prior to the development of socialist land management, agricultural land (hayfields, arable land, pastures and reservoirs) in these areas was under the control of local, district as well as parish land departments» [16, p. 4].

On the basis of this decree on December 20 1921, the Board of the People's Committee for Land Affairs adopted a resolution where "Kyrgyz working people, before the February Revolution in 1917, had to return vacant lands in Akmola, Semipalatinsk, the former Turgai and Ural provinces ". In this regard, "Lands vacated or confiscated after the February Revolution in 1917 should be returned to the Kyrgyz people in 1922" [17, p. 167].

In the East Kazakhstan region, the national intelligentsia, who took part in the land agencies, was actively involved in the implementation of these requirements regarding land issues. It is known that they were motivated to do it in accordance with the national interest. However, with the strengthening of Soviet power, the above-mentioned national movement in the settlement of land issues started to be replaced by lower-class interests. The first major step in this direction was taken by the government of the Kazakh SSR in 1926. On May 20, there was a decree "On the distribution of hayfields and arable land among the agriculture and individual farms." The requirements of this resolution were adopted and launched slowly in 1926. The general data on Semey and Ust-Kamenogorsk districts showed the best results where the amount of allocated hayfields was 37,571 tithing at the national level. In 1926 Provincial Land Department analyzed the results of the allocation of hayfields and arable lands and prepared proposals for the "next year" [18, p. 44]. The main goal of the Soviet authorities in the redistribution of hayfields and arable lands was to abolish the institution of communal land ownership in Kazakh society and to expand class struggle by classifying the entire population. By destroying the traditional socio-economic relations in Kazakh society and transferring them to socialist relations, the main goal was to deprive the rich and affluent groups from land.

Conclusion. In 1927, the representatives of the Semipalatinsk Provincial Land Administration planned the distribution to cover 323 rural councils with 762 settlements, or 76% of the Kazakh population of the province with a population of 533000 people. In the spring of that year, a campaign was launched in the province to distribute hayfields in the villages (where one man's land was confiscated and given to another, in short, the forced modernization of the village "took place"). Thus, by the summer in 1927, the distribution of hayfields in the Semipalatinsk province was almost completed. The redistribution campaign covered more than 200,000 acres of land, 70,000 farms, where "the

rich lost 17,000 acres of fertile pastures, while the small and landless farms gained 37,000 acres." If we look at the "mistakes" made in the allocation of hayfields, in fact, during the campaign, the average "fertile land" was up to a thousand tithes [3]. Distribution of arable lands in the eastern region lasted till the fall of 1927, but due to inconveniences in some places it lasted until the spring and the next fall of 1928. In addition, it did not cover a large area, but mainly covered only the settled villages.

Thus, in 1917-1928, the duties of land agencies have shown the changes that have taken place in land relations of the Semipalatinsk region. The basis for such a conclusion was the analysis of documentary evidence of the political and social process, such as the complexity of the content of the duties of the relevant institutions of the Soviet power in land relations, and the resolution of conflicts arising from the balance of national interests.

REFERENCES

- Bukeikhanov A. Works. –Almaty: Kazakhstan, 1994. -384 p. [in Qazaq].
Regulations on land departments of Gubernsky, Uyezd and Parish executive committees. Central Publishing House of the People's Commissariat of Agriculture. - M.: 1919. -24 p. [in Russian].
Evolution of administrative and economic systems in Kazakh society. Compiled by: KN Berdenova - Almaty: Economics, 1999. 361 p. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 152, line 1, case 50. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 48 storage.-1-v. Case 4. [in Qazaq].
"Kazakh" newspaper. Compiled by: Subkhanberdina U, Dautov S. - Almaty: Kazakh encyclopedia, 1998. - 560 p. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 48 storage.-2-V. Case 1. [in Qazaq].
Zhirenchin K.A. Political development of Kazakhstan in the XIX - XX centuries. - Almaty: Zhety Zhargy, 1996. - 352 p. [in Russian].
CDMH. DCMH. 72 storage.-1-v. Case 90. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 72 storage.-3-V. Case 2. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 48 storage.-1-v. Case 63. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 37 storage.-1-v. Case 127. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 37 storage.-1-v. Case 6. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 37 storage.-1-v. Case 1. [in Qazaq].
Koigeldiev.M., Omarbekov T. What does history teach? - Almaty: native language, 1993. - 208 p. [in Russian].
CDMH. DCMH. 139-s., - 1st line, case 26. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 152-s., line 2, case 95. [in Qazaq].
CDMH. DCMH. 583-s., line 1, case 17. [in Qazaq].

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. 384 б.
Положение о земельных отделах Губернских, Уездных и Волостных исполкомов. Центральное Издательство Народного Комиссариата Земледелия. - М.: 1919 г.-24 с.
Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелерінің эволюциясы. Құраст.: К.Н.Берденова - Алматы: Экономика, 1999. 361 б.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 152-қ., 1- тіз., 50-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 48 қор.-1-т. 4-іс.
«Қазақ» газеті. Құраст.: Субханбердина Ү, Дәуітов С. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 48 қор.-2-т. 1-іс.
Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – XX веков. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 352 с.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 72 қор.-1-т. 90-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 72 қор.-3-т. 2-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 48 қор.-1-т. 63-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 37 қор.-1-т. 127-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 37 қор.-1-т. 6-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 37 қор.-1-т. 1-іс.
Қойгелдиев.М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: ана тілі, 1993. – 208 б.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 139-қ., -1 тіз., 26-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 152-қ., 2-тіз., 95-іс.
ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 583-қ., 1-тіз., 17-іс.

ҒТАХР / IRSTI / МРНТИ: 03.01.45, 03.20.00

Зият АЙТКЕНОВ¹, Ибрагим БОЛАТБЕК²,

¹т.ғ.к., доцент. E-mail: ziyat15@mail.ru,

²магистрант. E-mail: Bolatbek.97@bk.ru,

^{1,2}Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.

ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

(Қазақстан тарихы пәнін оқыту бойынша)

Бұл мақалада біз Қазақстан тарихы пәнін диалогтық оқытудың маңыздылығына баса назар аударып отырмыз. Себебі дәстүрлі сабақтардан бөлек заманауи оқыту технологияларының басты назар аударатыны – диалогтық оқыту әдістері. Қазіргі уақытта жаңа білім беруде инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі өте зор. Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушыларға қазіргі кездегі заман талабына сай білім беру үдерісінде біршама жетістіктерді меңгертуге пайдалану қажеттілігі туындайды.

Маманның дамуы, өз кәсібін терең түсінуге белгілі бір кәсіптік салаға бағытталған білім, іскерлік пен дағдыны жаңаша түрде меңгертуді қажет етеді. Білім берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асыратын басты тұлға мұғалім болса, оқыту теориясы мен тәжірибесі көрсетіп отырғандай, болашақ мұғалімдердің кәсіптік және тұлғалық өсуіне басты себеп жоғары мектептегі білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы меңгерту болып келеді.

Кілт сөздер: оқыту, диалог, әдістер, инновация, маман, тарих, теория, мәдениет.

Зият АЙТКЕНОВ¹, Ибрагим БОЛАТБЕК²,

¹к.и.н., доцент. E-mail: ziyat15@mail.ru,

²магистрант. E-mail: Bolatbek.97@bk.ru,

^{1,2}Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Казахстан.

ВАЖНОСТЬ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

В данной статье мы акцентируем внимание на важности диалогического обучения истории Казахстана. Ведь помимо традиционных уроков, большое внимание уделяется современным технологиям обучения. В настоящее время необходимость применения инновационных технологий в новом образовании огромна. С использованием инновационных технологий у учащихся возникает необходимость использовать их для овладения некоторыми достижениями в современном образовательном процессе.

Развитие специалиста, глубокое понимание своей профессии требует нового освоения знаний, умений и навыков, ориентированных на определенную профессиональную сферу. Основным лицом, обеспечивающим и реализующим качество образования, является учитель, а значительный потенциал профессионального и личностного роста будущих учителей, как показывает теория и практика обучения, является результатом освоения содержания школьного образования через инновационные технологии.

Ключевые слова: обучение, диалог, методы, инновации, специалист, история, теория, культура.

Ziyat AITKENOV¹, Ibrahim BOLATBEK²,

¹ c. h. s., associate professor. E-mail: ziyat15@mail.ru,

²master's student. E-mail: Bolatbek.97@bk.ru,

^{1,2}Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF DIALOGIC LEARNING IN TEACHING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

In this article, we focus on the importance of dialogical teaching of the history of Kazakhstan. After all, in addition to traditional lessons, much attention is paid to modern teaching technologies. Currently, the need to apply innovative technologies in new education is huge. With the use of innovative technologies, students need to use them to master some of the achievements in the modern educational process.

The development of a specialist, a deep understanding of his profession requires a new development of knowledge, skills and abilities focused on a specific professional field. The main person providing and implementing the quality of education is the teacher, and a significant potential for professional and personal growth of future teachers, as shown by the theory and practice of teaching, is the result of mastering the content of school education through innovative technologies.

Keywords: training, dialogue, methods, innovations, specialist, history, theory, culture.

Кіріспе. Тәуелсіздік алғаннан кейін оқыту жүйесінде біраз өзгерістер болды. Тарихты оқытудағы әдістерге жаңаша әдістер келіп қосылды. Қазақстан тарихы жеке пән ретінде оқу бағдарламасына енгізіліп, оқытыла бастады. Осы сәттен бастап, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, табиғаттың, мәдениеттің және қоршаған ортаның байланыстарын қорғау қажеттілігін сезіне білетін Отансүйгіш азамат тәрбиелеу күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазіргі таңда тарихты оқыту барысында жаңаша тәсілдер пайдаланылу үстінде.

Материалдар мен әдістер. Мақала жазу барысында осы мәселе бойынша зерттеу жүргізіп жүрген авторлар материалдары пайдаланылды. Зерттеудің методологиялық негізі таным және педагогикалық жалпы ғылыми принциптер болып табылады. Тарихылық принцип оқыту заңдарын және заңдылықтарын пайдалану әдістерін сипаттайды. Сондай-ақ, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талдау. Бұл жүйенің басты қозғаушы күші ғылым жаңалықтары, тарих пәнінің үздік ойлар, елдің әлеуметтік,

экономикалық саяси жедел жаңару жолындағы табыстары, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарындағы, ғылыми-әдістемелік зерттеулердегі, озық тәжірибелер нәтижелері мен ұсыныстарды, сапалы еңбек табыстарды, бірыңғай ұлттық тестілеудегі жетістіктер болып табылады [2].

Осыған сәйкес мақаламызда білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы дамыту мақсатындағы ғылыми еңбектер қарастырылды. Атап кетсе, инновациялық технологиялар туралы жазған К.Ж.Бұзаубақова «Инновациялық технология» еңбегінде [3] инновациялық технология жайлы анықтамалар, қолдану технологиясы жайлы баяндалған, ал М.В.Кларин «Инновации в мировой педагогике» [4] еңбегінде инновациялық әдістердің әлем елдерінде қалай қолданатыны, қалай пайда болғаны жайлы сөз етеді, білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың сипатын, ерекшеліктерін, түрлерін, тәжірибесін – Ф.Б.Берібекова мен Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» [5], Т.Хазіретәлінің «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі», Т.Т.Тұрлығұлдың «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» еңбектері қарастырылған [6].

1995 жылдың шілде айында ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес «Қазақстан Республикасындағы тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасын» бекіткен болатын. Онда: «...өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімі қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық мен отаншылдықты тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі болып отыр. Тарих – халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады» [1, 32 б]. – деп Отанмыздың тарихын оқытудың маңыздылығын атап көрсетіп, мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі басымдықтарын айқындады. Тарихи сананы қалыптастыру міндетін жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі, мектептегі және жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет мекемелері, қоғамда тарихқа ден қою, тарихқа деген құрмет пен тағзым, тарихты түйсіну ахуалын туғызуы тиіс болды. Осындай игі шараның аясында Қазақстан тарихы пәні тек мектеп қабырғасында ғана емес, бүкіл жоғары оқу орындарындағы барлық мамандық студенттеріне міндетті пән ретінде оқытылып келеді.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында ең басты мақсат ретінде «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде болашақ маманның дамуы және кәсіби өсуі» алға қойылған. Маманның дамуы, өз кәсібін терең түсінуі белгілі бір кәсіптік салаға бағытталған білім, іскерлік пен дағдыны жаңаша түрде меңгеруді қажет етеді. Білім берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асыратын басты тұлға мұғалім болса, оқыту теориясы мен тәжірибесі көрсетіп тұрғандай болашақ мұғалімдердің кәсіптік және тұлғалық өсуінің едәуір әлеуеті жоғары мектептегі білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы меңгеру нәтижесі болып келеді. Оқыту процесінің көптүрлілігіне қарамастан, дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде.

Жаңартылған білім жүйесі – ұстаздардың білімі мен біліктілігін, тәжірибесін мен әдістемесін, оқу орнының материалдық-техникалық базасын, шәкірттердің білімдерін, талаптарын, жалынды бастамаларын, асқақ армандарын жетілдіріп пайдалану, әріптестердің ынтымақтастығы, ата-аналардың қолдап-қуаттауларын және басқа да көптеген мәселелерді қамтитын тұтасқан бір дүние.

Ендігі мәселе – диалогтық оқыту. Себебі дәстүрлі сабақтардан бөлек заманауи оқыту технологияларының басты назар аударатыны да диалогтық оқыту әдістері болып отыр. Диалогтық оқыту арқылы оқушының қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өзгелер алдында қысылмай, ойын ашық білдіруге, аудиторияны өзіне баурап алу қабілеттерін қалыптастырудың маңызы өте зор.

Тілдік қатынастың негізгі формаларының бірі – диалог сөз. Пайдаланылатын тілдік үлгілердің сан алуандығы мен сапасына, сондай-ақ өзге де бірқатар себептерге байланысты және ауызекі сөйлесуді оқытудағы жүйелілігі тұрғысынан таразылай келе, диалог сөздің монолог сөзден күрделірек екендігіне қарамастан, артықшылықты бәрібір диалог сөзге беру қажет. Өйткені, кейіннен монолог сөзде пайдаланылатын жекелеген тілдік үлгілер, мақсатты құрылымдар нақ осы диалог арқылы меңгеріліп, есте сақталады. Сондықтан білім беру жүйесіндегі бейіндік пәндерді оқытуда диалогтық әдісті қолданудың маңыздылығы жоғары.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, таратуында. Оқушылар өзара сөйлесудің, оқыта үйрету ойындарының артықшылығын көреді. Бұл оқушылардың өз күшіне сенуіне және оларда оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді. Дарынды балалар сабақта жүйелі түрде, үнемі аса жоғары күрделілік деңгейінде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушылардың өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады.

Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді [7].

Диалогтік оқыту модулін, әсіресе, 7-сыныпта мектепте педагогикалық тәжірибеден өтіп жүрген кезде, сабақта жақсы пайдалана бастадық. Бұл сабақта біз оқушылармен феодалдық жүйенің негізгі белгілерін анықтап, феодалдық жүйенің анықтамасын жасадық. Мен оқушылардың алдын ала белгілі бір жауап дайындауына көңіл бөлдім. Оқушыларға жауаптарды құруға уақыт беру керек болды, бірақ уақыт жетпейді деп қорқып, жауаптармен асықтым. Осылайша мен қателік жібердім. Себебі ол диалогтық оқыту ережелерінің бірін бұзды. Ережеге сәйкес, оқу үлкен нәтижеге жетеді, онда оқушыға сұрақ қойылғаннан кейін де, оқушының сұраққа жауап алғаннан кейін де үзілістер сақталады. Харгривс пен Гэлтон орташа есеппен мұғалім сұраққа қайталамас бұрын, оны қайта айтып, басқа оқушыға сұрақ қоюдан немесе оны өзіңіз түсіндіруден екі секунд бұрын күтетінін анықтады. Харгривс пен Гэлтон мұғалімнің лезде және инстинктивті реакциясы, әдетте, жауапты бағалауға, қайталауға немесе қайта құруға деген ұмтылыс деп санайды. Күту уақытын үш секундтан жеті секундқа дейін арттыру: жауаптардың ұзақтығы, ерікті жауаптардың саны, қабілеті төмен студенттердің жауаптарының саны, жауап жиілігі [8, 147-148-б.]. Осыған сүйене отырып, мен өзіме қорытынды жасадым: қиын сұрақтарға жауап алу және күрделі анықтамаларды жасау үшін ұзақ үзілістер қажет.

Диалогтік оқыту кері байланыс, сабақта рефлексия кезінде жақсы көрінеді. Оқушылар мұғалімнің рөліне кіре отырып, басқалардың жауаптарына баға бергенді ұнатты, олар өткен сабақ туралы әсерлерімен бөлісті, өз көзқарастарын ашық және дәлелді түрде білдірді. Сол арқылы ауызекі тілдесуді дамытты. Диалогтық оқыту тарихты зерттеудің ажырамас

бөлігі болғандықтан, мен одан әрі практикада тиімді пайдалану үшін осы модульдің идеяларын қамтитын көптеген әдебиеттерді зерттеуім керек екенің шештім.

Өрине, бұл жерде оқушының жас деңгейі, сыныптың қабылдау деңгейі, жалпы ахуалы, тақырыптың мазмұны мен ауқымы, ондағы фактілер мен деректердің күрделілігін де ескеру қажет. Оқушыларды неғұрлым төменгі сынып кезеңінде ойларын жүйелеуге дағдыландырсаң соғұрлым олардың жоғары сынып деңгейіне жеткенде ойларын бүкпесіз білдіру, өзгемен тез қарым-қатынас жасау дағдылары, кез келген ортада өздерін ұстау мәдениеті де дами түседі. «Балалар күннен күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыда ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту керек» (Wolfe and Alexander) [1, 50 б].

Александр (2004) білім берудегі әңгімелесуді – қарым – қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді, осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп есептейді. Және Александр (2008) диалог түрінде білім беру оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды [8, 39 б].

Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар, Мерсер әңгімелесуді үшке бөледі: әңгіме – дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме [4, 39 б]. Бұндай әңгімелесудің тәсілдерін барлық сыныпта әр түрлі сипатта пайдалануға болады.

Қорытынды. Бұл жерде диалогтық әңгіме оқушы мен оқушы, оқушы мен топ, топ пен топ, ұстаз бен оқушы, ұстаз бен жұптар немесе топтар, ұстаз бен сынып ұжымы арасында жүзеге асса ғана сабақ өз нәтижесіне жетеді. Жоғарыда айтып кеткендей, әр сынып деңгейінде диалогқа тарту мақсатында мұғалім тарапынан қойылатын сұрақтар деңгейі де әр түрлі болады. Мысалы: 5 және 6-сынып оқушыларына қойылатын сұрақтар: «Ол кім? Бұл не?» – дегеннен басталып, «сенің ойыңша..., не жайында айтылуы мүмкін, көз алдыңа қандай бейнелер келеді, өз ойыңды қалай дәлелдей аласың, менің ойымды немесе құрбыңның ойын қалай жалғастыра едің?» тәріздес бағыттаушы немесе жетелеуші сұрақтар болуы мүмкін; 7 және 8-сыныптарда орта буын оқушыларына: «Оқиға не себепті бұлай аяқталды? Не себепті ондай әрекетке барды, не себеп болды, егер де..., бұл жағдайда сенің әрекетің қалай болар еді? Барлығына ортақ не бар немесе айырмашылығы

неде?» – деген сияқты, ой жүйелеуге, қорытуға, сараптама жасай алуға бағыттайтын сауалдар болуы қажет.

Қорыта келсек, жаңа технологиялардың көмегімен, әсіресе, диалогтық оқыту арқылы оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

«Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы». – Алматы: Қазақстан, 1995. – 32 б.

Н.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауынан. Астана, 2011 жыл, 1 мамыр.

Бузаубақова К.Ж. «Инновациялық технология» -Ал-ты, 2009.

Кларин М.В. «Инновации в мировой педагогике» -Рига: Эксперимент, 1998.

Бөрібекова Ф.Б. мен Жанатбекова Н.Ж. «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар». -Алматы, 2014. / Қазақстан тарихы; әдістемелік журнал №12; 2015.

Т.Хазіретәлінің «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі», Алматы: Дарын, 2004. – 156 б. / Т.Т. Тұрлығұлдың «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.

Ермаков Д.С. Профильное обучение: проблемы перспективы // Народное образование, 2004 - №7. - С.101-107.

Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012 ж. 147-148, 39-беттер.

REFERENCES

«Qazaqstan Respublikasynda tarıhı sana qalyptasýynyń tuıyrymdamasy» [Concept of formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan]. – Almaty: Qazaqstan, 1995. – 32 b. [in Kazakh].

N.Nazarbaev. Qazaqstan halqyna Joldaýynan. [From the Message to the People of Kazakhstan] - Astana, 2011 jyl, 1 mamyr [in Kazakh].

Buzaýbaqova K.J. Inovasiyalıq tehnologia. [Innovative technologies]. -Almaty, 2009 [in Kazakh].

Klarin M.V. Innovasiı v mirovoi pedagogike -Riga: Eksperiment, 1998. [in Russian].

Börıbekova F.B. men Janatbekova N.J. Qazirgi zamangy pedagogikalıq tehnologialar. [Modern pedagogical technologies]. -Almaty, 2014. Qazaqstan tarihy; ádistemelik jýrnal №12; 2015 [in Kazakh].

T. Haziretáliniń Mektepte tarihty oqıtý ádistemesi, [Methods of teaching history at school], -Almaty: Daryn, 2004. – 156 b. / T.T. Turlyguldyń Mektepte Qazaqstan tarihyń oqıtýdyń teorıasy men ádistemesi. [Theory and methodology of teaching the history of Kazakhstan at school]. - Almaty: gylym, 2003. – 256 b. [in Kazakh].

Ermakov D.S. Profilnoe obýchenie: problemy perspektivy. [Profile training: problems and prospects] // Narodnoe obrazovanie, 2004 - №7. - S.101-107; [in Russian].

Mugalimge arналған nusqaýlyq. [Instructions for the teacher]. 2012j. 147-148, 39 better [in Kazakh].

ҒТАХР/ IRSTI / МРНТИ: 03.61.21
ӘОЖ/ UDC/ УДК: 930 (574)

Бекзат ҚАЛИЕВА,

докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы. E-mail: tynysbekovna@mail.ru

«MEMORY STUDIES» ӘДІСНАМАСЫ АРҚЫЛЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ: зерттелуі, бағыты және визуалды көрінісі*

Мақалада «Memory studies» әдіснамасының зерттелу тарихы, оның кезеңдері (яғни XX ғасырдың аяғы – XXI ғасыр басына дейінгі), барысы айқындалады. Елбасы қабылдаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» аясында коммеморативті тәжірибелерді сабақ барысында қолданып, өткен тарихымызды қайта жаңғыртуы аталады. Жұмысымызда Алматы облысының материалдары негізінде коммеморация арқылы тарихи білім беру бағыты анықталады. «Өлкетану» курсы негізінде визуалды бейнесін жасап, оқушы жадында сақтап қалуы, сол арқылы өз елінің, жерінің тарихын терең меңгеруіне мүмкіндік туғызатындығы жұмысымыздың маңыздылығы ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамда өзекті мәселелердің бірі ретінде тарихи орындардың, оқиғалардың қоғам алдында қаншалықты есте қалатыны, жадында сақталатыны мақаламызда көрініс тапқан. Өлкетанулық тарихи мұраларымыз туралы жүргізіліп жатқан іс-шаралардың еліміз тарапынан қолдау табуы аталып өтіледі.

Кілт сөздер: «Memory studies», әдіснама, коммеморация, тарих, жад, өлкетану, визуалды көрініс.

Бекзат КАЛИЕВА,
докторант, КазНПУ им.Абая,
Казахстан, Алматы. E-mail: tynysbekovna@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ МЕТОДОЛОГИИ «MEMORY STUDIES»: исследования, направления и визуальный обзор

В статье рассмотрено изучение методологии «memory studies», его этапы (конец XX – начало XXI века) и направления. Основное внимание уделено использованию уроков коммеморативных практик, для того чтобы модернизировать историю нашего прошлого, в рамках принятой государственной программы, предложенной Елбасы – «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» (Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру): «Туған жер». В нашей работе определяется направление исторического образования через коммеморацию на основе материалов Алматинской области. Важность нашей работы состоит в том, что бы на основе курса «Краеведение» создать визуальный образ и сохранить его в памяти ученика, тем самым позволив ему освоить историю своей страны и своего края. Кроме того, в статье отражены несколько исторические места и события запоминаются обществом, и является ли это одной из самых актуальных проблем в современном обществе. Отмечается, что проводимые мероприятия в области краеведческого исторического наследия будет поддерживаться нашей страной.

Ключевые слова: «Memory studies», методология, коммеморация, история, память, краеведения, визуальный обзор.

Bekzat KALIYEVA,
doctoral student, KazNPU named after Abai,
Kazakhstan, Almaty. E-mail: tynysbekovna@mail.ru

HISTORICAL EDUCATION THROUGH THE PRISM OF THE “MEMORY STUDIES” METHODOLOGY: research, directions and visual overview

The article examines the study of the “memory studies” methodology, its stages (in the late XX and early XXI centuries) and direction. The main attention is paid to the use of the lessons of commemorative practices in order to modernize the history of our past, within the framework of the adopted state program proposed by Elbasy - “Looking into the future: modernization of public consciousness” (Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру): «Туған жер». In our work, the direction of historical education is determined through commemoration based on the materials from Almaty region. The importance of our work lies in the fact that, on the basis of the course «Local history», to create a visual image and keep it in the memory of the student, thereby allowing him to master the history of his country and his region. The direction of history education and its visual manifestations are mentioned through commemoration. In addition, the article reflects to what extent historical places and events are remembered by society, and whether this is one of the most pressing problems in modern society. It is noted that the events held in the field of local history historical heritage will be supported by our state.

Key words: «Memory studies», methodology, commemoration, history, memory, local history, visual review

Кіріспе. «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру қалай жүргізіледі, оның бағыты қандай болмақ деген сауалдарға жауап бермес бұрын, жалпы «Memory studies» дегеніміз не, оны қалай түсінеміз немесе оны ғалымдар қалай түсіндіруде» деген сауалдарға жауап берсек. Жадыны зерттеу әдіснамасы пәнаралық болып табылады: тарихшылардан басқа әлеуметтанушылар, философтар, филологтар, саясаттанушылар және психологтар бұл зерттеу саласына бүгінгі күні белсенді ат салысуда. Жадыны зерттеу – Батыстағы қазіргі заманғы әлеуметтік-гуманитарлық білімнің қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі (өзінің ғылыми мерзімді басылымдары, тақырыптық конференциялары, оқу курстары мен оқу құралдары бар) деп анық айтуға болады. Бұл бағыт Ресейде де барған сайын танымал бола бастады. Жадыны зерттеудің танымал болу себептері туралы ой қозғай отырып, ғалымдар сан түрлі, кейде қарама-қарсы пікірлер де айтады. Әдетте, олар бір мәселе туралы емес, кем дегенде себептердің жиынтығы туралы айта отырып, үш деңгейді көрсеткен: дүние жүзінің академиялық ішкі жағдайына байланысты гуманитарлық ғылымдардың жалпы жағдайы және постмодернизмнің қиындықтары деп – пәндік деңгейіне негізделсе; отарлаудан кейінгі және жаһандану кезеңдеріндегі жалпы қоғамдағы түбегейлі өзгерістермен байланысты құрылымы туралы – әлеуметтік жағы болса; технологиялық үрдіс жадыға қол жеткізудің әмбебап елесін тудырады дей келе тарихшылардың өткенді болжаудағы жалғыз сарапшы ретіндегі ұстанымына наразылық білдірумен тең екендігі аталған – медиа деңгей. Көріп отырғанымыздай, жадыны зерттеу барысында ғалымдар өзіндік ой қалыптастырып, үлкен үш деңгейін атап өткен.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізі салыстырмалы-тарихи, ретроспективті

әдістерді құрады. Тарихымыздың өткен беттерін бүгінгі жас буынға жаңаша түсіндіру арқылы жадында сақтау. Жұмысымыздың негізгі дерек көзі болып ҚР Президенті мұрағаты, Алматы облысының мемлекеттік мұрағатындағы материалдармен жұмыс жүргізілді. Алматы облысының «Мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасының құжаттарын, тарихи атаулы күндердің, ашылған ескерткіштер, мұражай жұмыстарына қатысты мәліметтер қарастырылды.

Талдау. «Memory studies» немесе жадыны зерттеуде үш толқынды атап өтуге болады: біріншісі, өз бастауын 1920-1940 жылдардан алады (М. Хальвбакстан бастап); екіншісі, 1980-1990 жж. (П.Нора); үшіншісі, 1990 жылдардан бері қарай, яғни бүгінгі күнге дейін. XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап көптеген ғалымдар «Memory studies» бағытына қатысты өздерінің ойларын жазып, талдаған. Сонымен бітім, «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи кілім беру коммеморация негізінде жүзеге асатындығын атап өту қажет.

Солардың алғашқылары болып М.Хальвбакс: «Жадының әлеуметтік шеңбері» атты теориясын жүргізсе (Хальвбакс, 2007: 138), Э. Дюркгейм – коммеморацияларды архаикалық «позитивті» ритуал ретінде көрсеткен. Ол бойынша коммеморацияны: 1) топтық мінездеме; 2) көңіл-күй; 3) қасиеттілік; 4) қайта бағдарлау деп бөліп қарастыруға болатындығын айтқан (Сафронова, 2018а: 18). А.Мегилл – коммеморацияның әлеуметтік ынтымақтастық ретіндегі қоғамын құру арқылы, бұрынғы мен бүгінгі байланыстыруға болады деп түсіндірген (Мегилл, 2007: 34). Э.Хобсбаум (ойлап табылған дәстүрлер: 1) жасандылық; 2) тұжырымдамалық ескіру; 3) қайталану, шектеулі консерватизм, ойдан шығарушылық (Хобсбаум, 2000: 52).

А.Ассман коммеморацияны былай жіктеген: 1) жеке

жады; 2) әлеуметтік жады; 3) топтық жады; 4) мәдени жады (оның өзін екіге бөліп қарастырған: 1) сақталған жады – бұрынғы өткенімізді есімізде сақтау болса; 2) функционалды жады – өткен бейнелердің болашақта қолдану мақсаты үшін өзекті болатындығында;) (Ассман, 2014: 27). П. Нора коммеморацияның түрлеріне: мұрағат, жинақ, мейрам, хаттама, монумент, ғибадатханаларды жатқызған (Нора, 1999: 62).

А.И.Миллер коммеморативті тәжірибелерге байланысты «атаулы, белгілі бір мейрамдардың мемлекеттік немесе жергілікті дәрежеде тойлануы туралы» пікірін алға тартқан (Миллер, 2013: 72). Ю.В.Павлова коммеморацияны өткен шақтағы оқиғалардың қоғам мүшелерінің жадында қалуы болып табылатындығын атап өткен (Павлова, 2015: 447). А.С. Святославский коммеморация дегенді жаңа мәдениетке өткен кезеңдегі бейнелерді қайтару, жаңғырту деп түсіндіреді (Святославский, 2012: 27).

2008 жылы «Memory studies» журналының жарық көруі «memory studies»-тің жеке зерттелу алаңы ретінде қалыптасуына жауап ретінде болды (Hoskins A. және т.б. 2008: 5–7). Сонымен қатар, оның жалғасы ретінде 2016 жылы «Жадының зерттеу ассоциациясы» мекемесінің құрылуын айтуға болады (Olick J., Sier A., Wuestenberg J. 2017).

Жалпы «тарихи жад» аясында бүгінгі таңда Ресей мемлекетінде Ю.А.Сафронованың «Историческая память» атты оқу құралы жарық көрді (Сафронова, 2019б: 220).

Қазіргі таңда ХХІ ғасырдың басынан бастап, өз зерттеулерін осы бағытта жүргізіп жүрген ғалымдардың бірі ретінде Қазақстандық ғалым, философия ғылымдарының докторы К. Медеуованы атап өтуге болады (Медеуова, 2020). Өзінің «Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане» атты мақаласында Кеңестік және Кеңестік Одақ ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстанда көтерілген мемориалды кешендерге тоқталып жан-жақты саралаған.

«Memory studies» әдіснамасына қатысты зерттеулер өте көп, бірақ барлық зерттеу бір ғана нәрсені көрсетеді, ол – тәрбие және білім берудегі бұл әдіснаманың потенциалының мықтылығы түсінігіне тоқталады. Қазіргі таңда ХХІ ғасырдың басынан бастап, Отан тарихымызда осы бағытта өз зерттеулерін жүргізіп жүрген ғалымдардың бірі ретінде қазақстандық ғалым, философия ғылымдарының докторы К. Медеуованы атап өтуге болады. Авторлық ұжыммен жазылған «Процессы коммеморации в современной культуре Казахстана: учебное пособие» атты оқу құралы «Мәдениеттану» мамандықтарында оқитын студенттерге арналған (Медеуова, 2019а: 208). Сонымен қатар, «Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане» атты мақаласында Кеңестік және Кеңестік Одақ ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстанда көтерілген мемориалды кешендерге тоқталып жан-жақты саралаған (Медеуова, 2020 б: 232).

«Memory studies» туралы зерттеулер өте көп, ол бүгінгі таңда терең қарастырылып келе жатқан мәселелердің бірі. Жоғарыда біз тек бірнеше автордың осы әдіснама негізіндегі пікірлеріне тоқталып өттік. Коммеморацияға кері көрініс ретінде – «забывание» (ұмыту) жүреді. «Memory studies» тек мемлекеттік саясаттың бір бөлшегі ғана емес, сонымен қатар өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу ретінде де қарастыруға болады.

Зерттеу нәтижелері. «Memory studies» зерттелу тарихынан кейінгі келесі негізгі мәселеміз оның бағыты тарихи білім беруде қалай іске асырылмақ... Бүгінгі таңда Қазақстанда «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру бағытын «Өлкетану» курсы негізінде көрсетсек. Қазіргі қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақ тұңғыш президентіміз

Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Рухани жағыру» (Назарбаев, 2017а: 3-5) бағдарламасы, соның негізіндегі «Туған жер» аясында және «Ұлы даланың жеті қыры» (Назарбаев, 2018б) мақаласында алға қойылған міндеттерді әрі қарай дамытады деген ойдамыз. **Біріншіден**, оқушылар өздерінің туған жерлерінің ұлы адамдарымен мақтанатын болады, Отанының ең маңызды, қасиетті жерлері туралы бәрін біледі және өздерінің туған өлкесінің бай тарихына қатысатынын түсінеді. **Екіншіден**, олар мұның бәрін біздің елге келетін туристерге айта алады. Осыларды атап келе, қоғамдағы жадының орыны, есте сақтаудың маңыздылығы туралы да ұмытпағанымыз жөн. Себебі бұл курс арқылы, ұмытылып кеткен, еске сақтайтын немесе еске алатын тарихи оқиғаларды, үрдістерді оқушыларға меңгертуге болады. «Өлкетану» курсы тек жеке пән ретінде емес, қазақ әдебитеті, география, Қазақ елінің тарихы және музыка пәндері арқылы оқытылады.

Оқулық ғылыми, пәндік, оқу-әдістемелік, әлеуметтік және «Рухани жағыру» негізінде арнайы сараптамалардан өтті. Барлығымызға таныс мектеп пәндері бойынша материал жинақталған түрде беріледі. «Өлкетану» оқулығының көмегімен балалар өздері тұратын жерді, қаланы, ауданды жақсы зерттеуге мүмкіндік алады.

Жаңа «Өлкетану» курсы Қазақстанның барлық мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 5-7-сыныптар аралығында оқытылады, ол тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Туған жер» бағдарламасы аясында жасалған. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына келсек, әрине, әр өңірдің өзіндік тарихы бар. Бірнеше пәннің мәліметтері біріге отырып, 5-7-сыныптың оқушысына жеңіл әрі түсінікті тілде жазылған. Ғалымдардың дәл осы сыныптарға арнап жазуының да мәні бар. Дәл осы жаста (11-13 жас) жасөспірімдер өз халқының ұлттық құндылықтарын қабылдап, тарихи сана қалыптастыруының алғашқы сатысын бастайды.

Қазіргі уақытта өлкетану пәніне үш жыл ішінде 20 сағат қана бөлінген (5-сыныпта 5 сағат, 6-сыныпта 7 сағат және 7-сыныпта 8 сағат). Оның ішінде жалпы 12 сағаты тарих, қалғаны басқа үш пәнге бөлінген. Төрт пәннің мұғалімдері – Қазақстан тарихы, география, музыка және қазақ әдебиеті, 5, 6 немесе 7-сыныптарда өздерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарында негізгі бағдарламадан басқа, «Өлкетану сағаттарының белгіленген саны енгізілуі керек. Яғни, 5-сыныпта «Өлкетану» аясында «туған өлке» тарихы бойынша 4 сағат, «Музыка» пәні бойынша 1 сағат, 6-сыныпта 4 сағат тарихқа, 2 сағат әдебиетке және 1 сағат музыка сабағына, 7-сыныпта 4 сағат тарих, 2 сағат әдебиет және 2 сағат география оқытылады. Бұл әр мұғалімге өз пәнін оқушыларға кеңірек оқытуға мүмкіндік береді. Мектеп оқушылары тарихты, мәдениетті, географияны және белгілі тұлғаларды тек өздері тұратын облыс негізінде ғана оқытынына назар аудару қажет. **Осыған сәйкес, әр облыс және республикалық маңызы бар қалалар бойынша «Өлкетану» оқулығының авторлары сол өңірдікі болып саналады.**

Келесі мәселе – визуалды көрініс, оны бұл курс арқылы қарай көре аламыз? Алматы облысының «Мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасының мәліметі бойынша қазіргі кезде Алматы облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерінің соңғы 2020 жылғы санақ бойынша, жалпы саны – 2400: Жергілікті маңызы бар – 1519: археологиялық ескерткіштер – 1250; қала құрылысы және сәулет ескерткіштері – 269. Алдын-ала есепке алу тізімінде – 804: археологиялық ескерткіштер – 612; қала құрылысы және сәулет ескерткіштері – 192. Бүкілөлемдік мәдени мұра тізіміне енген – 4; Республикалық маңызы бар – 12, Табиғи ескерткіштері – 7; Жаңадан орнатылған ескерткіштер – 30; Мемориалды тақталар – 24 (АО, МАЖҚББ сайты, 2020). Осыны негізге ала отырып, визуалды көріністі

«Өлкетану» курсы мысалында көрсетсек. Ең алдымен бұл жерде сыныптағы балалардың жас ерекшеліктері ескерілуі тиіс, яғни бұл сабақты 5-7-сыныпта өтетін болса, ондағы балалардың жасы шамамен 11-13 жас аралығы деп атай аламыз. Енді бұл кітаптағы кейбір тақырыптарға тоқталсақ, «Менің өлкемнің тарихи ескерткіштері», «Менің өлкемдегі ежелгі ескерткіштер» (Жетісу өлкесіндегі киелі орындарға қатысты) атты тақырыпта оқушылар zhetysu 360.kz сайтына кіріп, олармен танысып, кескін картаға түсіре алады. Төмендегі №1 иллюстрациядан («Өлкетану. Алматы облысы»). Жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарына арналған оқулық. Алматы, 2018 ж. -184 б.) көре аласыздар.

Сонымен қатар «Жәдігерлер сыр шертеді» тақырыбында І.Жансүгіровтің әдеби музейіне, Ш.Уәлихановтың «Алтынмемел» мемлекеттік мемориалды музейіне виртуалды саяхат жасай алады. «Туған өлке жылнамасы» тақырыбында С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына, М.Тынышпаев



(«Өлкетану. Алматы облысы»). Жалпы білім беретін мектептердің 5-7- сыныптарына арналған оқулық. Алматы, 2018 ж. -184 б.) да недәуір мәлімет көре аласыздар.

«Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру негізінде визуалды көрінісін «Өлкетану» курсына арналған «Өлкетану. Алматы облысы». Жалпы білім беретін мектептердің 5-7-сыныптарына арналған оқулықтан жасалған иллюстрацияны көрсетіп жүзеге асырдық. Оқулықта берілген қалашықтар, мұражайлар, кітапхана және т.б. визуалды көрсету арқылы оқушы жадында сақтап қалуы, сол арқылы өз елінің, жерінің тарихын терең меңгеруіне мүмкіндік туғызатындығы жұмысымыздың маңыздылығын көрсетеді.

Мұнда біз оқулықтағы ақпаратты көрсетеміз. Алайда оқулыққа енгізілмеген кейбір мәселелер бар, мысалы:

- 1) әр ауданда салынған ескерткіштер және олардың маңызы;
- 2) әр ауданның өзіндік мұражай үйлері бар;
- 3) әр аудан мен оның ауылдарындағы көшелер атауында адамдардың аттары, олардың мағыналары және т.б. көрсетіледі.

Көріп отырғанымыздай, бұл жерде тек жалпы Алматы облысындағы ірі тарихи-өлкетану мұражайлары, кітапханалары және музейлері көрсетілген. Алайда Алматы облысына кіретін 17 аудан және 3 қаласы бойынша мұражайлары, мектеп мұражайлары, кітапханаларын да атап өтуге және болашақта оларды кіргізуге болады. Сонымен қатар, «Атақты ұлы есімдер» атты тарауда да әр ауданның өз баға жетпес азаматтарын атап, олардың республикамызға танымалдылығын көрсетуге болады. Сонымен қатар, оқушылардың «жады орнын» ескере отырып, көше атауларына берілген есімдерге де жеке тоқталуға болады деген ойдамыз. Әрине болашақта тағы да тараулар, бөлімдер енгізілетін болса қарастыруға болады.

Қорытынды. Әр орнатылған ескерткіштің артында өзіндік тарихи оқиға, мән-мағынасы жатыр. Олай дейтініміз Француз ғалымы П.Нораның «Франция-память» (Сафронова, 2019 б: 61) атты еңбегінде жадының өткен тарихымызбен байланысының үзілуі (жады-қашықтығы), сондай-ақ оған қайтып баруымыз (жады-мұрағат) деп атап өткен. Сондай-ақ, П. Нораның айтуынша «еске алу» орындары өз алдына үш аспектіні негіздейді: материалдық, символдық және функционалдық. Яғни қандай да бір ескерткіш өзіндік қажеттілігін қоғам арасынан таппаса, онда оның еш маңыздылығы жоқ деп атауға болады.

Қорыта келгенде, «Memory studies» әдіснамасы арқылы тарихи білім беру бүгінгі күні мемлекет тарапынан қолға алынып, іске асырылатын мәселелердің бірі. Өлкетанулық тарихи мұраларымызды «еске алу», «есте сақтау» тарапынан жүргізіліп жатқан іс-шараларымыздың



атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейіне де виртуалды саяхат жасай алады (Қабдұлова және т.б., 2018: 15, 17, 35, 37, 129). Ал №2 және №3 иллюстрациядан

еліміз тарапынан қолдау табуы мемлекетіміздің маңызды жұмыстарының бірі деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Ассман А. Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика. Пер. с нем. Бориса Хлебникова. Москва: Новое литературное обозрение. – Москва. – 2014. – 323 с.

Алматы облысының «мәдени, архив және құжаттарды басқару» басқармасы // <http://kultura.zhetisu.gov.kz>.

Қабдулова А., Досаева Ә.Т., Әуезова Ә.А., Дихамбаева Ж.А. «Өлкетану. Алматы облысы». Жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарына арналған оқулық. Алматы. – 2018 ж. – 184 б.

Мегилл А. Историческая эпистемология. - М.: «Канон+», РООИ «Реабилитация». – 2007. – 321 с.

Медеуова, К., Ермагамбетова, З. Наурзабаева, А. Рамазанова, У. Сандыбаева, Д. Толгамбаева / Процессы коммеморации в современной культуре Казахстана: учебное пособие / – Нур-Султан: ТОО «Мастер По», - 2019. – 208 с.

Медеуова К. Затянувшаяся «советскость» и трансформации коллективной памяти: советские и постсоветские мемориальные комплексы в Казахстане // Журнал «Новое литературное обозрение». – Москва. – 1/2020 г. – №161. – С 232.

Миллер А. «Политика памяти в России. Роль негосударственных агентов» // Журнал «Полития». – 2013 г. – № 4. – С 71-74.

Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // ҚР Президентінің ресми сайты. www.akorda.kz. 12 сәуір 2017.

Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>

Нора П. Между памятью и историей. Проблематика мест памяти // Нора П., Озуф М., де Пуимеж Ж., Винок М. Франция-память / Пер. Д. Хапаевой. – С-Петербург.: Издат/во во СПбГУ. – 1999. – 305 с.

Павлова Ю.В. Роль школьного образования в процессе формирования социальной памяти и коммеморативной культуры // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал). – 2015. – № 10 (54). – С 447-454. // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-shkolnogo-obrazovaniya-v-protsesse-formirovaniya-sotsialnoy-pamyati-i-kommemorativnoy-kultury>

Сафронова Ю.А. Memory studies: эволюция, проблематика и институциональное развитие // Методологические вопросы изучения политики памяти: Сб. научн. тр. / Отв. ред. Миллер А.И., Ефременко Д.В. – М.-СПб: Нестор-История. – 2018. – С 11-27.

Сафронова Ю.А. Историческая память: введение. Учебное пособие. Санкт-Петербург. – 2019. – 220 с.

Святославский А.С. Среда обитания как среда памяти: к истории отечественной мемориальной культуры: Автореф. дис. ... д-ра культурологии. Москва. – 2012. – 27с.

Хальбвакс М. Социальные рамки памяти / Пер. с фр. и вступительная статья С.Н. Зенкина. - Москва: Новое издательство. – 2007. – 348 с.

Хобсбаум Э. Изобретение традиций // Вестник Евразии. – 2000. – № 1 (8). – С 47-62.

Hoskins A., Barnier A., Kanstainer W., Sutton J. Editorial // Memory Studies. — Vol. 1, Jan. 2008, pp. 5–7

Olick J., Sier A., Wuestenberg J. The Memory Studies Association: Ambitions and an invitation // Memory Studies. — Vol. 10, 2017, No. 4.

REFERENCES

Assman A. Dlinnaya ten proshlogo. Memorial'naya kul'tura i istoricheskaya politika. Per. s nim. Borisa Khlebnikova [Long shadow of the past. Memorial culture and historical politics. Per. with him. Boris Khlebnikov]. – Moskva: Novoye literaturnoye obozreniye. - Moskva. - 2014. - 323 s. [in Russian].

Almaty oblysynyń «mádeni, arhiv jáne qujattardy basqarý» basqarmasy // <http://kultura.zhetisu.gov.kz>. [Department of Culture, Archives and Document Management of Almaty region // <http://kultura.zhetisu.gov.kz>.] [in Kazakh].

Qabdulova A., Dosaeva Ä.Ä., Äwezova Ä.Ä., Dïxambaeva J.A. «Ölketanw. Almatï oblısı». Jalpı bilim беретin mektepterdiń 5-7 siniptarina arnalğan oqılıq. [«Local history. Almaty region. Textbook for grades 5-7 of secondary schools]. Almaty. - 2018 - 184 p. [in Kazakh].

Megill A. Istorieskaya epistemologiya [Historical epistemology]. - M.: «Kanon +», ROOI «Reabilitatsiya». - 2007. - 321 s. [in Russian].

Medeuova, K. Ermagambetova, Z. Naurzbaeva, A. Ramazanova, U. Sandybaeva, D. Tolgambaeva / Protsestry kommemoratsii v sovremennoi kul'ture Kazakhstana: uchebnoe posobie / [The processes of commemoration in the modern culture of Kazakhstan: a textbook] – Nur-Sultan: TOO «Master Po», - 2019. – 208 s [in Russian].

Medeuova K. Ditel'naya «sovetskost'» i transformatsiya kolektivnoy pamyati: sovetskiye i postsovetskiye memorial'nyye komplekсы v Kazakhstane [Lingering «Sovietness» and transformations of collective memory: Soviet and post-Soviet memorial complexes in Kazakhstan]. // Zhurnal «Novoye literaturnoye obozreniye». - Moskva. - 1/2020 - №161. - S 232. [in Russian].

Miller A. «Politika pamyati v Rossii. Rol' negosudarstvennykh agentov» [“Memory policy in Russia. The role of non-state agents”]. // Zhurnal Politika. - 2013 – № 4. - S 71-74. [in Russian].

Nazarbaev N.Ä. «Bolashaqqa bagdar: rýhani jańgyrý» atty maqalasy // QR Prezidentiniń resmi saity. [Article “Future Orientation: Spiritual Revival” // Official site of the President of the Republic of Kazakhstan]. www.akorda.kz. 12 april 2017 [in Kazakh].

Nazarbaev N.Ä. «Uly dalanyń jeti qyry» [“Seven Edges of the Great Steppe”] // <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi> [in Kazakh].

Nora P. Mezhdú pamyat'yu i istoriyey. Problemy mest pamyati // Nora P., Ozuf M., de Puimey Dzh., Vinok M. Frantsiya-pamyat' / Per. D. Khapayevoy. [Between memory and history. Problems of places of memory // Nora P., Ozuf M., de Puimège J., Vinok M. France-memory / Per. D. Khapaeva]. - Sankt-Peterburg.: Izdatel'stvo SPbGU. - 1999. - 305 s.[in Russian].

Pavlova YU.V. Rol' shkol'nogo obrazovaniya v protsesse formirovaniya sotsial'noy pamyati i kommemorativnoy kul'tury // Sovremennyye issledovaniya sotsial'nykh problem (elektronnyy nauchnyy zhurnal) [The role of school education in the formation of social memory and commemorative culture // Modern studies of social problems (electronic scientific journal)]. - 2015. - № 10 (54). - S 447-454. // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-shkolnogo-obrazovaniya-v-protsesse-formirovaniya-sotsialnoy-pamyati-i-kommemokratnoy-kultury> [in Russian].

Safronova YU.A. Issledovaniya pamyati: evolyutsiya, problemy institutsional'nogo razvitiya // Metodologicheskiye voprosy issledovaniya politicheskoy pamyati: Sb. nauchn. tr. / Otv. izd. Miller A. I., Yefremenko D. V. [Memory studies: evolution, problems and institutional development // Methodological issues of studying the politics of memory: Sat. scientific. tr. / Resp. ed. Miller A.I., Efremenko D.V.]. - M.-SPb: Nestor-Istoriya. - 2018. - S 11-27. [in Russian].

Safronova YU.A. Istorieskaya pamyat': vvedeniye. Uchebnik [Historical memory: an introduction. Tutorial]. Sankt-Peterburg. - 2019. - 220 s. [in Russian].

Svyatoslavskiy A.S. Sreda obitaniya kak sreda pamyati: k istorii otechestvennoy memorial'noy kul'tury: Avtoref. dis. ... Doktor kul'turologii [Habitat as a memory environment: on the history of national memorial culture: Author's abstract. dis. ... Doctor of Culturology]. Moskva. - 2012. - 27s. [in Russian].

Khal'bvaks M. Sotsial'nyye ramki pamyati / Per. s frants. i vstupil'el'naya stat'ya S.N. Zenkina [Social framework of memory / Per. with fr. and an introductory article by S.N. Zenkina]. - Moskva: Novoye izdatel'stvo. - 2007. - 348 s. [in Russian].

Khobsbaum E. Izobreteniya traditsiy [Invention of traditions// Bulletin of Eurasia] // Vestnik Yevrazii. - 2000. - № 1 (8). - S 47-62. [in Russian].

Hoskins A., Barnier A., Kanstainer W., Sutton J. Editorial // Memory Studies. — Vol. 1, Jan. 2008, pp. 5–7.

Olick J., Sier A., Wuestenberg J. The Memory Studies Association: Ambitions and an invitation // Memory Studies. — Vol. 10, 2017, No. 4.

*Мақала ҚР БЖҒМ 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру «Ғылыми негізгі «Мәңгілік ел (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) шеңберінде басымдығы бойынша: ЖТН АР08857194 «XIX - XXI ғ.ғ. басындағы қазақстандық бейнелердің тарихы мен визуалды антропологиясы: эволюциясы мен субъектінің қалыптасуы» атты гранттық жоба аясында жүзеге асырылды.

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жұма ӨТЕУЛИЕВ (Утеулиев),

№13 Д.Байбосынов атындағы ұлттық мектеп-гимназияның
тарих және құқық пәнінің «Шебер-педагог» санаттағы мұғалімі

Білім саласындағы қазіргі жағдай мұғалімдердің нақты пәнді оқытуды басқару мақсаты мен педагогикалық үрдістерді және құбылыстарды зерттеуді, ол үшін маңызды болатын педагогикалық диагностика әдістері мен құралдарын меңгеруді талап етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қолданып келеміз, бірақ диагностикалық бағалау назар аударуға тұрарлық мәселе. Қалыптастырушы бағалаудың қызметі мен мақсаты – оқу үдерісінде оқушыға барынша қолдау көрсету. Ал диагностикалық бағалау осы үдерісті, яғни белгілі бір пәнді немесе оқу бағдарламасын бастамас бұрын білім алушының осы пәнді, осы оқу бағдарламасын меңгеруге дайындығын, толықтай барлық мүмкіндіктерін, қажетті дағдылары бар немесе жоғын тексереді. Жаңа білімді қалыптастыруға когнитивті және эмоциялық тұрғыдан қаншалықты дайын, қандай қажеттіліктері бар екенін анықтауға мүмкіндік беретін бағалаудың түрі – диагностика.

Соңғы нәтижеге табысты жету үшін, ең алдымен, бастама жақсы болу керек, жақсы бастама – нәтиженің кепілі.

Кез келген диагностиканың мақсаты – өз қызметінің тиімділігін бағалау. Диагностика оқыту үдерісінің табысты жүруі үшін өте қажет. Психологиялық тұрғыдан алғанда оқыту үдерісіне қатысушылар мұғалім болсын, оқушы болсын аралық нәтижелер жайлы ақпарат алмаса, оқу үдерісінде өз әрекеттерін басқарудан тысқары қалып қою қаупі туындайды. Осы мақсатта Диагностикалық бағалау жоспарлауда мұғалімдер оқушылардың алдыңғы білімдерін жаңа білімнің өзегі ретінде қолдану керек.

Жекелеген оқушылардың даму траекториясын анықтау, олардың оқудағы қажеттіліктерін ескеру, мұғалімдердің жоспарлау үдерісінде диагностикалау әдіс-тәсілдерін кешенді қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты жоспарлаудағы мұғалім және оның сабақты жүргізу үдерісі көз алдымызға шыңға шығып бара жатқан топты басқарушыны елестетеді. Тауға шығушылар таудың шыңына жетсе, мақсатқа қол жеткізген болып саналады. Ал мұғалім оқушылардың өздерінің жекелеген оқу мақсаттарына қол жеткізгендерін қалай біледі? Қалай анықтайды? Мақсатқа жету қадамдары қалай жүзеге асады? Оқушылардың нені білу, нені түсіну және не нәрсені жасай алатынын мұғалім қалай анықтайды? Жоғарыдағы мысалда келтірілгендей әр оқушының тау шыңына шығуына мүмкіндіктері толық қамтылды ма? Осы тұрғыда оқушының мүмкіндіктерін анықтау үшін диагностика жүргізудің маңыздылығы көрінеді. Оқушы қажеттіліктері мен оның ұсынылатын академиялық білімді меңгеруге даярлық деңгейін анықтау өте өзекті мәселе. Жоспарлауда аталған қажеттіліктерді анықтау үшін мұғалім басшылыққа алатын үш негізгі сұраққа тоқталсақ:

-Оқушылар нені білу керек, нені түсіну және орындай алу керек?

- Оқушылардың тақырыпты толықтай меңгергенін мұғалім қалай байқайды?

-Мұғалім оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін оқушыларға нұсқауды қалай береді?

Егер мұғалім осы сұрақтарды үдерістің тиімділігін «Бағалаушы» ретінде ескермейтін болса, сабақ стандартты орындауға бағытталған көптеген тапсырмаларды орындаумен өтетін мақсатсыз үдеріске айналады. Былайша айтқанда тауға шығу үшін оқушының қолына ешқандай жол көрсетуші белгісі түспеген бос карта ұстатып, бағдарсыз жол көрсеткенмен бірдей. Сабақты жоспарламас бұрын

нақты мақсаттарды анықтап алу (мұғалімнің мақсаты және оқу мақсаттары) және оқушының сол мақсатқа қол жеткізгенін өлшейтін қадамдарды анықтау қажет. Сыныпта кейбір оқушылардың оқудағы қажеттіліктері, мықты және әлсіз тұстары бірден көзге көрініп, айқын білінуі мүмкін, ал кейбір оқушылардың таланттары, қабілеттері жасырын болуы мүмкін. Қалай болғанда да мұғалім оқушының қиналатын тұсы мен мықты дағдыларын анықтай алуы керек. Диагностикалық бағалау мұғалімге белгілі бір оқу бағдарламасын бастар кезінде келешекте қандай кедергілермен жұмыс жасауы мүмкін, қандай жағымды көрсеткіштер бар екендігін алдын-ала анықтауға көмектеседі.

Оқуда белгілі бір олқылықтары бар оқушыларға дер кезінде сапалы қолдау көрсету үшін диагностикалық бағалау жүргізудің маңыздылығы зор. Неғұрлым ерте және сауатты жүргізілген диагностикалық бағалау оқушының білім нәтижесін жасқартуға ықпал етеді. Оқушылардың оқудағы олқылықтары дер кезінде анықталмаған жағдайда жақсы оқитын оқушылардың білім сапасының төмендеуіне алып келеді. Диагностикалық бағалау жайлы біршама әдебиеттерге шолу жасағанымыздан түйгеніміз оқушының қабілеттерін анықтау үшін нақты, қарапайым тапсырмалар өзірлеп, аралық бақылаулар жүргізіп, мониторинг жасау керек. Тұрақты жүргізілген диагностикалық бағалау мен мониторинг мұғалімдерді оқушылардың әлсіз, мықты тұстары жайлы сенімді ақпараттар және деректермен қамтамасыз етеді. Westwood (2009 ж.) өзінің ғылыми зерттеуінде диагностикалық бағалауда тапсырмалар жалпылама емес, нақты бір дағдыны тексеруге бағытталуы керек. Сол арқылы қай дағды қалыптасқан, әлі де дағдыны жетілдіру керектігі жайлы ақпарат аламыз дейді. Арнайы өзірленетін мұндай тест тапсырмалары құзіреттілік пен әлсіз тұстарды анықтауға мүмкіндік береді. Дұрыс құрастырылмаған тест тапсырмалары немесе диагностикалық тест тапсырмалары өте жоғары стандарттарға қарай жасалған болса, диагностикалық бағалаудың кері әсері болады. Алынған ақпараттар шынайы көрсеткіштерді бермейді деген тұжырым жасайды.

Мұғалімнің бағалаудағы педагогикалық және кәсіби шешімі өте маңызды рөл атқарады. Диагностикалық бағалау оқушының пән бойынша оқу нәтижелеріне қатысты пәнді меңгеру деңгейін, дайындық деңгейін, қажеттіліктерін, пәнді меңгеруге қажетті дағдылар мен қабілеттер жиынтығын өлшейді. Диагностикалық бағалаудан алынған ақпараттар мұғалімдерге жекелеген оқушының дамуына назар аударуға, қажетті түзету шараларын анықтауға көмектеседі. Толықтай оқыту кезеңінде оқушының оқуына байланысты мұғалімге дұрыс шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Осы тұста мұғалімдер диагностиканы қалыптастырушы бағалаумен шатастырып алуы мүмкін. Диагностика деген сөздің түп мағынасына қарайтын болсақ, жалпы өмірдің қай саласы болмасын, адам диагностиканы қандай мақсатпен жүргізеді? Мысалы, адам ағзасына жүргізілетін диагностиканы алып қарастырсақ, әрине, ағзадағы ақаулықтарды анықтау үшін және қажетінше медициналық көмек алу үшін жүргізіледі. Білім саласында жүргізілетін алғашқы диагностикалық бағалауды «скринингтік бағалау» деп атауға болады. Көзіңізге елестетіп көріңізші! Алдыңызға жаңа келген оқушылар, оларды танымайсыз. Жаңа пәнді немесе жаңа оқу бағдарламасын бастағалы отырсыз. Скринингтік диагностика жүргізу қажеттілігі бар, себебі, оқушыларға бастапқы, яғни жаңа бағдарламаны бастауға қа-

жетті алдыңғы білімі, базалық дағдылар жиынтығы, жалпы даярлық деңгейін білгіңіз келеді. Талантты, дарынды оқушыларды, әлсіз оқу дағдыларын анықтау керек.

Болашақтағы академиялық білім деңгейін бастапқы деңгеймен салыстыру үшін жүргізілетін диагностика түрі скрининг. Егер сіз жаңа бағдарлама бойынша оқушыларға оқу мақсаттарын белгілеген болсаңыз, алдымен оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтауыңыз керек. Бастапқы білім деңгейін анықтағаннан кейін оқушылардың білімді меңгеру деңгейін айқындау үшін жетістік критерийлерін тарауды бастамас бұрын белгілеп алғаныңыз жөн. Бұл диагностикалық бағалауда тапсырмалар жалпылама мазмұнда, оншалықты күрделілікті және тереңдікті талап етпейді. Скрининг жүргізуші мұғалім базалық дағдылардың жетіспеушілігі бар-жоғын ғана тексереді.

Бұл диагностикалық бағалау түрі, ерте бастан оқушының мықты және әлсіз тұстарын анықтауға бағытталған. Мақсаты бойынша оқушының білімін рейтингілеуді көздемейді. Ұсынылатын ақпарат жалпылама сипатта болады. Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бастапқы деңгейімен салыстыруға, сонымен бірге соңғы нәтижесін де өлшеуге тиімді. Жүргізілетін уақыты тұрғысынан басқа бағалауларға қарағанда бағдарламаның ең басында жүргізіледі. Бұл диагностиканың кемшілігі жалпылама бастапқы кезеңде жүргізілгендіктен, нақты проблемалық аймақтарды анықтап бере алмайды.

Диагностикалық бағалаудың екінші түрін «аралық диагностика» деп қарастыруға болады. Бұл диагностиканың түрін қалыптастырушы бағалаудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырса да болады деп есептедік. Себебі, қолданылатын тәсілдері қалыптастырушы бағалау категориясына жатады. Бұл диагностиканың мақсаты-оқушылардың оқуындағы олқылықтардың себебін анықтау.

Аралық диагностика нысаны оқудағы олқылықтарды анықтауға бағытталғандықтан, бұл диагностикалық бағалау түрі мұғалімдерге белгілі бір шешімге клуге, нақты қадам жасауға ықпал етеді. Проблеманың себеп-салдары жайлы кең көлемді ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл жерде айта кететін басты актуальдылығы сол оқушының келесі қадамды меңгеруге, келесі дағдыны қалыптастыруға дайын екендігі жайлы да ақпарат береді. Оқушының қажеттілігіне сай қолданылған шаралардың орынды болғанын, тиімді болғанын анықтайды. Сондықтан бұл диагностикалық бағалау түрі мұғалімдерге егжей-тегжейлі ақпаратпен қамтамасыз ететіндей болып қарастырылуы керек. Нақты бір жоспарланған қадамдар жасауға негіздеме болғандықтан, аралық диагностикалық бағалау тапсырмалары қазіргі таңда оқытылып жатқан немесе жақын арада оқытылатын мазмұнға сай болғаны дұрыс. Бұл диагностика бағдарлама бойынша қалаулы деңгейге оқушының неге қол жеткізе алмай жатқандығының себеп-салдарын анықтайды. Мысалы, тіл пәндерін қарастырып көрсек, егер оқушыда оқылым дағдысы нашар болса, мұғалім оқушыдан кейіпкерлердің әрекеттерін талдау, бағалау дағдысын жақсартқысы келгенімен барлық қалыптастырушы шаралары тиімсіз болады. Өйткені оқылым дағдысы нашар дамыған. Ал оқылым жаңа білімді қабылдаушы дағды. Оны жақсартпай, жоғары ойлау дағдыларын дамыта алмаймыз. Ең алдымен, диагностика жасап, проблеманы анықтап, соған сай түзету шараларын сапалы жүргізу керек.

Диагностикалық бағалау мен қалыптастырушы бағалау бір-бірін толықтыратын екі бағалау түрі. Диагностика өзі аты айтып тұрғандай оқудағы олқылықтарды, қиындықтарды анықтау, сәйкесінше оқыту, шараларын қолдануды көздейді. Оқуды саралауға көмектеседі. Диагностикалық бағалау құралдарының нәтижесінде жекелеген оқушыларға нақты қиналатын тұстарын қарай тапсырмалар әзірленеді. Қалыптастырушы бағалаудан ерекшеленетін тұсы да осында, олқылықтарды анықтау, себеп-салдарын түсіну. Ал

қалыптастырушы бағалаудың мақсаты – оқудың алға ілгерілуіне қолайлы жағдай жасау. Тағы атап өтетін ерекшелігі – диагностикалық бағалау жоғары деңгейдегі ойлауға бағытталған дағдыдан гөрі базалық дағдыларға қатысты жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалаумен тығыз байланысты үдеріс. Дегенмен, тиімді қалыптастырушы бағалау – табысты жүргізілген диагностикаға байланысты (Crooks, Natriello, 1998).



Ұлттық мектеп-гимназияда диагностикалық зерттеулер жүргізген сәттерден көріністер.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ. Абдраманова. «Сындарлы оқыту: метатанымдық дағды мен өзін-өзі реттеуді дамыту» журналы, 24-29-беттері, Астана-2018 ж.
2. Ахметбекова С.К. «Мектепті басқарудағы жаңаша көзқарас» журналының 11-14-беттері, Астана – 2015 ж.
3. Пазылова Г., Мусина А. «Заманауи сабақты жоспарлау бойынша әдістемелік ұсыныстар» журналының 4-6-беттері.
4. Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген оқу әдістемелік құралының 9, 12-17-беттері, Астана – 2013 ж. Глосарий жинағы.
5. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік 1-2016 журналының 19-22 және 37-38-беттері, Астана ЦПМ.
6. А. Әлімов. «Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру» оқулығының 40-45-беттері. Алматы – 2020 ж.
7. Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген оқу әдістемелік құралы МАН-ның 24-28-беттері. Педагогикалық шеберлік орталығы – 2016 ж.
8. Ж. Боранбаев, Л. Омарова. «Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары» оқулықтың 55-58-беттері. Алматы – 2012 ж. Білім баспасы.

**Атырау облысы,
Атырау қаласы.**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

(Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі)

Айымкүл ҚАСЫМБЕКОВА,

Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың тақырыбы.	Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды.							
Оқу мақсаттары.	6.3.1.1. Оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау.							
Сабақ мақсаты.	Барлығы: Түрік қағанатының құрылу тарихы туралы түсінеді, ақпаратты, хронологияны меңгереді. Көпшілігі: Түрік қағанатының басқа елдермен шекарасын анықтап, территориясын көрсете алады. Кейбір оқушылар: Ортағасырлық мемлекеттердің құрылуының маңыздылығы мен кейбір қағандардың тарихи маңызды атқарған жұмысы, жүргізген саясаттары туралы нақты сипаттап бере алады.							
Бағалау критерийлері.	Түрік қағанатының құрылу тарихы туралы түсінеді. Түрік қағанатының басқа елдермен шекарасын анықтап, территориясын көрсете алады. Кейбір қағандардың қалдырған тарихи маңызды атқарған жұмысы туралы сипаттап бере алады.							
Тілдік мақсаттар.	Тірек сөздер: түркі, қаған, қағанат, теле, түрік, жужан. Оқушылар топқа бөлініп әр топ сөздердің мағынасын аша алады (оқылым, тыңдалым). Талқылауға арналған мәселе: неліктен кейбір қағандардың аты тарихта қалады? Ортағасырлық мемлекеттердің құрылуының маңыздылығы мәтінмен жұмыс (айтылым, жазылым).							
Құндылық-тарға баулу.	«Мәңгілік ел» бағдарламасымен байланысты сан ғасырлық тарихы бар мемлекетіміздің тарихын, салт-дәстүрін, тарихи ескерткіштерін, мәдениетін құрметтеу.							
Пәнар/байланыс	География.							
Бастапқы білім.	Кіріспе.							
Сабақ барысы.								
Сабақ кезеңдері.	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар						
Сабақтың басы. 10 мин.	І Ұйымдастыру. 1.Ынтымақтастық. 2.Өзара әрекеттестік. 3.Бірлесіп жұмыс жасау. Ерте ортағасырлық мемлекеттерді атап, картадан көрсете отырып, түркі сөзінің мағынасын еске түсіру, ашу және осы тақырыппен байланыса отырып жаңа тақырыпқа өту. Сыныпты қаған аттары арқылы «Бумын», «Иштеми», «Мұқан» атты 3 топқа бөлеміз. Өтілген тақырып «Он сұрақ» әдісі арқылы пысықталып әр топтан 3 оқушы жауап береді.							
Сабақтың ортасы 25 мин. Топтық жұмыс.	«Негізгі сөз» әдісі арқылы жаңа терминдер мен тақырып түсіндіріледі. 1-тапсырма: «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы топ болып Қай қағандардың есімдері тарихта несімен сақталды деген сұраққа толыққанды жауап іздеп табуға тырысады, түркі мемлекеттерінің геграфиялық аймағы мен қағандары туралы өз білімдерін айтып, қорғайды. Топтың әр мүшесі ақпаратты толықтыруға қатысады. Дескриптор+-+ мен саяси қарым-қатынастары туралы нақтылап айтады. Қағанаты құрушылары, қағандары туралы, соғыс болған уақыттарды, орнын көрсетеді . 2-тапсырма: Картамен жұмыс. Түркі мемлекетінің аумағын көрсету. Түркілердің сауда байланыстарын орнатқан көрші елдерін анықтау. Дескриптор. Түркі әскерлерінің бағындырған Солтүстік Шығыс, Қытай, Моңғолия, Алтай Шығыс, Түркістан Орта Азия, Қазақстан, Солтүсті Кавказ елдерін біледі. Иран, Қытай, Византия көрші елдермен сауда қарым-қатынас жасағанын картадан көрсетеді. Сергіту сәті. «Батырлар туралы мақал-мәтелдер айту». Б.Т. «Ой қозғау» әдісі. Түркі әскерлерінің басқа мемлекеттер әскерінен артықшылығы неде? 3-тапсырма. 6W (дабыл) әдісі арқылы кестені толтыру. <table><tr><td>Кім?</td><td>Немі?</td></tr><tr><td>Қашан?</td><td>Неге?</td></tr><tr><td>Қайда?</td><td>Қалай?</td></tr></table> Дескриптор. Оқиғаны кім басқарғанын біледі. Оқиғалардың қайда болғанын, қай жылы орын алғанын біледі. Оқиғаның себеп-салдарын біледі.	Кім?	Немі?	Қашан?	Неге?	Қайда?	Қалай?	Мәтінмен жұмыс карта АКТ интерак. тақта Карта АКТ Стикер
Кім?	Немі?							
Қашан?	Неге?							
Қайда?	Қалай?							
Сабақтың соңы. 5 мин.	Кері байланыс. «Білім ағашы». Бағалау: Үйге тапсырма: «Егер мен ел билеуші болғанда» тақырыбында эссе жазу.							
Сабақ бойынша рефлексия:	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.							

Түркістан облысы, Отырар ауданы.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Жадыра РЫСҚАЛИЕВА,

Бозой жалпы білім беретін мектебі тарих пәні мұғалімі

Жос/р бөлімі:	9.3 Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991–1996 жж.)	
Сабақ тақырыбы:	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы. Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	
Оқу мақсаттары	9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру. 9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру.	
Сабақ мақсаттары.	Барлық оқушылар: Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғаларды есте сақтап, тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтайды. Басым бөлігі: Өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіреді. Кейбір оқушылар: Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға береді.	
Ойлау деңгейі.	Білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау.	
Тарихи концепт	Маңыздылық: Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қоғамның дамуына үлес қосқан Конституцияның маңыздылығын анықтайды.	
Бағалау критерийлері.	- Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғаларды есте сақтау; - Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтау; - Өткен оқиғалармен сабақтастықты орнату; - Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру; - Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру.	
Тілдік мақс/р.	Пәндік лексика мен терминология: Республика, конституция, президент, демократия, унитарлық мемлекет.	
Құндылық-дарыту.	- «Мәңгілік ел» идеясы негізінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастыруындағы тарихын оқыту арқылы патриоттық сананы қалыптастыру.	
Пәнар.бай/ныс	Қазақ тілі, дүниежүзі тарихы, география.	
АКТ қолдану.	Интерактивті тақта, бейнежазба.	
Алдыңғы саб.	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары («Торсия» әдісі).	
Жоспар		
Сабақ кезеңі	Сабақта жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы	Тренинг «Мен өз еліммен мақтанамын». Оқушылар өз Отанына деген жақсы сөздерін айтады. Топқа бөлу. Оқушылар «Торсия» әдісі арқылы кеспе қағаз түстері бойынша 3 топқа бөлінеді. Үй тапсырмасын тексеру. Топ мүшелері қолдарындағы кесте қағаздарда жазылған сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріп, белгілі бір геометриялық фигураны құрастырады. 1) КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.П.Разумовский ұсынысымен – Д.А.Қонаев қызметінен алынды; 2) Желтоқсан оқиғасының басталуына түрткі болған – Қазақстан Үкіметі басына Г.В.Колбин тағайындалуы; 3) Алматыда жаппай толқу басталды – 1986 ж. 17 желтоқсан; 4) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің V пленумы – 1986 ж. 16 желтоқсан; ҚБ: «Мадақтау» (Керемет, жарайсың, тамаша). Бейнежазба көрсету. «Тәуелсіз елдің жетістіктері, хронология 1991-1995». ҚБ: «Мадақтау».	Кеспе қағаздар Бейне жазба
Сабақтың ортасы	1-тап: «5-5-1» әдісі (мәтінмен жұмыс). «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар». Оқушылар мәтінмен танысады; Тақырыпты 5 сөйлеммен түсіндіру, 5 негізгі кілт сөзді айту, тақырыпты 1 сөйлеммен түйіндеу. Критерийлері: Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғаларды есте сақтау; - Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтау; - Өткен оқиғалармен сабақтастықты орнату; - Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру. Дескриптор: - Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарына байланысты кілт сөздерді анықтайды; - Өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіреді; - Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарына қорытынды тұжырым жасайды. ҚБ: «Үш шапалақ» топаралық бағалау. 2-тап: «6 W» әдісі. «Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдары». Әр топ Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын талдау үшін «Неліктен?» деп басталатын 6 сұрақ құрастырады. Топ мүшелері сұрақтарына талдау жасап, жауап береді. Критерийлері. - Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру; Дескриптор. ҚБ: «Келісемін», «Келіспеймін» топаралық бағалау.	Оқулық, таратпа материалдары.
Сабақтың аяғы 7 минут.	Кері байланыс: «Түйін сөз». Оқушылар сабақтан алған білімін түйінді сөз арқылы қорытындылайды. «Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар – ол тәуелсіз Қазақстан. Ал қазіргі таңда Тәуелсіз Қазақстанымыздың қадамы нық – Мәңгілік Ел болу». Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев. Рефлексия: «Эмоция графигі». Сабақты меңгерген оқушылар «У» осіне стикерлерін жабыстырады. - «Х» осіне сабақты меңгере алмаған оқушылар стикерлерін жабыстырады.	

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы.